<b>Детальді ақпарат дегеніміз</b> - мәтінде белгілі бір мағыналық, идеялық-эмоциялық әсері бар сөз, бейнелі тіркес, сөйлемдер. Детальді ақпаратта аз ғана сөз суретке айналып, оқырманды әсерлі сезімге бөлейді, шындықтың ой-қырын ашады, яғни шындыққа жанасымды келеді.	

Мәтіннің стилімен байланысты мәтіннің стильдік ерекшелігін тану үшін ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану, мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату үшін ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсатында ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыруға арналған тапсырмалар беріледі.[2;4] Мәтінге талдау жасар алдында оқушыға стильдік тармақтардың ерекшеліктері жайлы ақпарат беру керек. Ондай ақпарат оқулықта берілмеген, мұғалім өзі қосымша түсіндіргені дұрыс. Мысалы: стиль-сөйлеушінің (жазушының) белгілі бір тақырыпқа қатысты сөз саптау шеберлігі, тәсілі.

Көркем сөйлеу стилі	Ауызекі сөйлеу стилі
Көркем әдебиетте оқиға сурет бейнесінде баяндалады. Оқиға кейіпкерлердің іс- әрекеті, сөзі, мінезі, келбетін суреттеу арқылы баяндалады. Оқиға болған жер жағдайы аталады. Мұны оқиғаны образды түрде бейнелеу дейді. Көркем әдебиет оқиғаны баяндауда автордың әсерін, сезім-күйін қоса қатыстырады. <b>Ерекшеліктері:</b> 1. образды сөздер мол қатысады; 2. экспрессивті сөздер мол болады; 3. мәтінге ритм, интонация әсерлілік құру үшін көп қатысады.	Ауызекі сөйлеу стилі адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады. <b>Мақсаты</b> –қатынас жасау. <b>Ерекшелігі:</b> сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану; даярлықсыз өткізілуі; қарапайым сөздер; сұраулы, лепті сөйлемдер жиі қолданылады; көбіне диалог түрінде келеді.

6-сынып оқушысына түсінікті жеңіл тілмен осындай ақпарат бергеннен кейін оқушыға талдау, ерекшелігін анықтау, мысал келтіру – жалпы тапсырманы орындау жеңіл болады.

Мәтін бойынша сұрақтар құрастыру үшін мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру деген тапсырма беріледі. Ол тапсырманы орындау үшін оқушыға нақтылау сұрағы жайлы ақпарат беру керек.

<b>Нақтылау</b> сұрақтары дегеніміз - <b>заттар</b> мен құбылыстардың қасиеттері мен өзіндік ерекшеліктерін ашуға бағытталған сұрақтар. <i>Мыс: Оливия-Мария-Фатиманың ұлты қандай?</i>
---

Оқылым стратегияларын үйрету үшін оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу тапсырмаларын ұсынады. Бұл тапсырманың да негізгі мағынасын ашып түсіндіру керек. Мысалы:



Комментарий жасап оқу стратегиясы - автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.

Мысалы: мәтіндегі шамшырақты сипаттайтын мәліметті іріктеп оқындар. [3]

Сандар	Мәтінде қандай сандар айтылады?
Сөздер	Мәтінде қандай тірек сөздер бар?
Адамдар	Бұл мәтін кімдерге арналған?
Сезімдер	Шамшырақтың сипаты қалай әсер етті?
Табиғат	Мәтіннің табиғатқа қатысты қандай тұстары бар?
Әрекеттер	Шамшырақ қалай салынды?
Дыбыстар	Қалалар мен қорғандар туралы қандай әндерді білесіңдер?
Көзқарастар	Шамшырақты сипаттаңдар?

Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу, мақсатына жету үшін энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау тапсырмасы беріледі.

Сілтеме жасау дегеніміз - ақпаратты алған дереккөзін нақты көрсетіп жазу. Энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардың атын, мерзімін, тақырыбын, авторын, бетін көрсетіп жазу.

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында осылай оқылым мәтіні мен тапсырма берілгенімен, қосымша ережелер берілмеген. Мұғалім бұл ережелерді, оқушының ереже дәптеріне жаздырып қойып, әр тапсырма сайын қайталатып, осы арқылы бағыт беріп талдатса, оқушы мәтінге сыни тұрғыда талдау жасауды жақсы меңгереді деп ойлаймын.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілі пәні оқушының қоғамға еркін араласып кетуі үшін оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Осылардың ішінде оқушыларды оқу сауаттылығын дамыту жолында ең маңыздысы оқылым дағдысын дамыту. Оқу сауаттылығын оқушы мектепті бітіретін жылы, ҰБТ-ға дайындық кезінде ғана меңгеріп кете алмайды, ол бесінші сыныптан бастап оқушының оқылым мәтіні бойынша жүргізген талдау жұмыстары арқылы қалыптасады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімінің шеберлігі – ақпараттық технологияның дамыған заманында оқушы назарын кітап оқуға бұра алуы. Әртүрлі көлемде, түрлі жанрда, стильде жазылған мәтіндерді мұқият оқып, терең түсіне алатын, оқығанын тиімді пайдалана алатын оқушыны дайындап шығуымен маңызды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ: педагогикалық шеберлік орталығы, 2017
2. Т.Н. Ермакова, К.Ә. Бертілеуова, Г.Б. Тоқтыбаева. Қазақ тілі: мұғалім кітабы. – «Арман-ПВ» баспасы, 2018
3. Т.Н. Ермакова, Ж.К. Отарбекова, Г.Б. Тоқтыбаева. Қазақ тілі: 6-сынып – «Арман – ПВ» баспасы, 2018

**Кропотова А.Н.**

*СОШ №15 г. Караганды*

### **РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ РЕШЕНИИ ЗАДАЧ НА ПРИМЕНЕНИЕ СВОЙСТВ КВАДРАТИЧНОЙ ФУНКЦИИ**

Функциональная грамотность – это способность человека «использовать всё постоянно приобретаемые в течение жизни знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений» [1]. Она показывает, насколько подготовлен человек к выполнению социально значимых функций.

Комплексную оценку уровня функциональной грамотности пятнадцатилетних школьников предусматривает Международное исследование PISA. Наша страна имеет опыт участия в четырех циклах PISA (2009, 2012, 2015 и 2018 годы). Как показало последнее исследование, казахстанские школьники не достаточно хорошо справляются с применением

полученных знаний на практике. Так, уровень математической грамотности оказался на 66 пунктов ниже, чем средний уровень представителей стран, входящих в Организацию экономического сотрудничества и развития [2]. Снижился уровень математической грамотности относительно собственных результатов 2015 года [3].

Исходя из вышеизложенного, можно сказать, что перед педагогами Казахстана стоит серьёзная задача по формированию и развитию функциональной грамотности учащихся, которая на начальном этапе предполагает тщательный отбор заданий прикладного характера в соответствии с темой урока и целью обучения. Учитель должен показать, что рассматриваемые на уроке задачи не являются абстрактными упражнениями, оторванными от жизни, а, напротив, помогают решать практические проблемы. Способность осмысленно применять математические знания на практике развивает интерес к математике, стимулируя изучение предмета.

При переходе на обновлённое содержание образования учебная программа в большей мере учитывает потребность казахстанской школы в формировании и развитии функциональной грамотности учащихся. Так, в разделе алгебры 8 класса «Квадратичная функция» была выделена тема «Решение текстовых задач», специфической целью обучения которой является использование квадратичной функции для решения прикладных задач. В рамках статьи мы рассмотрим только некоторые из них.

Среди задач на функциональную грамотность, решение которых предполагает применение свойств квадратичной функции, можно выделить различные группы задач: физические задачи, задачи с геометрическим содержанием (как правило, на определение наибольшей площади объекта), задачи с экономическим содержанием и т.д.

В основе решения многих задач лежит следующее свойство квадратичной функции  $y = ax^2 + bx + c$ : в точке  $x_0 = -\frac{b}{2a}$ , которая является абсциссой вершины параболы, при  $a > 0$  функция принимает наименьшее значение, а при  $a < 0$  – наибольшее.

Задачи, в которых речь идёт о движении тела, брошенного вертикально вверх, опираются на формулу  $h(t) = h_0 + v_0t - \frac{gt^2}{2}$ . На уроках физики с данной формулой учащиеся знакомятся только в 9 классе, поэтому обязательно нужно объяснить значение входящих в неё компонентов и в общих чертах рассказать о действии силы тяжести на тело, об ускорении свободного падения. Подставив приблизительное значение  $g$  ( $10 \text{ м/с}^2$ ) в формулу, они получают, что  $h(t) = h_0 + v_0t - 5t^2$ . Далее учитель предлагает записать данное выражение как формулу квадратичной функции в стандартном виде:

$$h(t) = -5t^2 + v_0t + h_0. \quad (1)$$

Из формулы (1) легко получить формулу, описывающую движение тела, падающего из состояния покоя с некоторой высоты, поскольку  $v_0 = 0$ :

$$h(t) = -5t^2 + h_0. \quad (2)$$

Графически движение тела, брошенного вертикально вверх, и падение тела из состояния покоя будет описывать парабола, ветви которой направлены вниз:




Рис. 1. График движения тела, брошенного вертикально вверх




Рис. 2. График движения тела, падающего из состояния покоя

Анализируя формулу (1), учащиеся сразу смогут определить, с какой высоты было брошено тело и какова его начальная скорость. Обязательно нужно пояснить, почему именно свободный коэффициент выражает высоту, с которой тело бросают вверх: подставив в формулу (1) значение времени, равное 0, то получим, что  $h(0) = -5 \cdot 0^2 + v_0 \cdot 0 + h_0 = h_0$ .

Однако вопрос, в какой момент времени тело достигнет наибольшей высоты, у большинства учащихся вызовет затруднения. Лишь некоторые из них догадываются, что нужно применить уже известную формулу для нахождения абсциссы вершины параболы, заменив в ней  $x_0$  на  $t_0$ . Также будут сложности и с определением времени, когда тело упадёт на землю: связь между фактом, что в момент падения тела высота равна 0, и квадратным уравнением не является очевидной. Поэтому на этапе знакомства с методами решения задач на движение подобное задание целесообразно предложить для групповой работы, например:

**Задача 1.** С платформы горизонтально вверх был подброшен мяч. Зависимость высоты  $h$  (в метрах), на которой находится мяч, от времени полёта  $t$  (в секундах) выражается формулой  $h = -5t^2 + 20t + 4$ . Ответьте на следующие вопросы:

- 1) какова высота платформы?
- 2) какой наибольшей высоты достигнет мяч?
- 3) через сколько секунд после броска мяч упадёт на землю?

Формула (2) применяется в задачах, где нужно определить высоту здания, глубину колодца или шахты с помощью сбрасывания вниз некоторого предмета (например, камня). Секундомером измеряют время, через которое будет слышен звук удара о поверхность. При этом оговаривается, что при решении подобных задач пренебрегают такой величиной, как скорость звука, поскольку она достаточно высока (около 335 м/с). Рассмотрим одну из таких задач:

**Задача 2.** Определите расстояние до воды в колодце, если свободно падающий в него камень достигает поверхности воды спустя 2 с после начала падения.

В соответствии с графиком (рис. 2) в момент, когда камень достигает воды,  $h(t) = 0$ . Поэтому нужно решить уравнение  $-5t^2 + h_0 = 0$  при  $t = 2$ .

Перейдём к рассмотрению геометрических задач. Изопериметрические задачи – задачи на определение фигуры с наибольшей площадью при заданном периметре – известны с древнейших времен, поэтому в целях развития интереса к предмету на уроке алгебры можно осуществить небольшой исторический экскурс и познакомить учащихся с классической задачей Дидоны.

Для начала можно предложить рассмотреть в группах конкретные задачи на определение сторон прямоугольного участка, площадь которого при заданном периметре должна быть наибольшей. Каждая группа, выполняя своё задание, придёт к выводу, что длина участка должна быть равна его ширине. После этого можно предложить решить задачу в общем виде: в результате учащиеся придут к выводу, что из всех прямоугольников, имеющих один и тот же периметр, наибольшую площадь имеет квадрат.

Рассмотрим похожую геометрическую задачу.

**Задача 3.** Из листа жести размером  $30 \times 50$  см нужно вырезать уголки так, чтобы, согнув лист по пунктирным линиям, получить коробку с наибольшей боковой поверхностью (рис. 3). Какова сторона вырезаемых квадратов?




Рис. 3

Учитель просит заштриховать на развёртке участки, образующие боковую поверхность коробки, а затем спрашивает, длину какого отрезка рационально будет принять в качестве переменной. Заштриховав требуемую площадь и обозначив на чертеже подходящий отрезок через  $x$ , учащиеся смогут выразить площадь боковой поверхности через эту переменную (рис.4):




Рис. 4

В итоге площадь боковой поверхности коробки выражается уравнением  $S(x) = -8x^2 + 160x$ . Отсюда  $x_0 = -\frac{160}{2 \cdot (-8)} = 10$  (см).

При рассмотрении темы «Текстовые задачи» в разделе «Квадратичная функция» учитель может столкнуться с проблемой поиска источников, содержащих достаточное количество задач, направленных на формирование и развитие функциональной грамотности. Из отечественных источников можно порекомендовать учебник алгебры для 8 класса Солтана Г.Н., где решению задач посвящён отдельный параграф [4]. Очень широко представлены задачи на развитие функциональной грамотности в российском учебнике алгебры для 8 класса (Колягин Ю.М. и др.): они не только включены в число упражнений, предлагаемых при изучении темы «Построение графика квадратичной функции», но и составляют рубрику «Прикладные и практические задачи» (глава «Квадратичная функция») [5]. В числе учебных пособий, содержащих интересующие нас задачи, нужно также назвать учебник алгебры для 9 класса под редакцией Виленкина Н.Я. Они представлены в параграфе «Применение свойств квадратичной функции к решению задач на нахождение наибольших и наименьших значений» [6].

В данной статье представлены лишь некоторые задачи, способствующие развитию функциональной грамотности учащихся. Однако применительно к рассматриваемой теме мы обозначили важность межпредметных связей и наметили методы работы с данными задачами на уроке.

#### Литература:

1. Леонтьев А.А. Педагогика здравого смысла. – М.: Смысл, 2016.
2. Andreas Schleicher. PISA 2018: Insights and Interpretations. – Paris: PISA, OECD Publishing, 2018.
3. «Основные результаты международного исследования PISA-2015», 2017 год: Национальный отчет. – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017.
4. Солтан Г.Н. и др. Алгебра: учебник для 8 класса общеобразовательной школы. – Кокшетау: Келешек-2030, 2018.
5. Колягин Ю.М. и др. Алгебра. 8 класс: учебник для общеобразовательных организаций. – М.: Просвещение, 2013.
6. Виленкин Н.Я. и др. Алгебра: учебник для учащихся 9 класса с углубленным изучением математики. – М.: Просвещение, 2006.

**Куанова М.Б.**

*Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешені» КММ  
Абай ауданы, Қарабас кенті*

#### **ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА «ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» АРҚЫЛЫ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазіргі таңда басты назарға алынып отырғаны ол – орыстілді мектептерде қазақ тілін оқыту мәселесі. Оқу бағдарламасы бойынша тілдік төрт дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым) ұстана отырып, әрбір мұғалімнің өзіндік сабақ өткізу әдістемесі болуы шарт. Бағдарламаға зер салатын болсақ мектептерде, соның ішінде орыс тілді бастауыш сыныптарда оқушыларды оқытудағы мақсаты-ауызша сөйлеуді, жазбаша жеткізуді мақсат еткен. Осы мақсатқа жету үшін тілдік төрт дағдыны да басшылыққа ала отырып, мен «Диалогтық оқыту технологиясын» қолдандым. Диалогты оқытуда мұғалім мен оқушы арасында тығыз қарым-қатынас қалыптасады. Бірлесе отырып ақпаратты тауып, талдап, талқыға салады. Бала еркін сөйлей алады, сөздік қоры артады және тіл мәдениеті қалыптасады. Диалогтық оқыту жайында зерттеген Р. Александердиалог түріндегі оқыту оқушыларды

ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Александердің бұл дәлелдемесіне толық қосыламын, себебі оқушыларды зерттеу арысында диалогты қолдана отырып, ашық сұрақтар қою кезінде, балалардың жан-жақты ойлануына берер әсері мол. Мерсер мен Литлтон өз еңбектерінде сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетті. Ал Барнс сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады. Мен осы ойларды негізге алдым, себебі бұл адамдардың қолданған әдістерінің барысы менің сабағымда да көрініс тапқандай болды. Сабағымда диалогтық оқытуды пайдаланудың маңызды екенін білдім.

«Диалогтық оқыту технологиясы» - оқушының ойлануына, ойын дұрыс, асықпай жеткізуіне, қазақ әліпбиінің төл дыбыстарын, әріптерін дұрыс, әрі анық айта алуына, сауатты жаза білуіне үлкен септігін тигізетін тиімді іс-әрекет деп білемін. Себебі, оқушы диалог құру барысында оқушы мен мұғалімнің өзара пікір алмасуы, оқушыға сұрақ қою, сол сұрақ арқылы баланың жауаптарын тыңдау, түзету, тереңірек ойлануларына мүмкіндік беру қалыптасады.

Диалог құру барысында оқушы тек қана сөйлем құрау мен ғана шектелмей, құраған сөйлемдерге сұрақ қоя білуді үйренеді. Сол сұрақ арқылы грамматикаға да көңіл бөлінеді. «Диалогтық оқыту технологиясы» тәсілі арқылы қазақ тілін жан-жақты қарастырып үйрену қызықты әрі тиімді болып табылады.

Бүгін мен «Диалогтық оқыту технологиясы» тәсілінің қашықтықтан оқыған жағдайда өте тиімді тәсіл болғанын атап көрсеткім келеді. Штаттық режимге қарағанда, қашықтықтан оқығанда әр баламен жеке жұмыс аясында, өз ойларымен еркін бөлісуі, пікір алмасуы, уақыт шектеулігі жоқтығы өте жақсы, тиімді әсерін берді. Әр оқушымен диалог құрып, алдын ала берілген сұрақтарға толымды жауап алып, қате жерін түзетуге, түсіндіруге, қатемен жұмыс жасауға өте ыңғайлы болды. Сондай-ақ штаттық режимде, дәстүрлі сабақта әрбір оқушы өзі үшін жұмыс істейді немесе соңғы партада өз бетімен басқа бірдеңе ойлап отыратын, ал қашықтықтан оқығанда мұғаліммен бірлесіп, ақылдасып бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсетіп отырады. Әрине, оқушылардың жауаптарының деңгейінде айырмашылықтар болды, өйткені әрбір оқушының танымдық әрекеті әр түрлі және когнитивтік қабілеттері де ұқсамайды.

Бұл тәсіл мен өте жақсы дағдыланғаннан кейін оқушылар әр сабаққа өздіктерінен диалог құра бастады. «Диалогтық оқыту технологиясы» барлық сөйлемді тізбектеп жаттау емес, керекті күнделікті өмірде қолданумен қатар, дұрыс әрекет жасап, тиімді пайдаланумен ерекшеленеді, яғни ауыз екі сөйлеу сауаттылығын қалыптастырады. Сонымен қатар, тақырыптан тыс әртүрлі жағдаяттар тудырдым. Мысалы, «Дүкенде» деген тақырыпта екеу ара сөйлесуі арқылы оқушыға ең бірінші амандасуды, сыпайы сөйлесуді, өзіне керек затты сұрай алуына, сөздерді дұрыс қолдануды үйренді. «Дәрігерде» деген тақырыпта дәрігерге қалай кіру керек екенін, қай жері ауырып тұрғанын нақты айта алуға үйренеді. Нәтижелі өткізген әр сабақ тек қана оқушы үшін емес мұғалімге зор шабыт туғызатыны еш күмәнсіз ақиқат екеніне шүбә келтіре алмаймын. Әсіресе, оқушыларым сабақ барысында мәтіндерді өздері түсініп, аударып өз ойларының айтқанын және бір бірінен қалыспай, өте қызықты дәлелдер мен пікірлер келтіре алғаны мені қатты қуантты. Практика жүзінде үйренген жаңалықтарымды енгізіп, өзгерістер байқадым, оқушыларымның жауаптарына сенімділігін көрдім. «Үйренуді үйрету» идеясы менің алдымда жүзеге аса бастады. Енді сабақ үдерісінде оқушылар өз беттерінше жұмыс жүргізіп, жаңа тақырыпты өздері ізденушілікпен меңгере бастады, түсініктерін талдауға мүмкіншілік алды. Мен оларға тек бағыт беріп отырушы болдым. Мұғалімнің сабақ барысында өз мақсатына жетуі, сол мақсатының қаншалықты деңгейде орындалғандығын анықтауда диалогті оқыту басты рөл атқарады. Диалог барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады» деп түсіндіреді. Сондай-ақ диалогті тек мұғаліммен ғана емес, сыныптастары менде құруға дағдыландыру үшін, өзімнің арнайы алгоритмімді, және арнайы диалог құру дескрипторларын ұсындым.

Диалог құру алгоритмі:

- Достыққарым-қатынасты орнату;
- Әңгімеге дайын болу;
- Диалогтың тақырыбына зер салу;
- Диалог үшін керекті сөздерді жазып алу.

*Диалог құру дескрипторлары:*

<i>Бағалау критеріі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>
<i>Айтылым</i>	<i>Өз ойын толық, анық жеткізе алады;</i>	<i>2</i>
	<i>Сөйлеу барысында тілдік норманы сақтайды.</i>	<i>2</i>
<i>Тыңдалым</i>	<i>Сыныптасының сұрағын мұқият тыңдайды.</i>	<i>1</i>
<i>Жазылым</i>	<i>Сауатты жаза алады;</i>	<i>2</i>
	<i>Сөйлемнің құрылымын сақтайды;</i>	<i>2</i>
	<i>Уақыт межесін сақтайды.</i>	<i>1</i>
<i>Барлығы</i>		<i>10</i>

**Диалогтық оқыту технологиясы үшін пайдаланылатын ресурстар**

- Сөздіктер;
- Видео-сабақтар;
- Қима қағаздар.

**Диалогтық оқыту технологиясын қашықтықтан оқыту кезінде пайдаланудан күтілетін нәтиже:**

- өз ойларымен еркін бөліседі;
- мұғаліммен, сыныптастарымен пікір алмасады;
- сауатты жаза біледі;
- ойын дұрыс, әрі нақты жеткізе біледі;
- қазақ әліпбиінің төл дыбыстарын дұрыс айта біледі;
- сұраққа дұрыс әрі толымды жауап бере алады;
- сөздік қоры дамиды.

**Орыс тілді оқытатын бастауыш сыныптарда «Диалогтық оқыту технологиясы» арқылы ауызекі сөйлеу сауаттылығын қалыптастырудағы негізгі педагогикалық принциптер:**

- Жүйелілік;
- Жас ерекшелігін сақтау;
- Оқытудың көрнекілігі;
- Белсенділік;
- Бірізділік;
- Түсіністілік;
- Үнталандыру;
- Ұйымдастырушылық;
- Сапалылық.

Жалпы орыс тілді оқытатын бастауыш сыныптарда «диалогтық оқыту технологиясын» арқылы ауыз екі сөйлеу сауаттылығын қалыптастырудағы тәжірибе барысында баламен тығыз қарым-қатынас орнатып, әр балаға жеке көңіл бөлу арқылы оқушының деңгейін анықтау өте оңайға түседі. Себебі, әр балаға жеке сұрақтар беріліп, оған жауап алыну арқылы баланың қай деңгейде екені анықталды және сол бойынша жеке жұмыстарда жүргіле бастады. Мысалы, бала дәстүрлі оқыту барысында, бір ғана сөзбен шектеліп жүрсе, «диалогты қоқыту» технологиясын қолданып, дамыту үстінде бір ғана сөзбен шектеліп жүрген бала, екі-үш сөздің басын құрап сөйлей бастады. Егер оқушының құраған сөйлемі қате болған жағдайда, оны бетіне баспай, дұрыс түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы баламен жақсы қарым-қатынас орнату қажет. Сонымен қатар «диалогты қоқыту» технологиясы барысында оқушы тек қана оқып қана қоймай, жұптық жұмыс жасап, ойын да ойнай алады. Мысалы, оқушыларға әртүрлі жағдаяттар мен көрнекіліктер беру арқылы диалог құрстырып, оны рөлдерге бөліп ойнайды. Сол ойынды дамыту үстінде, жұптық жұмыста күшейе түседі, бала да кейін өмірлік қажеттіліктерін оңай шеше білуіне үлкен үлес қосады.

Сонымен тәжірибе барысында саралап, салыстыра келе «диалогтық оқыту» технологиясы штаттық режимге қарағанда, қашықтықтан оқығанда өте тиімді болғанын және «диалогтық оқыту» барысында бала бұрын алған білімін диалог құру барысында пайдалана білгенін атап көрсеткім келеді.



*«Диалогтық оқыту» технологиясын қолдану нәтижесі (2-4 сыныптар)*

Нәтиже	Штаттық режимде	Қашықтықтан оқыту режимінде
Оқушы өз ойын жеткізе алды (%)	70%	95%
Оқушы өзін еркін ұстады (%)	78%	95%
Қызығушылығы артты (%)	70%	95%
Сабаққа белсенді қатысқан оқушылардың үлесі (%)	80%	100%

**Әдебиет:**

1. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д профессор Е. Арын – Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006 жыл. – 430 б.
3. Глушков В.А. Применение информационных технологий в учебном процессе. – Москва: «Педагогика», 2007 – 260 с.
4. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий: Пособие для преподавателей. [Мұғалімдерге арналған құрал: педагогикалық технологиялар энциклопедиясы] – СПб.: КАРО, 2002. – 368 с.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012ж.
6. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6.

**Қуанышбекова А.Б., Мусенова Э.К.**

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Функционалды сауатты адам** – қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады .

Функционалдық сауатты тұлғаның дамуын қамтамасыз етуде жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері жетекші рөл атқаратынын атап өткен жөн. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық-пайдалану қабілеті. жаратылыстану-ғылыми білім, проблемаларды анықтау, негізделген қоршаған әлемді және сол өзгерістерді түсіну үшін қажетті қорытындылар, оған адамның іс-әрекетін енгізетін және қабылдау үшін тиісті шешімдер.

Жаратылыстану ғылымынан сауатты болу үшін білім алушы келесі құзыреттіліктерге ие болу қажет: құбылыстарды ғылыми түсіндіру, бағалау және ғылыми зерттеулерді жоспарлау, деректерді ғылыми түсіндіру және дәлелдемелер келтіру.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық 6 деңгейі бар.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық деңгейлері:

➤ 6 деңгейге жеткен оқушылар төмендегі қабілеттіліктерге ие:

- жаратылыстану-ғылыми білімді пайдалана отырып өмірлік жағдайлардағы ғылымның заңдылықтарын анықтау, түсіндіру және қолдану, әр түрлі қиын қолдана алу;
- әр түрлі көздерден ақпарат пен түсініктемелерді байланыстыру және оларды әртүрлі шешімдерді негіздеу үшін қолдана алу. Олар анық және тұрақтыинтеллектуалдық білім қалыптасуының жоғары деңгейін көрсетеді мысалы, дәлелдеу және негіздеу, сондай-ақ шешімдерді негіздеу үшін өз білімін пайдалануға дайын болу, белгісіз ғылыми және техникалық жағдайларда қабылданады.Әлеуметтік-экономикалық және жаһандық контексте қабылданған жағдайларда өз білімін ұсыныстарда немесе шешімдерді дәлелдеу үшін пайдалана алады.

➤ 5 деңгейге жеткен оқушылар:

- өмірде көптеген күрделі табиғи-ғылыми аспектілерді анықтау;
- тиісті ғылыми негіздемелерді салыстыру, іріктеу және бағалау өмірлік жағдайларда шешім қабылдауға арналған дәлелдер келтіру;
- жеке білім мен сын тұрғысынан байланыс орнату, жағдайларды талдау;

➤ 4 деңгейге жеткен оқушылар:

- жеке құбылыстар айқын көрінетін түрлі жағдайлар мен проблемаларды тиімді талдау және олардан ғылымның немесе технологияның рөлі туралы қорытынды жасауды қажет етеді;
- әр түрлі білімге негізделген түсініктемелерді таңдау немесе жалпылау және осы түсініктемелерді тікелей байланыстыру;
- жаратылыстану ғылымдары және негіздемелерін қолдана отырып өз іс-әрекеттерін бағалау және өз шешімдері туралы хабарлауды.

➤ 3 деңгейге жеткен оқушылар:

- нақты тұжырымдалған жағдайларда ғылыми мәселелерді анықтау, құбылыстарды түсіндіру үшін қажетті фактілер мен білімді таңдау;
- қарапайым модельдерді немесе зерттеу стратегияларын қолдану;
- жаратылыстанудың әртүрлі бөлімдерінен жаратылыстану ұғымдарын түсіндіру және тікелей пайдалану;
- фактілерді қолдана отырып, қысқа мәлімдемелер жасауды.

➤ 2 деңгейге жеткен оқушылар:

- ғылыми білім негізде ситуациалық жағдайларда мүмкін болатын түсініктемелер беру, қарапайым зерттеулер негізінде қорытынды жасау;
- зерттеулер тікелей байланыс орнату және нәтижелерді сөзбе-сөз түсіндіру.

➤ 1 деңгейге жеткен оқушылар:

- тек таныстарда қолдануға болатын шектеулі білім жағдайларда. Қолда бар деректерден ғана анық түсіндірулер бере алады.

Тапсырмалар 7 сынып оқушыларына арналып құрылды. Себебі жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыруды төменгі сыныптардан бастау жақсы нәтижеге әкеледі. 7 сынып бойынша құрылған тапсырмалар қиындығы келесі факторлармен анықталды: күрделілік тапсырмада ғылыми заңдылықтарды түсіну дәрежесіне сай, тізбектің күрделілігі жауап алу үшін логикалық тұжырымдарды қажет етеді, яғни жұмысты орындау кезеңдерінің саны және бір кезеңнің алдыңғы тапсырма келесі тапсырманың түсініктерін қалыптастырады.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың 1 деңгейін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

"Тығыздық" тақырыбы, 7 сынып

*«Егер оның массасы 108 г, ал тығыздығы 0,9 болса, мұздың көлемін анықтаңыз».*

Бағалау критерийлері:

0 балл – құбылыстың дұрыс түсіндірмесі жоқ.

1 балл – шарт жазылды, формула берілді, есептеулер дұрыс орындалды.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың 2 деңгейін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мысалы.



"Тығыздық" тақырыбы, 7 сынып

*«Егер оның массасы 108 грамм болса, мұздың көлемін анықтаңыз»*

Бағалау критерийлері:

0 балл – құбылыстың дұрыс түсіндірмесі жоқ.

1 балл – жазылған шарт, тығыздық мәні дұрыс жазылған, формула келтірілген, есептеулер дұрыс орындалмаған.

2 балл – шарт дұрыс жазылған, тығыздық мәні дұрыс жазылған, формула келтірілген, есептеулер дұрыс орындалған.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың 3 деңгейін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар

"Тығыздық" тақырыбы, 7 сынып

*« 0,5 литр сүт массасын табыңыз»*

Бағалау критерийлері:

0 балл – дұрыс жауап жоқ.

1 балл – шарт жазылды, СИ жүйесіне аударылды, дұрыс формула көрсетілген, есептеу дұрыс орындалмаған.

2 балл – шарт жазылған, СИ жүйесіне аударылған, дұрыс формула көрсетілген, шешуі дұрыс орындалды.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың 4 деңгейін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

"Диффузия" тақырыбы, 7-сынып

*«Жаңа піскен қиярдың тез тұздануы үшін тұздық ыстық кезінде құйылады»*

*а) қиярдың тұздануы қандай құбылысқа негізделген?*

*б) ыстық тұздықта қиярдың тұздануы неге тез жүретінін түсіндіріңіз.*

Бағалау критерийлері:

0 балл – құбылыстың дұрыс түсіндірмесі жоқ.

1 балл – құбылыстың дұрыс түсіндірмесі аталады, бірақ процестің барысы туралы түсінік жоқ.

2 балл – құбылыстың дұрыс түсіндірмесі аталады, процестің барысы түсіндіріледі.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың 5 деңгейін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

"Тығыздық" тақырыбы, 7 сынып

*«Көлемі 125 см<sup>3</sup> шойын шар оның массасы 800 грамм, шойын шардың іші қуыс немесе бұл толық екендігін анықтаңыз»*

Бағалау критерийлері:

0 балл-дұрыс жауап жоқ.

1 балл-шарт жазылған, барлық формулалар көрсетілген, дұрыс есептеу жүргізілмеген.

2 балл-шарт жазылған, барлық формулалар көрсетілген, шешуі дұрыс орындалған, тапсырма сұрағына жауап берілді.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтың 6 деңгейін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

"Үйкеліс күші" тақырыбы, 7-сынып

*1851 жылы 18 тамызда император Николай I алғашқы сапарын Петербург Мәскеуге теміржол арқылы жасады.. Императорлық пойызды таңғы сағат 4-те жіберу дайын болды. Құрылыс бастығы генерал Клейнмихель,*

*оқиганың ерекше салтанатын атап өту үшін, бірінші*

*теміржолдың бір бөлігін ақ майлы бояумен бояуды тапсырды. Бұл алғашқы рельсті император жүріп өтетін болды. Таңғы сағат 4-те паровоз алғаш рет жүрейін дегенде бір орнынан қозғала алмай дөңгелектері бір орында айналып тұра берді. Сосын көмекшілер сол рельске барынша көбірек құм сеуіп тастады.*

*а) империялық паровоздың қозғалысына не кедергі болды?*

*ә) үйкеліс себептері қандай?*

*в) неліктен көмекшілер рельстерге құм септі?*

Бағалау критерийлері:

0 балл – дұрыс жауап жоқ.

1 балл – физикалық құбылыс көрсетілген.

2 балл – физикалық құбылыс көрсетілген және осыған байланысты түсініктеме берілген.

Қорытындылай келе, өз кезегінде жаратылыстану-ғылыми біліктерді меңгеру – таза пәндік міндеттерді де ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді. PISA тапсырмалары ғылыми білік арқылы зерттеуші рәсімін қолданып, модельдердің көмегімен құбылыстарды түсіндіріп, өз бетінше деректердің талдауы негізінде қорытындылар жасауға бағытталған. Ал осы біліктерді білім алушы бойына қалыптастыру – ұзақ үрдіс болып келеді. Ол үшін мұғалімнің жұмыс жүйесі біртіндеп, жоспарлы және көздеген мақсатқа жетуге бағытталған болуы қажет. Сондықтан көздеген мақсатқа жету үшін тапсырмаларды төменнен жоғары деңгейге біртіндеп оқыту нәтижелі болмақ.

#### **Әдебиеті:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген. – Астана, 2012.
3. [http://www.lemonde.fr/education/article/2013/12/03/classement-pisa-cinqexemples-de-questions-posees-en-mathematiques\\_3524501\\_1473685.html](http://www.lemonde.fr/education/article/2013/12/03/classement-pisa-cinqexemples-de-questions-posees-en-mathematiques_3524501_1473685.html)

**Кубекова Қ.Т., Ахнаева Б.Ж.**

*«№ 93 гимназия» КММ, Қарағанды қаласы*

### **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Өскелең ұрпаққа қазіргі заман талабына сай сапалы білім беру, оларды әлемдік бәсекеге қабілетті етіп оқытып даярлау, жас ұрпақ бойына отаншылдық, туған елмен жерге сүйіспеншілік сана-сезімді терең қалыптастыра отырып тәрбиелеу мәселесі педагогика ғылымы саласында басты мәселе болып тұр. Оның бірден-бір шешімі – отандық жалпы білім беретін білім ордаларының оқу үрдісіне оқу-әдістемелік, педагогика-психологиялық, ақпараттық-коммуникациялық заманауи технологияларды ендіру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың Ұлттық жоспарын жүзеге асыру болып табылады. Ұлттық жоспарда көрсетілген мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың бір тетігі – оқыту нысандарын, әдістері мен технологияларын жаңарту.[1] Яғни, осының нәтижесінде интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымдарды пайдалана отырып, сынып ұжымын жаппай оқыту нысанынан әрбір білім алушының жеке білім алу аймағын іске асыруды қамтамасыз ететін болады деп көрсетілген.

Қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа көзқарастар мен жаңаша әдістерді қажет ететіні мәлім. Бұл ретте грамматиканы игертуге, сөйлеуге, жазуға үйретіп, оқуға машықтандыруға байланысты алға қойылған бағдарламалық талаптарды бір-бірінен бөле қарастыруға болмайды. Түпкі мақсат оқушылардың өз ойларын тұжырымды да тұшымды етіп айтып, сауатты да сындарлы етіп жазып жеткізе алатындай болуына қол жеткізу десек, мұның, ең алдымен, олардың сөздік қорын үнемі молайтып, тілдік түйсік-талғамын жетілдіре беруге байланысты екенін бір сәт те естен шығармаған жөн.

XXI ғасырда оқушылардың білім сапасын тексеруде тест тиімді тәсіл ретінде қарастырылады. Соған қарамастан, тесттік бақылауда оқушылардың шығармашылық қабілетін бағалай алмаймыз. Өйткені тест – фактілік білім, яғни шектеулі білім. Фактілік білімді оқушының өмірде қолдана алмайтындығына көз жеткіздік. Осының салдарынан білім берудің маңызды міндеттерінің бірі – оқушыны әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтенуге қалыпты жағдай жасау екендігін, сонымен қатар, әлеуметтенудің алғышарты – сауаттылық болып табылатындығын түсіндік [2].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда маңызды әдіс тәсілдер мен тапсырмаларды анықтау үшін мектеп мұғалімдерінен сауалнама алынды. Сауалнамаға қазақ тілі

мен әдебиеті пәні мұғалімдері қатысты. Сауалнама барысында мұғалімдер келесі сауалдарға жауап берді:

- 1) Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін қандай жұмыс түрлерін жасауға болады?
- 2) Мәтінмен жұмыс жасауда өзіңіз пайдаланатын және маңызды деп есептейтін әдіс-тәсілдерді атаңыз.

Қазір оқушыларға білім беріп қана қоймау керек, сол сияқты оларға әлеуметтік бейімделу барысында меңгерген білімдерін қолдана алуға үйрету керек дейтін болсақ, сауалнама нәтижесінен оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту үшін мектепте педагогтердің көптеген әдіс-тәсілдерді қолданатындығын анықтадым. Яғни, пән мұғалімдері сабақтарда белсенді оқыту, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясының «Жұптағы ой қозғау», «Ойлан, жұптас, бөліс». «ДЖИГСО» сияқты стратегиялары мен Блум таксономиясы, сатылай кешенді талдау, мән беріп оқыту технологиясын қолданады. Белсенді оқытуда қысқа әңгіме, ойын түрлері, сөздік ойыны сияқты жұмыстарды атауға болады. Сонымен қатар, оқушылардың теориялық білімдерін дамыту мақсатында Н.Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясын да атап өтуге болады. Сабақта оқу сауаттылығында қарастырылған мәтінді толық түсінуге қол жеткізу керек. Бұл мәтінмен танысу, оны түсіну: тақырыпты, идеяны көрсету, мәтінге тақырып қою, түйінді сөздер мен сөз тіркестерін табу. Бұл ретте оқушылар артық мәліметті алып тастап, негізгі, қажеттіні таңдауды үйренеді. Бұл тапсырманы орындау үшін әртүрлі тәсілдерді пайдалануға болады. Мысалы, «Төртіншісі артық» ойыны. Оқушыларға 4 сөзден немесе сөз тіркесінен тұратын тапсырма беріледі, олардың үшеуі мағынасы жағынан бір-біріне жақын. Содан кейін жалпы мағынасын білдіретін тезис құруды немесе мәтіннен басты ой жазылған сөйлемді табу; мәтіннің түрін және сөйлеу стилін анықтауды, сонымен қатар өз жауабын негіздеуді, мәтіннің белгілі бір түріне, стиліне жататындығын мысал-белгілер негізінде дәлелдеуді ұсынуға болады. Осының бәрі оқу сауаттылығының дамуына ықпал етеді. Оқу сауаттылығын қалыптастырып, дамыту үшін бүгінде түрлі технологияларды қолдануға болады. Сол технологиялардың бірі – оқушылардың сыни ойлау деңгейін дамыту технологиясы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызекі тілде ой алмасуға, мәтіннің мазмұнын ашуға, автор қолданған сөздер мен сөз тіркестерінде берілген ұғымдарды түсінуге негізделген. [3]

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырып, одан әрі дамыту үшін тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау мақсатында оқушылармен де зерттеу жұмысын жүргіздім. Оқушылардың оқу сауаттылығын интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы іске асыру жоспарланғандықтан, ҚМЖ жасау барысында жас ерекшеліктері мен пән бойынша деңгейлері ескеріліп, тапсырмалар дайындалды, әдіс-тәсілдер таңдап алынды. Сол сияқты, күтілетін нәтижелер белгілі болды: С деңгейлі оқушы – берілген ақпараттың мазмұнын игереді, жеңіл сұрақтар құрастырып, жауап береді. В деңгейлі оқушы – ақпараттың мазмұнын игереді, оңай және қиын сұрақтар құрастырып қана қоймай, жауап та береді, мәтіннен алған жаңа мәліметті сұрыптайды, қолданады, рефлексия жасайды. А деңгейлі оқушы - ақпараттың мазмұнын игереді, оңай және қиын сұрақтар құрастырады, жауап береді, мәтіннен алған жаңа мәліметті сұрыптайды, қолданады, ақпараттағы негізгі ойды өмірмен байланыстырады, рефлексия жасап, ойды қорытындылайды.

Сабақтар бойынша қорытынды жасай келе, мәтінмен жұмыс жасаудағы тиімді әдіс-тәсілдер:

Мәтін мазмұнымен танысуда	Мәтінді талдау кезінде	Мәтінді қорытуда
Класстер	«Топтық жоба қорғау»	«Фишбоун»
«Болжамды оқу»	«Жуан-жіңішке сұрақтар»	«Егер ..., онда..., өйткені...»
«Инсерт»	«Ішке-сыртқы сызық»	Эссе
«Тірек жазба»	«Аквариум»	«Қарлы кесек»

Оқушылардың оқу сауаттылығын бақылаумен байланысты тапсырмаларды зерделей келе, онда берілген тапсырмаларды мазмұны мен ерекшелігіне қарай бірнеше түрге жіктеп қарастыруға болады. Атап айтсақ, логиканы зерделеуге байланысты тапсырмалар, пән бойынша білімін зерделеуге бағытталған тапсырмалар, зейінді зерделеуге байланысты сұрақтар, пәнаралық байланысқа арналған сұрақтар және тағы басқа. Оқу сауаттылығына қатысты тапсырмаларды дұрыс орындау үшін теориялық білімнің де болуы шарт. Мысалы, берілген мәтін және оған ұсынылған сұраққа назар аударайық.

Мәтінге назар қойып оқыңыз және берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

*Құмырсқа – дүние жүзіндегі аса көп тараған жәндіктің бірі. Қазақ «құмырсқа сияқты қажырлы», «құмырсқа сияқты қаптаған», «құмырсқа сияқты бейнетқор» деген пікірлерді текке айтпаған. Бұл жәндіктің біз назар аудармайтын қызық жақтары көп. Оны ғалымдар зерделеп, бұқара халыққа айтып жүр.*

*Құмырсқаларды зерттейтін ғылым – «мирмекология» аталады. Осы мирмеколог мамандардың құмырсқа сияқты дамылсыз еңбектеніп, қайнаған тұрмыс-тіршілікті зерттеуінің нәтижесінде бізге олар жөнінде көптеген қызықты ақпараттар анық болды. Дүние жүзіндегі ең құрметті мирмекологтердің бірі Эдвард Уилсонның есебі негізінде бүгін жер жүзінде 10 квадриллион, яғни оның 15 дәрежесіндегі құмырсқа бар екен. Кісі басына шаққанда бір кісіге миллион құмырсқадан келеді, ал жалпы үлесі барша адамның үлесіндей. [4]*

1-сұрақ: Өзіңіз үшін қандай ерекше қызықты мәлімет алдыңыз. Жауабыңызды бір сөйлеммен жазыңыз.

2-сұрақ: «Құмырсқадай құжынаған» тіркесінің мағынасына сәйкес болмайтын қатарды көрсетіңіз.

- A) Көп, қаптап кетті
- B) Нөпір болды, ығы-жығы
- C) Қаптан кетті, құжынады
- D) Қайратты, еңбекшіл
- E) Қайнаған, қалың

3-сұрақ: Мәтіннің стилі қандай?

- A) Ауызекі сөйлеу стилі
- B) Публицистикалық стиль
- C) Ресми іс-қағаздар стилі
- D) Ғылыми стиль
- E) Көркем әдебиет стилі

Бұл мысалдан көріп отырғанымыздай, осы сияқты сұрақтарға жауап беру үшін оқушының фразеологизм мен стиль туралы теориялық түсінігі болу керек дейтін болсақ, бір топ сұрақтар оқушының логикалық ойлау қабілетін тексеруге бағытталады. Келесі мәтінге назар аударайық:

*Қызықты ақпарат: Күн көзінің түсуінен синтезделгіш Д дәруменінің көлемі келесі мәселелерге байланысты: сәуле толқынының ұзындығы мен терінің алғашқы пигменттігінде. Күннің астында таңғы уақытта немесе күн ұясына қонарда жүрудің пайдасы мол, сол сияқты, тері негұрлым қара торы болса, күннің көзінің әсерінен Д дәрумені соғұрлым аз өндіріледі. Д дәрумені кальций мен фосфор минералдарын сіңіруді ретке келтіреді. А дәрумені кальций және фосформен қосылып, ағзаны суықтанудан, көз және тері ауруларынан сақтайды. Соған қарамастан, бұл ағзаны осы дәруменмен байыту үшін қатты қызған күннің астында жата беру керек дегенді білдірмейді. Аздада Д дәруменінің керекті мөлшерін бір деңгейде сақтап тұру үшін маусым, шілде, тамыз айларында аптасына 2-3 рет 5-15 минут қол мен бетті күнге қыздырып алудың өзі жетеді. [5]*

1-сұрақ: Маусым, шілде, тамыз кезінде неше уақыт күнге қыздырыну керек?

- A) Аптаның үштен бір бөлігін, бір сағаттың төрттен бір бөлігін
- B) Апта бойы, бір сағат толық
- C) Аптаның екіден бір бөлігін, бір сағаттың үштен бір бөлігін
- D) Аптаның бестен бір бөлігін, бір сағаттың үштен бір бөлігін
- E) Аптаның төрттен бір бөлігін, бір сағаттың екіден бір бөлігін

Мысал ретінде жағдаяттық тапсырмалар арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша жұмыстарға мысал келтірейін:

*«Байқоңыр» жер жүзіндегі тұңғыш ең ірі гарыш айлағы. Халықтар арасында ерекше мәнге ие осы айлақ жөнінде келесі қызық мәліметтерді көп кісі біле бермейді: 1) 1995 жылдан бастап Байқоңыр – Ресей Федерациясының құрамындағы федералдық маңызы зор қала; 2) Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Кеңестік ракеталардың сырын сақтау үшін гарыштық айлақ орналасатын орынның екі сызбасын жасалды; 3) Жасалған шарт негізінде Байқоңырды жалға беру уақыты 2050 жылы бітеді; 4) Қазақ жерінде 1950 жылы гарыш алаңын салу жұмысы басталған кезде болуы мүмкін қарсыластарды алдау мақсатында Қарағанды облысының Байқоңыр ауылында ағаштан тағы бір гарыш айлағы тұрғызылды; 5) Жер шарын бірінші рет айналып шыққан «Восток-1» кемесінің ұшу уақыты – 108 минут; 6) 2001 жылы Талғат Мұсабаев американдық турист Денис Титомен бірге (әлемдік біріншілік) гарышқа ұшты; 7) Байқоңыр қаласының осыған дейін «Ленинск» деген атауы болған.*

Берілген тапсырманы орындауға кіріспестен бұрын, оқушы тапсырмаларды орындауға арналған ұсыныстармен мұқият танысу керек.

Тапсырмаларды орындау барысында берілетін ұсынымдар:

1-тапсырма

1) Мәтінге баса назар аударып оқып шығып, тақырыбы туралы ойланыңыз.

2) Кіріспе бөлімдегі «тұңғыш ең ірі» сияқты сөздер тіркесіне көңіл аударыңыз.

2-тапсырма

1) Мәтіндегі сан есімге байланысты ақпараттарға көңіл бөліңіз.

2) Әлемдік біріншілік жөніндегі ақпаратқа назар аударыңыз.

3) Реттік номерін жазыңыз.

3-тапсырма

1) Мәтіндегі 2-нші және 5-інші ақпараттарды тағы бір оқыңыз.

2) 2-нші және 4-інші мәліметтердегі шағын тақырыптарды анықтаңыз.

3) Жауапты бір сөйлеммен өз сөзіңізбен жазыңыз.

ТАПСЫРМАЛАР:

1-сұрақ: Өзіңіз үшін қандай айрықша қызық дерек алдыңыз. Осы сұрақтың жауабын бір сөйлеммен жазыңыз.

2-сұрақ: Қай деректе әлемдік біріншілік жөнінде сөз болған? Сол деректің номерін жазыңыз.

3-сұрақ: Екінші және төртінші деректерге сай не себепті ғарыш айлағының орналасқан орнының екі нұсқасы жасалған? Жауапты бір сөйлеммен көрсетіңіз [6]

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін заман талабына сай оқыта білудің маңызы зор. Педагогтің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі – бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейді сабақ беретін мұғалімнің алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса, ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

**Әдебиеттер:**

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>

2. «Қазақстан мұғалімі» газеті, 31 наурыз. 2012 жыл

3. «Қазақстан мектебі» журналы, № 9, Алматы, 2015 жыл

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық тестілеу орталығы. Сұрақ кітапшасы. 31540-нұсқа; Астана, 2017 жыл

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК «TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған тапсырмалар жинағы», Астана: 2016 жыл

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК. «Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі». Әдістемелік құрал. Астана, 2013 жыл

**Кулахметова А.К**

*А. Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі*

*Бұқар жырау ауданы. Доскей ауылы*

**Жумагулова Ж. С**

*Амангелді жалпы білім беретін орта мектебі*

*Бұқар жырау ауданы. Көктал ауылы*


## **МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ**

Мектептегі педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі қазіргі күннің талабы. Педагогикалық қызмет- бұл праксис нысаны, яғни білім беру саласындағы практик маман үнсіз қабылдайтын, мінсіз қоғамның бейнесін іске асыруға бағытталған саяси әрекет [1] деп ерекше

атап көрсеткен. Зерттеу – педагогтың кәсіби тәжірибесін дамытудың және таратудың қуатты құралдарының бірі болып табылады. Мәселені зерттей отырып, мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре алады. Қазіргі таңда Қазақстан мектептерінде де зерттеу жұмыстарына үлкен мән беріп жүзеге асырылуда.

Былтырғы оқу жылының басынан бастап біздің мектебімізде де зерттеу жұмысы қолға алынып жүргізілуде. Қай жұмыстың болмасын өзіндік қиыншылығы болатыны заңды құбылыс. Жұмыс барысында көптеген сұрақтар туындады. Осы туындаған мәселелерді дұрыс шешуге, бағыт бағдар беруге Қарағанды қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығының мамандары көп көмек берді.

Сабақты зерттеу үдерісін іске асыру мақсатында мектебіміздің мұғалімдері зерттеу тақырыбына, пәніне, қызығушылығына қарай 2-3 тен бірнеше топтарға бірікті. Әр топқа деңгейлік курс бітірген және тренерлік курстан өткен мұғалімдер жетекші болып бекітілді. Зерттеу топтарының алдына қойылған мақсат: **«сыныптағы барлық оқушыларды қарым – қатынасқа тарта отырып, білім сапасын көтеру»** болды. Сонымен №7 топта физика пәні мұғалімі Есимбекова Сауле Балташевна, математика пәні мұғалімдері Валиев Әлімжан Қоңырбаевич пен Тулегенова Гүлшат Қайыржанова болды, жетекшісі Құлахметова Әлия Қадыровна яғни мен тағайындалдым. Зерттеу нысаны ретінде 8 «а» сыныбы алынды. Жұмыстың басында топ мұғалімдері өзара сабаққа қатыса отырып, мұғалімдердің көбіне ортақ мәселе, сабақ барысында сыныптағы оқушылардың барлығы бірдей сабаққа тартылмайтындығына көздерін жеткізді. Топ мүшелері осы мәселені шешу мақсатында бірлесе отырып сабақ жоспарын құрды, өзара сабаққа қатысты, бақылаулар жүргізді, сабақтан кейін талқылаулар жүргізілді. Нәтижесінде оқушылар арасында жұптасып жұмыс жүргізу тәсілі тиімді жұмыс жасайтынды айқындалды. Тапсырмасын аяқтаған оқушы өзіне жұп тандап сол балаға тапсырманы дұрыс орындауға көмек береді. Бұл жерде құрдастар тобындағы өзара қарым – қатынас маңызды рол атқарады. [2] Үйрете отырып үйрену дағдысы да жүзеге асады, үйретуші оқушы өз білімін пайдалана отырып толық бекітеді. Осы үдеріс барысында мұғалім, үйретуші оқушы тапсырманың дайын жауабын ұсыну арқылы мәселені шешуге талпыныс жасамауын және үйренуші оқушы тек көшіріп алушы ролінде қалмауын екі жақты қадағалады. Оқушылардың бірін – бірі оқытуына мүмкіндік жасау әсіресе математика және физика пәндерінде біршама тиімді екендігі анықталды. Оны білім сапасындағы өзгерістерден анық байқауға болады.



Бақылаудағы 8 «А» сыныбында жылдың басында алгебра пәнінен 53,3% көрсетсе жыл аяғында 66,7% білім сапасын көрсетті, физика пәнінен білім сапасы жыл басында 40% болса, жыл соңында 56,3% көрсеткішке жетті.

#### **Зерттеу үдерісін жүргізу арқылы:**

- Мұғалімдер өз тәжірибесін жетілдіреді;
- Өзара сабаққа қатысу арқылы бақылау дағдысын меңгереді;
- Мұғалімнің кәсіби дамуына мүмкіндік беріледі;
- Сыни ойлау дамиды;
- Ынтымақтастықта жұмыс жасайды;

Біздің мектебіміз жетекші мектеп болғандықтан өз қарамағындағы магниттік мектептермен үнемі қарым – қатынас жасап, оқыту мен оқудағы жаңа әдіс – тәсілдермен бөлісіп, пікір алмасып отырады. Биылғы оқу жылының басында да мектебімізде жүргізіліп жатқан нәтижелі жұмыстарды насихаттау мен өзара тәжірибе алмасу мақсатында магниттік мектеп

басшылары мен жетекші мұғалімдерін біріктіріп семинар өткізді. Бұл семинарда өз тәжірибелерімізбен бөлісе отырып, магниттік мектептерде де зерттеу тобын құру ұсынылды. Барлық мектептердің ұстанған бағыты, алға қойған мақсаты, мүддесі бір болғандықтан бұл ұсынысқа қуана келісті. Магниттік мектептерге көмек көрсету бағыт бағдар беру мақсатында жетекшілер (кураторлар) бекітілді. Бұқар жырау ауданындағы Амангелді мектебіне куратор ретінде география пәні мұғалімі Құлахметова Әлия Қадыровна және бастауыш сынып мұғалімі Шабыкеева Нәсіпбела Жолдыханова бекітілді.

Амангелді мектебінің мұғалімдері зерттеу нысаны ретінде білім сапасы төмен 8 сыныпты тандады, мәселені анықтау мақсатында бірінші кезеңде мұғалімдер, ата-аналармен, оқушылармен сауалнама жүргізілді, зерттеу тобы құрылды. Зерттеу жұмысының мақсаты: **оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында оқыту мен оқудың жаңа әдіс –тәсілдерін тиімді қолдану дағдыларын жетілдіру.**

Зерттеу тобының мұғалімдері: тарих пәні мұғалімі Асқарова Меруерт Глеужановна, қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Мырзабекова Бақтылқұрманғалиевна, ағылшын тілі пәні мұғалімі Жумагулова Жанар Сарсеновна.

Инструментом при проведении словарной работы могут являться и все виды словарей. Использовать их можно на разных уровнях – от толкования слов, предложенных учителем, и сравнения своего варианта со словарной статьёй до подготовки мини-сообщений на тему «Что я узнал о слове ...», где следует указать информацию, которую ученик узнал из разных словарей (кроме значения), и грамматических сказок. Ученики, выполняя подобные задания, узнают, какая это информация и как полно она отражена в том или ином словаре, знакомятся с большой группой слов, что способствует обогащению их речи, учатся размышлять, анализировать, сравнивать, а главное – самостоятельно делать выводы.

Лексикон обучающихся расширяется и при изучении художественной литературы. Здесь также очень важна работа со словом. Внедрение элементов речетворчества («Я начну, а ты продолжи»), рождение тропа, редактирование текста, ассоциативные диалоги при анализе ключевых слов – расшифровка образа) не только активизирует познавательную деятельность ребят, но и развивает ассоциативное мышление. Процесс этот трудоемкий. Но когда видишь появление нового слова – жемчужинки (может еще робкого и трепещущегося слова) из уст своего ученика, готового творить, понимаешь, что работаешь не зря.

Речь – это зеркало нашего внутреннего мира, яркий показатель уровня воспитания и образования, социального статуса. Именно поэтому работа учителя должна быть направлена на слово, которое развивает у обучающихся практические умения, связанные с обработкой устной и письменной информации и созданием собственных текстов, помогает познакомиться с языковыми фактами, а также закрепить полученные умения и навыки, активизирует умственную деятельность детей и повышает интерес к овладению русским языком, обогащает их словарный запас- готовит к реальным жизненным ситуациям, помогая самостоятельно мыслить и творить.

## **Литература**

1. Бунеева Е. В. Развитие интеллектуально-речевых умений учащихся как составляющей их функциональной грамотности. М.: 2018. №8.
2. Махмутов М.И. Проблемное обучение. М.: Педагогика,2007.

**Қыстаубай Арайлым Әскербекқызы**  
*«Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы № 44 ЖБББ мектебі тірек  
мектебі (РО) жанындағы интернат» КММ*  
*Бастауыш сынып мұғалімі*

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАНДАНДЫРА ОТЫРЫП,  
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ**

«Мәселе жаза білуде емес, мәселе- өмірге белгілі бір көзқарас қалыптастырып, бір жаңалық аша білуде.» (Джон Голсуорси) - демекші бастауыш сыныптан бастап білім алушылардың түсіну; оқу, жобалау, зерттеу, эксперименттік, сабақтан және сыныптан тыс іс-әрекеттер барысындағы қауіпсіздікті сақтап жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру басты назарда болуы маңызды. Білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыра отырып, ғылыми ізденіс пен зерттеу жұмыстарын өз еркімен меңгертуге, интеллектуалдық – шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік жасау мақсатында зерттеу жұмысымен айналысуды бала мектеп табалдырығын аттағаннан бастаған тиімді. Білім беруді жаңарту – үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үдерісі, бұл – білім беруде кезең-кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге бағытталған өзгерістер. Қоғамдағы жүріп жатқан өзгерістер, ғылыми-техникалық прогресс және жалпы білім беретін мектеп құрылымының өзгеруі – жас ұрпақты тәрбиелеуді дамытып, қалыптастыруды талап етеді. Функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады.

**Зерттеу жұмыстарының ерекшеліктері:**

- Түсіну; оқу, жобалау, зерттеу, эксперименттік, сабақтан және сыныптан тыс іс-әрекеттер барысындағы қауіпсіздікті сақтап жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады;  
– Білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттеріне бағыт береді  
– Зерттеу жұмысымен айналысу барысында жауапкершілік қарым қатынаста болуға тәрбиелеу, қоршаған ортаға өз ықпалының нәтижелерін болжауға үйретеді.

**Зерттеу әдістері:**

**Теориялық:** Әдебиетті іздеу және зерттеу. Білім алушы кітапханамен байланыс жасайды. Зерттеу тақырыбына байланысты энциклопедиядан мәлімет қарайды. БАҚ материалдарын зерттейді. Газет журналдардан қарайды. Интернет желісінен іздеп қарайды. Талдау және синтез. Оқып білген материалдарын мұғалім, ата ана көмегімен талдайды.

**Математикалық:** Зерттеп отырған заттың моделін жасайды. Тақырыпқа байланысты диаграммасын құрады өсу, кему. Зерттеу уақытын есептейді.

**Практикалық:** Тәжірибе жасайды. Бақылайды. Салыстырады. Нәтижесін жазады. Қорытынды шығарады

**Зерттеу іс-әрекеті мынадай мүмкіндік береді :**

1. Оқу-іс әрекеті сарынын күшейтеді;
2. Оқу үдерісі сапасын өзгертеді; оқу үлгерімін арттырады;
3. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артады;
4. Пәнаралық ықпалдастыру үдерісі мен білім алушылардың оқудан тыс іс-әрекетінің өзара байланысы кезінде олардың ой-өрісі кеңейеді;
5. Білімі мен дағдысынтәжірибедеқолданады;
6. Коммуникативтікбілігі мен дағдыларыдамиды;
7. Функционалдық сауаттылықтары артады.
8. Проблемалардыкөреді;Болжамжасайды
9. Ақпараттыіздейді,оныменжұмысжасайды. Анықтамабереді.Жүйелейді
10. Өзіс-әрекетініңөнімінелестетеалады

Мектеп табалдырығын жаңадан аттаған баламен қалай және қандай зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады? Бұл жұмыс оларға не береді? Мұғалім қандай нәтижеге жете алады? деген сұрақтар туындайды. Мектептердің, ата аналардың және мұғалімдердің өздерінің кішкентай азаматтарынан күткен үміттері жоғары екені баршаға мәлім. Сондықтан қоғамдық ортада өз ойын еркін де толық жеткізе білетін, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, кез-келген

іс-әрекетке жан-жақты көз қараспен қарайтын, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру басты мақсат. Баланы зерттеу жұмысына баулу мұғалімнің шыдамдылығын қажет етеді. Мысалы: Жаратылыстану пәнінде 1 сыныпта «Табиғатты» зерттеу жұмысынан бастаса болады. Мектеп пен үйдің арасында кездесетін барлық тірі табиғаттар мен өлі табиғаттарды бақылап, оның неге өлі табиғат екенін, неге тірі табиғат екенін дәлелдеуге тапсырма беру керек. Сонда бала жол бойы бақылай отырып, сыныпта өткен теориямен байланыстырады. Ата аналарының көмегімен сол табиғат туралы қысқаша мәлімет дайындайды. Сыныптағы бөлме өсімдігін зерттеу жұмысын беруге болады.

### Тапсырма

Сыныпта неше гүл бар?	Неше гүл гүлдеп тұр?	Жапырағы пішіндері қандай?	Ең ұзын жапырақ қай гүлде? Ұзындығын өлше	Ең кішкентай жапырақты гүл ? өлше
-----------------------	----------------------	----------------------------	---	-----------------------------------

Сұрақтарға жауап ала отырып, бөлме өсімдігін неше жапырағы бар екенін, тамырының қаншалықты тереңдігін, иісін, тұқымын анықтайды. 1 сыныпта көру, сезу, байқау арқылы өз ойларын айтады. Сыныпта мұғалім көмегімен зерттеу нысаны туралы ақпарат біледі. Траекторияны өткенде, сыныпқа тұз бен құм апарып, білім алушыларға «осы арқылы машина траекториясын қалай көрсетуге болады?» деген сұрақ қойылады. Балалар құмды, енді бірі тұзды жайып, үстінен машина жүргізіп, жол салып ойнап көрсетеді. Ойнау барысында құм бетіне түскен ізді көрсетіп, сұраққа жауап береді. Есік алдына шығарып, өз жүрген іздерін әр түрлі өрнек жасай отырып, қызықтатып көрсету керек. Бұл олар үшін шағын ғана іс әрекет арқылы зерттеу болып табылады. Әрі баланың қызығушылығы оянады. 1 сыныпта осылай қарапайым, баланың ойлауына, жас ерекшелігіне сай әдістерді қолданған дұрыс. 2 сыныпта жаратылыстану сабағында осы жұмыстарды әрі қарай жандандырып, зерттеуді бастамас бұрын білім алушылармен сұхбат жүргізу керек. Нені зерттегісі келеді?, не туралы білгісі келеді? Не мақсатпен зерттегісі келеді? деген сұрақтар төңірегінде бір тақырыпты таңдайды. Мысалы: «Сүттің пайдасы», «құрт жасау әдісі», «қымызды қалай дайындайды?», «Қарағай бүршігінің пайдасы» т.б тақырыптар төңірегінде таңдап алады. Сол тақырып төңірегінде жыл бойы жұмыс жасайды. Жаратылыстану сабағында «Заттар және олардың қасиеті» бөлімінде зерттеуді әрі қарай дамыту, функционалдық сауаттылықты арттыру мақсатында өздеріне қызықты әр түрлі заттардың қасиетін, пайдасын, құрамын зерттеуге болады. Мысалы: 3 сынып білім алушысының зерттеу тақырыбы: **“Жүннің пайдасы”**

Зерттеу жұмысын жазу реті:

### Мазмұны . Аннотация . Пікір . Кіріспе

#### I. Негізгі бөлім.

##### 1.1 Қой қырку

#### II. Тәжірибелік бөлім

##### 2.1 Жүн құрамы

##### 2.2 Жүнді өңдеу жұмыстары

#### III. Зерттеу жұмысы

##### 3.1 Жүнді қойдан қырқып алу

##### 3.2 Қойдың жүнін зерттеу

##### 3.3 Жүннен сырмақ, картинка басу

### Қорытынды . Пайдаланылған әдебиеттер тізімі . Қосымша

Білім алушы зерттеу жұмысын жүргізгенде жүнді зерттеу мақсатында өзі тұратын ауылдағы атасының үйіне барды. Онда қойды қалай қырыққанын көрді. Қой қырку оңай жұмыс емес екенін білді. Анасы жүнді қалай қырқып алатынын айтып берді. Өзі қырықтықты алып қырқып көрді. Әрине, Өз көзімен көріп, қолымен ұстап көрген бала үшін өте қызықты болды.

**Қойдың жүнін зерттеді.** 1. Қойды жығып, аяғын байлады 2. Жүнін қырықтықпен қырқып алды 3. Жүнді ұстап көрді, иіскеп көрді.

Зерттеу нәтижесінде жүн әр түрлі болатынын білді. Жұмсақ болатынын, қылшығы болатынын білді. Түсі қара, қоңыр, ақ, сары болатынын білді. Иісі шуаш саситынын білді.

### Жүннен сырмақ, картинка басып шығару.

Алдымен арнайы боялған дүкенде сатылатын табиғи жүнді сатып алды. Жетекші боялған жүннен қазіргі технологиямен киіз басуды сыныпта үйретті.

Алдымен столға жылтыр қағаз төсейді. Оның бетіне жүнді төсеп шығады да, түрлі түсті жүннен өрнектер салады. Аздап жылы су себеті. Бетіне сетканы жайлап жаяды. Одан кейін сулайды. Сабындап отырып қолымен сетканың бетін айналдыра ысқылап отырады. Біраз уақыттан соң жүн бірігеді. Қайталап 30 минуттай ысқылайды. Соңынан киіз болып жүн бірігіп қалады. Оны суға жуып сабынын кетіреді. Содан кейін киізді бүктеп стол бетіне 100 рет соққылайды. Онда жүн одан әрі ширап, бірігіп қалады. Оны қайта суға салып сығып, қайта 10 минут ұрады. Сөйтіп кепкенде өте әдемі киіз шығады. Киіз басқанда тек жақсылық ойлау керек екені, халықтық педагогика тәрбиесі қоса жүреді. Адамның ниетіне байланысты кей адамдарда жүндері ыдырап та кетеді екен. Ертеде киізді шиге салып, ыстық сумен пісіріп, тепкілеп отырып басқан. Мұндай зерттеу жұмысы бала үшін өте қызықты болады.



Зерттеу жұмыстары әр түрлі тақырыпта болуы мүмкін. Білім алушылар өздеріне қызықты тақырыптарды таңдап, жұмыс жасайды. Сол бойынша жаз бойы да өз зерттеулерін жүргізеді. Жаз мезгіліне тапсырма былай болады. Мысалы: Сары су тақырыбын алса. Оның жасалу жолын білу. Өзі қолымен ұстап көру, дәмін, иісін, қайдан алынды бәрін зерттеу жүргізу, қағаз бетіне түсіру. Күзде сол тақырып төңірегінде жасаған жұмыстарын жинақтап, толықтырады. Жұмыстар қаралып, саралай отырып, нақты жіберуге болады деген тақырыптар конкурсқа жіберіледі. Қалған зерттеулер одан әрі жұмыстарын толықтырады. Осы жұмыс жыл бойында жүргізіліп отырады.

Сонымен қорыта айтқанда, оқушылармен зерттеу жұмысын жүргізе білуде жаңа технологияны қолдану білім сапасын арттыруға, оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп таратуға ықпал ететіндігі айқындалды. Қазіргі білім саласындағы оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Таубаева Ш.Т. Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововедения в системе образования. Алматы..2001.
2. И.А.Савенков. Маленький исследователь. Развитие логического мышления. 6-7 лет. Академия развития. 2004.
4. Ұстаз №1 2013ж «Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сауаттылықтарын арттыру» Батырқайрова А.

**Қайырбек Сәуле Нәзірбекқызы**  
«№4 ЖББМ» КММ, Теміртау қаласы

### **ЖАҒАҢДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ, ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

«Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас». Иә, Мұхтар Әуезов бала тәрбиесіне байланысты осы бір сөзді аса бір көрегендікпен, өте бір рухани дәлдікпен ойын шебер жеткізгеніне таң қаласың. Себебі бала тәрбиесі-өте нәзік дүние. Сәл қателессең, орнына келтіру үшін көп күш пен ыждахаттылықты қажет етеді.

Қазіргі жаһандану заманында көштен қалмай, ілгері басудың басты мақсаты - бала тәрбиесінің, яғни ұлт болашағының алдына қойылған тәрбиенің құндылығында сияқты. Осы



мақсатта тәрбие жұмысының негізін қалайтын «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Ұлы дала мұрагерлері», «Тарих тағылымы» сияқты үлкенді-кішілі бағдарламалар, жобалар іске қосылып, өз жалғасын табуда. Сондықтан да біздің болашақ тәрбиесіне жауапты болып табылатын ата-ана, мектеп және қоғам деп аталатын үштік одақтың жауырынында жатқан жүгі өте салмақты. Әлеуметтік желілер мен деструктивті діни ағымдар зымыран құстай жүйткіп тұрған заманда болашақ тәрбиесіне жете мән бере алмасақ, болашақта Мұқаңның сөзіндегідей, балауса балғын емес, тікен оратынымыз сөзсіз. Олай болса, осы бала тәрбиесіне жауапты үштік одақтың бірі, әрі бірегейі болып отырған әр мектептің өз ерекшелігі, өз ұстанымы, өз әдіс-тәсілдері болатыны сөзсіз.

Тәрбие үрдісінде ұстаздың білім өресі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі болашаққа тәрбие беруде шешуші роль атқаратынын ұмытуға болмайды. Әрбір шәкірт өз ұстазының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетанымына, көзқарасына үлкен мән беретіні сөзсіз. Орыстың ұлы педагогы К.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да, ешқандай орынның жасанды әрекеті де оның орнын баса алмайды» деп текке айтпаған. Біздің мектептің де осы жоғарыда айтылған тәрбие бағдарламаларын іске асырудағы таңдап алған өзіндік амал-әрекеттері, әдіс-тәсілдері, ерекшеліктері баршылық. Осы жерде ойыма Абай данамыздың «Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген нақыл сөзі еріксіз ойына оралады. Сондықтан қазіргі заман балаларын «мен айтқанды қыл» деп тәрбиелегеннен гөрі, «мен істегенді қайтала» ұстанымымен тәрбиелеген абзал.

Оқушылардың интеллектуалдық, патриоттық және рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ету мақсатында мектебіміздегі өзі-өзі басқару жүйесі өз үлесін қосып келеді. Атап айтар болсам, әр сыныптың белсенділігін, рухани жауапкершілігін және патриоттық қасиетін көтеру, шыңдау мақсатында сыныпаралық **«Ең үздік сынып»** атты сайыс жүргізіліп отырады. Сайыс қорытындысы әр тоқсан сайын қорытындыланып, рейтинг жүйесі арқылы бағаланып отырады. II қабатқа ілінген бұл сайыс ережесін барлық оқушы жатқа біледі, дегенімен де оқу жылының басында әр сынып жетекшісі сынып сағаты барысында жаңадан сыныпқа келген оқушылар үшін ережелерді түсіндіріп, естерінде жаңғыртып отырады. Жалпы сыныптар рейтингісін ұйымдастырушы ұстаздың көмегімен мектептің жоғары сынып оқушыларынан құралған өзін-өзі басқару тобы жүргізеді. Бағалау рейтингісінің талаптары төмендегі кестедегідей көрініс табады және үздік деп танылған сынып әр тоқсанның ең бірінші аптасында өтетін дүйсенбілік жиынында «Ең үздік сынып» жалаушасы (вымпел) табысталады. Сынып аралық бәсеке мен оқушыларды ынталандыру уәжін тудыру мақсатында тәтті бәліштер мен қала ішінде кез келген кинотеатрға тегін билет үлестіріледі.

<b>«Ең үздік сынып» рейтингісі</b>										<b>«Ең үздік сынып»</b>
№	Сыныптар	Білім сапасы	Құқық-бұзушылығы, тәртібі	Дүйсенбілік-білім-тақырыптық жиынға жауапкершілігі	ҚР мемлекет гимнін орындау деңгейі	Сабатқа кешікпей келуі қатысу деңгейі,	Асханада өзін-өзі мәдениетті ұстау деңгейі	Мектепшілік-шараларда белсенділік танытуы	Сыныптағалығы	Жалпы ұпай саны
1.	7 «А»	42%	★	■	▲	★	■	▲	■	70ұпай
2.	8 «А»	38%	▲	▲	★	▲	▲	★	▲	63ұпай
3.	9 «А»	53%	★	■	★	★	■	★	■	85ұпай
4.	10 «А»	41%	▲	★	■	■	★	■	▲	69ұпай

5.	11 «А»	33%								60ұпай
----	-----------	-----	---	---	---	---	---	---	---	--------

Бұл жұмыс білім-мен тәрбие беруде өзінің оң нәтижесін беруде. Себебі жетістікке жеткен сынып сол тоқсан бойына барлық мектепшілік ұйымдастыру жұмыстарында жеңілдікке ие болады. Сол себепті де әр сынып өзінше білім сапасын көтеруге, сыныптан тыс шараларда белсенділік танытуға, сабаққа кешікпеуге, көпшілік орындарда өздерін мәдениетті ұстауға тырысады. «Қамданған қапы қалмайды» демекші, нәтижесінде үздік сынып атағын жеңіп алады. Сөйтіп, тәрбие мен білім бір өзенге құйылған екі арнадай үйлесім тауып, ұлы данамыз Әл – Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген сөздерін тағы бір дәлелдей түскендей болады.

Сондай –ақ мектепте оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін арттыру мақсатында әр мектепте **«Қарапайым еңбекке тағзым!»** күнін өткізген дұрыс деп есептеймін. Осы тұста тәрбиеден кеткен де кемшіліктеріміз барын мойындамасқа болмайды. Біз жастарға барлық мамандық қадірлі, барлық адал еңбек сый-құрметке лайық екенін жеткізе алып жүрміз бе? Жоқ, әрине. Жоғары қызмет иесі болмай-ақ, өз ісіне шебер болса, өз ісін жауапкершілікпен, тыңғылықты атқарса, сый-құрметке ие болу үшін сол жеткілікті екенін елімізде әр адам сезінуі тиіс. Ұрпақты да соған тәрбиелеу керек. Сондықтан да көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қарапайым еңбек адамына деген құрметті арттырып, ел сүйсініп қарайтындай жағдай жасау қажет», -деп атап өтуі өте орынды айтылған сөз деп ойлаймын. Осы тақырыпта мектебімізде биыл төртінші рет қарапайым еңбеккерлер күні ұйымдастырылғалы отыр. Бұл күні жоғары сынып оқушылары қарапайым еңбек иелеріне (еден жуушы, асхана ішінде ыдыс жуушы, аула сыпырушы) құрмет көрсетіп, сол күнгі жұмыс ауқымын өздері, яғни оқушылар атқарады. Нәтижесінде қарапайым еңбек иелерінің жұмысының олар ойлағаннан гөрі қиынырақ екеніне, үлкен ыждахаттылық пен жауапкершілікті қажет ететіндігіне, адам өмірі үшін, тазалық жағынан алғанда, ең қажетті жұмыс түрі екендігіне көздерін жеткізіп, қарапайым еңбек иелері де үлкен құрметке лайық екендігін ұғынады, көзқарастарын өзгертеді.

Бүгін Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жобалардың арасында «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының» «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» ұлттық жобасы маңызды орын алады. Осындай пилоттық жобаға қатысу барысында бүгінде үш жылдық тәжірибеміз бар және өзге де мектептермен де оқушылардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына баулу мақсатында бөлісуге тұрарлық іс-шаралар атқарылуда. Соның бірі-ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін тьюторлық қызмет пен жалпы мектепшілік жаттығу сәтін ұйымдастыру жұмыстары. БЦП диагнозы қойылған ерекше білімді қажет ететін оқушы үшін ашылған қосымша тьюторлық қызмет өте жоғары нәтиже беруде. Бала өзін қолдаушылар бар екенін сезініп, ортада өзін еркін ұстау қасиетіне ие болды. Сахнада ән салып, қолынан келген шамасынша өнері ашыла бастады.

Екі ауысым оқушылары мен мектеп қызметкерлері үшін де екі сабақтан кейінгі үзілісте жаппай жаттығу жасалады. Осы уақытта ырғақты музыка көмегімен жаттығу жасалады, жаттығу жасату үшін алдын ала құрылған кесте бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімдері әр қабатта әртүрлі дене жаттығуларын ұйымдастырады. Бұл әрекет оқушылардың көңілінен шығып, бойларындағы шаршауды жеңіп, келесі сабақтарда белсенділік қалыпты сақтауға септігін тигізетіндігіне көз жеткіздік.

Оқушылардың денсаулығын сақтау мәселесі бүгінгі күні өте маңызды. Өскелең ұрпақтың денсаулығы ұлттық қауіпсіздік және қазақстандық қоғам дамуының жаңа ғасырда қажетті шарты ретінде қарастырыла беретіндігі сөзсіз. Сондықтан да болашақ ұрпақтың салауатты болуы –қазақ елінің мәңгілік елге айналуының басты кепілі. Дерт көп, ал денсаулық біреу ғана. Қазіргі аумалы-төкпелі, нарық заманы«ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейтін» уақыттың нақ өзі болып отыр. Ендеше денсаулықпен бірге алынбайтын қамал, бұзылмайтын бөгет жоқ деп білемін.

Жоғарыда аталған денсаулықты нығайтуға ықпал ететін жоба аясында мектебімізде **«морждану»** ісін қолға алдық. Мақсаты-оқушыларды суық суда шынықтыру арқылы денсаулығын күшейту, өзге респираторлы ауруларға ағзаның қарсы тұру иммунитетін күшейту.

Ата-аналармен келісе отырып қолға алынған бұл істің берер нәтижесі зор болды. Сынып мұғалімі қыз балаларды бір бөлек және дене шынықтыру пәнінің ер мұғалімі ұл балаларды

аптасына бір рет бассейнге, суық суға шынықтырып отырды. Судың температурасын біртін-біртін жоғарылату мәселесі ескеріліп, Су көмегімен үй жағдайында шынығудың ең көп тараған дымқыл орамалмен денені ысқылау, салқын су құйыну, салқын сумен жуыну, салқын душ қабылдау сияқты жаттығулар түрлері жоспарға қойылды. Ата-аналар ұстаздардың бұл морждану жобасын қолдап, өз тараптарынан балаларына көмек қолын аямады. Нәтижесінде, осы сынып оқушыларының тұмау, грипп ауруларына шалдығуының салыстырмалы мониторингісін жүргізіп отыру арқылы моржданумен айналысатын балалардың ауруға шалдығу көрсеткіші неғұрлым төмендегеніне куәгер болдық. Себебі ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде судың денені ауаға қарағанда жақсы шынықтыратындығы дәлелденген. Неге десеңіз, судың [ЖЫЛУ ӨТКІЗГІШТІК](#) қасиеті ауаның жылу өткізгіштігінен 23 есе артық екен. Су теріс температуралық әсер етуімен бірге механикалық әсер етіп, денеге жалпылама [массаж](#) жасайды деп қорытындыланған. Сондай-ақ су жаттығулары ағзаның [капиллярлық](#) қан айналысын жақсартады.

Сөз соңында айтарым, бәсекелестік-заман талабы. Жаһандану заманы бәсекелестіктің жоғары сатыларының бірі болып табылатыны бәрімізге белгілі. Бұл сатыда бәсекелестіктің шешуші шайқастары болуы тиіс. Сондықтан, қай саланы алатын болсақ та біздің балаларымыздың және ұрпақтарымыздың алдында өте қатал, қатты бәсеке тұратын болады. Бәсеке ешкімді де, ешқашан аяған емес, аямайды да...

Мектеп қанша жерден бала тәрбиесіне жете мән бергенімен, нағыз тәрбие берудің көзі-отбасы, яғни ата-ана тәрбиесі болмақ. Бала тәрбиесіне әке мен шешенің мүмкіндігінше бірдей араласуын, оның ішінде бала тәрбиесінде әкенің ролі тек асыраушы ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеуші, үлгі көрсетуші, бағыттаушы, баптаушы деңгейіне дейін көтерілуін дұрыс жолға қою керек. Ұлы педагог М.Жұмабаевтың бала тәрбиесі туралы: «Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн», -деп айтуы өте көрегендікпен дәл айтылған мәнерлі сөз. Ендеше болашағымыз жарқын, беделіміз жоғары, мақсатымыз айқын, талғамымыз тамсанатындай, жетістігіміз қол соғатындай, өзгеге қол жаймайтындай, ұятқа қалмайтындай, білімімен жер шарптитындай, өнерімен өрге жүзетіндей ұрпақ тәрбиелеу-сіз бен біздің басты мақсатымыз. Олай болса, мақсатқа қарай жүзуде қанатымыз талмасын!

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Мектеп жасына дейінгі баланы сауықтыру шаралары; <https://goo.edu.kz/blog/view/98/4134>
2. Денсаулық туралы мақал-мәтелдер; <https://bilim-all.kz/quote/9802>
3. Еккенің тікен болса, орғаның балауса болмас; [https://vk.com/wall231771767\\_4](https://vk.com/wall231771767_4)
4. Тәрбие жайлы қанатты сөздер; <https://martebe.kz/tarbie-zhajly-khanatty-sozder-toptamasy/>

**Қайыржанқызы А.**

**Улыкбанова Ж.Б.**

*№32 ЖББМ КММ, Қарағанды қаласы*

#### **ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ: КӘСІПТІК ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ІС-ӘРЕКЕТІ**

XXI ғасыр – қарыштап дамыған білім ғасыры. Білім беруді технологиялық жолмен ұйымдастырудың мақсаты – жаңа бағыттағы оқушының шеберлігін шыңдауға, өз білімін көтеруге жауапкершілігін арттыруға көмектеседі.

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді мақсат етеді.

Қазіргі қоғамдағы мұғалімнің міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын

білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті тек кәсіби білімі жетік, құзыретті, бәсекеге қабілетті ұстаздар ғана атқара алады. «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін ержүрек болуы тиіс».

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев сөзінде «мұғалімдердің жаңа ұрпағы білім деңгейі жөнінен әлдеқайда жоғары болуы керек. Ол үшін, жаңа формацияның педагогы қажет», – деген еді.

Заманауи мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс істей алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушымен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, шебер, іскерболуы тиіс.

Жалпы мұғалім өз пәні бойынша әдістеменің ғылыми-теориялық негіздерін терең білуі керек. Оқыту технологияларын практика жүзінде қолданып, әрқашан белсенді шығармашылық ізденісте болып, оларды заманауи педагогикалық шеберлікте игеруі тиіс. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы көпшіл, өзіне-өзі сыни көзқараста қабілетті болуы керек. Мұғалім - бұл сіз білетін және жасай алатын нәрселердің кішкене бөлігі ғана.

Мұғалім тек білім беру үдерісіне ғана әсер етпейді, сонымен қатар оқушының болашақта тұлға болып қалыптасуына әсер ететін кәсіп иесі. Қазіргі заманғы мұғалім мен шәкірт арасындағы қарым-қатынастың әр түрлі тактикасы оқушының өзін-өзі тануына ықпал етеді. Оқушылар мұның бәрін болашақтағы зерттеудің табысы мен тиімділігін анықтайды. Мұғалім әр сабақтың мәтінін ғана емес, оның мазмұнын да алдын-ала ойластырады, тақырыпты сыныптабарлығына бірдей әсер етуін, тыңдаушылар әрі нақты жағдайда оқытудың тиімді әдістері мен формаларын бастан өткереді.

Жақсы мұғалім - ол өз жұмысының жанкүйері, яғни өз пәнін терең меңгерумен қатар білімін үздіксіз жетілдіріп жаңа технологияны білуі, қабылдауы керек. Ол оқушыға көп нәрсені үйретуге, оның барлық қабілеттерін ашуға көмектесуге міндетті. Нағыз мұғалім бере алатын ең маңызды нәрсе-оқушыны өзіне сенуге, өз бетінше ойлауға үйрету.

Әрине, тәжірибе бірден келе бермейді. Тәжірибені қалыптастырудың негізгі әдісі: біріншіден – жасалған жұмысқа талдау жасау арқылы жақсы қабілеттермен бөлісу, екіншіден – не істеу керек, нені өзгерту керек екенін талдау. Мұғалім өзін-өзі тануға, кәсіби өсуге ықпал ете алатын кәсіби жарыстарға қатысу арқылы, одан әрі шығармашылық дамуға, өзін-өзі бағалауды арттыруға және оның ішкі әлемінің дамуына ерекше серпіліс береді.

Тәжірибемен бірге әр мұғалімде педагогикалық ұстанымдар қалыптасады. Олар: әр оқушы – жеке бір тұлға ретінде қарай отырып, үнемі өзін-өзі үйретуі керек; тақырыпты сыныпта қызықты өткізу арқылы, сіз оқушыларды өзіңізбен баурап алуыңыз керек; сіз үнемі ізденісте жүруіңіз қажет; себебі мұғалім оқушылардың сәтсіздіктерін өзінен іздей отырып болашақта қайталануына жол бермеуі тиіс. Сондықтан кез-келген оқытуда мұғалімнің рөлі орасан зор. Өйткені, мұғалім әрқашан қоғамға қажет тұлға. Алайда қазіргі кездегі әлем мұғалімге деген көзқарас мемлекеттің қатынасынан қалыптасады. Бүгінгі таңда мұғалім мамандығының беделі біртіндеп жоғарылай түсуде.

Қазір қоғамды ақпараттандыру процесі жүріп жатыр. Бұл білім беру стратегияларын түбегейлі өзгертуге алып келеді. Қоғамда, мектеп те ақпараттық болуы керек. Әр жаңа уақыт мұғалімнің алдына жаңа міндеттер қояды. Негізгі ұран дегеніміз: «Ғасырмен тең болу». Сондықтан, мұғалімнің маңызды міндеті - жас ұрпақты сапалы біліммен қамтамасыз етумен қатар жаһандық ақпаратпен өмір сүруге үйрету.

Мұғалім-әкімшілікпен, оқытушылармен, оқушылармен, топ жетекшілерімен, мектеп директорымен және оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, сонымен бірге оқушылардың ата-аналарымен тығыз және жемісті жұмыс істейді. Ол эрудициялық қызметінің нәтижелерін теориялық тұрғыдан түсінеді.

Білім берудің тиімділігі тікелей мұғалімнің дайындық деңгейіне байланысты. Жаңа ақпараттық қоғамға көшу кезінде мұғалімнің кәсіби деңгейіне деген талаптар өседі. Инновацияларды игере алатын, креативті, ерекше тұлғалар қоғамға ұнайды және қажет.

Мұғалімнің еңбегі оқушының табиғатын қалыптастырумен бағалы. Балалар дәрігерлерінің ережесі бар: «баламен кездесу алдында қолдарыңызды жылытыңыз»-себебі бала сіздің жылуыңызды сезінуі тиіс. Сол секілді мұғалім әрқашан тек өз қолының жылуын ғана емес, сонымен бірге жан жылулығын бере алатынын мамандық иесі екенін есте сақтаңыз. Мұғалім - миссионер - ойшыл, зерттеуші, жасаушы.

Қазіргі мұғалімнің өнері – бұл психология жетістіктеріне сүйене отырып, олардың білімі мен өмірлік даналығының биігінен оларды күнделікті жұмысында шығармашылықпен қолдана отырып, педагогика, балалық шақтың күрделі заңдылықтарын жақсы түсіну. Ол оқушыларды ізгі мақсаттар мен ізгі істер жасауға шабыттандырады.

Селекционерге бидайдың жаңа сортын шығару үшін үш шартты орындау қажет екені белгілі: Біріншіден, бүкіл өмірді бидайға арнау, екіншісі - бір жерде жұмыс жасау, үшіншісі - ұзақ өмір сүру. Бұл үш шарт мұғалімнің миссиясына әбден қатысты. Болашақ мұғалім оған тілек білдіргісі келеді бүкіл өмірін балалар мен мектепке арнайды, ұзақ уақыт бір жерде жалықпастан жұмыс істеді, тынымсыз шығармашылық ізденіспен өмір сүреді.

Шәкіртінің жетістігі - кез-келген мұғалімнің кәсіби деңгейінің тікелей дәлелі, сабақты, тренингті сауатты ұйымдастыру мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің оң нәтижесіне жетудің негізгі құралы.

Бүгінгі таңда әрбір мұғалім ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып сабақты дайындап, өткізе білуі керек, өйткені осыған байланысты мұғалім мен оқушының уақытын үнемдейді. Сонымен қатар, мұғалім оқушымен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік алады, бұл оқу нәтижесін тез бағалауға мүмкіндік береді.

Білім берудің басты мақсаты – динамикалық, әлеуметтік-экономикалық, жағдайлардағы шығармашылықты іске асыруға қабілетті жан-жақты жеке тұлғаны қалыптастыру. Дамудың қазіргі кезеңінде жоғары білім, жоғары білікті мамандар даярлауды жетілдіру жолдарын іздеу қажет. Мұғалім алдына қандай да бір мақсат қойса – ол басымдылық тұлғаны жан-жақты дамыту.

Мұғалім болашақ қоғамды құратын ұрпақты тәрбиелейді. Бұл көбінесе мұғалімдердің кәсібилігі мен мейірімділігіне байланысты. Біздің қоғамға өмір бойы өзін-өзі ұйымдастыруға, өздігінен білім алуға қабілетті, тәуелсіз ойлай білетін шығармашылық адамдар қажет.

Сондықтан мұғалімдер үшін басты міндет: кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, бәсекеге қабілетті мамандық иесі болу. Заманауи мұғалім қол жеткізілген жетістіктермен тоқтап қалмай, заман ағымына ілесіп отыруы керек.

Мұғалімге оқу жұмысына өзіндік жұмысының әр түрлі формаларын белсенді енгізу қажет. Ал өзіндік жұмыс әрдайым оқушылардың оқу және кәсіби қызметіне шығармашылық көзқарастың дамуына ықпал етеді. Осыған мүмкіндік беретін жағдайлар жасау керек, оқушылар өз жұмыстарын сыни тұрғыдан бағалайды, олардың іс-әрекетіне негізделген себептерді тұжырымдайды.

Қорытындылай келе, сабақтың басты және жетекші фигурасы мұғалім екенін атап өтеміз. Ол қабілетті оқу процесін ұйымдастырған кезде туындайтын мәселелерді шешу. Бүгін мұғалімде бар процес оқыту және тәрбиелеу сапалы өзгертудің үлкен мүмкіндіктері. Бүгінгі заман талабы— жан-жақты дамыған, өзіндік қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет. Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2030» Елбасының Қазақстан халқына жолдауы-А.:Білім,2003
2. Тоғымбаева А.Ә. Педагогтың кәсіби құзырлылық моделі. «12 жылдық білім» журналы 2006 №3
3. Груничева Т.Н. Қазіргі білім беру кеңістігінде рейтингтік бақылау жүйесі //

- II Халықаралық ғылыми-практикалық материалдар конференция «Оқу үрдісіне заманауи білім беру технологияларын меңгеру және енгізу. Жинақ ғылыми еңбектер / ред. Акутина С.П. М.: Sputnik +, 2012 ж. - 270 б.
4. Яблонская Т.Н. Перспективалар болашақтағы педагогикалық дайындық сапасын арттыру стратегиясы ретінде оқытушы-филологтар // ТМУ Гуманитарлық институтының хабаршысы. - 2012. - № 2 (13). - S. 99-102.
5. Лебедева Л.М. Заманауи білім беру технологияларын қолдану арқылы мұғалімдердің кәсіби қызметінің тиімділігін арттыру // Хабаршы ТМУ гуманитарлық институты. 2012. № 2. S. 65-67.
6. Копус О.А. Ғылыми және әдістемелік енгізу болашақ философия шеберлерінің кәсіби лингводидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру жүйесі // ТМУ гуманитарлық институтының хабаршысы. - 2012 жыл. - № 2 (13). - S. 51-54.
7. Володина Е.Ю. Музыкалық білім берудегі заманауи технологиялар // II Интернационал материалдары ғылыми-практикалық конференция «Заманауи білім беру технологияларын меңгеру және енгізу оқуды үйрену. Ғылыми еңбектер жинағы / ред. Акутина С.П. М.: Sputnik +, 2012. - 270 б.
8. Коростелев А.А. Талдау қызметі: Негізделген ұйымдық мазмұн TARROS «Landrail» // Гуманитарлық институтының хабаршысы ТМУ. - 2012. - № 2 (13). - 54-59.

### **Қыйлыбай Әсел Балғашқызы**

*Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, Қарағанды қ.*

## **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСARTУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ**

Қазіргі қоғамға әлемде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе алатын адамдар қажет. Қазіргі білім беру процесі оқушылардың құзыреттілігін дамытуға бағытталуы керек. Құзыреттілікті дамытудың алғышарты функционалдық сауаттылықтың белгілі бір деңгейінің болуы болып табылады.

Біздің мемлекетіміз де қазіргі заман талаптарына дер кезінде әрекет етуде. Тұңғыш президент - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан-2050" стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауында қазіргі білім беру жүйесінің алдына мынадай мақсат қойған еді: "Дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін біз жоғары білімді ұлт болуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз екені айдан анық. Біздің азаматтарымыз ең озық жабдықта және ең заманауи өндірісте жұмыс істеу дағдыларын ұдайы меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы бүкіл өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да үлкен көңіл бөлу қажет. Бұл біздің балаларымыздың қазіргі өмірге бейімделуі үшін өте маңызды".

Осылайша, білім берудің күтілетін нәтижелері кеңейтілді. Енді олар үйреншікті білімді, іскерлікті, дағдыларды ғана емес, базалық, негізгі және пәндік құзыреттілікті, сондай-ақ функционалдық сауаттылықтың компоненттерін де қамтиды.

Функционалды сауаттылық дегеніміз адамның белгілі бір мәдени ортаға мүмкіндігінше тез бейімделіп, әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты жұмыс істеу қабілеті, білімі, дағдылары негізінде анықталады.

Физика пәнін оқыту - көп қырлы процесс. Оның мақсаты – әлемді тануды сипаттайтын физикалық заңдар, теориялар туралы білім беру және есептерді шешуді үйрету, зертханалық сабақтарда физикалық эксперименттер жүргізу. Бірақ басты қиындық - бұл ғана емес, өйткені физика сабақтарындағы аталған іс-шаралар заңдардың барлық тұжырымдарын, физикалық теориялардың негізгі ережелерін игеруге ғана емес, сонымен бірге оқыту мен оқу процесі функционалдық сауаттылыққа бағытталып, дамып келе жатқан оқыту талаптарына сәйкес келуі қажет.

Физика пәнін оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін көптеген әдістерді қолдануға тырысамын. Соның бірі - кейстер әдісі. Кейс - бұл проблемалық жағдай. Бұл

әдіс алғаш рет 1924 жылы Гарвард бизнес мектебінде қолданылған. Оқушылар қойылған проблемамен танысады, өз бетінше және ұжымдық талқылау барысында шешім табуға тырысады.

Күнделікті оқу процесінде қолданатын кейстерімнен мысал келтіре кетсем.

7-сынып оқушылары үшін "Қысым" тақырыбын өткенде мынадай тапсырма беріледі: балыққа аквариум таңдау. Сөре аквариумның түсіретін қысымына шыдас беруі үшін оны қайда қою керек, аквариумдегі суды оны төңкермей –ақ қалай ауыстыруға болатындығын ойлап тап.

"Гидравликалық машиналар" тақырыбын қарастырған кезде, оқушыларға нақты интернет-дүкеннен шиномонтаж немесе автомобиль жөндеу үшін гидравликалық көтергіштердің біреуін таңдауға кеңес беру. Онда оқушыларға механизмнің көтеру күшін есептеуге мүмкіндік беретін барлық сипаттамалар көрсетіледі. Осындай тапсырмаларды орындай отырып, оқушылар көбінесе белгілеулердегі қателіктерді табады немесе сайттардағы "салмақ" және "масса" ұғымдарының алмастырылғанын анықтайды.

9-сыныптағы «Электромагниттік толқындар» тақырыбын өткенде келесі физикалық мазмұндағы мәтін негіздегі тапсырманы қолдануға болады. Мәтінді оқып, 1-4 тапсырмаларды орындаңыз.

Қысқа толқынды пеш. Қысқа толқынды (АЖЖ) пештерде өнім аса жоғары жиілікті электромагниттік толқындардың энергиясын жұта отырып, ішкі бөлігінен жылытылады. Тұрмыстық қысқа толқынды пештердегі жиілік 2450МГц дейін жетеді. Ал сәулелену ерекше электронды құрылғы – магнетронмен жүзеге асырылады да, пештің металл қабырғаларынан шағылады.



Қысқа толқынды пеш

АЖЖ – сәулелену өнімнің ортасына бірден еніп, су молекулаларын қоздырады, осының салдарынан өнім судың қайнау температурасына дейін қызады.

АЖЖ – сәулелерді пайдаланып тағам әзірлеу кезінде ыдыс диэлектрлік материалдардан болуы тиіс: ыстыққа төзімді шыныдан, кәдімгі фарфор мен керамика, бірақ металл қосылған бояумен салынған суретсіз. Бояудағы металл электр разрядын тудыруы мүмкін. Барлық ыдыстарда бу шығатын саңылаулы болғаны жөн.

АЖЖ – сәулелердің зиянды әсерінен адамдарды металл қаптама және есік периметріндегі конструктивті ұстауыштар қорғайды. Магнетронды қосқанда есік ашуға болмайтындай, блокталады. Есікті ашқанда, пеш қаптамасы немесе камера қабырғасының температурасы артып кеткенде, арнайы датчиктер лезде магнетронды сөндіреді.

**1 тапсырма.** Төменде көрсетілген мәндердің қайсысы тұрмыстық қысқа толқынды пештерде қолданылатын сәулелің толқын ұзындығына сәйкес келеді?

- 1) 1,22 м; 2) 12,2 см; 3) 8,2 м; 4) 8.2 см.

**2 тапсырма.** Асан алғаш рет өзіне түскі асын жылытуға қысқа толқынды пешті қолданбақшы болды. Ол үшін қандай ыдысты қолданса болады?

1 кесте

Ұсынылатын жауаптар нұсқасы

Герметикалық қаппақты шыны банка	Иә / жоқ
Ашық пластастан жасалған ыдыс	Иә / жоқ
Алюминий ыдыс	Иә/жоқ
Фарфор тәрелке	Иә / жоқ

**3 тапсырма.** Асанның мамасы қызарған бәліш пісіру үшін және өнімді тез жібіту үшін жаңа қысқа толқынды пеш сатып алмақшы болды. Төменде бағалары шамалас төрт қысқа толқынды пештің сипаттамалары көрсетілген. Ұсынылған модельдердің қайсысын таңдауды ұсынар едіңіз?

2 кесте

Қысқа толқынды пештердің сипаттамалары

№1 қысқа толқынды пеш Қысқа толқынды режим Пештің көлемі 23 л АЖЖ - қуаты 850 Вт	№2 қысқа толқынды пеш Пештің көлемі 18 л Қысқа толқынды режим Кварцты гриль
---	--

Таймері 99 минут Қуаттың 6 деңгейі Буда тағамды автоматты дайындаудың 4 режимі «Кафетерий» режимі	АЖЖ - қуаты 800 Вт Грильдің қуаттылығы 1000 Вт. Таймер на 30 минут Қуаттың 3 деңгейі Жібіту функциясы
№3 қысқа толқынды пеш Сенсорлы басқару панелі Қысқа толқынды режим Пештің көлемі 20 л АЖЖ - қуаты 800 Вт Бумен пісіру Таймері 99 минут Қуаттың 6 деңгейі Жібіту	№4 қысқа толқынды пеш Микро толқындарды үш өлшемі тарату жүйесі Пештің көлемі 23 л. АЖЖ - қуаты 800 Вт. «Ресей аспазы» дайындау режимі Автоматты жібіту Балалардан қорғау үшін блоктау

**4 тапсырма.** Асан қызанақ көшеттерінің өсуі бүлінген АЖЖ – пештен қанша алыс тұрғанына байланысты екенін байқады. Ол көшет маңайына металл тор қойып, экспериментті қайталауды жоспарлады. Егер жаңа жағдайда көшеттің өсуі АЖЖ –пешке дейінгі қашықтықтан тәуелді болмайтындығы анықталса, онда төменде келтірілген гипотезалардың қайсысы жоспарланған экспериментті растайды?

1. Тереңге енетін АЖЖ – сәулелер тірі организмнің дамуына кері әсерін тигізеді;
2. Бұзылып тұрған АЖЖ – пеш жұмыс жасау кезінде, тірі организмдерді улайтын, зиянды заттар пайда болады;
3. АЖЖ – сәулеленудің әсері пешке дейінгі қашықтыққа тәуелді болмайды;
4. Өсімдіктің дамуы АЖЖ – пешке дейінгі қашықтықтан тәуелді.

**Эксперименттік тапсырма** түрінде ұсынылған зерттеулер оқушылардан жан-жақты көзқарасты, теориялық әдістерді эксперименттік әдістермен байланыстыруды және осы әдістерді практикада қолдана білуді талап етеді. Мысалы, 8-сыныпта тұрақты ток заңдылықтарын қарастырған кезде оқушыларға қасиеттері көрсетілген тізбектерді құрастыруға арналған тапсырмалар ұсынылады:

- бір шам бір кілтпен қосылып, өшірілді;
- екі шам бір кілтпен қосылып, өшірілді. Шамдардың қызуы әр түрлі болуы үшін екі схеманы ұсыныңыз;
- бір шам екі кілт жабылған кезде ғана қосылды;

Тізбекті құрастырар алдында сызбаны мұғалім тексереді, ал құрастырудан кейін тізбектің дұрыс жұмыс істеуі бақыланады. Сыныптың дайындық деңгейіне байланысты бұл тапсырмаларды шағын жобалар дайындауға өзгертуге болады.

«Архимед күші. Денелердің жүзу шарттары» тақырыбы үшін төмендегі тапсырманы эксперименттік түрде жүргізуге болады. Ол үшін оқушылардың алдына су құйылған ыдыс және ермексаз берсеңіз жеткілікті.

Жануарлардың суда қозғалу жылдамдығы айтарлықтай үлкен болуы мүмкін. Мысалы, акулалар мен скумбриялар 20 км/сағ жылдамдықпен, ал қылыш – балық өз жылдамдығын 130 км/сағ-қа дейін арттыра алады. Сонымен қатар, көптеген балықтар өздерінің жүзу тереңдіктерін тез және оңай өзгертеді. Бұлай жасау балықтар үшін қауіпсіз екен. Бұл жағдайда балықтарға су қалыңдығының ешқандай әсер етпеуі қызық жағдай. Мүмкін, балықтар өз өлшемдерін үлкейтіп, кішірейтіп өзгерте алатын шығар? Мұны тексеріп көруге болады.

Эксперимент жасап, бір дененің қандай жағдайларда әртүрлі тереңдіктерде бола алатындығын анықтап көру ұсынылады. Оқушылар ермексазды пайдаланып әртүрлі пішіндегі балықтардың мүсінін жасап, олардың суда жүзуін бақылайды. Теориялық білімдерін эксперимент жүзінде дәлелдей отырып, балықтардың суда жүзуі (пән аралық байланыс) туралы мағлұмат алады.

Осындай мазмұндағы тапсырмалар оқушылардың өз білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді, ал бұл білімді неғұрлым берік және терең етеді және функционалды сауаттылықты дамытады. Сонымен қатар, тапсырмаларды мұндай жолмен шешуге бағытталған сабақтар оқушыларға да, мұғалімге де қызықты болып, шығармашылықты арттырады.



### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2050" стратегиясы" атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, Ақорда, 2012
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысымен бекітілген ҚР 2011-2020 ж. білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс –әрекет жоспар <http://www.inform.kz/rus/article/2478586>
4. ПИЗА– функционалдық сауаттылықты есепке алу құралы <http://www.privivkam.net/iv/viewtopic.php?f=28&t=4712&start=0>
5. Кейстер әдісі <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
6. Плотников М.В., Чернявская О.С., Кузнецова Ю.В. Технология case-study / учебно-методическое пособие. — Нижний Новгород, 2014
7. Зицер Д., Зицер Н. Албука НО. Современное педагогическое искусство. - Санкт-Петербург, 2019
8. Демидова М. Ю., Камзеева Е. Е., Никифоров Г. Г., Диагностика учебных достижений по физике. Журнал «Физика» 2009, №23
9. Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В. Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий: Учебно-методическое пособие. – М.: АПКИПРО, 2003.

**Кыпшакбаева А. О.**

*Ұлытау ауданы, №5ЖББНМ*

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Бұл міндеттерді шешу үшін әр оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәрбиеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Сондықтан да, әр оқытушы өз әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс тәсілдерді кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипатты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен тауып отыр.

Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үрдісіне енгізу барысы танымдық іс- әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үрдістің өзара сапалы нәтижесінде білімалушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады.

Педагогикалық теориямен жеткілікті түрде қаруланған оқытушының іс-әрекеті тиімді болатыны әркезден-ақ мәлім. Ендеше оқыту технологиясын оқу үрдісіне енгізу білім сапасын қажетті деңгейде және оны басқаруды қамтамасыз етеді. Оқытуды және педагогикалық қызметті «технологияландыру» талпыныстары ХХ ғасырдың басында-ақ пайда болған, бірақ педагогикалық ғылымда оқыту технологияларын жобалау мен енгізудің ғылыми қадамдары 80-90 жылдары ғана жасалып, олардың пәрменділігінің критерийлері анықталды.

Қазіргі күннің өзінде де үлкен педагогикалық және экономикалық мүмкіндіктерге ие бола тұра, оқытудың жаңа технологияларының оқу үрдісіне ендірілу қарқыны жеткілікті деңгейде емес. Бұны түсіндірудің бірнеше себептері бар. Мысалы, оқу орнында жаңа педагогикалық

технологияларды ендіруге қажетті педагогикалық, әдістемелік шарттарының болмауы, оқытушылардың технологиялық әрекетінің жеткіліксіз мотивациялануы мен ынталандырылуы, оқытушылар мен оқу орындары басшыларының кәсіби әрекетке өзгеріс енгізуге құлықсыздығы, т.б. Ең алдымен оның себебін оқытушылардың жаңа педагогикалық технологияларға қатынасы айқын бейнеленген жағымды мотивация мен саналылықтың жеткілікті жоғары деңгейімен сипатталғанмен, олардың технологияларды жобалау мен ендіруге дайын еместігінен, яғни әлсіз теориялық психологиялық- педагогикалық, технологиялық және технологияларды оқу үрдісіне ендіру бөлгілі-бір шарттарды қажет етеді.

Бүгінгі таңда білім беру қызметін көрсетуде бәсеке күшейіп отыр, тұтынушылардың дайындық деңгейіне деген талаптары өсуде. Осындай кезеңде өз өмірін сақтап қалуы үшін білім беру мекемелері өз қызметін үздіксіз жақсартуға және қайта құруға, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге мәжбүр. Білім беру қоғамдық іс-әрекет ретінде қоғамда өзгеріс ізін қалдырады.

Білім беру жүйесінің даму деңгейі қоғамдық дамудың белгілі дәрежесінің нәтижесі немесе салдары деп айтуға болады. Дегенмен, кері байланыста бар. Білім беру жүйесінің өзі қоғам мен оның дамуына ықпал етеді. Ол қоғамдық дамуды тездетуі немесе тежеуі мүмкін. Осы тұрғысынан қарайтын болсақ, білім берудегі бетбұрыс қоғамның болашақ дамуының тек қана салдары болып қана қоймай, қажеті шарттары да болып табылады. Әрине педагогикалық инновацияның бір бөлігі ғана тек белгілі қоғамдық қатынастарда нақты ақиқат дүниеге айналады. Мысалы, ізгілендіру үрдісінің дамуының негізгі шарты қоғамдағы саяси қайта құрулар және оның жұмыс істеу экономикалық механизмнің өзгеріс болып табылады. Дегенмен, білім беру үрдісінің педагогикалық сұрыпталуының негізгі көпшілігі осы саланың қызметкерлері арқылы қалыптасады.

Ғалымдар дәлелдегендей, педагогика бала дамуының өткеніне емес, болашағына бағытталуы тиіс. Сонда ғана ол оқу процесінде осы нақты уақыт шеңберіндегі жақын даму процестерін жүзеге асыра алады. «Жақын даму аймағының» мәні: бала өз дамуының белгілі кезеңінде оқу міндеттерін ересектер басшылығында не ақылдылау дос –жарандарымен араласа жүріп шешуі мүмкін. Келтірілген пікір жария болғанға дейін бала дамуы, сіресе оның ақыл-ойының өрістеуі оқу және тәрбие ізімен жүретіні мойындалған болатын.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыр құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелеріде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін білім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын оқытушы ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім білімалушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда білім берудегі басты міндетәртүрлі әдіс – тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып білімалушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту болып табылады.

Педагогикалық технология оқу үрдісімен, яғни оқытушы мен білімалушының іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдармен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысқан. Жаңа технологияны меңгеру оқытушыдан асқан шеберлікті, арнайы дайындық пен ізденісті, сауаттылықты қажет етеді. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады.

Бұл жаңа технологиялар шығармашыл қабілеттің дамуына жағдай туғызады. Әр оқытушы қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануға тиіс. Сабақты тартымды өткізу және білімалушылардың оқуға деген қызығуын арттыру үшін әр сабақты түрлендіріп, арттыруы шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әр түрлі технологияның сан қилы элементтерін пайдалану артық етпесі анық. Сабақта

мәселелік оқыту технологиясының басты мақсаты –білімалушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдылығы мен шығармашылық икемділіктерін дамыту. Ерекшелігі: оқу материалында баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәселе туғызу.

Сыныптарда пән бойынша өсу динамикасы байқалды, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артты. Оқушы тақырыпты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі тірек-белгі, сызба, кестелерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді тәсілді анықтау арқылы жетістікке жетуге болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ 2014 ж.
2. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық, Астана – 2013 ж.

**Калибекова Г.К.**

*«Зияткер» ММИ» КММ, Балқаш қаласы.*

#### **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТЫҢДАЛЫМ МЕН ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

Тіл – өзімізді ұлт ретінде сақтаудың қорғаны, барлық қазақстандықтарды біріктіруші негізгі байлығымыз. Олай болса, мемлекеттік тілді білу – әр азаматтың борышы, тіл арқылы ғана

біз ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпағымызға аманат етеміз.

«Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті,» - деген екен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Тіліміздің асылдығын, бай екенін біле тұра, неліктен зор мақтанышпен таза сөйлемеске?! Өз әрекеттерімізбен неліктен өзге ұлт өкілдерін де сөйлетпеске?! Өкінішке орай, қазақ тіліне деген өзге ұлттардың қызығушылықтары төмендеп барады. Бұл проблема мектептегі білім беру жүйесінде анық байқалады. Әсіресе, мектеп бітірер кезде тапсыратын ҰБТ-де орыс мектебін бітіруші түлектердің қазақ тілін тапсырмауы мемлекеттік тілді оқуға деген қажеттілікті төмендетті.

«Қазіргі уақытта аса назар аударатын проблемалардың бірі орыс мектептерінде оқитын 500 мыңға жуық бала қазақ тілін 11 жыл оқыса да сөйлемейді. Оларды сол уақытқа дұрыстап дайындау керек...» [1] деген білім министрлігінің жасаған қорытындысы да осыған дәлел. Ендеше, орыс мектептеріндегі оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сауаттылықтарын көтеру – біздің бүгінгі негізгі мақсатымыздың бірі. Мемлекеттік тілді түсінбей, күнделікті өмірде ауыз екі сөйлеуде қарапайым диалог құра алмайтын азамат қоғамның кез келген саласында қиындық көруі әбден мүмкін. Сондықтан өзге ұлттарды оқыту барысында қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың функционалды сауатты болуына барынша көп көңіл бөлген жөн.

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға, - деп, ұлы данышпан Абай айтқандай, ұстаздық еткен адамның еңбегі ешқашан далаға кетпес. Осы сөздерді үнемі негізге ала отырып, өзім сабақ беретін қазақ тілі мен әдебиеті пәніне орыс тілінде білім алатын оқушылардың қызығушылықтарын арттыруға тырысамын. Жаттанды сөздер мен мәтіндерден гөрі, оқушылардың тыңдалым мен оқылым дағдыларын жетілдіруге барынша назар аударамын. Ал, тыңдалым мен оқылым дағдылары деген не? Соған тоқталғанды жөн көрдім.

Тыңдалым – сөйлеу әрекетінің ауызша баяндау түрі. Тыңдай отырып, өзіміздің серіктесімізден қажетті мәліметті аламыз және оның ойын, мақсатын білеміз [2]. Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну дегенді білдіреді. Бұл атаудың ең басты мәні адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік бірліктерді тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу [3].

Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу [4].

Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі [5]. Мәтінді түсініп оқудың маңызы зор, себебі жай ғана оқып шығу еш нәтиже бермейді. Түсініп оқу үшін, мағынасын білмейтін сөздердің астын сызып оқу қажет. Сол кезде аудармасы белгісіз сөздің мағынасы есте қалады. Оқылым дағдысын қалыптастыру үшін сабақ барысында келесі тапсырма түрлері орындалады:

- Оқылған мәтінге жоспар құру;
- Мәтіндердің стилін, жанрын және қандай аудиторияға арналғандығын анықтау;
- Мәтін ішінен негізгі, қосымша және детальді ақпаратты көшіріп жазу;
- Тірек сөздерді жазып алып, мағынасын анықтау;
- Мәтін бойынша менталды картаны толтыру (тақырыбы, мазмұны, стилі, мақсаты, терминдер, тірек сөздер);
- Берілген мәліметтердің дұрыс-бұрыстығын анықтау.
- Мәтін мазмұнына байланысты сұрақтарды қоя білу және т.б.

Тыңдалым мен оқылым дағдыларына арналған тапсырмалармен жұмыс оқушының мәтінді түсініп оқу, тыңдау, мағынаны тану сияқты әрекеттер арқылы оқушыны шығармашыл жеке тұлға, зерттеуші ретінде сезінуіне, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік береді. Сабақ барысында мәтіндерді оқып, оны тыңдау арқылы оқушының тәжірибелік және зияткерлік біліктілігі қалыптасады, дамиды.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. [www.24.kzhttps://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/179974-orys-tilinde-bilim-alatyn-o-ushylardy-aza-tilin-tezirek-me-geruine-basa-m-n-beriledi](https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/179974-orys-tilinde-bilim-alatyn-o-ushylardy-aza-tilin-tezirek-me-geruine-basa-m-n-beriledi)
2. Әлметова Ә. “Сөйлеу әрекет әрекеттері түрлеріне оқыту (әдістемелік құрал). – Алматы: “Арыс” баспасы, 2007.-114 бет”).
3. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.-Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет
4. Оразбаева Ф. Тілдікқатынас. «Сөздік-Словарь» 2005.-95 бет.
5. Шабажанова С. «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі», Павлодар-2015.

### **Капашева Қ.Ш.**

*«Үштөбе тірек мектебі (РО)» КММ Бұқар жырау ауданы*

### **ЭССЕ – САУАТТЫ ЖАЗУ МЕН САЛМАҚТЫ ОЙ БАСТАУЫ**

Бүгінгі күні еліміздегі мектеп бағдарламаларында қазақ тілі мен әдебиеті ең басты пәндердің бірі ретінде өзінің лайықты орнын ала бастады. Бұл дұрыс та, әділ шешім болды. Өйткені қазақ тілі Қазақстанның бірден-бір мемлекеттік тілі. Сондықтан елімізді мекен еткен барлық, мейлі ол басқа ұлт өкілдері болсын, Ата Заңымызда атап көрсетілген мәртебелі тілді білуге, білмесе – үйренуге, оны күнделікті тірлікте пайдалануға тиісті.

Ең алдымен, мектеп ұстаздары, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері жас жеткіншектердің санасына, олардың жан дүниесіне осы бір қастерлі ұғымды қалай да сіңіре білуі қажет?

PISA зерттеулері барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады. Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; тарихи мазмұндағы тапсырмалар; шығармашылық бағыттағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б) болып табылады.

Уақыт өзгерді. Бүгінгі таңдағы мектеп бітіруші түлектер мемлекеттік тілде сауатты жаза білетін, өз ойын, танымы мен парасатын жинақы түрде жеткізе алатындай дәрежеден табылуы қажет. Қазіргі кезде күн тәртібіне өткір түрде қойылып, айтылып жүрген функционалдық сауаттылықтың бір ұшы осында жатқан тәрізді. Соның бірі-эссе жазуды меңгерту.

Эссе жазу арқылы оқушы тілді меңгерудегі сауаттылығын көрсетіп қана қоймайды, ұстамды ой айтуға, өз пікірін дұрыс-бұрыстығына қарамай, бүкпесіз жеткізуге мүмкіндік алады. Оқушының берілген тақырыпты қаншалықты түсінгендігін кіріспе бөлімінен-ақ айқын байқауға болады. Эссенің негізгі ой желісінде оқушы келтірген дәлелдері мен аргументтері арқылы өз ойын ашық та анық көрсетуге талпынады. Кейбір оқушылардың оқшау ойлары да, оқыс пікірлері де негізгі бөлімде көрініп жататындықтан, эссенің шыншылдығы мен әсерлілігі арта түседі. Сыныпта кейде көзге түсе бермейтін оқушылардың арасынан эссе жазуға келгенде ерекшеленіп шыға келетіндері де бар. Осы жерде ол баланың бойынан шығармашылық қабілеттің, тіл мен әдебиетке бейімділіктің жылт еткен ұшқынын байқап та қалуға болады...

• Эссе жазу іскерлігін қалыптастыру үшін алдымен оның құрылымын, талаптарын мұғалімнің өзі жақсы түсінгені абзал. Эссемен байланысты тақырыпты анықтауды, эссенің түрін, мақсатын, құрылымын, тезис туралы толық түсінікті қалыптастыру, эссе жазудың жұмыс тәртібімен таныстыру, әр бөлімімен арнайы жұмыс жасауды меңгерту қажет. Мұғалім оқушыларға алдын ала жұмыс алгоритмін таныстырып, әр бөлікке жеке-жеке тоқталғаны дұрыс.

• Эссе жазуда нені ескеру керек?

• Эссе – оқырманмен диалог. Ол түсінікті, айқын, қарапайым әрі мәнді болса тез қабылданады.

- Эссе – жазба иесінің жеке пікірі, азаматтық көзқарасы, ойын жеткізуде ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін танытатын «пікір білдіру алаңы».

- Эссе жазудан тартынба: тек эссе жазу қадамдары мен тәсілдерін танып білуге зейін қою керек.

- Әр бөлімде ой жинақылығы, дәлдік және «ой сүзгісінен» өткен тұжырымды пікірлер басымдыққа ие болады.

- Эссенің мақсаты – тақырыпты ашу, мазмұн дәлдігі, мәтін логикасы және қойылған талаптар үдесінен шығу.

- Эссенің құрылымдық талаптарын сақтай отырып, тақырыпқа қатысты пікірлер негізінде өзіндік тұжырымын жасай білген, тың ой, ерекше идея, парадокс-сауалдар туындататын еңбек – бағалы туынды.

- Эссе жазуда тұжырымды пікір айту осы тақырыпқа қатысты деректер көзі, материалдар және жан-жақты мәліметтермен барынша таныс болуды қажет етеді.

- Эссе мен шығарманың айырмашылықтарын ескеру керек. Шығарманың өн бойында бейнелі ой, қанатты сөздер молынан кездесе (сөз саны шектелген), эсседе бейнелі, метафоралық қолданыс аз кездеседі. Өйткені нақтылық пен дәйекті дәлелге басымдық беріледі.

- Шығармада сөз саны шектелмейді. Эсседе сөз саны шектеледі. Сол себепті эсседе ой нақтыланып, сөйлем сұрыпталып беріліп, тұжырымдалған пікір нағыз «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болып табылады.

- Ойдың жүйелі (тақырыпты түсінуі, талдап қарауы, идеяны анықтау, орынды дәлелдер және т.б.) және ойды жеткізу шынайылығының болуы.

Эссе жазу үдерісі

Бірінші – тақырыпты таңдаңыз.

Екінші – негізгі ойды, не айтқыңыз келетінін анықтаңыз.

Үшінші – қандай ойды қай бөлімде айтатыныңызды анықтаңыз. Бірінші қай ойды айтасыз, екінші қай ойды айтасыз, соңында қай ойды айтасыз?

Төртінші – өз ойыңызды басынан соңына дейін жазып шығыңыз.

Бесінші – өзжазғаныңызға талдау жасаңыз. Қай бөлімде ақпарат аз қамтылып, қай бөлімде ақпарат жүйелі берілмеді?

Алтыншы – редакциялау.

Жазуға дейінгі жұмыс түрлері

Тақырыпты таңдау және нақтылау.

Эссенің негізгі мақсаты – қоғамдық мәселелерге өзіндік ой, көзқарас білдіру.

Эссе жазуда ең тиімді болып саналатын «ТАФТТ» (тезис, аргумент факт, талдау, тұжырым) әдісі. Эссенің құрылымы бойынша кіріспе бөлімде нақты қандай сұрақтарға жауап беру керектігіне машықтанып, түрлі жаттығулар арқылы эссенің бөліктерін жазуды меңгереді. Тақырыпты мұғалім ұсынады. Алайда тақырыптар қызықты, ойсалатындай болуы үшін оларды құруда белгілі бір мәселеге, қайшылыққа, қажеттілікке құрылуын қадағалау керек. Қажеттілік түрлері адамдардың бәріне ортақ ұғым-түсініктерге қарай анықталады.

А.Маслоу адам қажеттілігінің төмендегідей түрлерін анықтаған: өз мүмкіндігін іске асыру, өзі туралы баға, сүйіспеншілік пен өзінің қажет екенін сезіну, қауіпсіздікті сезіну, физиологиялық қажеттілік. Сондықтан тақырып беруде оның негізінде адамға тән осы қажеттіліктердің жатуы маңызды.

«Тәуелсіз елдің еркін ұландары» тақырыбы бойынша ой туғызудың, ойды жетелеудің әдістері туралы айтсақ, олар:

Миға шабуыл

Ұжымдық талқылау – сіздің берген тақырыбыңыз үшін идеялар жинаудың бір жолы. Өзіңіз білетін барлық ой мен ақпаратты жаза беріңіз. Оның маңыздылығына, қажетті-қажетсізіне көңіл бөлмеңіз.

Миға шабуыл жүргізудің үш жолы бар:

1. Тізімге жазу
2. Еркін жазу
3. Кестеге жазу

Тізімдеп жазу – тақырып бойынша ойыңызға келген барлық идеяны жазып көріңіз. Мысалы:

- Тәуелсіздік ұғымы
- Тәуелсіздік тарихы
- Егеменді ел
- Тәуелсіз ел жастары
- Білімді ұрпақ
- Менің үлесім
- Менің болашақ мамандығым. т.б.

Еркін жазу – тақырып бойынша ойыңызға келетін барлық мәселені, ойды жаза беріңіз. Дұрыс-дұрыс емес, дәл-дәл емес деп ойланбай-ақ.

Кестеге жазу – өз тақырыбыңызды ортаға жазыңыз. Ол бойынша ойыңызға келген ойды бірінен кейін бірін тізбектеп жаза беріңіз. Әрбір жазған сөзіңізді өзара байланыстырыңыз.

Әр оқушы әртүрлі жұмыс тәсілін таңдайды. Біреуі тізбектеп жазуды ұнатса, біреуі еркін жазуды ұнатады. Бұл тәсілдер тақырып туралы алғашқы ойды анықтауға, жүйелеуге көмектеседі. Ой тізбегі анықталды. Оқушылар тақырыпқа кірді. Олар өздері білетін ақпаратты, ойды тізді. Енді осы ойды жүйелеу керек. Жүйелеу тезистерді қорытуға көмектеседі. Тезис – пайымдаудың қорытындысы, ой жиынтығы. Тезисті ашудан, сипаттаудан оқиға желісін баяндау қалыптасады.

«Тәуелсіз елдің еркін ұландары» тақырыбына бір тезис жазыңыздар. Мысалы: 1. Мен егемен елдің баласымын. 2. Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. 3. Тәуелсіздік таңы ерен еңбек пен қажымас қайраттың арқасында атты т.б. Қандай да бір тезис жазатын болсақ, ол дәлелдеуге жеңіл болуы керек. Неге? Не себепті? деген сұрақтар сұранып тұру қажет.

Енді осы ойдың өрісін ашатын білімді ұрпақ – жарқын болашақтың негізі екенін дәлелдейтін аргумент жазылуы керек. Аргумент жазылу барсында Неге? Неден? Не үшін? Не себепті? деген сұрақтарға жауап беріп және әрбір аргумент дәйектелуі тиіс. Мына сөздер дәйектеуге көмектеседі: біріншіден, екіншіден, меніңше, солай болғандықтан, осыған байланысты, сонымен қатар, оның үстіне т.б.

Келесі - факт. «Тәуелсіз елдің еркін ұландары» екендігін растайтын бірнеше факт келтіріп жазу. Мысалы: Мен 2001 жылы Астана қаласында дүниеге келдім. Факт ешқашан да ойдан шығарылмақ емес.

Негізгі бөлімде алынған тақырыпты қалай тартымды етіп, дамытар едің? Ойың жүйелі ме? Оқиғаның байланысы қаншалықты дұрыс болды? Айтылатын оқиға дерегі зерттеліп, ой елегінен өтті ме? осы сұрақтар басшылыққа алынып, жұмысыңыздың мазмұны мен құрылымына көңіл бөлгеніңіз абзал. Негізгі ойды әртүрлі жолмен қорытындылауға болады.

Қорытынды бөлім, онда жаңа идея, ой айтылмауы тиіс.

Жұмысыңызды басынан аяғына дейін оқып шығыңыз. Тақырыбыңыз ашылды ма, нені мақсат еткен едіңіз? Қайталап оқығанда, кіріспе мен қорытынды бөлімге назар аударыңыз. Қай сөйлемдерде ақпараттар толық берілген, қай сөйлемдерде ақпараттар жеткіліксіз немесе толықтырған дұрыс.

Эссе бөлімдерінің арасындағы қатынасты сақтау үшін қорытынды бөлімдегі сөйлемдердің берілуі де, саны да өте маңызды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ерназарова З.Ш. Қазақ тілі және әдебиеті: әдістеме. 2018.№1
2. Дүсіпбаева Қ.С. Эссе жазуға арналған 10 сабақ. Алматы 2017.
3. Ерназарова З.Ш. Қазақ тілі және әдебиеті: әдістеме. 2018.№2
4. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы.

## **СОЗДАНИЕ МЕНТАЛЬНЫХ КАРТ НА УРОКАХ**

Наглядность в преподавании географии имеет первостепенное значение. Когда учитель иллюстрирует свое объяснение на доске графически, а ученики вслед за учителем срисовывают эти несложные рисунки в тетради, происходит произвольное запоминание явления, связанного с конкретной деятельностью школьника.

Независимо от способностей все дети любят рисовать. Задача учителя в данном случае сводится к тому, чтобы не только помочь ученикам создать с помощью штриха определенные географические понятия, но и научить мыслить, анализировать, сравнивать, делать выводы, рассуждать, искать решения.

Уроки, на которых учащиеся рисуют, проходят при высокой их активности, организованности, ученики внимательны и дисциплинированы. Все они заняты работой. Изложение учебного материала с применением рисунков способствует осмысленному усвоению фактов, связей и закономерностей.

Несколько лет назад я впервые услышала о методике записи своих мыслей с помощью ментальных карт, одного из лучших графических приемов, предназначенного для запоминания фактов, анализа предложенной информации. Меня сразу же заинтересовал данный метод т.к. он предполагает детальное изучение темы и полный разбор всех данных.

Термин «ментальная карта» впервые был введен английским психологом Тони Бьюзаном. С английского языка дословно термин переводится как «карта ума», «карты мысли», а означает технику, с помощью которой возможно запоминать большие объемы информации.

Для того, чтобы поток мыслей превратился во что-то более понятное и осмысленное создание ментальных карт происходит посредством определенного плана. Этот план должен быть не только в виде разделов и пунктов, а в виде более интересных схем и рисунков.


Автор методики создания таких карт, обнаружил, что проблема скрывается в механизме работы мозга человека. Известно, что левое полушарие мозга отвечает за логические аспекты: речь, операции с последовательностями, линейным представлением информации, операции с перечнями, списками, числами. Правое полушарие решает абстрактные задачи: пространственную ориентацию, целостность восприятия, воображение, восприятие цвета и чувство ритма.

К преимуществам ментальных карт перед обычными приемами представления информации можно отнести: во-первых информация записывается легко, быстро и не так много по объему. Во-вторых, когда читаешь карту видно связь в блоке информации, структуру и логику. В-третьих, при использовании ментальных карт ученик развивает мышление, как творческое, так и логическое, а также память и воображение. В-четвертых, учащиеся запоминают информацию сразу, более качественно и в больших объемах. И наконец, данному методу очень легко научиться.

Для того, чтобы ментальная карта помогала в дальнейшем усвоении знаний, необходимо ее правильно оформить. Нужно использовать центральный образ, т.е. раскрыть суть проблемы, вопроса. Для него можно использовать два, три цвета. Как можно чаще использовать графические образы, придавать изображению объем, а также использовать выпуклые буквы. Менять, комбинировать все виды эмоционально-чувственного восприятия информации. Стараться, чтобы расстояние между элементами ментальной карты было соответствующим.

Также при создании карт нужно правильно изображать свои ассоциации: использовать стрелки (когда нужно показать связи между элементами ментальных карт), различные цвета, а также кодировку информации.

При составлении карты необходимо стремиться к ясному выражению своих мыслей. Лучше придерживаться принципа: по одному ключевому слову на каждую линию. Ограничивать блоки важной информации с помощью линий. Следить за тем, чтобы рисунки были предельно




ясными. Стараться располагать все слова горизонтально. Также можно установить на компьютер программу для работы с ментальными картами или воспользоваться онлайн сервисами.

Использовать ментальные карты можно во многих сферах учебной деятельности. При обучении: создание конспектов лекций, прочтения книг и учебников, написание сообщений и рефератов. При запоминании: например подготовка к зачетам, запоминание списков и т.д. При составлении презентации: проведение семинаров, дебатов. При планировании: времени, разработка новых идей для внеклассного мероприятия, составление планов на неделю, месяц. При «мозговом штурме»: новые идеи, общее решение задач. При принятии решений: дает ясное видение предмета, темы, проблемы.

В целом сфера применения такого метода конечно гораздо шире. Ментальные карты стали использовать не только в работе с детьми, он популярен в бизнесе и у студентов; является идеальным средством для создания творческих идей.

Обратимся к последовательности составления ментальных карт. В самом начале работы с картой нужно провести «мозговой штурм» (простые ассоциации). Продумать главную идею или проект. Записать все мысли, которые связаны с проектом, абсолютно любые мысли. Второй этап – непосредственно составление карты. На листе бумаги нарисовать в центре главную тему карты, яркий, запоминающийся образ темы. От главной темы провести несколько ветвей, на каждой из них написать одну мысль (образ), связанных с главной темой их тех, что учащиеся придумали во время «мозгового штурма». К основным идеям также нужно подвести несколько ветвей, которые связаны с ними. Третий этап: необходимо отложить на время карту для того, чтобы рисунок «отложился» в сознании. Четвертый этап это непосредственно «оживление карты». Можно использовать больше ассоциативных изображений и форм, различные цвета (например, что-то важное выделить красным цветом, яркую идею желтым цветом). Строгих рекомендаций по использованию цветов нет, так как ассоциативные связи у каждого человека разные. Главное условие при «оживлении» карты – это собственный язык образов должен четко передавать информацию с карты. Яркие образы карты дадут возможность ее хорошо запомнить, и натолкнут на творческие мысли. Очень часто именно в этот период приходят невероятные решения и новые способы достижения целей, вспоминаются упущенные фрагменты. После этого карта готова и ее можно применять.



При исследовании темы – создание ментальных карт на уроках географии, в течение прошлого учебного года на занятиях создавались различные ментальные карты. Данные карты активно применяются на уроках в этом учебном году. Лучшее свое применение карты «мысли» получили в параллели 11-х классов. В основном темы, связанные с курсом «страноведение». Например, при изучении темы «США», «Хозяйство США» ученики были поделены на четыре группы:

географы, социологи, экономисты, экскурсоводы. Главным заданием было создать простейшую ментальную карту на уровне ассоциативного ряда и «мозгового штурма». При этом на составление карты учащимся отводилось не так много времени. Результат порадовал, так как дети старались творчески мыслить, оформлять свои идеи, ассоциации в виде рисунка, шифровки информации.

Таким образом, при составлении ментальных карт ученик проделывает большую мыслительную работу: усваивает информацию, анализирует её, делает обобщения, выделяет главное, существенное. В результате формируются способности пространственного мышления, изложения кратких и точных выводов, прочные знания, развиваются умения работы с различными источниками информации.

### Литература:

1. Берлянд А.М. Образ пространства: карта и информация /А.М. Берлянд М.: Мысль, 1986. 276с.
2. Бьюзен Т. Руководство по развитию памяти и интеллекта/Т. Бьюзен; пер. с англ. Н.В. Журавлёва. – Минск: Попурри, 2014. –144с.
3. Васильев С.В. Формирование образа территории в школьном краеведении //С.В. Васильев Г.А. Кононова. География в школе.№6, 2010. –С.5457.

**Касымова А.И., Айтбаева А.М.**  
*«№3 ЖББМ»КММ Сәтбаев қ.*

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ РОЛІ**

Біздің басты байлығымыз - білім. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың алған білімі мен тәрбиесі қандай болса, еліміздің ертеңі де сондай болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, жан-жақты дамытатын, еліміздің өркениеті үшін еңбек ететін, ата-бабаларымыздың дәстүрлері мен ұлттық қолөнер тәжірибелерін меңгерген, шет елдерімен емін-еркін ғылыми және мәдени тұрғысы жағынан қарым-қатынас жасай алатын, алған білімін өмірде қолдана алатын, өз тілін жетік білетін, патриот дайындау- бүгінгі жаңашыл, білікті ұстаздар қауымының басты мақсаты. Яғни, Елбасы жолдауындағы стратегиялық міндетті шешу жағдайында белсенділігі жоғары, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алу қабілеттілігін, үнемі білім алуға дайын тұратын тұлғаның ең басты функциялық сапаларын қалыптастыру орта білім беру жүйесінің басты мақсаты.

Бүгінгі таңдағы құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық әр адамның әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси жұмыстарға белсенді қатысуына, сондай-ақ алған білімдерін үнемі жетілдіріп отыруларына ықпал ететін маңызды базалық факторлардың біріне айналуға.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жоспардың мақсаты- оқыту әдіснамасын жаңарту болып табылады. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңаруы -сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты -оқушының пәнді тереңірек түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, қандай жағдайда болмасын тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Оқушыға қалай оқу керектігін үйрете отырып, соның нәтижесінде еркін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікірлік көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларды жетік меңгерген оқушыны қалыптастырады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің ролі зор. Соның ішінде көркем еңбек сабағының орны ерекше. Осыған орай, өнерді жан жақты меңгеріп қана қоймай, практика жүзінде өмірге қажетті бейімделулермен қатар ұлттық мәдениетті көтеретін, ұлттық әдет-ғұрыпты, намысты, имандылық пен ізгілікті, жат іс-әрекеттерге сын көзбен қарай алатын оқушы дайындауда осы пәннің маңызы да ерекше. Балалар жаңа ойларға, идеяларға шығармашыл болып, күтпеген жерден пайда болған мәселелерді шеше біліп, ақпараттарды саралай білулері керек. Оқушылар кез келген жалпыға танымал ақпараттарды сын тұрғысынан шығармашылықпен қарап, оның ұтымды жақтарын қолдануға тиісті.

Оқушының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту: тоқтаусыз өзгерістегі қоғам талабына сай рухани интеллекті, өз ұлтының тілін, ұлттық мәдениеті мен дінін ғана біліп қоймай, басқа ұлттардың да мәдениеттерін танып, біліп, оны құрметтеуге үйретуде, жағымды және жағымсыз іс-әрекеттерді сын көзбен саралай алуға, өзін-өзі басқара алуға, жаңаша жобалар мен идеяларға шығармашыл болуға бейімдейді. Оқушының жан-жақты дамуындағы проблемалық жағдайларды туғызатын теориясы маңызды, практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып есептеледі. Сондықтан, жаңаша білім беру жүйесіндегі көркем еңбек білім беру саласының арнайы тарауларын оқыту, сабақта жаңа технологиялар мен шығармашылық жобалау әдістері арқылы оқушылардың өз бетімен іздену, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту, өмір ағымындағы материалдық қажеттіліктен туындаған бұйымды дайындау технологиясын үйрету, оның экономикалық тиімділігі, дизайн талаптарына сәйкестігі мен жобалау іс-әрекетінің іскерлік қабілеттілігін қалыптастыра отырып, оқушыларға экологиялық және эстетикалық тәрбие беру,



еңбексүйгіштікке баулу, шығармашылықпен ойлау қабілеттіліктерін дамыту, тарихи ұлттық мұраларымызды ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыруға баулу, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға бағыт беру біздің міндетіміз.

Білім берудің мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 сыныптарда «Түрлі материалдарды қолданып, музыкалық аспаптарды (ұрмалы және соқпалы) жобалау» атты тақырып өттік. Бұл сабақтан оқушылар :

<b>Негіз білді?</b>	<b>Негіз меңгерді?</b>
Түрлі материалдардың қасиеттерін Музыкалық аспап түрлерін (ұрмалы және соқпалы) Өзінің және өзгенің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындауды Шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындауды	Әртүрлі материалдармен жұмыс істеуді Музыкалық аспаптардың ерекшеліктерін Музыкалық аспаптардың жобалық суреттерін яғни нобайларын салуды Суретшілер мен қолөнершілердің жұмыстарын көріп, өз шығармашылығында қолдануды
<b>Неден қиналды?</b>	<b>Үйренгенін өмірде қалай қолдана алады?</b>
Бастапқыда сұрақ қою барысында ұрмалы және соқпалы музыкалық аспаптары жайлы білімдерінің аздығынан Шығармашылық идеяларын тиянақтаудан Нобайды ұқсатып салудан	Қажет болғанда түрлі материалдармен жұмыс жасай алады Қолданар алдында олардың қасиеттерін біледі Әртүрлі викториналық сұрақтарда осы аспаптар туралы сұрақтар болса, быразына жауап бере алады Кез келген затты зерттеу арқылы жобалық дизайнын жасай алады Икемділігіне қарай мамандық таңдауға бағыт-бағдар алды
<b>Пәнаралық байланыс</b>	
Эскизін сызуда- бейнелеу өнерімен Музыкалық аспаптармен танысуда - музыкамен Тарихымен танысқанда- тарих пәнімен	

Аптасына бір рет, 7 сыныптармен «Қағаз пластикасы» атты үйірме өтеді. Жоспарға сәйкес іскерлік пен шеберлік дағдыны қалыптастыру мақсатында балаларға біршама нұсқаулар жасалады. Балалар қағаз материалдарының түрлері, оның қасиеттері, сапалық түрлерімен танысады, құттықтау ашықхаттарын жасайды, оригами, торцевание, аппликация, папе-маше техникаларының қыр сырларын меңгереді. Атап айтсақ гүл жасау, аққу жасау, ыдыстар және әртүрлі композициялық шығармашылық жұмыстар жасайды. Бастапқыда күрделілеу бұйымдарды жасай алмайтындарын білдірді. Содан кейін жасалу жолдарын мұқият түсіндіріп, шеберлердің жасаған бірнеше бұйымдарын көрсетіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға әрекет жасадық. Бұдан шыққан қорытынды: оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін жасайтын бұйымның немесе заттың өзін көрсету керек. Яғни, оқушылар оны көзбен көріп, қолмен ұстау арқылы қызығушылығы артады деп түйіндедік.

Қағаз пластикасының түрлерін жасадық, оқушылар сол арқылы:

<b>Негіз білді және негіз меңгерді?</b>	
Қағаз пластикасының шығу тарихымен танысты Қағаздың қасиеттерін білді Қағаз пластикасындағы композициялық үйлесімділігінің маңызын түсінді Қағазбен жұмыс жасады Оригами, торцевание, аппликация, папе-маше техникаларын меңгерді Үйірмеде үйренгендерін өмірде қолданудың пайдасын білді	
<b>Неден қиналды?</b>	<b>Үйренгенін өмірде қалай қолдана алады?</b>
Қағазды дұрыс өлшеп, мөлшерлеу жұмысында Көбінесе бұл техникалардың күрделілігіне байланысты ұзақ уақыт жасалатындықтан, уақыттың аздығынан	Қағазбен жұмыс істегенде ұқыпты және шыдамды болуды үйренеді Көлеммен түстің үйлесімділігін түсінді Әр бұйымға қандай қағаз таңдау керек екендігін біледі Дизайнерлік талғамы өседі

	Мейрамдарда өз қолдарынан қағаздан әдемі бұйымдар, яғни сыйлықтар жасай алады Өмірге қажетті затарды жасағанда дұрыс бүктеу, желімдеу, ою жұмыстарын қалай жасау керек екенін біледі.
--	--



Көркем еңбек сабағы оқушылардың тек қана, белгілі бір нәрсені жасап қана қоймай сол туралы теориялық білімдерінің болуын және оны түсіндіре білуін талап етіледі. Сол мақсатта 7, 8, 9 сыныптар арасында жоба қорғау жұмысын қолға алдық. Мұнда оқушылар тақырыпқа сай жоба жұмыстарын қорғайды. Сол арқылы, теориялық білімдері кеңейіп, дұрыс сөйлеу дағдысы қалыптасады. Жоба жұмысын қорғау арқылы оқушылар:

<b>Нені білді және нені меңгерді?</b>	
Жоба жасауда оның мақсаты, міндеті, өзекті мәселесі болу керек екендігін білді Жоба қорғаудың ерекшеліктерін, этаптарын білді Ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру, қолдану, көрсету және идеялармен бөлісуді үйренді	
<b>Неден қиналды?</b>	<b>Үйренгенін өмірде қалай қолдана алады?</b>
Көпшілік алдында сөйлеуден, тақырыпты түсіндіруде өз ойларын анық, еркін жеткізуден	Ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру, қолдану, көрсету және идеялармен бөлісе алады Слайд жасай алады Дұрыс сөйлеу дағдысы қалыптасады Көпшілік алдында сөйлей алу қабілеті дамиды.

Қорытындылай келе, өзімізге SWOT талдау жасасадық:

<b>S (strength)-күшті жақтары:</b>	<b>W (weakness)- әлсіз жақтары</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>☞ 1 жарым жыл ішінде оқушыларымыз қалалық, республикалық, халықаралық байқаулардан жүлделі 1, 2, 3 орын жеңімпаздары болуы</li> <li>☞ Өзіміз осындай оқушыларды дайындағанымыз үшін диплом және алғыс хаттармен марапатталып отырдық.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>☞Сабақта барлық оқушылар теориядан бұрын практикалық жұмыс жасағысы келеді. Теориясыз ешқандай практикалық жұмыс жасалмайтындығын түсіндірдік</li> <li>☞Сабақта кейбір оқушылардың құрал- жабдықтары түгел болмайды. Оны жою мақсатында сынып жетекшілермен және ата- анамен тығыз қарым – қатынаста болдық</li> </ul>
<b>O (opportunity)- мүмкіндіктері</b>	<b>T (threat)- қауіп</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>☞ Тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысу, мектепшілік өткізілген үлгілі сабақтарға қатысып, өз тәжірбиемізді жетілдіру.</li> <li>☞ Семинар, конференцияларға қатысу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>☞Кәсіби құзыреттіліктерін арттыру деңгейінің төмендігі</li> <li>☞Қысқа мерзімді жоспарлауда саралау тапсырмаларын енгізбеу</li> </ul>

### Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы
2. Е.Иманғалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы». № 9 (69) 2012 жыл.
3. <http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері
4. «Технология мектепте» әдістемелік журнал 2014ж

**Кенжебаева Г.М.**

*«№ 3 жалпы білім беретін мектебі» КММ, Балқаш қаласы*

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ**

«Функционалды сауатты адам- бұл іс-әрекетінің, қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларында өмірлік міндеттердің кең спектрін шешу үшін өмір бойы үнемі алған барлық білімді, дағдыларды қолдана алатын адам» А.А. Леонтьев айтып кеткендей, қазіргі заманғы жалпы білім беру жүйесі бүкіл әлемде оқушының жеке басын дамытуға, оның әлеуметтенуі, кәсіби және жеке өзін-өзі анықтауы, білім беруді жалғастыруға дайын болуы үшін қажетті білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған. Ақпараттық кеңістіктің жаһандануы, гаджеттерді жаппай пайдалану дәуірінде білім беру жүйесі өзінің өзгеруін, жаңа әлеуметтік талаптарға бейімделуін тездетуге мәжбүр. Көптеген елдер, соның ішінде Қазақстан да, жаһандық ақпараттық қоғамның дамуы жағдайында функционалды сауатсыздық мәселесіне тап болды. Жетекші сарапшылар оқушылардың білім жетістіктерінің мазмұны мен сапасын талдай отырып, қазіргі мектеп түлегіне өмірде, кәсіби қызметте табысты болуға мүмкіндік беретін білім беру нәтижелерін қалыптастыру қажеттілігін атап өтті. Зерттеу нәтижелері бүгінде оқушының ақпарат ағынын шарлау, мәселелерге дұрыс шешім табу қабілеті маңызды, ал білім көлемі маңызды емес деп санайды.

Функционалды сауаттылық әлемнің дамыған елдері үшін халықаралық мәселе ретінде ЮНЕСКО-мен алғаш рет 1965 жылы Тегеранда ұсынылып, термин ретінде қабылданған. Функционалды сауаттылық "Күнделікті өмірде пайдалану және күнделікті мәселелерді қанағаттандыру үшін оқу және жазу дағдыларының жиынтығы" деп түсінілді.

Тұжырымдаманың ерекшеліктері:

Тұрмыстық мәселелерді шешуге бағытталу;

Негізі -оқу және жазу дағдыларының базалық деңгейі;

Мақсаты -стандартты стереотиптік мәселелерді шешу мүмкіндігі.

Ол негізінен қарапайым сауаттылықты қалыптастыруды қажет ететін ересек тұрғындарға қолданылды.

Функционалды сауаттылықты қалыптастырудың негізгі бағыттары: математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, жаратылыстану сауаттылығы, жаһандық құзыреттер, қаржылық сауаттылық, шығармашылық және сыни ойлау болып бөлінеді.

Бүгінгі таңда еліміз PISA немесе PIRLS сияқты халықаралық мектеп білім беру рейтингтеріне ену үшін оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруын талап етуде. Оның жөні де бар. Әлемде жыл сайын ақпарат көбеюде және балаларды ол ақпаратты өңдеуге үйретуіміз керек. Егер бұрын бастауыш сынып оқушысының жетістігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі оның оқу жылдамдығы болса, қазір мұғалімдер оқу сапасы, оның мағынасы сияқты параметрлерді басшылыққа алады. Мұның бәрі функционалды сауаттылыққа тікелей байланысты. Сол үшін функционалды сауаттылық туралы көп айтылуда.

Сонымен функционалды сауаттылық - бұл мектепте алған білімдерін күнделікті мәселелерді шешу үшін қолдану мүмкіндігі. Оқуда сәтті болу үшін бала ең алдымен ақпаратпен жұмыс істей білуі керек: оны табу, қажет нәрсені қажетсізден ажырату, фактілерді тексеру, талдау, жалпылау және ең бастысы – өз тәжірибесінде қолдану. Мұндай дағды тек қазақ тілі мен әдебиеттік оқу аясында ғана емес, әр пән бойынша қалыптасады. Ақпаратты ой елегінен өткізіп, болашақта не қажет екенін түсіну мектептің әр пәнінде маңызды.

Бүгінгі таңда оқулықтардың көп бөлігі балаларды нақты ақпаратқа сүйене отырып, мәселелерді шешуге үйретеді. Бірақ қарапайым өмірде кез-келген мәтінде басқа, жасырын деңгей бар, Мысалы, театрға билетке қараған кезде, ең алдымен, спектакльдің уақыты, театрдың мекен – жайы көзге түседі - мұның бәрі айқын ақпарат. Бірақ осы мәліметті айқындап алған соң, уақытында болу үшін үйден қаншада шығу керектігін анықтаймыз – бұл оқырман үшін анық емес ақпарат. Тағы бір мысал – кәдімгі шрифті мәтін, курсив немесе қалың шрифті мәтін, графиктер, диаграммалар, кестелері бар туристік кітапша. Сіз оны мұқият оқи аласыз немесе мақсатыңызға қарай назар аударып, нақты ақпаратты ала аласыз – мысалы, мұражайға

билеттердің бағасы, олардың орналасқан жеріне байланысты мұражайларға барудың мүмкін нұсқалары және т.б.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін балалардың орындайтын тапсырмалары олардың тәжірибесі мен қоршаған ортасына жақын болуы маңызды. Яғни, жақын тақырып баланы білуге шабыттандырады, өйткені білімді нақты өмірде бірден қолдануға болады.

Осылайша, оқу процесі адамды тікелей дамытпайды, тек оның белсенді ұйымдастырушылық формалары болған және тиісті мазмұны бар, белгілі бір жаста белгілі бір іс-әрекеттің (мысалы, мектепке дейінгі ойын арқылы, бастауыш мектепте – оқу арқылы) қалыптасуына ықпал еткен жағдайда ғана дамытады. Демек, Л.С.Выготскийдің ұстанымына сай адамның психикалық дамуы мен оқуы арасында оның қызметі әрқашан тұрады.

Сонымен неліктен мұғалім балалардағы функционалдық сауаттылықты дамытумен айналысуы қажет? Әрине, бұл балалардың болашағы, олардың еңбек нарығында қажеттілігі және өмірдегі жалпы табысы үшін маңызды. Сонымен қатар, қазіргі заманғы қазақстандық білім беру жүйесі функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған, оның міндеттерінің бірі – PISA немесе PIRLS сияқты оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеретін әлемдік рейтингтерде жоғары орынға шығу. Мұндай рейтингтерге қатысу-білім беру жүйесінің уақыт талабына жауап бере отырып, өзгеруінің көрсеткіші.

### Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
2. <http://www.google.kz> Жаңабілім беру технологиясы мен әдістәсілдері
3. Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла / А. А. Леонтьев. М.: Баласс, 2003. 35 бет.
4. <https://interactiv.su/2019/09/07/функционалдық-сауаттылықты-қалыптастыру>

**Кенишбаева Г.Т.**

«№26 гимназия» КММ, Жезқазған қ.

### ОҚИТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Қазіргі кезде орыс тілді мектептерде мемлекеттік тілді оқыту-оқытудың жаңаша, тиімді практикалық игеруге бағытталған аса құнды әдіс-тәсілдерін қажет етеді. XX ғасырдың басындағы ұлттық ойшылдарымыздың бірі Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру - үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол –жаңаны табатын өнер»-деген екен. Осы мақсаттарды жүзеге асырудың негізінде оқытудың жаңа технологиясы ретінде мен біріншіден, өз сабағымда «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының көптеген стратегияларын қолданамын. Сөзіміз дәлелді болу үшін, өз іс тәжірибемдегі «Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер» тарауындағы «Қазақтың ертедегі қару-жарақтары. Ұлттық аспаптар» тақырыбыда 10-сыныппен өткізілген қысқа мерзімді сабақ үлгісін ұсынып отырмын.

Сабақ: Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер.	Қарағанды облысы. Жезқазған қаласы №26 гимназия	
Пәні: Қазақ тілі (Қоғам.-гум. бағыт)	Мұғалімнің аты-жөні: Кенишбаева Гулзейнеп Тусупназаровна	
Күні:	Тақырыбы: Қазақтың ертедегі қару-жарақтары. Ұлттық аспаптар.	
Сынып: 10	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу	10.1.2.1 Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру.	

мақсаттары	10.2.2.1 Мәтін бойынша өз ойын дәлелдеу, идеялық мазмұнын ашу, талдау; 10.3.2.1 Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу.
Бағалау критерийі	- Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырады. Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады.
Тілдік мақсат	Тілдік дағдылар: Түсіну, қолдану. Терминология: <a href="#">тарихисөздер</a> , <a href="#">архаизмдер</a> ., археолог Негізгі сөздер мен тіркестер: Қазақтың ертедегі қару-жарақтары, ұлттық аспаптар, шабуыл құралдары қорғаныс жабдықтары. Мәтін талдау барысында қолданылатын тіркестер: Менің ойымша.....; себебі.....; Оны мен былай дәлелдеймін..... Қорыта келе,.....
Алдыңғы оқу	Тарихи жәдігерлерге не жатады? «Мәдени мұра» бағдарламасы. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері.

Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар								
Сабақтың басы	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сабаққа дайындық.</li> <li>2. Ұлттық аспаптардың атауы жазылған қима қағаз арқылы үш топқа бөліну.</li> <li>3. Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерін оқушылармен бірге талқылау.</li> </ol> <p>II. Ширату жаттығулары.</p> <p>«Жіңішке және жуан» сұрақтар кою арқылы өткен тақырыптар бойынша білімдерін саралау.</p> <table border="1"> <tr> <td>Жіңішке сұрақтар Не? Қайда? Қашан?</td> <td>Жуан сұрақтар Неге? Неліктен? Себебі?</td> </tr> <tr> <td>Тарихи жәдігерлерге не жатады?</td> <td>Неліктен олар тарихи жәдігерлерге жатады?</td> </tr> <tr> <td>Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайында не білесіңдер?</td> <td>Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің қазіргі кездегі құндылығы неде?</td> </tr> <tr> <td>«Мәдени мұра» бағдарламасы нені қамтиды?</td> <td>Қазіргі кезде «Мәдени мұра» бағдарламасы қалай жүзеге асырылуда?</td> </tr> </table>	Жіңішке сұрақтар Не? Қайда? Қашан?	Жуан сұрақтар Неге? Неліктен? Себебі?	Тарихи жәдігерлерге не жатады?	Неліктен олар тарихи жәдігерлерге жатады?	Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайында не білесіңдер?	Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің қазіргі кездегі құндылығы неде?	«Мәдени мұра» бағдарламасы нені қамтиды?	Қазіргі кезде «Мәдени мұра» бағдарламасы қалай жүзеге асырылуда?	<p>Ұлттық аспаптардың атауы (домбыра, қобыз, жетіген.) жазылған қима қағаздар.</p>
Жіңішке сұрақтар Не? Қайда? Қашан?	Жуан сұрақтар Неге? Неліктен? Себебі?									
Тарихи жәдігерлерге не жатады?	Неліктен олар тарихи жәдігерлерге жатады?									
Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайында не білесіңдер?	Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің қазіргі кездегі құндылығы неде?									
«Мәдени мұра» бағдарламасы нені қамтиды?	Қазіргі кезде «Мәдени мұра» бағдарламасы қалай жүзеге асырылуда?									
Сабақтың ортасы	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Жуан және жіңішке сұрақтар арқылы тарихи жәдігерлер туралы, «Мәдени мұра» бағдарламасы. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайлы мағұлматтар біледі.</td> <td>1. Берілген сұрақтарды түсінеді. 2. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайлы мағұлматтар біледі,</td> </tr> </tbody> </table> <p>ҚБ. (Мадақтау сөздер)</p> <p>III. Тыңдалымалды ой қозғау сұрағы: «Ой қозғау»–әдісі.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тарихи жәдігерлерге не жатады?</li> <li>2. Тарихи жәдігерлер Қазақстанның қай өңірлерінде көп кездеседі?</li> <li>3. Археолог дегеніміз кімдер?</li> <li>4. Қазақтың ұлттық аспаптарын атаңыз?</li> </ol> <p>Сұрақ: Балалар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ? Тыңдалым. Қазақтың ертедегі қару-жарақтары. Ұлттық аспаптар мәтінін тыңдау, жанрлық ерекшелігіне, көтерілген мәселелерге назар аудару. Топтық жұмыс. 1-тапсырма. Қазақтың ертедегі қару-жарақтары мен ұлттық аспаптарын салыстырып, айырмашылығын талдап көріңдер. (Венн диаграммасы арқылы қазақтың ертедегі қару-жарақтары мен ұлттық аспаптарын салыстыру).</p>	Бағалау критерийі	Дескриптор	1. Жуан және жіңішке сұрақтар арқылы тарихи жәдігерлер туралы, «Мәдени мұра» бағдарламасы. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайлы мағұлматтар біледі.	1. Берілген сұрақтарды түсінеді. 2. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайлы мағұлматтар біледі,	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=DzbManaf9w">https://www.youtube.com/watch?v=DzbManaf9w</a></p> <p>Аудиомәтін</p>				
Бағалау критерийі	Дескриптор									
1. Жуан және жіңішке сұрақтар арқылы тарихи жәдігерлер туралы, «Мәдени мұра» бағдарламасы. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайлы мағұлматтар біледі.	1. Берілген сұрақтарды түсінеді. 2. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері жайлы мағұлматтар біледі,									

I топ - Домбыра, II топ - Қобыз, III топ - Жетіген

Қару  
жарақтар  
аспаптар

ұлттық

Бағалау критерийі	Дескриптор
Қазақтың ертедегі қару-жарақтары мен ұлттық аспаптарының ұқсастығын табады, айырмашылығын біледі, өз пікірін білдіреді	1. Қазақтың ертедегі қару-жарақтары мен ұлттық аспаптарының ұқсастығын табады, айырмашылығын айтады,
	2. Қазақтың ертедегі қару-жарақтары мен ұлттық аспаптарының ұқсастығы жайында өз пікірін білдіреді

ҚБ.Бағалау парағы арқылы бағалау. Әр топ бір-бірін бағалайды.  
2-тапсырма. Жұптық жұмыс.

1.Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінің қазіргі кездегі құндылығы неде?

2.4 сөйлем әдісі

Менің ойымша.....; себебі.....; Оны мен былай дәлелдеймін..... Қорыта келе,.....

Керекті сөздер:тарихи ескерткіштер, құнды жәдігерлер, салт-дәстүрлер, мұра, ұлттық аспаптар т.б

Бағалау критерийі	Дескриптор
Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады.	Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей алады
	Керекті сөздерді негізге ала отырып, жинақы мәтін құрастырады

ҚБ.Бағалау парағы арқылы бағалау. Әр топ бір-бірін бағалайды.

Жеке жұмыс.

Ұлттық аспаптардың әуенін аудиожазба арқылы тыңдап, түрлерін ажырату.

1.Күй тыңдау барысында қандай ұлттық аспаптар естеріңізге түсті?

Бағалау критерийі	Дескриптор
Ұлттық аспаптардың әуенін аудиожазба арқылы тыңдап, түрлерін ажыратады, сұраққа дұрыс жауап береді.	1. Ұлттық аспаптардың әуенін аудиожазба арқылы тыңдайды, сұрақтарға дұрыс жауап береді.
	1.Ұлттық аспаптардың әуенін аудиожазба арқылы ажыратады.

Рефлексия. «Көк диван» әдісі бойынша

3 топқа тақырып беріледі. («Мәдени мұра», «Ұлттық жәдігерлер», «Ұлттық аспаптар»)

Үлгі:

1 оқушы –Мен -аспаптын

2 оқушы - Мен -ұлттық аспаптын.

3.оқушы - Мен ішекті аспаптын

4.оқушы - Күйді домбырамен орындайды.

5.оқушы - Мен - Айгүл Үлкенбаевамын.

6.оқушы - Мен домбыра шертемін.

7.оқушы - Салт-дәстүрді жалғастырушымын.

ҚБ. Мадақтау сөздер

Үй тапсырмасы. «Қазақтың ертедегі қару-жарақтарының пайдасы» тақырыбына эссе жазу.(90-100сөз)

Оқулық



Сабақтың  
соңы

Менің пікірімше, сабақтың тиімділігі: оқушы шығармашылық деңгейге мұғалім арқылы емес, өз іс-әрекеті арқылы жетеді. Жаңа әдіс-тәсілдердің ұтымдылығы да-осында. Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану- шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді. Осындай жаңа әдіс-тәсілдерді жана форматта жоспарлап, жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, сабақ беріп, ұстаздар арасында іс-тәжірибені бөлісіп жүрген, жаңашылдыққа бет бұрған, ұстаздардың бірімін. «Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үніле қарасаң, терендей береді, қол созсаң қарсы алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай»-деп Сократ айтқандай Егеменді еліміздің білім саласында үлес қосамын.

#### **Әдебиеттер:**

1. Н.Оралбаева, Ә.Аблақов. Қазақ тілі. – Алматы, 1989.
2. Ф.Ш. Оразбаева. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік, 2005.
3. С.Мейірсеитова «Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері»- Қарағанды. 2011.ж
4. Т.Т Аяпова «Қазақ тілі» - Алматы .Ғылым. 1998.ж
5. Г.Н Амандықова, Ш.Е.Мұхтарова, Б.С Баймұқанова, А.Н.Бисенғалиева «Шет тілін оқыту әдістемесі» оқу құрал- Астана -2007ж. «Фолиант» баспасы.
6. «Қазақ тілін оқыту методикасы»-Алматы «Мектеп»-1988.ж

**Кобенкова Ю.В.**

*КГУ «Школа-гимназия №95», г. Караганда*

### **РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ**

В современном мире система обучения переживает большие изменения. Действительно, в настоящее время огромную роль играет умение реагировать на изменения, происходящие в жизни, способность находить информацию, анализировать ее и уметь применять. Главным аспектом становится функциональная грамотность, т.е. «способность человека решать стандартные жизненные задачи в различных сферах жизни и деятельности на основе прикладных знаний».

Предъявляются новые требования к преподаванию. Возникла необходимость пересмотреть навыки обучения, приобретения знаний, развитие критического и креативного мышления. Таким образом, необходимо подобрать задания, способствующие формированию функциональной грамотности учащихся. Концепция «образование через всю жизнь» является приоритетной в настоящее время. Процесс обучения школьников должен ориентироваться на развитие компетентностей, способствующих реализации данной концепции.

Для развития функциональной грамотности, учащемуся надо научиться решать и выявлять проблемы окружающего мира, с помощью математических знаний, методов, логических рассуждений, анализа имеющейся информации. Учащийся должен не только анализировать информацию, предполагать пути решения, но и сопоставлять полученный результат с поставленной задачей.[1, с. 37]

При составлении заданий, используемых на уроке, необходимо учитывать их практическую значимость. Умение работать с различными текстами, графиками, функциями, понимать свойства геометрических фигур, строить рассуждения — вот основные задачи развития функциональной грамотности. Учащиеся должны уметь приводить аргументы своим высказываниям, рассуждать, доказывать и уметь задавать вопросы.

Каждый из нас не только думает о настоящем, но и задумывается о будущем. Именно когда мы думаем о будущем, то возрастает интерес и появляется желание что-нибудь сотворить, придумать, открыть. Начинаешь проявлять фантазию и включаешь воображение. Именно в такое время появляются новые достижения и открытия. Регулярно решение какого-либо задания ставит нас в тупик, заставляет тренироваться мозг, ведь всем нам математика дается по-разному.


При планировании урока следует учитывать взаимодействие учителя и учащихся в ходе реального времени урока и использовать задания для формирования функциональной грамотности, задания, способствующие использованию их на практике или максимально взятые из жизни. Тем более такой предмет как математика дает возможность использовать это в полном объеме, так как в процессе изучения предмета мы решаем огромное количество текстовых задач и остается только оптимизировать их условие.[2,с. 14]

Зимний лес. На полянке звери и елочка. Зайчик прыгает по полянке, любуется природой, стучится к медведю.

Медведь: Что за шум, что за напасть, не даете мне поспать?

Заяц: Мишка, Мишка просыпайся и на праздник собирайся. Скоро весь лесной народ встретит снова Новый Год!

Медведь просыпается, неохотно выходит из берлоги. Заяц стучится к волку.

Волк: Не стучите, я ведь сплю. Я еще часок посплю.

Заяц: Что ты серенький волчище, умывайся- ка почище!

Скоро весь лесной народ встретит снова Новый Год!

Волк выходит на полянку. Заяц стучится к лисе.

Лиса: Кто стучится? Вот дела! Никого я не звала!

Заяц: Эй, ты, хитрая лиса, одевай свои меха!

Все вместе собираются на лесную поляну и выбирают елочку.

Медведь: Ой, пушиста и стройна. Ой, какая красота!

Высока и зелена, вот чудо-чудеса.

Волк: Солнце ясно освещает и искринками сверкает!

Лиса: Нам понравилась она, наша елочка краса!

Все вместе: Будем вместе все играть праздник весело справлять!

Хоровод вокруг елочки.

Звери слышат звук и голоса, разбегаются и прячутся.

По полянке идет королевская семья.

Король: Вот так чудо! Чудо- елка и зеленые иголки.

И колючки как стрела, в моем лесу она росла!

Королева: Правда, очень хороша! И душиста и густа!

Аромат такой чудесный, аж кружится голова!

Король: Не видал такую я, словно девица-краса.

Мы сейчас топор возьмем, срубим и во дворец её привезем!

Королева: Подождите, погодите. Ведь она так хороша!

А когда ее мы срубим, там будет просто пустота.

Может быть на елке гнезда, или зайчишка там живет.

Выходят звери: Все просим очень вас, уходите в добрый час!

Ёлочка: Ёлки вырасти хотят

Их обидеть каждый рад.

Неужели тяжело понять

Нельзя деревья обижать!

Король: Это правда, господа. Ну, а нам домой пора.

Королева: Я согласна, пусть растет. Краше, выше каждый год.

Пусть растет на радость людям, нашим детям, нашим внукам.

Все вместе: Этот лес вы берегите! Не ломайте, не губите!!!

Елочка: В Последнее время все больше людей покупают искусственную елочку, она долговечна и эстетична, не надо собирать опавшие иголки. А самое главное –позволяет сохранить деревья и предотвратить незаконную вырубку елей и сосен.

### Литература:

1. Ключевые понятия, термины, актуальная лексика. – М.: НМЦ СПО. С.М. Вишнякова. 1999.
2. Универсальные компетентности и новая грамотность: от лозунгов У59 к реальности / под ред. М.С. Добряковой, И.Д. Фрумина; при участии К.А. Баранникова, Н. Зиила, Дж. Мосс, И.М. Реморенко, Я. Хаутамяки; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». — М.: Изд. дом

**Майманчиева С.Б., Абенова А.Е.**  
Қарағанды қ. «№97 гимназия» КММ

## **ОҚУШЫЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЭССЕНІ САУАТТЫ ЖАЗУҒА ДАҒДЫЛАНДЫРУ**

Қазіргі білім беру саласында қолданатын заманауи тәсілдердің ең негізгі ерекшелігі – оқушылардың алған білімдерін иеленіп қана қоймай, оларды іс жүзінде өмірде пайдалана алуы. Өзге ұлт өкілдері үшін қазақ тілін үйрету барысында ең ұтымды тәсілдердің бірі – барлық мамандықтағы адамдар үшін негізгі іскерлік қарым-қатынас жасаудың, табысқа қол жеткізу үшін өз жаңалығын жүзеге асырудың, басқа адамдардың ой-пікіріне көзқарасын білдіру үшін қолданылатын *эссе жанры*. Себебі қазіргі мектеп оқушысы – келешекте белгілі бір маман иесі, ол қандай салада болсын өзінің шешімі мен тұжырымын сауатты бере алатын, ауызша да, жазбаша да талаптарға әрі заманына сай ойын толғай алатын шебер маман болуы тиіс. ЮНЕСКО-нің шешімі бойынша әлемдегі ең сауатты адам берілген тақырыпқа 500 сөзден астам көлемде өз ойын әдеби тілмен бере білген адам болып табылады екен. Сол себепті болашақ маман мектеп қабырғасында эссе жазуға қалыптасып, қай мамандық иесі болса да, өзіндік тұжырым жасай алатын тұлға болуы керек.

Ойды қағаз бетінде жазбаша жеткізу – шығармашылықты қажет ететін қиын жұмыс. Әсіресе орыс мектептеріндегі оқушылардың мемлекеттік тілде ойларын дұрыс жеткізе алмайтыны, сауатты жаза білмеуі, сөздік қорының аздығы, сонымен қатар «жаттанды білім» бүгінгі күні ой толғандыратын өзекті мәселе болып отырғаны бәрімізге мәлім. Сол себепті біз сабақ жоспарын құру барысында эссе жазу бағытын кеңінен қолдануға тырысамыз. Біздің әр сабағымыз оқушылардың эссе жазуына құрылады. Мұндағы мақсатымыз–әртүрлі тезистерді ұсына отырып, оқушыларға дәлелдер келтірту, сол арқылы берілген тақырыпты ашу, оқушылардың ойын жазбаша түрде жеткізе білуін жетілдіру. Біз сабағымызда оқушыларымызды өз ойларын жазбаша сауатты білдіруге, өз пікірлерін нақты аргументтермен дәлелдеуге үйретуге жетелейміз. Бұл әдіс оқушылардың өз ойын анық білдіруге мүмкіндік береді.

Эссе автордың дара әсерін, белгілі бір мәселеге қатысты көзқарасын көрсетеді. Мінсіз эссе жазудың дайын ережесі жоқ, дегенмен эссе жазу дағдыларын жүзеге асыруға көмектесетін ережелер мен нұсқаулар бар. Эсседе күрделі тұжырымдар мен тым ұзақ сөйлемдердің болмағаны дұрыс. Мәтінге әртүрлі интонация қолданылған қысқа, қарапайым және түсінікті сөйлемдер жақсы эмоционалдық өң береді. Эсседе автор өзінің көзқарасына көндірмейді, ол өз ойы арқылы оқырманды ойландырып, мәселені талқылауға шақырады. Олай болса, ең алдымен оқушы хабарлайтын, жазатын, ой толғайтын нәрсесі туралы анық білуі керек. Оқырманның назарын өзіне аудартатын, мүмкін болса өз пікіріне қарсы дәлел келтіре отырып, әдеби терминдерді, сондай-ақ бөлім бойынша өткен лексикалық минимумды дұрыс таңдай білуі тиіс. Эссе жазатын адам үшін ең маңызды қасиет – тілді еркін меңгеруі, басқалардың сезіміне әсер ететіндей дәл, анық бейнелі етіп ақпаратты сауатты жеткізе білу.

Эссе құрылымы жағынан үш негізгі композициялық бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Оқырманды қызықтыру үшін *кіріспе бөлім* жанды, нақты және мінсіз (өзіндік) болуы шарт. Онда мәселенің тұжырымдамасы және оның маңызы, оқырманға афоризм, риторикалық сұрақ т.б. болуы мүмкін. Кіріспе мен негізгі бөлім арасындағы қатынас сақталуы керек. Егерде эссенің жалпы көлемі 500 сөз болса, кіріспеге 50 сөз алу ұсынылады.

*Негізгі бөлім* тақырыптың бірізді баяндалуы болып табылады, жазылған мәселе бойынша ұсыныстар мен көзқарастарды бейнелі түрде жеткізеді, дәлелдемелері мен тұжырымы бар ой желісін құрайды, идеяны дәлелдемелер мен нақты мысалдар арқылы нақтылайды. Мұнда әртүрлі

айқындау құралдары қолданып, тақырыпты ашады, көтерілген мәселені айқындап, оның туу себептерін көрсетеді.

*Қорытынды бөлімде әдеттегідей қорытынды жасалады, жазылған мәселе мәні мен мазмұнын күшейтеді, түйін шығарады, шешу жолдарын көрсетеді. Эссенің қорытынды бөлімін жазғанда келесі кілт сөздерді қолдануды ұсынамыз:*

- *Осылайша, жоғары баяндалғандар негізінде қорытынды жасауға болады ...*
- *Қорыта отырып, ... айтқым келеді.*
- *Оқылған мәтіннің негізінде мынадай тұжырым жасауға болады...*
- *Айтылғандарды қорыта отырып, ... айтуға болады. Бұдан ... шығады.*
- *Мен мәтіннің авторына шынымен ризашылығымды білдіремін, өйткені ол мені ... ойландырып тастады.*
- *Бұл мәтін мені тағы да ... екеніне сендірді.*
- *Бұл мәтін мәселеге терең үңілуге, біздің өміріміздегі маңызды нәрселерді қайта бағалауға үйретті.*

Өз іс-тәжірибемізде оқушылардың ойлау қабілетіне түрткі болатын эссе жазуды қолданудың тиімділігі зор екеніне көзіміз жетіп отыр. Мәселен, 9-сыныптарда «Болашақ энергия көздері» бөлімінің «Күн энергиясы» тақырыбы бойынша жаңа сабақты бекіту мақсатында оқушылар күн энергиясының артықшылықтарын жаза отырып, «*Күн сәулесі энергиясының маңызы*» тақырыбында эссе жазған болатын. 9А сынып оқушысы Дюсембаева Каринаның жазған эссесі:

*XXI ғасыр – жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры. Әлем қарқынды түрде қарыштап өзгеруде. Адамзат баласы жаңа технологиялар арқылы баламалы энергия көздерін қолдана бастады. Күн сәулесінің энергиясы баламалы энергия көздерінің бірі болып табылады.*

*Қазіргі кезде күн энергиясын барлық жерде кездетіруге болады. Мысалы, электр қуатын өндіру үшін адамдар күн энергиясын пайдалануда. Күн энергиясын үйлердің шатырына немесе көшелерге орнатуға болатын күн панельдері арқылы алады. Күн энергиясын пайдалану Сауд Арабиясы, АҚШ, Қытай елдерінде жақсы дамыған. Менің ойымша, бұл энергия көзі тіршілік үшін өте маңызды. Біріншіден, бұл баламалы энергия көзі Жер шарымыздың экологиясын бұзбайды. Неге? Себебі күн панельдері әртүрлі механизмдермен жабдықталмағандықтан, атмосфераға зиянды заттардың көп мөлшері шығарылмайды. Екіншіден, күн энергиясының күнделікті өмірді жақсартатын бірқатар артықшылықтары бар. Мысалы, энергия алатын күн панельдері дыбыс шығармайды, олардың қоршаған ортаға зияны жоқ. Ғалымдардың айтуы бойынша, күн энергиясы отыз жыл жұмыс істейді екен, ендеше, пайдалануға өте тиімді.*

*Бірақ оның кемшіліктері де бар. Мысалы, энергия аппараттары бұзылуы мүмкін, сонымен қатар күн энергиясын күндіз ғана алуға болады, өйткені түнде күн сәулелері Жерге түспейді.*

*Қорытындылай келе, энергияның осы түрін көп елдер қолдана бастаса, онда біздің ғаламшарымыздың экологиясы қалпына келе бастайды. Демек, біздің экологиямыз тазара бастайды деп айтқым келеді.*

Оқушының жазған эссесіне талдау жасайтын болсақ:

Кіріспе бөлімі

Тақырыпты түсіну сөйлемі: *Адамзат баласы жаңа технологиялар арқылы баламалы энергия көздерін қолдана бастады.* Бұл сөйлемде оқушы эссенің тақырыбына орай эсседе талданатын мәселе туралы түсінік беріп тұр. Тақырып баламалы энергия көздерінің маңыздылығын талдауды сұрап тұр. Яғни тақырыптан еш ауытқу жоқ.

Тезис: *Қазіргі кезде күн энергиясын барлық жерде кездетіруге болады.* Эссе тақырыбынан тезис қойылады. Тақырып автордан күн энергиясының қолданысына сұраныс барын айтып тұр. Сондықтан тезис тақырыпқа сай алынған.

Негізгі бөлім

Тезисті қолдаушы пікір: *Күн энергиясын үйлердің шатырына немесе көшелерге орнатуға болатын күн панельдері арқылы алады.* Тезис күн энергиясын қалай қолданылатынына байланысты қойылды. Соған байланысты тезистегі негізгі ойды қолдайтын пікір білдірілді.

Аргумент: Себебі күн панельдері әртүрлі механизмдермен жабдықталмағандықтан, атмосфераға зиянды заттардың көп мөлшері шығарылмайды. Аргумент тезисті дәлелдеп тұр. Оқушының сыни пікіріне нақты дәлел келтірілген.

Абзацты қорытындылаушы сөйлем: Ғалымдардың айтуы бойынша күн энергиясы отыз жыл жұмыс істейді екен, ендеше, пайдалануға өте тиімді. Бұл сөйлем абзацты қорытындылап, жинақтап, бекітіп тұр.

Қорытынды бөлім

Қорытындылай келе, энергияның осы түрін көп елдер қолдана бастаса, онда біздің ғаламшарымыздың экологиясы қалпына келе бастайды. Демек, біздің экологиямыз тазара бастайды деп айтқым келеді. Оқушы күн сәулесі энергиясының маңыздылығы туралы түйінін жазып, өз шешімін білдірген.

Бүгінгі күнге дейін барлық сабақтарымызда «Келісу/келіспеу эссесі», «Бір минуттық эссе», шағын эссе, ойтолғау сияқты эссе түрлерін пайдалану көрініс тауып жатыр. Алдағы уақытта да оқушыларды кез-келген тақырып бойынша сыни ой білдіріп, оны нақты аргументтермен дәлелдеп беруге дағдыландырып, болашақта қиналмауына себепші болмақпыз. Эссе жазудың тиімді жақтары мен кедергілері мынада болғанын байқадық:

Тиімді жақтары	Кездескен кедергілер
Мәтінмен жұмыс жасауда мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіріп, дәлелдей алады.	Ойларын толық жеткізу үшін оқушылардың сөздік қоры жетпей жатады.
Оқушылардың сыни ойлауына көмектеседі, ойын нақты әрі қысқа білдіруді үйренеді.	Тақырыпқа қатысты дәлелді ой білдіру үшін біраз ойлануға тура келеді.
Шектеулер мен қатаң шеңберлер жоқ. Еркін жазу әдісі қолданылады.	Оқушылардың басым көпшілігінде логиканың болмауы жиі кездеседі.

Қорыта айтқанда, біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани билікке көтеру – біздің міндетіміз. Мұғалімдік тәжірибеміздегі ендігі мақсат – заман талабына сай құзіретті тұлға қалыптастыруда эссе жазуды сабақтарымызда жүйелі қолдана отырып, өз тәжірибемізді толықтыру, жетілдіру болмақ.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Иманбекова Б. Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс. - Алматы, 2003.- 136 б.
2. Оразыханова Н., Кенжебаева Г.М. - Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары ғылыми мақаласы.- 2012 ж.
3. <https://almaty.fizmat.kz/wp-content/uploads/sites/2/2017/04/METHOD-REKOMEND-PO-NAPIS-YESSE-kaz.pdf>

**Майпенова М.И.**

*КГУ «Гимназия №93», г Караганда*

### **РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ ЧЕРЕЗ ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ**

Залогом успешного процветания государства является развитие личности. Для того чтобы современное общество преобразовалось в глобальное информационное общество, основанное не только на знаниях, но и на компетентности специалистов, необходимо применять как можно чаще инновационные методы обучения. Это даст возможность подготовить учащихся к жизни, где перед ними постоянно возникают нестандартные задачи. Эту проблему активно изучали, такие как Л. Свенсон, И. Лернер, В. Беспально, О. Пехота и др.

При составлении урока на развитие функциональной грамотности необходимо помочь школьнику при помощи формулировки заданий задуматься, пропустить через себя и найти правильное решение для выполнения задания. При этом результатом развития является овладение школьниками системой ключевых компетенций, позволяющим эффективно применять

усвоенные знания в практической ситуации и успешно использовать в процессе социальной адаптации.

В развитии компетентностей, способствующих реализации концепции «образование через всю жизнь», на уроках географии можно применять все методы инновационного обучения, но рассмотрим некоторые более подробно.

*Casestudy*– это описание реальной ситуации или «моментальный снимок реальности», «фотография действительности»

Различают несколько видов ситуаций:

- Ситуация-проблема представляет собой описание реальной проблемной ситуации. Цель обучаемых: найти решение ситуации или прийти к выводу о его невозможности.
- Ситуация-оценка описывает положение, выход из которого уже найден. Цель обучаемых: провести критический анализ принятых решений, дать мотивированное заключение по поводу представленной ситуации и ее решения.
- Ситуация-иллюстрация представляет ситуацию и поясняет причины ее возникновения, описывает процедуру ее решения. Цель обучаемых: оценить ситуацию в целом, провести анализ ее решения, сформулировать вопросы, выразить согласие-несогласие.
- Ситуация-упреждение описывает применение уже принятых ранее решений, в связи с чем ситуация носит тренировочный характер, служит иллюстрацией к той или иной теме. Цель обучаемых: проанализировать данные ситуации, найденные решения, используя при этом приобретенные теоретические знания.[1]

**Пример. Урок по теме «Почва».**

*Задание.* Сформулируйте проблему состояния почвенного покрова Казахстана. Подумайте, какие факторы влияют на ухудшение и улучшение почвы. Приведите 5 примеров «Человек «друг» или «враг» почвы?»

**Урок по теме «Геоэкономическое положение и потенциал регионов Республики Казахстан»**

*Задание.* В Казахстане прослеживается закономерность: чем больше посевная площадь, тем больше валовой сбор зерна. Возможно ли повысить сбор зерна, не увеличивая посевной площади? Как можно повысить производительность труда в сельском хозяйстве? Приведите 3 аргумента.

**Пример. Урок по теме «Геополитическая безопасность Казахстана»**

*Задание.* Используя стратегию «SWOT-анализ», проанализируйте слабые и сильные стороны, угрозы и возможности геополитического положения. Предложите способы использования сильных сторон и возможностей, устранению слабых сторон и угроз геополитического положения Казахстана.

Задания данного характера способствуют формированию умения получать выводы на основе имеющихся материалов, которое происходит в результате их анализа, структурирования, обобщения. Позволяя логическим путем прийти к выводам, состоящим в обнаружении каких-то закономерностей, тенденций, к оценкам и т.д.

Проектная технология– индивидуальная или коллективная деятельность по отбору, распределению и систематизации материала по определенной теме, в результате которой составляется проект.[3]

**Пример. Урок по теме «Природные зоны»**

*Задание.* Используя текст параграфа и карту «Природные зоны», «Почвенную карту мира» дайте описание природной зоны по данному плану. Составьте презентацию природной зоны.

1. Название природной зоны
2. Географический пояс
3. Климатические условия (средние t января, июля; годовое количество осадков, сезоны года)
4. Почва
5. Растительный мир
6. Животный мир
7. Влияние человека на природу данной зоны

Задание ориентирована на актуализацию имеющихся знаний, пробуждение интереса к получению новой информации, отслеживанию собственного понимания.

Контекстное обучение - мотивация студентов к усвоению знаний путем выявления связей между конкретным знанием и его применением. [1]

**Пример. Урок по теме «Тектонические движения литосферы»**

Задание. На границах плит зафиксированы несколько вариантов взаимодействия. Определите, что образуется в результате. Дополните схему.



**Пример. Урок по теме «Движения вод в океане»**

Задание. Используя данные материалы, определите виды движения вод в океане и причины их образования. Дополните схему.



Входящие сюда задания основаны на определении, отбор и понимание предоставленной информации. Также составление причинно-следственной связи.

Развитие критического мышления – образовательная деятельность, направленная на развитие у студентов разумного, рефлексивного мышления, способного выдвинуть новые идеи и увидеть новые возможности.[4] Задания на формирование набора умений по функциональной грамотности: определите лишнее, выберите нужную информацию, установите соответствие между правым и левым столбиками таблицы с приложенным текстовым материалом.

**Пример. Урок по теме «Тектонические движения литосферы»**

Задание. Сформулируйте выводы о возможных изменениях земной поверхности:

-Что возможно будет происходить из-за удаления Южно-Американской и Африкано-Аравийской платформ?

- Может ли изменится очертание береговой линии материков через несколько веков и почему?

**Пример. Урок по теме «Экологические проблемы Казахстана»**

Задание. Используя стратегию «Фиш-боун», определите экологические проблемы Центрального Казахстана и пути их решения.

В результате у учащихся вырабатываются навыки умственных операций и действий, навыки переноса знаний с теории на практику, развивается внимание, воля, творческое воображение, познавательный интерес к предмету.

Таким образом, подводя итог, можно отметить, что в основе развития функциональной грамотности лежат активные методы, которые помогают формировать творческий, инновационный подход к пониманию профессиональной деятельности, развивать самостоятельность мышления, умение принимать оптимальные в условиях определенной ситуации решения. Использование разнообразных методов и приемов активного обучения пробуждает у учащихся интерес к самой учебно-познавательной деятельности, что позволяет создать атмосферу мотивированного, творческого обучения и одновременно решать целый комплекс учебных, воспитательных, развивающих задач.

## Литература

1. Алимгазинов К. Инновационные методики обучения. – А., 2010.
2. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности на 2012-2016 годы.
3. Черкасов М. Н. ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ // Инновации в науке: сб. ст. по матер. XIV междунар. науч.-практ. конф. Часть II. – Новосибирск: СибАК, 2012.
4. Бутенко А.В., Ходос Е.А. Критическое мышление: метод, теория, практика. Учеб. -метод. пособие. М.: Мирос, 2002. – 176 с.

### Макулбаева Фарида Бабихановна

Теміртау қаласының №8 жалпы білім беретін мектебі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

## «ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ- ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІМ САПАСЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒДАРЫ»

Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша **тілдік тұлға қалыптастыру** қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары — меңгертілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр.

**Мектеп миссиясы:** Мектеп-жаһандық әлемнің бәсекеге қабілетті азаматтарын дайындау ортасы

**Мақсаты:** Тұлғаның ересек өмірге дайын болуына көмек көрсету

### Міндеттері:

Заманауи озық технологияларды қолдану арқылы оқытуды үнемі жетілдіру;

Алған білімдерін шешім қабылдауда қолдана білуге үйрету;

Оқушылардың қабілеттерін айқындау;

Адами құндылықтарды бойына сіңіру;

Өзін-өзі ұдайы дамыту.

- Аталған мақсатты жүзеге асыратын қазақ тілін оқытудың жаңартылған бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді дамытады.

- коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары ұсынылған. Оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған.

- Оқушылардың қазақ тіліне, әдебиетке, сөз өнеріне деген қызығушылығын ояту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, шығармашылығын дамыту мақсатында күнделікті сабағымда жан-жақты әдіс-тәсілдерді пайдаланып және оқытудың жаңа ІТ технологияларын енгізе отырып өткізуге тырысамын.

**Өздігінен реттелетін оқудың аса маңызды үш элементі :**

(Perry 2002):

- тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы;
- оқушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы, • проблеманы шешу мен мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдауы.



Мектеп миссиясын жүзеге асыру жолдары:

1. Функционалдық сауаттылыққа бағытталған жаңа форматты сабақтар
2. Жаңа инновация TEDx, READx, 100 есім
3. IT технологиялары М.Мақатаев “Аққулар ұйықтағанда” поэмасы. «QUIZZ» ӘДІСІ

ProblemBL технологиясында пайдаланылатын тәсілдерді сипаттап, сыни түрде ойлау қабілетін қамти отырып, күрделі практикалық проблемаларды талдап шешу барысында белгілі бір дағдыларды қалыптастырып дамытатын әдіс-тәсілдер:

Тіл мерекесі Үш тілділік “Мен оқығанды жақсы көремін” READx конференция. А.С.Пушкин 2019-2020ж

Қашықтан оқыту кезінде [Kundelik.kz.](http://Kundelik.kz), [Bilimland.kz.](http://Bilimland.kz), [Daryn.online](http://Daryn.online), [opig.kz](http://opig.kz), [Imektep](http://Imektep), [Itest](http://Itest), [twig-bilim](http://twig-bilim), [Google classroom](http://Google classroom) және [ZOOM](http://ZOOM) басқа көптеген платформалар мен қатар, пошта, радио, Балапан, Еларна телеарналары және WhatsApp, электронды пошта және басқа да мессенджерлерді пайдалану мүмкіндігі бар.

5-қыркүйек А.Байтұрсыновтың туған күніне орай

**Тілдер мерекесі.** А.Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында мәнерлеп оқу «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» челледж ұйымдастырылды.

Үздік іс-шара. <https://www.instagram.com/tv/CJGbvuspqNC/?igshid=mnadg7ioqy5q>

Тіл мерекесі Үш тілділік “Мен оқығанды жақсы көремін” READx конференция. С.Бегалин Бала Шоқан.2019-2020ж

Облыстық “Дарын” орталығы А.Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған “Абай оқулары” байқауына Абайдың Сегізаяқ өлеңін мәнерлеп оқып, 6 “А” сынып оқушысы Рахметолла Еркінай жүлделі ІІІ орынға ие болды.

<https://www.instagram.com/p/B-PPz3NJGS5/?igshid=o7syzahzx8fo>

• Қалалық А.Құнанбаевтың 175 жыл мерейтойына орай Онлайн «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...» мәнерлеп оқу байқауына

• 7 “А” сынып оқушысы Сисенова Жансая қатысып жүлделі І орынды иеленді.

• Қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пән олимпиадасында 6 “А” сынып оқушысы Рахметолла Еркінай І орынды иеленді.

Облыстық олимпиадаға 6 “А” сынып оқушысы Рахметолла Еркінай қатысып ІІ орын алды.

А.Құнанбаев Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап 6 «А» сынып оқушысы Серікқызы Аида <https://www.instagram.com/p/B-Jczgs6A/?igshid=i9vb4v66oue5>

Мұндағы басшылыққа алатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп жасынан қалыптасады.

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады.

Қазіргі тәжірибеде қазақ тілі сабағында тестілеу әдісін қолдану тиімді, пайдалы, әрі нақты педагогикалық өлшемнің бірі болып тұр. Тест әдісін қолдану білім сапасын бақылауға, дамытуға, ұйымдастыруға, болжауға, тәрбиелеуге көп көмегін тигізуде. Бұл әдіс арқылы мұғалім артық уақытсыз оқушылардың білім дәрежесін тез тексеруге мүмкіндік алады. Тест әдісін қолдану оқушының білім деңгейін көрсете отырып, мұғалімнің жұмысының нәтижесін де көрсетеді. Оқушылар да өз білім деңгейлерін көре алады, өздеріне – өзі бақылау жасай алады. Ата – аналар да өз балаларының білімін бақылау мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Өзім беретін 5,7-сыныптарда мән беріп оқыту технологиясы бойынша оқушылардың оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын дамытудамын. Көбінесе топтық жұмыс жасап, достық қарым-қатынасты нығайта отырып, ұлттық бірліктің жарасымына жол ашамын.



Өмірлік қолданыста маңызды рөл атқаратын Блум жүйесін қолданып келемін. Блумның анализ, синтез, бағалау тараулары арқылы кез-келген тақырыпта сұрыптау жасап, пайдалы-пайдасыз жақтарын анықтап, баға бере алатын, жеке көзқарастарын еркін айта алатын жеке тұлғаны дайындау үстіндемін.

Блум жүйесі арқылы оқушылардың алға қойған мақсатына жету жолдарын, өз ойың еркін жеткізе алатын жеткіншек дайындау үстіндемін.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін үлкен абырой, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Қазіргі жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік бейімделу үдерісінде алған білімдерін пайдалана білуге үйретіп келеміз.

Балаларды жай оқытып қана қоймай, тиянақты оқыту керек, оқырман болуға үйрету керек. Бала бойындағы сауатсыздық, жалқаулық, ұқыпсыздық, немқұрайлылық, сабаққа, айтылып жатқан сөзге зейін қоймау, берілген тапсырманың мәнісіне мән бермеу сияқты әрекеттердің олардың бойында мектепке келген күннен-ақ басталатынын ғалымдар анықтап отыр. Сондықтан бала мектеп табалдырығынан аттаған күннен бастап мұғалім олар мен функционалдық сауаттылықты қолға алып, дамытуы керек. Ал функционалдық сауаттылығының дамымай қалуы оқушыларымыздың бойынан күнделікті өмірде көрініс табуда. Олар сабаққа жалқау, негізгі ойды түсінбеу сияқты көріністер көрініп қалады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
- 2.«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.
- 3.Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том. – 17 б.
4. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. – «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. – Б. 42

#### **Малгаждарова Асель Имантаевна**

*Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ*

### **КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ**

#### **Аннотация**

Білім беру жүйесіндегі кейс технологиясының математика сабағында қолданысы туралы айтылған.

В докладе дается понятие об использовании кейс технологии на уроках математики.

In this article is written about case technology teaching at Mathematics lesson.

Білім беру жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білім берудің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы айрықша. Сол себепті, математика пәні оқытушыларына қойылатын талап өте жоғары. Яғни, біздің алға қойған мақсатымыз өзіндік ой тұжырымымен көзқарасы бар, өз пікірін ашық айта алатын, ақпараттық ағымдардан хабары бар, математикадан алған білімдерін тұрмыста қолдана білетін оқушыларды дайындау. Танымал ғалым, педагог, философ, профессор Джон Дьюдің: «Егер біз бүгін оқушылармызды кешегідей оқытатын болсақ, онда біз олардың ертеңін ұрлаймыз» деген. Демек оқушы бойындағы

кабілеттерін ашып жетілдіру, оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды тиімді қолдануғастаздың басты міндеті. Көптеген технологиялардың ішінен бүгін мен КЕЙС технологиясына тоқталғым келіп отыр.

«Кейс» сөзі ағылшын тілінен аударғанда, «жағдай», «оқиға» деген мағынаны білдіреді. Ол нақты жағдайларды практикалық тұрғыдан талдау мен оларды өмірде кезігетін түрінде қайталау. Жалпы кейс технологиясын іс тәжірибеме енгізуде:

1. Барнс Л.Б., Кристенсен К.Р., Хансен Э.Дж. Преподавание и метод конкретных ситуаций.

2. Әбдірәсілов Л.Ә. Оқыту үрдісінде оқу кейсін пайдалану тиімділігі

атты еңбектерін басшылыққа алған болатынмын.

Қазіргі таңда зерттеу жұмыстарын «Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында математика пәні бойынша 6 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда Кейс технологиясы қалай әсер етеді?» сұрағы төңірегінде жүргізіп келе жатырмын.

#### **Кейс технологиясының негізгі мақсаты:**

- Жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру;
- Проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамыту;
- Ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету.

#### **Кейс технологиясының негізгі ерекшеліктері**

- Практикалық жағдайларды зерттеу;
- Болған жағдайларды баяндау;
- Мәселемен танысып, оны шешудің жолын іздейді.

Кейс технологиясы білім алушылардың пәнге қызығушылықтарын арттырады және тұлғаның болашақ маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдіс оқушы тарапынан нақтылы мәселені шешуге қажетті шығармашылық қабілетін дамытуды қажет етеді және оның ой-өрісінің бейнелі көрінісі болып табылады. Оқытушы да осы әдіске байланысты күнделікті өмірдегі оқиғаларды талдау мен бағалауға байланысты қабілетін де көрсетеді және жетілдіреді. Яғни, екі тараптан да ойлау мен шығармашылық қабілеттері еркін дамиды.

Кейс әдісі – оқытудың басқа технологияларына қарағанда күрделі жүйе. Кейс әдісін қолдану барысында оқытушының іс-әрекеті екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңде оқытушы кейсті (жағдайды) тандайды. Соған қажетті сұрақтар даярлайды. Бұл іс шығармашылық жұмыс болып табылады. Тандалған жағдаят дәріс тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келуі керек. Осы тұрғыдан кейс мазмұнының мақсаты мен оған қол жеткізудің міндеттері анықталады. Екінші кезеңді оқытушы дәрісханада жүзеге асырады. Бұл кезеңнің өзі кейске кіріспе болып табылады. Сондай-ақ, жағдайдың шағын топтарда талдануы; пікірталас және қортынды шығару. Кез-келген пән мазмұнын талдау барысында қаралатын мазмұнның қисындылығы ғана емес, оның психологиялық ерекшеліктеріне де қараудың маңызы өте зор.

#### **Кейстің үш түрі бар:**

- Практикалық кейс
- Оқыту кейсі
- Ғылыми-зерттеушілік кейс

#### **Кейс әдісінің 5 кезеңі**

- 1-кезең – жағдаятпен таңысу, оның ерекшелігі;
- 2-кезең – мәселені анықтау, әсер ететін факторлар мен объектілер;
- 3-кезең – ой доданы ұйымдастыру үшін тұжырымдаманы, ойларды ұсыну;
- 4-кезең – шешім қабылдау алдындағы талдау жұмысы;
- 5-кезең – кейстің шешімі – бір неше нұсқадағы шешім, шешімдерге байланысты туындайтын мәселелерін ескеруді атау.

Кейс технологиясы – функционалдық сауаттылықты қалыптастыратын бірден бір құрал. Бұл әдіс оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Кейс технологиясы бойынша берілген тапсырманы орындауда топ оқушыларының бірлесіп болған жағдайды талдайды және практикалық шешім шығарады. Кейспен жұмыс алгоритмі:

- Оқушыларға болған жағдайды толық мәлімдейтін мәтін ұсынылады.

- Оқушылар жағдаймен танысады, оны өз-бетінше талдайды және оны шешудің бірнеше жолын табады.

- әрбір топ өзінің шығарған шешімдерін басқа топтардың алдында дәлелдеді.
- Әрбір топ өз ойларын ортаға салады, соңында тапсырманы қорытындыланады.

Кейс тапсырмаларды сабақтың кез келген бөлігінде қолданады, бұл мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Жалпы менің өзіме бұл тапсырмаларды сабақтың басы мен ортасында енгізген қолайлы және кейс есептерін сабақ процесіне әртүрлі әдіс- тәсілдермен ендіру болады. Мысалы, тапсырманы МИҒА ШАБУЫЛ тәсілі арқыл ұсынсақ, онда оқушы жағдаятқа байланысты бар білгенін ауызша немесе жазбаша ой салуға дағдыланады. «Джигсо» әдісі есепті топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасауды. Өз жұмысы бойынша топта талқылауды, идеялармен бөлісудің, басқа топтарға өкіл жіберудің үйренеді.«Т-карта» әдісі Идеялар мен ақпараттың арасындағы байланысты жинақтауды, тұжырымдауды, «Үштік» әдісі Бір оқушы тапсырманы оқиды, екіншісі тыңдайды, үшіншісі түртіп алады. Кейін пікірлерімен бөлісіп, қорытынды жасауды, «Жұптық әңгіме.Бір-бірімен пікір бөлісу барасында салытыру, талдау, болжау дағдырылалын дамыту дағдыланады.

### **Кейс құрастыру**

- Кейс тапсырмасының көлемі 5-7 сыныптар үшін 0,5-1 бет, 8-11сыныптар үшін 2-5беттен аспауы керек. Сонымен қатар мұғалімнен кіріспе нұсқаулық та болуы мүмкін.

### **Кейс технологияның құрылымы:**

1. Презентация – мұғалім оқушылардың барлығына бірдей сабақтың мақсатына қарай белгілі бір проблема қояды. Осы проблеманы түсіндіреді.
2. Ұстанымы – оқушылар мұғалім түсіндірген проблема бойынша өз пікірлерін дәптерлеріне жазады. Әрбір оқушы өз идеяларын жеке жазып, басқа оқушылардан көшірмейді. Оқушылардың жазған ұстанымдары кейінірек проблеманы топ болып талқылағанда қажет болады.
3. Проблеманы талқылау – оқушылар проблеманы топ ішінде талқылап, дұрыс шешім шығарады. Топ ішінде оқушылар бір-біріне үйретеді және үйренеді.
4. Шешім шығару – топ ішінде қабылданған шешімді басқа топтарға айтып, өзінің пікірін дәлелдеу. Басқа топтарда айтылған пікірге өз көзқарастарын білдіреді.

### **Кейс технологиясын қолдануға тиімсіз жағдайлар:**

- Кейс технологиясын бөлім оқытылып болған соң қолданған дұрыс;
- Кейс технологиясын оқу жылының басында қолданған тиімсіз;
- Кейс технологиясы пән бойынша базалық білімді қажет етеді.

Математика қолданылатын кейс сабақтарында берілетін тапсырмалар оқушыларды қызықтыруға, олардың диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, тапсырмаларды орындауда ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Әсіресе, геометрия сабағында оқушыларға тәрбиелік мағынасы жоғары ұлттық педагогика элементтері үйретіледі. Кейс технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы ол – оқушы-өздігінен ізденетін, алдарында тұрған проблеманы шешетін субъект. Болашақта өз орнын таба білетін ұрпақты бүгінгі күннен дайындайық.

### **Әдебиет:**

1. Барнс, Л. Б.,Кристенсен Р. К., Хансен Э. Дж. Преподавание и метод конкретных ситуаций. - М. : Гардарики, 2000.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

## **«ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ»**

### **АННОТАЦИЯ**

В статье рассматривается функциональная грамотность на уроках биологии в методическом аспекте. Автором выделено, что формирование функциональной грамотности многосторонний, длительный процесс: достичь нужных результатов можно лишь через систематическую каждодневную работу на уроках, умело, грамотно сочетая различные инновационные педагогические технологии которые способствуют креативному развитию личности каждого школьника.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, педагогические технологии, естественнонаучное образование.

Модернизация школьного образования применение современных образовательных технологий отражает современные тенденции формирования и развития образования, выступающего как целостная система на качественно новом уровне, максимально направленном на раскрытие творческого потенциала личности. Современные интерактивные, мультимедийные образовательные технологии, выступая технологической частью образовательного процесса, они формируют функционально грамотную личность, способной повысить конкурентную способность нашей республики среди развитых стран мира. На сегодняшний день главными функциональными качествами школьника являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни. Все данные функциональные навыки формируются в условиях школы. Задача формирования функциональной грамотности учащихся это требования к содержанию учебной деятельности на уроке и необходимым компетенциям учителя-предметника [1].

В Послании Елбасы Н.Назарбаева, народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития азахстана» отмечено, что «образование должно давать не только знания, но и умения их использовать в процессе социальной адаптации». В связи с этим указана необходимость дальнейшего развития функциональной грамотности школьников [1].

«Функциональная грамотность – это способность личности использовать свои знания для решения жизненных задач в сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений». Естественнонаучное образование имеет особое и актуальное значение, оно формирует у учащихся понимание природных явлений и законов, раскрывает научные методы изучения природы, направлено на создание условий, позволяющих учащимся найти свое место в меняющемся мире наряду с миром природы, и критичен по признаку развития их мировоззрения, культурно-практического характера, интеллектуальных и творческих способностей, функциональной грамотности [2].

Естественнонаучное образование имеет особое также актуальное значение, оно формирует около учащихся понимание природных явлений также законов, раскрывает научные методы изучения природы, направлено на создание условий, позволяющих учащимся найти свое место во меняющемся мире наряду со миром природы, также критичен по признаку развития их мировоззрения, культурно-практического характера, интеллектуальных также творческих способностей, функциональной грамотности

На уроках биологии у предметников есть много возможностей формирования естественнонаучной грамотности учащихся: обучить их применять полученные теоретические знания на практике и использовать в процессе социальной адаптации, формировать умения объяснять явления, процессы, выдвигать гипотезы, ставить вопросы и отвечать на них, проводить анализ и синтез, исследовать, экспериментировать и делать выводы с привлечением полученных ранее знаний.

Таким качествам способствует методические методы и инновационные техники обучения, который должен содержать компетентностные задания, экспериментальные работы, исследования, анализ и синтез процессов, явлений, фактов, выводов.

1) «Что будет, если...?», «Попробуй объясни - задания на объяснение явлений и фактов. 2) «Как узнать?» применение методов познания.

3) «Из полученного сделай вывод и объясни пути формирования умений и эти выводы, нужно соотносить свой жизненный опыт с полученными знаниями.

Уроки биологии позволяют оперативно решать через предложенные задания и проблемные ситуации, которые должен понимать а также решать разносторонний человек сегодняшнего и будущего дня. Основные источники развития функциональной грамотности учащихся в процессе обучения биологии реализуется в аспекте формирования умения решать ситуационные задания и самостоятельно применять знания в новых ситуациях. И мы стали использовать на своих уроках такие задания – ситуационные задачи [3].

Ситуационные задачи - это задачи, позволяющие ученику осваивать интеллектуальные операции последовательно в процессе работы с информацией: ознакомление → понимание → применение → анализ → синтез → оценка.

- Специфика ситуационной задачи заключается в том, что она носит ярко выраженный практико-ориентированный характер, но для ее решения необходимо конкретное предметное знание.

- Зачастую требуется знание нескольких учебных предметов. Кроме этого, такая задача имеет не традиционный номер, а интересное название.

- Обязательным элементом задачи является проблемный вопрос, который должен быть сформулирован таким образом, чтобы ученику захотелось найти на него ответ

Ситуационные задачи формирует у школьников биологические, интеллектуальные, коммуникативные компетенции, которые способствуют использовать разные формы работы учащихся на уроках: индивидуальную, парную, групповую, делают урок интересным, а также является основой саморазвития личности в процессе обучения биологии.

При подготовке ситуационных задач по по предмету биология всегда учитываю возрастные особенности, а также преемственность формирования функциональной грамотности с 5 по 11 класс, уровень её сформированности. Задачи составляются так, чтобы школьники прорабатывали текст учебника и предложенные дополнительные источники информации, умели находить оперативно ответы на поставленные вопросы, проводить эксперименты, проявляли творческие способности при анализе и синтезе знаний, их оценке, то есть учащиеся учатся узнавать что-то новое и применять это новое на практике, в повседневной жизни. Эти задачи позволяют формировать функциональную грамотность, использовать разные формы работы учащихся: индивидуальную, парную и групповую, делают урок более содержательным и интересным для учащихся и преподавателя, способствуют саморазвитию личности в процессе обучения и формированию практико-ориентированных навыков у обучающихся [4].

Биологические знания является компонентом общечеловеческой культуры, основа для формирования научной картины мира. Важно показать значимость биологических знаний, возможность их применения в жизни для сохранения здоровья, адекватного взаимодействия с окружающей средой. Выполнение заданий, направленных на формирование и оценивание функциональной грамотности, ориентирует на актуальность и потенциальную возможность использования приобретаемых знаний и умений, т. е. способствует формированию у обучающихся готовности к их применению в дальнейшей практической деятельности.

Развитие функциональной грамотности возможно на основе сформированной академической грамотности. Развитие компетенций, является основой функциональной грамотности, освоение предметного знания это особенность учебного процесса. Таким образом развитие навыков естественнонаучной грамотности совместно с инновационными технологиями на уроках биологии способствуют развитию качества знаний школьников и повышению мотивации учебной деятельности. Одним из основных элементов в нашей профессиональной деятельности считаю – развитие таких умений и навыков, которые способствуют успешности наших учеников в повседневной жизни.

## Список использованной литературы

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы
2. Галеева Н.Л. Сто приемов для учебного успеха ученика на уроках биологии: Методическое пособие для учителя. – М.:»5 за знания», 2006.-144с.
3. Ричард Халкетт, директор Стратегий и Исследований CiscoGlobalEducation 17 марта, 2009; [www.getideas.org/coge](http://www.getideas.org/coge)
4. Трехмерная методическая система обучения – основа формирования функциональной грамотности учащихся. Караев Ж.А. АО НЦПК «Орлеу». <http://www.rae.ru/meo> (Методическое пособие к учебнику Н.И. Сониной, Н.Р. Сапина «Биология. Человек.

**Махтбекова З.А.**

*Ғ. Мұстафин атындағы ЖББОМ, Қарағанды қ.*

## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына»,- деп ғұлама Жүсіп Баласағұн айтқандай, өзгерістерге толы білім саласында мұғалімдер қауымы біліктілік танытып, ізденіспен еңбек етіп келеді. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті–ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіруі процесінде маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жазатын, сөйлей, оқи алатын адам сауатты танылады. Ал «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Оқушыға бағыттап алсақ, олардың функционалдық сауаттылығы– мектеп қабырғасынан алған білімдерін, іскерлік дағдыларын жүзеге асырып, өмірде пайдалана алуы болып табылады. Бүгінде ұстаз ретінде оқушыларыма білім берумен қатар, оларға өмірге әлеуметтік бейімделу үдерісінде алған білімдерін пайдалана білулерін үйретіп келемін. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін күнделікті сабағымда табысқа жетудің озық әдіс-тәсілдерін, сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолданып отырамын. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде сабақтарымда оқушылардың теориялық тұрғыдан білімдерін дамыту мақсатында Н. Оразақынның «Сатылай кешенді талдау» технологиясын пайдаланып келемін.


Күнделікті сабақтарымда алдымдағы әрбір оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, яғни әр бұлақтың көзін ашуға тырысамын, алдын ала әзірлеп келген логикалық тапсырмаларымды сабақтың алғашқы кезеңінде балалардың ойлануына мүмкіндік туғызып, **«Миза шабуыл принципіне»** сүйеніп жүргіземін. Бұл жұмыс оқушылардың креативті ойлануына ықпал етеді. Әрине, әрбір логикалық тапсырманы әр пәннің, әр тақырыптың ерекшеліктеріне байланысты жеңілден ауырға қағидатына сүйене отырып, дифференциалдап оқыту жүйесімен жүргіземін. Бұл жұмыс оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, зейінің тұрақтандырып, бірізділік, жүйелілік принциптерімен жұмыс жасауға қалыптастырады.

Оқушылардың функционалдық қабілетін дамытуда мәтінмен жұмыс жүргізудің алар орны ерекше. Сондықтан, мәтінмен жұмыс жүргізу барысында келесі талаптарды тұрақты түрде назарымда ұстаймын:

1. Берілген мәтінді түсініп оқу;

2. Мәтінмен жұмыс жүргізіп болған соң, оқушыларға қайта сол мәтін таратылады, бірақ ол мәтінде грамматикалық және басқа да қателер болады. Оқушылар сол мәтіннен қателерді табу керек. Мұндай жұмыс арқылы оқушылардың қаншалықты мәтінді мұқият оқығанын, түсінгенін, ойдың, тақырыптың ашылуын қадағалап, өмірмен байланыстырып, тұжырымды шешім қабылдағанын байқаймын.

Күнделікті сабағымда «*Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту*» технологиясының стратегияларын пайдаланамын. Өз іс-тәжірибемде оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ана тілімізде қарым-қатынас жасауға үйрету мақсатында әр түрлі әдістерді жүйелі түрде қолданып отырамын. Нәтижесінде оқушыларым қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, диалогтік қарым-қатынасқа еркін түсуде. Күнделікті сабақтарымда оқушыларымның оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым дағдыларын меңгеруін басты назарда ұстаймын. Жоғарыда айтылған сөздерімнің дәлелі ретінде өз іс-тәжірибеммен ұштастырғым келеді. «*Арқарға үлкен мүйіз неге керек?*» мәтінін оқыған кезде оқушылардың қызығушылығын ояту барысында «Арқар» сөзіне ассоциация жасалды. Білім алушылар биология сабағынан арқар туралы білетіндерін еркін айтып, ойларын қағаз бетіне айқын түсіре алды. (Арқар--әдемі, мемлекет тарапынан қорғауға алынған, тауда тіршілік етеді, мүйізі үлкен жануар, жүйрік, қоңыр түсті, жабайы қой, аша тұяқты.) Мағынаны тану кезінде «*Бағыттап оқу*» стратегиясы арқылы мәтін мазмұнымен танысқан кезде оқушылар бағыттау сұрақтарына байланысты өз ойларын нақты жеткізе алды. *Мәтін не туралы?* деген жіңішке сұраққа оқушылар арқар туралы, атасы мен немересінің орманға саяхаты деп жауап берсе, *Арқарға неліктен үлкен мүйіз керек болуы мүмкін?* сұрағына оқушылар өзіндік ой-пікірін айтты. Жуан сұрақтар қойылған кезде оқушылар жауабы кеңейе түсті. Арқар туралы қосымша мағлұматтар жинап, мәтіннен толық мағлұмат алынғаннан кейін, осы мәтін мазмұнынан не түйгендерін «*Үш жақты түсіндірмелі күнделікке*» толтыру тапсырмасын орындау барысында Данил деген оқушым: *Не туралы білдім?* сұрағына: *Мәтінде арқар туралы көп мәлімет берілген. Арқар өз жауынан қалай қорғанады, қайда, қалай тіршілік етеді және оған үлкен мүйіз не үшін қажеттігін білдім. Нені білгім келеді?* сұрағына *Арқарды неліктен жабайы қой деп атаған? Мүйізінен қандай ауруларға ем болатын дәрі-дәрмектер алынатыны туралы кеңінен мағлұмат берілсе,- деп өз ойын білдірді.* Оқушымның жауаптарынан оның өз бетімен ізденгенін аңғардым. Алған білімін өмірмен ұштастыра алғанын байқадым.



1-сурет. 9-сынып. Сабақ барысынан көрініс

Тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов шығармаларымен танысқанымызда оқушыларыма «өлең жолдарын жалғастыр» тапсырмасын бердім.

Ақын, ғалым, .... ,

Оқулық ... балаға.

Әр жүрекке ...

Ахмет Байтұрсынов ұлы ...

Берілген тапсырманы орындау барысында оқушым Анастасия көп нүктенің орнына: *ғұлама, арнады, тапқан, тұлға* сөздерін қойып, тапсырманы орындады. Мединаның жұмысынан оның үйренім сөздерін орынды қолданғанын байқадым. Ой толғаныс кезіндегі

Кейбір терминдік сөздер химиялық элементтердің, заттардың, лабораториялық көрнекі-құралдардың атауларын атауда интернационалдық сипатта қолданылады. Нақты айтқанда өз ана тілімізде де өзге тілдерде де заттардың атауларында өзара ұқсастық байқалады. Химиялық ыдыстармен танысқанда атауларының мағынасына қарап аудармалар жасауға болады.

\*Сынауық (латын тілінде. proba – орыс тілінде испытывать, проверять, қазақ тілінде сынау, байқау дегенді білдіреді.)

\*Фильтр/філтр (латын тілінде. filtrum – орыс тілінде войлок, қазақ тілінде – сүзу)

\*Колба (неміс тілінде. Kolben)

\*Flask (латын тілінде. Flasko – орыс тілінде контейнер немесе склянка)


\*Burner (ағылшын тілінде, to burn - жану)



Task №1

By using the method of 5 questions, children got hints from each other on the usage of the instruments and will find their names

Task №2

Children fill out a table with unknown data, by using keywords

№	picture	name	usage
1		funnel	
2			to see things larger
3			
4			to protect our eyes

№	picture	name	usage
1		beaker	
2			
3			to measure heat and could
4			

Химиялық терминдердің атауын оқушыларға таныстырғанда негізгі ұғымдарды қалыптастыру қажет. Мысалы: химиялық элемент, атом, протон, нейтрон, молекула, химиялық формула, химиялық реакция т.б.

\*Элемент / element (латынша. elementum – алғашқы зат).

\*Атом / atom (грекше. atomos – бөлінбейтін).

\*Формула / formula (латынша. formula – химиялық жеке заттар молекуласының құрамын химиялық таңба және сан арқылы белгілеу.).

\*Реакция / reaction (латынша. re- қарсы, action – әрекет, қимыл.).

\*Бейтараптану / neutralization (латынша.. neuter – екеуіне де жатпайтын басқа деген мағына).

8- сыныптың химия сабағында оқушылар химиялық элементтермен танысқан кезде төмендегідей тапсырма беруге болады. Мысалы: Д.И. Менделеевтің периодтық кестесін,

ағылшын және қазақ тіліндегі сөздікті қолдана отырып №1,5,8,9,17,20,25,27,30,35,45,50,53 болатын элементтердің атауын кесте жазып, толтыру керек.

Ағылшын тілінде атауы	Химиялық элементтің қазақ тілінде атауы

Оқушыларға химия пәнінен ағылшын тілінде түсіндіргенде кейбір әдістерді қолданған жөн. Мысалы: сөзбе-сөз аудару, орынын ауыстырып қолдану, көрнекілік көрсету, екі тілді мәтіндік ауыстыру, билингвалді қосымшалар, билингвалді салыстыру.. Бұл әдістің қарапайым сөздікпен аударғаннан айырмашылығы кестелер мен сызбанұсқалар арқылы қазақша баламасының мәліметтерімен салыстыру арқылы аудармасын жаттай алады. Билингвалды салыстыру кезінде оқушы химия тілінде символдардың, терминдердің, номенклатураның бір мезгілде қазақ және ағылшын тілінде атап, көрсетуіне болады. Бұл әдісте көбінесе тапсырмаларды кестелер түрінде берген жөн.

Химия пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейтеді, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге қызықтырып қоймай, оқушының ізденуге деген қызығушылығын оятады, танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады, оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қорын кеңейтеді, сөйлеу дағдысын қалыптастырады, жеке тұлға ретінде қалыптасады.

Қазіргі таңда оқушылар халықаралық олимпиадаларға химия пәні бойынша жеткілікті деңгейде қатысуда. Бірақта осы ғылыми жобалар және олимпиадалар ағылшын тілінде қорғалады. Химия пәнінен білімдері жеткілікті болғанымен, ағылшын тілін толық жақсы білмегендіктен, көп жағдайда осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе алмайды. Осындай кедергілерді болдырмау мақсатында, мектепте өтілетін жаратылыстану бағытындағы пәндерді үш тілге негіздей отырып оқытқан тиімді.

Болашақта оқушыларымыз бірнеше тілде еркін сөйлеп, әлемнің барлық елдерімен бірлесе жұмыс жасайтын, жеке бір тұлға болып қалыптасатынына сенімдімін.

Бүгінгі таңда еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын абыройлы жетістіктермен аттап, дамыған елу елдің қатарына қосылатын болғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де әлемдік білім берудің талаптарына сай болуы керек. Сондықтан, Қазақстанның тілдер саясатындағы басты бағыт – тілдердің үштұғырлылығы.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2015ж
2. Баженова И.Н. құрастырушы. Педагогикалық ізденіс - А; Рауан, 1990 «Химия мектепте» журналдары 2005ж №4, 2006ж№3
3. «CHEMISTRY,Grade 9» Қостілді оқулық/ Қ.Байкенов, Т Хасен, Н Жұмағұлов, Д Калиев, О.Юсупов, А.Саматов,Абдурахман Сел және Али Тор.
4. -Алматы: Астана – кітап,176 б-2018

**Нургалиева А.М.**

*КГУ «Школа-центр дополнительного образования имени Прокофия Корниенко» п.Топар  
Абайский район*

#### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ, НАПРАВЛЕННЫХ НА РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ, НА ПРИМЕРЕ УРОКА ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ**

**Актуальность темы, соответствие приоритетам развития системы образования РК**



Работа над данной разработкой является актуальной, так как соответствует приоритетам развития системы образования Республики Казахстан. Об этом говорится в Послании Лидера Нации Н.А.Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность»: «Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации». То есть упор делается не столько на получение школьниками знаний, сколько на развитие навыков и умений добывать, анализировать, оценивать, интерпретировать информацию. Это навыки XXI века, которые призвана формировать современная система образования.

«Школы должны подготовить учеников жить и работать в мире, в котором большинству людей необходимо сотрудничать с людьми разных культур, принимать во внимание различные идеи, перспективы и ценности; в мире, в котором люди должны решать, как доверять и сотрудничать, несмотря на наличие таких различий, часто преодолевая при этом пространство и время с помощью технологий; и в мире, в котором их жизнь будет зависеть от вопросов, которые выходят за пределы национальных границ. Школы двадцать первого века должны помочь ученикам развивать самостоятельность и самобытность, которая дает осознание реальности национального и глобального плюрализма, подготавливая их к последующему включению в жизнь с другими людьми, к работе и выработке гражданской позиции». (Андреас Шлейхер, исполняющий обязанности директора Управления образования и профессиональной подготовки, и специального советника Генерального секретаря ОЭСР по политике образования (2014)

### **Постановка проблемы**

Современному Казахстану, интегрирующемуся в мировое сообщество, необходимы люди, которые обладают мобильностью, могут быстро приспосабливаться к меняющимся обстоятельствам, действовать оперативно, творчески подходить к решению проблем. Нужны специалисты, которые могут оперативно решать поставленные задачи, критично мыслить, работать в команде.

Еще одна из важнейших проблем, над решением которой мы работаем, – это неразрывная связь обучения и воспитания нравственных ценностей, легших в основу программы «Рухани Жаңғыруу». Как говорил великий Абай, «Не раскрыв для себя видимых и невидимых тайн вселенной, не объяснив всего себе, человеку не стать человеком».

Использование активных методов обучения, направленных на развитие функциональной грамотности учащихся, хочу показать на примере урока всемирной истории в 9 классе.

### **Преимущества разработки урока, представленной в данной работе:**

1. Направленность на развитие продуктивных способов деятельности, функциональной грамотности учащихся
2. Логическая взаимосвязь всех этапов урока
3. Наличие требований к уровню учебных достижений учащихся
4. Реалистичность поставленных целей
5. Учет возрастных особенностей учащихся и дифференциация
6. Развитие навыков высокого порядка (по таксономии Блума)
7. Организация исследовательской деятельности

Весь комплекс активных методов и приемов урока «работает» на развитие у школьников осознанного отношения к изучению истории. Другими словами, учащиеся осознают и понимают происходящие в мире события целостно и многоаспектно. В этом и состоит важнейшая задача учителя истории - развитие исторического мышления.

Преимущество предлагаемой разработки урока так же заключается в том, что на уроке идет работа над развитием навыков высокого порядка, по таксономии Блума. Учащиеся в ходе совместной поисковой работы, сопоставления разных идей, взглядов анализируют информацию, интерпретируют ее, делают выводы, составляют исторический прогноз.

В уроки всемирной истории, согласно концепции развития трехязычия, включена работа по ознакомлению, усвоению и применению основных терминов и понятий на казахском, русском и английском языках.

Развитие активной мыслительной деятельности было реализовано через организацию диалогового обучения, самостоятельного изучения новой темы в группах. Работа в группе –

возможность вести кумулятивную беседу, обмениваться идеями, аргументированно отстаивать свою точку зрения, выработать единое мнение.

Из большого арсенала активных методов обучения мною были выбраны «Постер», «Воздушный шар», «Воронка идей», «Диаграмма Венна».

Прием взаимооценивания «Сэндвич» направлен на развитие у школьников навыков приводить аргументы, доказывающие достижения других групп, давать рекомендации, над чем необходимо им поработать в дальнейшем, вносить коррективы в свою учебную деятельность и ставить новые цели.

Как и на остальных уроках, на данном уроке большое значение придается рефлексии, которая дает возможность учащимся оценить свою работу и работу своих одноклассников, осознанно относиться к тому, что они делают на уроке.

И, в завершение урока, проводим обратную связь, выясняем, достигнута ли цель, поставленная в начале урока, подводим итоги урока.

Вывод: Таким образом, использование активных методов обучения способствует развитию функциональной грамотности школьников.




### Краткосрочный план по всемирной истории 9 класс

#### Тема урока «Как сформировалась биполярная система мира?»

Раздел:	Раздел 6. Политическое развитие мира во второй половине XX века	
ФИО педагога	Нургалиева Айнагуль Маратовна	
Дата:		
Класс:	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:
Тема урока	Как сформировалась биполярная система мира?	
Цели обучения в соответствии с учебной программой	9.3.2.3 Характеризовать противостояние военно-политических блоков НАТО и ОВД, опираясь на знание исторических фактов и карты	
Цели урока	Все ученики Будут знать о противостоянии военно-политических блоков НАТО и ОВД, о создании биполярной системы мира Большинство учеников Будут характеризовать противостояние военно-политических блоков НАТО и ОВД, опираясь на знание исторических фактов и карты Некоторые ученики Будут анализировать последствия создания биполярной системы	

### Ход урока

Этап урока/ Время	Действия педагога	Действия ученика	Оценивание	Ресурсы															
Начало урока (8 мин) Орг. момент (1 мин) Целеполагание (3 мин)  2 мин	1.Создание коллаборативной среды -Доброе утро. Ребята! Желаю вам интересной и плодотворной работы! -Тема урока: Как сформировалась биполярная система мира? 2.Знакомство с целями обучения -Чего вы хотите достичь к концу урока? Какую цель ставите перед собой? Запишите цель в виде заметок на стикерах 3.Үш тілде сөйлейміз! <table border="1" data-bbox="343 1758 813 2027"> <tr> <td>Қазақша</td> <td>Орысша</td> <td>English</td> </tr> <tr> <td>Биполярлық әлем</td> <td>Биполярный мир</td> <td>The bipolar world</td> </tr> <tr> <td>Сұм соғыс</td> <td>Холодная война</td> <td>Cold war</td> </tr> <tr> <td>Бейбітшілік</td> <td>Мир</td> <td>Peace</td> </tr> <tr> <td>Толеранттылық</td> <td>Толерантность</td> <td>Tolerance</td> </tr> </table>	Қазақша	Орысша	English	Биполярлық әлем	Биполярный мир	The bipolar world	Сұм соғыс	Холодная война	Cold war	Бейбітшілік	Мир	Peace	Толеранттылық	Толерантность	Tolerance	Ученики приветствуют учителя  Ученики записывают цель на стикерах  Учащиеся знакомятся с терминами на трех языках, чтобы использовать их на уроке		Презентация
Қазақша	Орысша	English																	
Биполярлық әлем	Биполярный мир	The bipolar world																	
Сұм соғыс	Холодная война	Cold war																	
Бейбітшілік	Мир	Peace																	
Толеранттылық	Толерантность	Tolerance																	

<p>Основная часть (20 мин) Деление на группы (2 мин)</p> <p>Работа в группах (12 мин)</p> <p>Презентация работ (8 мин)</p>	<p>Метод «Расчет по порядку» Учитель просит рассчитаться на счет 1, 2, 3, 4</p> <p>1.Актуализация знаний Посмотрите видеосюжет о речи Черчилля в Фултоне Вопросы: Какова цель речи Черчилля? Каковы причины «холодной войны»? Почему 2-я мировая война стала причиной формирования биполярной системы?</p> <p>2.Групповая работа Группы получают задания: 1) «Воронка идей»: расположить по степени важности явления биполярной системы, оказавшие влияние на дальнейшее развитие международных отношений. 2) «Воздушный шар»: а) На самом шаре: принципы деятельности, характеризующие оборонительный характер НАТО б) Что является сдерживающим фактором? В «мешках с балластом» - действия НАТО, приведшие к осложнению международной обстановки в) Что заставит шар лететь на высокой скорости? Записать поверх шара, какие принципы деятельности НАТО способствовали бы укреплению мира 3) «Постер»: а) причина создания ОВД, б) цель создания ОВД, в) последствия создания ОВД 4)Диаграмма Венна: сравнить Берлинский и Карибский кризисы</p> <p>2.Метод «Презентация» (каждая группа - 2 мин)</p>	<p>Ученики рассказываются по 4 группам Ученики отвечают на вопросы учителя</p> <p>Изучают информацию, обсуждают, выполняют задание</p>  	<p>Устная оценка и поощрение учителя</p> <p>Взаимооценивание «Сэндвич»</p>	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=MLfv2u6m1Rg&amp;t=117s">https://www.youtube.com/watch?v=MLfv2u6m1Rg&amp;t=117s</a></p> <p>Учебник «Всемирная история 9 класс» §5, стр.29-37</p>
<p>Конец урока (12мин) (7 мин)</p> <p>Дом. задание (2 мин) Обратная связь (3 мин)</p>	<p>Рефлексия 1-я гр.: написать письмо лидерам стран о принципах справедливой внешней политики (объем 5-6 предл.) 2-я гр.: написать слоган, используя термины на 3 языках 3-я гр.: написать эссе «Мәңгілік Ел»: идеи мира и согласия» (объем 5-6 предл.) 4-я гр.: написать напутствие молодым казахстанцам, используя слова Абая: «Начало человечности - любовь и справедливость. Они присутствуют во всем и решают всё». §5, вопрос 4 письменно.</p> <p>Метод «Кейс» -В начале урока вы записали свои цели на стикерах. Если вы достигли цели, прикрепите стикер на кейс. Если у вас есть дополнения, пожелания, можете их тоже записать и прикрепить к кейсу</p>	<p>Выполняют задание</p> <p>Записывают дом.задание</p> <p>Прикрепляют стикеры на кейс</p> 		

## **ОҚУ - ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ**

Функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру.[1]

Осы орайда биология пәні бойынша оқу- тәжірибе алаңының білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы орны ерекше. Алаңда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алдымен мақсат қою, жоспарлау, шешім қабылдау, орындау, нәтижеге баға беру арқылы жүзеге асады.

Оқу-тәжірибе алаңын аспан астындағы «жасыл зертхана» деп атауға болады. Тәжірибе алаңы оқушы үшін қызықты зерттеулер мен жұмыстарға толы. Мектептің бүкіл аумағын тәжірибе алаңына айналдыруға болады, себебі өсімдіктер дүниесі барлық жерде өсіп-өнетіні белгілі. Ауылымыз еліміздің далалық шөлейтті аймағында орналасқан. Далалық флораның негізгі басым түрлері қау немесе боз, бетеге, қараған, тобылғы, жусан мектеп аумағында да өседі. Климаты, топырағы мен өсімдіктер дүниесі: «шөлейтті құрғақ, қоңыржай ыстық белдем-ашық қара, қоңыр топырақты жусанды, бетегелі, бозды дала» санатына жатады.[2] Жауын - шашынның жылдық орташа мөлшері 293 мм-ге тең. Оқушылар жүргізген бақылау күнделіктерінде 1997, 1998, 2002, 2002 жылдары қатты қуаңшылық болып, керісінше 1999, 2000 жылы жаз айларында жауын мол жауды. 2004 жыл жауын- шашын молдығымен ерекшеленсе, 2005 жылғы жаз айы өсімдіктер үшін жайсыз жыл болды. Маусым, шілде айларында ыстықтар болып керісінше жауын жауған жоқ. 2006, 2007 жылдары жаз айындағы жауын шашын мөлшері мол, болып 2008, 2009 жылдары құрғақшылықпен ерекшеленді. 2010-2019 жылдар аралығында қатты қуаңшылық байқалмады. 2020 жылы сәуір, мамыр айлары жаңбырсыз өтті және көктем ерте шықты. Шілде мен тамыз айлары жаңбырлы болды.

Абиотикалық факторлардың ішіндегі жауын-шашын мөлшерінің аз түсуі, яғни шектеуші фактор болуы, құбыр суының жоғары тұздылығы мектеп аумағын көгалдандыруда, оқу-тәжірибе алаңының жұмысын жүргізуде түрлі тәжірибелер жүргізуге итермеледі. Оқушылар осы үрдіске қатысып бірнеше тәжірибелер қойып «Орталық Қазақстанның қуаңшылық климаты жағдайында ылғал үнемдеу арқылы көгалдандыру және көкөніс егу жұмыстарын жүргізудің тиімді әдіс –тәсілдері» жобасы жасалды. Атап айтқанда көлбеу тратуар жиегіне қарақат егіліп жауын суынан нәр алған өсімдіктер мол өнім бере бастады (1-сурет). Осы әдіспен егілген қарағаштар да 5-7 жылда зәулім ағаштарға айналды. Көкөністер егілетін танаптар дәстүрлі және ойыс танаптарға (2-сурет) егілді. Жоба аясында оқушылар ойыс танаптағы көкөністердің жақсы шығым беретіндігіне көздері жетті. Танаптардағы арамшөптердің түрлерімен олардың биологиясымен танысты және жаз бойы күрес жүргізді. Топырақты құнарландыруда органикалық тыңайтқыш-көңді пайдалану әдісін, көкөністерді егудің тереңдігін, қатар аралықтарын сақтауды, аралық қопсыту әдіс –тәсілдерін меңгерді. Ауа райы мен өсімдіктердің дамуына фенологиялық бақылаулар жүргізді. Үйренген әдістерін өз бақшаларында қолданды.

Кәдімгі қарағайды өсіруде жатаған бидайық (пырей ползучий) (*agropyron repens*) көп қиыншылық келтірді. Арнайы әдебиеттерден ақпарат ала отырып бұл арамшөппен күрестің тиімді тәсілдері анықталып «Жатаған бидайықпен күрес тәсілдері» атты ғылыми жоба қорғалды.

«Су-тіршілік көзі» гидромарафоны аясында мектеп шатырының аумағына түсетін жауын-шашын мөлшері (мм) география алаңындағы гигрометрмен өлшеніп суағар жүйесін жасау арқылы қанша тонна су жинауға болатыны есептелді және технологиялық картасы жасалды. Жоба іске асқанда қысқа мерзімде жауыннан мол су жинауға болады. Мысалы: шатыр ауданы 80

м x 10 м =800 ш/м. 5 мм жауған жауынның салмағы жауын –өлшейтін шелектің шеңберлі ауданына шаққанда 50 граммды құрады. Шелектің ауданы: 6 см<sup>2</sup> x 3,14=113 см<sup>2</sup>  
 8000000 см<sup>2</sup> :113 см<sup>2</sup> =70796 см<sup>2</sup>  
 70796 см<sup>2</sup> x 50 гр=3550кг су ағады

Мектеп аумағындағы өсетін өсімдіктерді танып -білу мақсатында оларды жүйелеу, атап айтқанда, түрлерін анықтау, бір, екі, көп жылдық өсімдіктерге топтастыру, тіршілік ету формасын (ағаш, бұта, шөптесін), мәдени және табиғи түрлерге бөлу қолға алынды. Жалаңаш тұқымды өсімдіктердің бір өкілі кәдімгі қарағай (*Pinus sulvestris*) және споралы мүк өседі. Қалған өсімдіктердің барлығы жабық тұқымдылар өкілдері. Бұл жұмыс «Мектеп оқу-тәжірибе үлескісіндегі өсімдіктердің түрлік құрамы» жобасында көрініс тапты.

Өсімдіктерді анықтауда Н.Новикованың «Определитель высших растений» оқулығы пайдаланылды[3]. Өсімдіктердің түрлік құрамын жүйелеу нәтижесінде табиғи өсімдіктердің 18 түрі, мәдени өсімдіктердің 12 түрі, барлығы 30, оның ішінде ағаштардың 6 түрі, бұталардың 9 түрі, шөптесін өсімдіктердің 15 түрі анықталды және қазақ, орыс, латын тілдерінде атаулары жазылды. Көп жылдық өсімдіктер 25, 2 жылдық 1, 1 жылдық 4 болды. Жекелеген өсімдіктер туралы әдебиеттерден қызықты деректер алынып жинақталған материалдар сабақ үрдісінде слайдтар түрінде пайдаланылды, топсеруендер ұйымдастырылып, тәжірибелік сабақтар өткізілді. Оқу - тәжірибе алаңындағы және мектеп аумағындағы өсімдіктер дүниесін танып, білуде білім алушылардан сынақтар алынып олардың функционалдық сауаттылықтары тексерілді. Сонымен бірге 8-сыныпта «Жергілікті жердің флорасы мен фаунасы атты» элективті курс жүргізілді.

#### Мектеп аумағындағы өсімдіктер дүниесін жүйелеу және анықтау кестесі

Р.с.	Өсімдік атауы	Табиғи түрі	Мәдени екпе түрі	Көп жылдық	1 жылдық	Шөп тесін	Бұта	Ағаш	Арамшөп
1	Ақ терек /Тополь белая, <i>Populus nigra</i> /		*	*				*	
2	Көктерек* /Осина, <i>Populus tremula</i> /	*		*				*	
3	Дала үйеңкісі /Кленполевой, <i>Acer kampestre</i> /		*	*				*	
4	Қарағаш /Вязь гладкий. <i>Ulmus laevis</i> /		*	*				*	
5	Сары қараған /Акация/		*	*			*		
6	Қара қараған /Қарағана/		*	*			*		
7	Кәдімгі тобылғы/Таволга обыкновенная, <i>Filipendula vulgaris</i> /	*		*			*		
8	Жыңғыл /Тамариск /		*	*			*		
9	Гүл шетен /Сирень/		*	*			*		
10	Шие /Вишня кустарниковая, <i>Cerasus frutikosa</i> /		*	*			*		
11	Кәдімгі Үшқат/ Жимолость обыкновенная, <i>Lonicera xulesteum</i> /		*	*			*		
12	Крыжовникобыкновенный / <i>Grossularia rektinata</i> /		*	*			*		
13	Қара қарақат /Смародина черная, <i>Ribesnigrum</i> /		*	*			*		
14	Еркек бидайық /Житняк/		*	*		*			
15	Жағаған бидайық /Пырей ползучий, <i>Agropuron repens</i> /	*		*		*			*
16	Ақ жусан /Полынь белая, <i>Artemisia campestris</i> /	*		*		*			
17	Ащы жусан /Горькая полынь/ <i>Artemisia avsenthum</i> /	*		**		*			*
18	Сібір құртқашашы/Ирис сибирский, <i>Iris sibirika</i> /	*		*		*			
19	Селеулі Боз /Ковыльтырса, <i>Stipa</i>	*		*		*			

	capitata/								
20	Қой бетегесі /Овсяница/Типчак, Festuca valesiaca/	*		*		*			
21	Өлең шөп /Осокараня, Carex praecox/	*		*		*			
22	Жоңышқа /Люцерна , Medicago falcata/	*		*		*			
23	Ақ алабота /Марь белая, Chenopodium album/	*				*	*		*
24	Кәдімгі гүлтәжі /Ширица обыкновенная , /Amaranthus retroflexus/	*				*	*		*
25	Бақша қазтабаны /Герань огородная/ Geranium pratense/	*				*	*		*
26	Дәрілік түймедағы /Ромашка аптечная/ Matricaria recutita/	*				*	*		
27	Кәдімгі мыңжапырақ /Тысячелистникобыкновенный/Asxil ea millefolium/	• *				*	*		
28	Қой бүлдірген /Земляникаобыкновенная, Fragaria vesca/	*		*			*		
29	Қайың /Березаповислая, Betula pendula/	*		*				*	
30	Кәдімгі қарағай /Сосна обыкновенная/Pinus sulvestris/	*							
	Барлығы: 30	18	12	25	5	15	9	6	5

Оқушылардың танымын дамытуда егінжайға танымжорыққа апарып, ауылшаруашылық техникаларының жұмысымен таныстырылады, табиғаттың әсем «аралы» Жантем тастарына жылда топсеруен ұйымдастырылады.

Жалпы алғанда тәжірибе алаңында оқушылар диканшылық мәдениетімен танысып қарапайым агротехникалық шарларды меңгерді және оны өмірде қолданды. Осы тұрғыда Жүсіпбек Аймауытовтың мына бір қағидасы еске түседі. «Балаға ең қымбат, ең жылы, жақын нәрсе – туған жері, туған жерінің құбылыстарын білу балаға өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі жергілікті өмірге, табиғатқа терең мазмұн беріп, оларды баланың санасында жандандырып, оларға баланың махаббатын арттырады, бала әлеумет тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады, бұрынғыдай мектептен шыққан соң, бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта білгенімен өмір жүзінде пайдаланатын болады»

Қорыта айтқанда мектептің оқу тәжірибе алаңында оқушылар күшімен атқарылған жұмыстар табиғи құбылыстарды талдау арқылы ғылыми зерделеу, зерттеулер арқылы фактілерді жинақтау, шешім шығару, әрекет ету, қорғау қабілетін қалыптастырып, жаратылыстану ғылыми сауаттылығының негізін қалайды.

## Әдебиет

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: Қазақстан Республикасы
2. К.Өстеміров, А.Айтбаева «Қазіргі білім беру технологиялары» - А., 2006ж.
3. В.С.Новиков, И.А.Губанов. Школьный атлас определитель высших растений. М.Просвещение, 1985 ж.

## **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР**

Оқушылардың математикалық сауаттылығын анықтауға мүмкіндік беретін құрал ретінде жиі дамытушы есептер қолданылады, себебі олар көп жағдайда математикаға оқытудың бастапқы сатыларында білім алушыларға оңай және түсінікті сюжетке ие. Бұл есептердің құрылымына, мынадай математикалық қабілеттердің параметрлері салынған: тапқырлық, әуестік, білмекке құмарлық, болжам және т. б.

Осы қабілеттерге ие оқушылардың сұранысын қанағаттандыру үшін математикалық қабілеттерін анықтауға материал ретінде және жалпы математикалық қызығушылықты көрсету үшін адамзатпен қаншама есептер жинақталған. Әдетте, бұл есептер мектепте шығарылмайды. Көрсетілген қызықты, дамытушы есептердің мектептің базалық деңгейіне кірмеуі, әрине, өкінішті.

Математиканы оқыту және оқу қажет болған кезде, адамдар ең алдымен қызықты есептер және жұмбақты оқиғаларға назар аударады: «ойнай отырып оқыту» - бұл алғаш әдістемелік ұсыныс.

Дамытушы есептер шығару барысында «логикалық» деп атау қабылданған есептер ерекше мағынаға ие. «Логикалық есеп» термині әдістемелік әдебиетте жеткілікті анық анықталмаған. Көп жағдайда, логикалық есеп деп оларды шешу үшін логикалық ойлау қажет есептер деп атайды. Кең таралған логикалық есептер ішінен «саналы талдау» деп аталатын әдіс арқылы; жорамалдау әдісімен, әртүрлі кестелерді салыстыру, графтар салу арқылы шығарылатын есептерді бөліп көрсетуге болады.

**Есеп 1.** Қосындысы 15 тиынға тең екі монета бар. Олардың біреуі 5 тиындық монета емес. Бұл қандай монеталар?

*Талдау үлгісі және шығару жолы*

Тәжірибе көрсеткендей, бұл есеп адамды жеткілікті жиі тығырыққа тірейді, себебі жауапты көру оңай емес. Бұл мүлдем қорқынышты емес, тек жағдайды толық зерттеу қажет.

1. 15 тиындық қосынды құрайтын екі монета қандай болуы мүмкін деген сұраққа жауап айқын: біздің елдің монеталар жүйесі үшін әрине 10 тиын және 5 тиын.

2. Есеп тұжырымының ерекшелігі мынада: осы екі монетаның біреуі 5 тиындық емес, яғни 10 тиындық, ендеше екіншісі 5 тиындық. Берілген есепті шешу кезінде ойлаудың абстракциялау қасиеті дамиды.

Жоғарыда аталғандай, келтірілген есеп өзінің шешімі үшін белгілі бір «саналы мағынаны» қажет етеді, бірақ өздерінің шарттарында өте көп мәліметі бар есептер бар екенін айту қажет. Есеп шартында келтірілген барлық фактілерді есте сақтау мүмкін емес, сондықтан қосымша жазулар немесе кестелер қолдану қажет. Бұл жазулар қарастырулардан шешімсіз нұсқаларды алып тастауға көмектеседі.

**Есеп 2.** Нұрбек, Аңсар, Арай бір сыныпта оқиды, олардың арасында сыныптың ең жақсы математигі, ең жақсы жүгірушісі, ең жақсы суретшісі бар. Бізге белгілі:

1) Ең жақсы суретші өзінің портретін салған жоқ, бірақ Аңсардың суретін салды;

2) Арай жүгіргенде ешқашан ұлдардан қалып көрген жоқ;

Сыныптағы ең жақсы математик, ең жақсы суретші, ең жақсы жүгіруші кім?

Есепте екі жиын (оқушылар жиыны және мамандықтар жиыны) сөз етіледі. 3x3 торлы кестені қолданып, есептің жауабын табу оңай.


	Математик	Жүгіруші	Суретші
Нұрбек	-	-	+
Аңсар	+	-	-
Арай	-	+	-

Кейде мәндерінің саны өте көп кестелер немесе бірнеше кестені қарастыруға тура келеді. Бұл жағдайда графиктерді қолдануға болады. Графиктерді логикалық есептерді шығаруда қолдана отырып, оның төбелері мен қабырғаларына белгілі бір мағына береді.

**Есеп 3.** Университеттің студенттері эстрадалық төрттік ұйымдастырды. Марат сыбызғыда ойнайды. Домбырашы физикалық факультетте оқиды. Барабаншының аты Жанат емес, ал географиялық факультеттің студентінің аты Ораз емес. Марат тарихи факультетте оқымайды. Асқар домбырашы да, эколог та емес. Жанат физикалық факультетте оқымайды. Ал барабаншы тарихи факультетте оқымайды. Ораз қобызда ойнамайды. Жанат қандай аспапта ойнайды және қандай факультетте оқиды?

*Талдау үлгісі және шығару жолы*

Есепте әрқайсысында 4 элементтен бар үш жиын (студенттер, аспаптар, факультеттер) берілген. Кестені құру тиімсіз. Графтарды қолдананайық. Студенттерді олардың аттарының бас әріптерімен белгілейік: М, Ж, О, А; олар ойнайтын аспаптарды С, Д, Б, К; факультеттерді Ф, Г, Т, Э. Егер олардың арасында бірімәнді сәйкестік болса, екі жиынның элементтерін тұтас сызықпен белгілейміз, егер ондай болмаса, үзік сызықпен (1-сурет). Сонда Жанаттың тарих факультетінде оқитыны және қобызшы екені анық.



1-сурет

Кейде есеп шартын түсіну қиынға түседі, сол кезде сурет-диаграмма қолдану ыңғайлы. Шартта кездесетін шамаларды кесінділермен бейнелеу керек, сонда есеп шартын оңай түсінуге болады, ал сурет шешу жолын көрсетеді.

**Есеп 4.** Бөшкеде 40 шелек су болды, бөшкеден бірнеше шелек суды төккеннен кейін, бөшкеде төгілген судан 7есе көп су қалды. Қанша шелек су төгілді? Қанша қалды?

*Талдау үлгісі және шығару жолы*

Төгілді (1 бөлік)

Қалды (7 бөлік)

$1 + 7 = 8$ (бөлік) – 40 литрді құрайды.

$40 : 8 = 5$  литр – бір бөлігі (төгілген су).

$5 \cdot 7 = 35$  литр – қалғаны.

**Есеп 5.** Сағат тілі 2-ні көрсетіп тұр. 20 минуттан кейін сағат тілдерінің арасындағы бұрышты анықта.

*Талдау үлгісі және шығару жолы*

Барлық шеңбер  $360^\circ$ . Циферблаттағы сағат бөліктерінде бір сағатқа  $30^\circ$  сәйкес келеді, бір минутқа –  $360^\circ : 60 = 6^\circ$ .

Бір минутта минуттық тіл  $6^\circ$ -қа бұрылыс жасайды, ал сағаттық – градусың жартысына, ал секундтық  $360^\circ$ .

Сағат 2-де минуттық тіл мен сағаттық тілдың арасындағы бұрыш  $60^\circ$ -қа тең. 20 минут ішінде минуттық тіл  $6^\circ \cdot 20 = 120^\circ$ -қа бұрылады, ал сағаттық: градусың жартысын 20-ға көбейтсек –  $10^\circ$  шығады. Ендеше, тілдер арасындағы бұрыш –  $120^\circ - (60^\circ + 10^\circ) = 50^\circ$ . Жауабы:  $50^\circ$ .

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға арналған есептерді талдау кезінде келесі талаптарды жетекшілікке алуға болады:

- есептер қызықты сипатқа ие болуы қажет, оқушыларға түсінікті және мүмкіндігінше бағдарламалық материалға сүйенетін болуы керек, математикалық оқулықтарда бар қарапайым есептерден ерекшеленуі қажет;
- есепті шығару құрылымына енгізілген амалдар қатысушылардың математикалық ойлауының параметрлерінің табиғатына сай болуы керек;
- есептер «талдау» түріне байланысты топтастырылуы қажет.



Ұсынылушы геометриялық сипаттағы есептер тізбегі бірінші кезекте «геометриялық көруді» анықтауға, аналитикалық-синтездік қызметтің, алгоритмдік мәдениеттің амалдарын игеруге бағытталған.


В. В. Журавлев «геометрияны игеруде әжептәуір кедергілердің бірі - оқушыларда «геометриялық көрудің» жеткіліксіз дамығаны, яғни сызбадағы «бадырайып тұрған» нәрсені ғана көрмей, жалпы сол сызбада не бар соның бәрін көре білу біліктілігі.

Дамыған «геометриялық көру» келесі біліктіліктерді білдіреді:

- сызбаны бар назармен қамту және берілген сұрақты шешу барысында қажет болуы мүмкін сызба элементтерінің арасындағы қатынастарды аңғару;
- қажет кеңістіктік бейнені көру және басқа геометриялық фигуралармен әртүрлі үйлесімдерден бөле алу;
- фигуралар элементтерінің арасында тәуелділік орнату;
- ойша фигураны түрлендіру және т.б.

Мысал. 1) Бесбұрышты жұлдызда неше төртбұрыш бар (2-сурет)?

2) Бір квадратта 44 үшбұрыш тығылып қалды. Оларды тап (3-сурет).



2-сурет      3-сурет

Келесі әдістің ерекшелігі берілген есептің мәтінін басқа тілге ауыстыру (мысалға кәдімгіден символдыққа) немесе берілген шарттардың бір тілдің шегінде жаңа интерпретацияларын табу жолы арқылы, жиі алгоритмдік, теңкүшті есепке көшу.

**Есеп.** Берілген теңдеулер жүйесі неше шешімге ие? 
$$\begin{cases} x^2 + y^2 = 36, \\ y = x^3. \end{cases}$$

Берілген есептің мәтінін геометриялық білімдерді қолдана отырып өзгерту: «Центрі координата басында жататын және радиусы 6-ға тең шеңбер мен  $y = x^3$  кубтық парабола ортақ неше нүктеге ие?» - шешімді мүлдем анық етеді.

**Есеп.**  $y = kx$  функциясының графигі  $M(6; -14)$  нүктесі арқылы өтеді. Коэффициент  $k$ -ны есептемей-ақ осы график  $B(-9; 21)$  нүктесі арқылы өтетінін немесе өтпейтінін қалай анықтауға болады?

Есеп тұжырымын былай тұжырымдап алу керек: « $\frac{-14}{6} = \frac{21}{-9}$  пропорциясы дұрыс па?»

Келтірілген негізгі бағыттардың сипаттамалары оқушылардың ойлау қабілетіне әсер ететін математикалық сауаттылықпен тығыз байланысты.

#### Әдебиет:

1. Васильевский А. Б. «Обучение решению задач по математике», Минск, «Вышэйшая школа», 1988.
2. Иванов Р.И. «Развитие мышления школьников в процессе выполнения ими учебно-логических заданий», Москва, 1986.
3. Миракова Т. Н. «Развивающие задачи на уроках математики в 6-8 классах», «Квантор» журналы, 1993.

## **МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА GOOGLE ФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Орта білім беру мазмұнын жаңарту бүгінгі күннің талабы болғандықтан осы талап деңгейінде жұмыс атқару әр ұстазға жүктелер үлкен міндет, үлкен сын.

Жаңартылған білім беру мазмұнында оқушылардың өз жетістіктерін бағалауда жауапкершіліктерін күшейту негізінде бағалаудың дәстүрлі әдістерінен қалыптастырушы бағалауға көшу тиімді деп есептеймін. Математика сабағында акт, ойын платформаларын қолдану айқын қойылған мақсатпен, оған сәйкес педагогикалық нәтижесімен, оқу-танымдық бағытпен ерекшеленеді. Математика сабағында ойын арқылы оқыту – кәсіби қызметін, адамгершілік қарым-қатынастармен және жеке қиындықтармен сабақтас мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Оқу үрдісінде математика пәнінде ойын технологияларын енгізу барысында құндылық бағыттар мен кәсіби қызметтің негіздері қалыптасып, әлеуметтік өзара әрекеттесу сәті іске қосылады. Ойын функциялары: үйлесімділік, болжамдылық, әлеуметтік түзету (коррекция). Қызықты фактілерді, қосымша ақпараттарды өз бетінше іздеуге бағытталған қызметтің белсенді, шығармашылық түрі; Жарысу, бәсекелестік, жеңіске жету талабы мен нәтижені жақсартуға деген талпыныс, эмоционалды қызмет; Ұстаздармен тәжірибе бөлісу мақсатында интербелсенді тақта, компьютер және интернет желісін қолдану арқылы жүзеге асатын бағалауға арналған бірнеше интернет ресурстарды қолданудың артықшылықтарына тоқталғым келіп отыр. Атап айтсақ, Google форма, LearningApps, Socrative, Triventy бағдарламаларын қолдануға болады.

Қазіргі әлем бойынша пандемияға байланысты қашықтық білім алуға ауыстырылды. Қашықтықтан оқыту - ғаламторды пайдалану арқылы қашықтықта отырып оқыту тәсілі. Қашықтықтан оқыту технологиясы интернет желісінде, электрондық пошта арқылы және басқа заманауи байланыс құралдарын пайдалану арқылы, компьютерлік оқыту және интернетте оқыту (мобильді мессенджерлер) арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту жүйесі бір бірінен алшақ отырған білім алушылар мен мұғалім арасын байланыстырушы болып табылады.


Қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып білім берудің мақсаты- білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, әртүрлі платформаларды қолдану арқылы оқыту, білім алушы мен мұғалім арасында кез келген форматта өзара файлдармен алмасу. Қашықтықтан оқыту кезеңінде әр мұғалім өз шеберлігіне қарай түрлі платформаларды қолдану арқылы оқытуды жүргізіп келеді. Ол платформалардың қайсысы болмасын ақпаратты білім алушыға ыңғайлы және түсінікті түрде жеткізуге, олармен диалог жүргізуге және кері байланыстар жасауға өте тиімді.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен кері байланыс жасау үшін тиімді құралдардың бірі - Google формалары. Google формалары - Google Дисктегі ең танымал функциялардың бірі. Google формалары – қашықтықтан оқыту кезінде кері байланыс жасауда, әсіресе бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау өткізуде өте қолайлы құрал. Google формалары тест жұмыстарын (бір дұрыс жауаппен және бірнеше дұрыс жауаптармен) өткізуге, оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша жазба жұмысын жаздыруға, бақылау жұмыстарын орындатуға ыңғайлы құрал болып табылады.

Сонымен бірге бұл сервис қағазбастылықтан құтқаратын бірден бір құрал деп айтуға болады. Осы Google формаға алдын ала дайындаған тапсырмаларды орналастыру арқылы практикалық жағынан таныстыруды алдын ала дайындаған тапсырмаларды жөн көрдім.


Google формаларымен жұмысты бастамас бұрын міндетті түрде **google-де** аккаунт (**gmail.com**) пошта ашып алу керек. Google парақшасына ашып, сол жерде gmail.com почтаға кіру

керек. Таңдау торларын бассақ, сол кезде бізге Google–дің негізгі сервистерінің тізімі ашылады. (1-сурет)




Сурет 1

Диск сервисін таңдау керек, егер сіз бұрын қолданбаған болсаңыз, орнатуға рұқсат сұрайды. Ол сіздің құжаттарды өзіңіздің құрылғыда да және бұлттық кеңістікте сақтау үшін қажет. Дискіге кіргеннен кейін сол жақ жоғары бұрыштан **Создать** батырмасын басамыз. Шыққан контекстік мәзірден **Форма** сервисін таңдап, форманы баптауға көшеміз.(2-сурет)



Сурет 2

Бастапқыда Google формасы **Новая форма** деп ашылады Әуелі формаға атау беріледі. Сипаттау бөліміне қосымша мәліметтер енгізуге болады. Форманың атауын кейін де өзгертуге болады. (3-суреттер)




Сурет 3

Тақырып бөлімінің оң жағында көрініп тұрған белгішелер арқылы сұрақ қосу, сұрақты импорттау, сипаттама атауын қосу, сурет қосу, бейнематериал қосу, бөлім қосу әрекеттерін орындауға болады. Сұрақ қосу кезінде сұрақтарды толтыру формасы ашылады. Сұрағымызды жазғаннан кейін, оған қандай формада жауап алғымыз келсе сол форманы таңдаймыз. Жоғарыда көріп отырғаныңыздай бірнеше түрде жауап қабылдауға болады.

- Мәтін
- Азатжол
- Тізімнен таңдау
- Тізімнен бірнеше жауаптаңдау
- Ашылмалы тізім
- Файл жүктеу
- Мөлшерлеу
- Көп таңдау торы
- Жалауша торы
- Күннің жады
- Уақыт

Берілген сұрақ немесе тапсырмалар түріне қарай жауаптардың белгілену түрлері таңдалады. Сонымен қатар жауаптарды сурет, бейнематериал түрінде қабылдауға болады. Ол үшін білім алушының да gmail.com арқылы аккаунт ашуы міндеттеледі. Егер сұрақтың немесе тапсырманың жауабы міндетті түрде жазылу керек болса **Обязательный вопрос** чек-боксын түртіп батырманы айқындау керек.

Барлық сұрақтар мен тапсырмаларды, оларға сәйкес жауаптарды орналастырып болған соң **Просмотр** арқылы форманың түрін қарап алуға болады. (4-сурет)



Сурет 4

Форманың дұрыс толтырылғанын қарап өткеннен кейін, ол форманы орындау үшін білім алушыға жібере беруге болады. Ол үшін **Отправить** батырмасын қолданып, дайын форманы жеке оқушының электрондық поштасына жіберуге болады немесе сілтеме арқылы топтардың чаттарына жіберуге болады. Сілтемесін алу үшін **Короткий URL** хабарламасының тұсына белгі қою керек.

Бұл жасалған форманың нәтижесін басқа әріптестерге өз жұмыстарына қолдануға мүмкіндік беруге де болады. Ол үшін - **Google Дисктегі** қажетті форманы таңдап, тінтуірдің оң жақ батырмасын басу арқылы контекстік мәзірден **Совместный доступ** бөлігін таңдау керек.

Оқушылар орындап болған соң, жауаптар бөлімін басу арқылы барлық жауаптардың нәтижесіне болады немесе әр оқушының мәтіндік жауаптарын жеке қарап шығуға болады. Сұрақтардың түрлеріне қарай оқушының жауаптарын тексеріп, қолмен тексерілетін жауаптардың қорытындысын хабарлау үшін оқушылардың электронды поштасының да қажет екендігін ескерген жөн.

Жауаптары автоматты түрде тексеріліп, оқушыға дереу хабарлануы үшін **Настройки** батырмасын басу арқылы баптау жасау керек. Жауаптардың нәтижесін Google таблицқа орналастыра отырып, қолдануға ыңғайлы етіп Excel бағдарламасына аударып алуға болады. Google формаларының мүмкіндіктері тек мұнымен шектелмейді, жұмыс жасау барысында басқа да артықшылықтарына көз жеткізуге болады.

Мен математика сабағында Google форма сервисі арқылы оқушылардың оқуын өз бетінше дамыту және қамтамасыз ету үшін қолданамын. Сонымен қатар Google форма көп мүмкіндіктерге ие және оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс бере алатын құрал ретінде қарастыруға болады. (6-сурет)



Сурет 6

Ғаламтор арқылы осындай өзімізге қажетті де пайдалы сервистердің көмегімен өз уақытымызды тиімді пайдалана аламыз деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, бұл қосымшаларды дүние жүзі қолданып келеді. Мұндай қосымшалар арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға математика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К.Өстеміров, А.Айтбаева «Қазіргі білім беру технологиялары» - А.,2006ж. \
2. Dweck, C. (2012). Mindset: How You Can Fulfil Your Potential [Тип мышления: Как вы можете использовать свой потенциал], Robinson.
- 3.Чернявская А.П., Гречин Б.С., «Современные средства оценивания результатов обучения» учебно-методическое пособие. Ярославль, 2008 ж.
4. Халықаралық білім форумының материалдары «Мир на пути к smart обществу» – Москва, 2012 ж.

## ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ В ПЕРИОД ОБУЧЕНИЯ ГРАМОТЕ

*«Чтение – это один из истоков мышления и умственного развития».*  
В.А. Сухомлинский

В современном мире изменились стандарты содержания образования и основное внимание направлено на выработку у учащихся навыков применения полученных знаний и умений, т.е. на формирование функциональной грамотности. Одной из важнейших сторон функциональной грамотности является читательская грамотность.

Термин «читательская грамотность» возникло в рамках международного тестирования PISA. Существует множество определений понятия «читательская грамотность» [1], но все они сводятся к тому, что читательская грамотность – это способность понимать и анализировать тексты, использовать чтение текстов различных жанров для достижения собственных целей и задач.

Раскрывая термин «читательская грамотность», приходим к выводу, что чтение в современной системе образования играет главенствующую роль и становится ведущим видом учебной деятельности. У выпускников школы должны быть сформированы такие читательские умения, которые помогают полноценно работать с текстами. Таким образом работу по формированию читательской грамотности можно и нужно начинать уже с периода обучения грамоте, когда учащиеся учатся понимать прочитанные учителем тексты и размышляют над их содержанием.

В последнее время все чаще у большинства учащихся возникают такие проблемы, как низкая скорость чтения, непонимание прочитанного, затруднения в пересказе и извлечении необходимой информации. Таким детям необходимо оказать поддержку по формированию читательской грамотности на всех уроках, но основное внимание уделить урокам обучения грамоте.

В добукварный период обучения грамоте учащиеся учатся работать с иллюстрациями, описывают их и составляют связные тексты по серии картинок. На следующем этапе постепенно вводятся предложения и тексты со словами, замененными картинками. Особое внимание следует обратить на ответы на вопросы учителя по прочитанному тексту, т.е. на проверку понимания прочитанного.

Во втором полугодии необходимо выстраивать планомерную работу по отработке навыка чтения, т.к. без осознанного чтения у учащихся возникают трудности с пониманием прочитанного. В этот период эффективно использовать следующие приёмы:



Рисунок 1. Приёмы, направленные на отработку беглости чтения

Помимо отработки навыка чтения, необходимо включать задания на понимание и элементарный анализ текстов. Их можно включать на различных этапах урока, в соответствии с этим можно выделить три этапа работы с текстом.

Например, на первом этапе, перед чтением текста можно дать детям следующие задания:

- 1) Прочитай название текста. Как ты думаешь, о чем говорится в тексте?
- 2) Рассмотр рисунки к тексту. Предположи, о чем рассказывается в тексте.
- 3) Рассмотр структуру текста. Сколько абзацев в тексте? Есть ли в нем выделенные слова? Прочитай их. Как ты думаешь, почему автор выделил данные слова?

На втором этапе, в процессе чтения текста возможны следующие приемы работы:

Чтение слогов	Чтение слов	Чтение предложений	Чтение текстов
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Прочитай слог и найди картинку, слово на которой начинается с данного слога;</li> <li>- Прочитай слог и придумай слова с таким же слогом.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Прочитай все слово и покажи соответствующий рисунок;</li> <li>- Прочитай слово и придумай с ним предложение.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Прочитай предложение и дорисуй/ выбери картинку;</li> <li>- Составь предложение из двух частей;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Найди ответ на вопрос учителя в тексте;</li> <li>- Определи последовательность событий в тексте;</li> <li>- Составь рисуночный план;</li> <li>- Придумай текст на основе прочитанного.</li> </ul>

Таблица 1. Приёмы работы, направленные на понимание текста на различных этапах обучения чтению

Цель работы с текстом после чтения на третьем этапе состоит в том, чтобы обобщить изученный материал и сделать определенные выводы. Помимо этого, можно обеспечить углубленное изучение материала и полноценное восприятие текста. На данном этапе можно предложить такие задания:

- *Измени что-то в тексте. Подумай, изменится ли весь сюжет?*
- *Сократи текст так, чтобы его смысл сохранился.*
- *Найди самое короткое предложение и «превратите» его в самое длинное предложение.*
- *Поставь себя на место героя. Как бы ты поступил в этой ситуации?*

Начиная с 1 класса, следует давать разнообразные задания на понимание прочитанного. Такие упражнения помогают формировать у учащихся навыки чтения, а также позволяют переходить от простого восприятия или чтения текста к его глубокому анализу. В результате учащиеся должны выработать определенные умения.




Рисунок 2. Умения учащихся, связанные с пониманием прочитанного

Для формирования вышеперечисленных умений детей необходимо обучать, начиная сдобукварного периода:

- давать точные и краткие ответы, неперегруженные лишней информацией;
- давать на вопрос полные устные ответы, расширяя словарный запас;
- работать с иллюстрацией как систочником данных;
- выражать собственные мысли в доступной форме.

В заключение хотелось бы подчеркнуть, что при систематическом использовании на уроках обучения грамотеданных приемов и упражнений у обучающихся повышается мотивация

к обучению, дети учатся самостоятельно находить ответы на возникающие у них вопросы, тем самым повышая чувство ответственности за самообучение. Данная система работы позволяет перейти от этапа обучения чтению к этапу овладения навыками чтения для дальнейшего обучения.[3]

### **Литература**

1. <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/97650> (на 06.10.20)
2. [https://otherreferats.allbest.ru/pedagogics/00186875\\_0.html](https://otherreferats.allbest.ru/pedagogics/00186875_0.html) (на 16.10.20)
3. Цукерман Г.А. Оценка читательской грамотности. - Москва, 2010

**Омар Б.С, Абдрасилова Б.С.**  
*«Шаңырақ» бөбекжайы КМҚК, Қарағанды қ.*

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ ТӘЖІРИБЕ ЖАҒДАЙЫНДА СӨЙЛЕМЕЙТІН БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мектепке дейінгі ұйымдардың іс-әрекетіне инклюзивті тәжірибе енгізілгеннен бері, біздің мектепке дейінгі ұйымға тілінде әртүрлі ақаулықтары бар мектеп жасына дейінгі балалар келіп жатыр. Әсіресе, балабақшаға келген кезде сөйлемеген 3-4 жас аралығындағы балалар санатын атап көрсетуге болады. Жыл сайын, оқу жылының басында балаларды танымдық дамыту мониторингі, сонымен қатар 3 жасар баланың сөйлеу тілінің дамуының жай-күйіне тексеру жүргізіледі. Нәтижелер тілдік дамуында қиындықтары және танымдық дамуында кемшіліктері бар балалар санының кенет өсуін көрсетті. Тілдегі бұзылыстар, көбіне жиірек дербес ақаулық қана емес, сонымен қатар баланың басқа да психикалық және танымдық дамуындағы анағұрлым күрделі бұзылыстарының құрамына кіреді және өзіме бірге тұтастай баланың дамуы үшін ауыр жағымсыз салдарға алып келеді. Сондықтан да, тілдегі қиындықтарды дер кезінде анықтау, олардың себептерінің басын ашып алу және оларды түзетуге мүмкіндігінше тезірек кірісу өте маңызды.

Сөйлемейтін балалардың психикалық-тілдік дамуында кешеуілдеу жиі байқалады. Балада белгілі ми бұзылыстары болуы ықтимал, соның нәтижесінде ол өзіне айтылған сөзді түсінбейді, былайша айтқанда естімейді. Әлбетте, бұл жағдайда ол сөйлеп үйрене алмайды. Сол себепті, бірінші кезекте бала айналасындағы адамдардың сөзін түсіне ме, соны анықтап алу қажет. Осыған байланысты тілдік картаның логопед 3 жасар баланың сөз түсінудің нақты көрсеткіштерін және олардың жеке белсенді тілін атап көрсетеді. Педагог-психолог баланың өз әрекетін ең болмағанда шамалы сөзбен көрсете ала ма соны айқындайды [4].

Балалардың тілінің дамуының кешеуілдеу себептері әртүрлі: бұл оның анамнезінің жай-күйі және оның ағзасын әлсіреткен бөбектің жиі ауру-сырқаулары мен педагогикалық ықпал етудегі кемшіліктер, мектепке дейінгі ұйымның жаңа тіршілік жағдайына қиын бейімделу және басқалар. Осындай балалар логопедтің, психологтың заманауи білікті көмегіне мұқтаж, бұл кіші мектеп жасына дейінгі баланың тілдік және ақыл-ойының даму барысын біршама жеделдетеді. Тәрбиешіге осындай балалармен әсіресе тағыз байланыс орнату, олардың эмоционалды күйін көтеру аса маңызды. Әдетте, осындай балалар жалпыға ортақ сабақтарда белсенді емес, қосымша көмек көрсетуді қажет етеді, зейін қоймайды, сол себепті зейінді қалыптастырудың арнайы жағдайлары қажет болады.

Тілдік дамуында кешеуілдеу байқалған балалармен сабақтарды жеке өткізбеген жөн, өйткені бұл жағдайда бөбек одан сайын тежелген күйге түседі. Осындай балаларды алғашқы сабақтарда басқа, сөйлеу тілі анағұрлым жақсы балалармен қосады. Тілдік дамуында қиындық байқалған бөбектер құрбы-құрдастарының әрекеттеріне мұқият қарайды, тынышталады, олардың іс-қимылына, сөзіне білдірмей еліктейді, айналасындағы балалармен және ересектермен оңай тілдеседі [1].

Педагогтын баламен жұмысы байланыс орнатудан басталады. Сөйлемейтін балалармен болған жағдайларда баланың назарын заттың қасиеттеріне аударту, оны сенсорлық тәжірибемен байыту («Қарашы, қандай әдемі қуыршақ, қоянда қандай үлпілдек құйрық бар, қандай тікенекті кірпі») маңызды. Алғашқы сабақтарда олардан тілдік белсенділікті талап ету қажет емес. Баланы қызықтыратын ойыншықпен әртүрлі ойындарды қолдануға кеңес беруге болады. Еліктеу қимылдарын қайталайтын ойын түрлері (қуыршақты тербет, допты лақтыр, мәшинені көлікжайға қой) оның сөйлемей-ал салдарынан-сөйлеп еліктеуін тудырады.

Келесі кезең – дербес іс-әрекеттерге тарту. Жұмыс бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі: сөзді түсінуді, қарапайым нұсқаулықтарды (қолынды бер, мұрныңды көрсет) дамыту; баланы эмоционалды қызықтыратын жағдайлар арқылы сөйлеуге түрткі болу. Бұл жерде, тығымның әртүрлі түрлері (ойыншықты, затты, баланың өзін іздейміз), кітаптағы әдемі суреттерді қарау; бағдарлы рефлекті тудыру (Бұл не? Анда не?) арқылы сөйлеуге итермелеу қолданылады. Ашық ынталандырушы материалды қолданып, баланың назары аударылады, айқын таң қалумен (Ах!) көрінген күшті эмоционалды реакциясын тудыру, сөйлеп іліктеуге машықтандыру, оңай және әдеттегі сөздерді (ля-ля, қуыршақ) қайталату қажет. Педагогтарға қысқа жауаптарды қолданбауға кеңес беріледі, баладан толық жауап беруін сұрауы - ең болмағанда сөйлемнің басын (бұл би-би) айтуын, не болмаса баланың мәшинені не пойызды таңдау күйіне алып келу. Саусақтық және артикуляциялық моторикамен, сөйлеу естілімі мен зейінді дамытумен, жекелеген сөздерді жеткізу білігін қалыптастыру, жалпы жағдаймен біріккен (біз ойнаймыз, біздің ойыншықтар) белсенді емес сөздікті айқындау және кеңейту барысында жұмыс жүргізу қажет. Сенсорлық базаны дамыту, көру және есту түйсігін, сезінуді, ересектермен бірлескен іс-әрекеттерге деген қызығушылықты дамытуды ынталандыру маңызды [3].

Бөбектер, көбінесе қол қимылы мен саусақтардың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған әрекеттерді әрең дегенде меңгереді. Сол себепті, сабақты өткізу кезінде келесі шарттарды сақтау қажет: балалардың шаршап қалуына жол бермеу – алдымен сабақ ұзақтығы 5-10 минуттан аспауы тиіс, біртіндеп көбейтуге болады; баланы қызықтыру үшін, сабақ желісін әсерлі ойнау; сабақты жеке не болмаса балалардың шағын тобымен өткізу. Балалар күшті, дәлдікті, қимыл бағытын әлі реттей алмайды, қимылды үйлестіруде қатты қиналады. Көбіне біліктері жоқ, не болмаса олардың дұрыс қалыптаспауы баланы қынжылтады және көңілін түсіреді. Қиналған жағдайда, олар ойынға деген қызығушылықты жоғалтуы мүмкін. Осы жағдай орын алмас үшін, баланың іс-әрекетін бағыттау қажет: оған осы, не өзге әрекетті қалай орындау керектігін бірнеше рет көрсету, оның қолын өз қолына қою, аяқтарын түзету, іс-әрекетті бірге жасау. Балаға тіпті, егер ол қызықсыз болса өте пайдалы іс –әрекетті де бірнеше рет істеуге мәжбүрлеуге болмайды. Керісінше-ол бірнеше рет оған не қызықты болса, соны қайта-қайта істеп үйренетін болады.

Сөзді түсінуді дамыту сөйлемейтін балалардың белсенді емес сөздігін кеңейтумен қатар, педагогтар алдында маңызды міндет – кез келген дыбыспен білдіру түрінде балалардың сөйлеп еліктеу іс-әрекетін тудыру. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен сабақта оң динамикаға, бала үшін қызықты тәжірибелік іс-әрекет барысында ерекше ойын жағдайын тудырса, онда ерекше эмоционалды ынта пайда болады. Осындай эмоционалды ынта педагогқа баланың сөзді қайталауына түрткі болу мүмкіндігін ұсынады. Себебі, сөйлемейтін балалармен өткізілетін сабақтар, бірқатар ерекшеліктерге ие, аталған жағдайда еліктеушілікті дамыту үшін ойындар ұйымдастыру түзету-дамыту жұмысының бастапқы кезеңінде сабақ өткізудің тиімді нысаны болып саналады деп көрсетуге болады. Жұмысты анағұрлым жақсы құру үшін, педагог аталған жастағы балалардың психологиялық мінездемелерін білуі тиіс: түйсік, зейін, ес, ойлау, қимыл, ойын іс-әрекетінің ерекшеліктері сияқты осындай психикалық процестердің даму ерекшеліктері. Сонымен қатар, сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың кейбір ерекшеліктерін назарға алу қажет: шамадан тыс қалжырау, зейінсіздік, гипербелсенділік және т.б. орын алуы ықтимал. Атап көрсетілген параметрлерді есепке ала отырып, 3-4 жас аралығындағы балалармен түзету-дамытушылық сабақтар бірқатар айрықша ерекшеліктерге ие [1].

*Кіші мектеп жасына дейінгі балалармен сабақтар, түсіндіруге, сұхбаттасу мен иландыруға емес, үлкендерге, олардың қимылына, іс-әрекетіне және сөзіне еліктеуге негізделген.*

Оларды белсенді сөздің болмауы, сабақты материалды түсіндіру, әңгімелеп беру, сұрақтарға жауап және т.с.с. негізінде құруға мүмкіндік бермейді. Баламен әзірге сөйлеу арқылы келісімге



келу мүмкін емес, сол себепті педагог ойында белсенді рөлді өз қолына алуы және баланы өзімен бірге алып жүруі тиіс. Дәл осы ойындарда бала басқа адамнан маңызды ақпараттарды алуға үйренеді, сөзді меңгереді, сөйлесу мен келісімге келуді үйренеді. Бұдан басқа, осындай ойындарда бала белсенділік танытуға мүмкіндік алады, ал педагог баланың қалай әрекет ететінін, сөздерді қалай қайталайтынын, ол материалды меңгерді ме, әлде жоқ па соны сырттай бақылай алады [2].

*Оқыту элементтерін арнайы ойындар ұйымдастыру барысына енгізу қажет.*

3-4 жас аралығындағы баланың зейіні ықтиярсыз. Ол өзіне шынымен қызықты болған кезде ғана, өнімді жұмыспен айналыса алады. Бұдан басқа, баланың сөзін белсендіру көрнекілікті талап етеді және тәжірибелік жағдайлармен тығыз байланысты болуы тиіс. Сонымен қатар, аталған жастағы баланың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін есепке алу қажет – сабақ ұзақтығы 15-20 минуттан асып кетпеуі тиіс, сабақта іс-әрекет түрін ауыстырып отыру қажет. Сондықтан да бір сабақта бірнеше әртүрлі ойын түрлері қолданылады, олардың әрқайсысы не бәрі бірнеше минутқа созылады, тек үстел басында ғана емес, сонымен қатар кілемде, далада және т.б. ойнауға болады [2].

*Педагог пен бала арасында эмоционалды байланысқа қол жеткізу қажет.* Көп нәрсе, ойынның қаншалықты қызықты ұйымдастырылғанына, баланың оң эмоциялары қаншалықты терең қозғалғанына байланысты. Осыған қол жеткізу үшін, педагогқа бала бойында сезімді тудыру және сабаққа қатысты баланың оң ынтасына қол жеткізуі қажет. Бұдан басқа, баланың өзін кез келген түрде көрсетуін мадақтау, мақтау, сөйлеуге жаңа талпыныс жасауға итермелеу маңызды. Бұл сөйлеудегі қосалқы бұзушылықтардан, психологиялық қиындықтардан – сөйлегісі келмеу, сөйлеуден қорқуды болдырмауға көмектеседі [2].

*Ауызша материалды бірнеше мәрте қайталау қажет.* Балалар бір сөзді және әрекетті қайталағанды ұнатады. Бұл оқыту механизмдерімен түсіндіріледі: дағдыны бекіту үшін, көп қайталау қажет, сосын дағды қаншалықты күрделі болса, сонша уақыт пен қайталау қажет болады. Сондықтан да, бөбектің жаңа сөздерді меңгеруіне мүмкіндік беріңіз. Көбінесе, бөбектің өзін таныс жағдайда анағұрлым жайлы сезінетінін, таныс сүйікті ойын барысында анағұрлым сенімді әрекет ететінін есіңізден шығармаңыз.

Демек, біздің мектепке дейінгі ұйым жағдайында кіші мектеп жасына дейінгі балалармен түзету-дамытушылық жұмыс мазмұнын талдай келе, біз психологиялық-педагогикалық көмектің оларда жалпы коммуникативтік-танымдық дағдыларын қалыптастырудан бастау қажет деген қорытындыға келдік, олар келесіні көздейді:

- өзіне қаратылып айтылған сөзді түсінуді дамыту;
- қол саусақтарының ұсақ моторикасы мен жалпы қозғалысын дамыту;
- сөздің психологиялық базасын дамыту және негізгі сенсорлық эталондарды меңгеру;
- есту зейінін және ырғақ сезімін (музыкалық аспаптар мен музыкалық ойыншықтардың дыбысталу ырғағын тыңдау және қайталау) дамыту;
- саусақ, тыныс алу және психогимнастикаларды қолдану.

Арнайы дайындалған заттық-кеңістіктік ортада өткізген сабақтың арқасында, баланың танымдық дамуындағы кемшіліктерді түзетуге және оның тілінің дамуының кешеуілдеу салдарын еңсеруіне мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер:**

1. Вакуленко Л.С. Коррекционная работа в детском саду с дошкольниками, имеющими речевые нарушения. Журнал: «Логопед», №6, 2019.
2. Зворыгина Е.В. Дидактические игры и занятия с детьми раннего возраста. М., 2016.
3. Печора К.Л. Развитие и воспитание детей раннего и дошкольного возраста. М., 2017.
4. Стребелева Е.А. Методические рекомендации к психолого-педагогическому изучению детей младшего дошкольного возраста. М., 2018.

**Ойгорбай Бахыт**  
 «Бұқар жырау ауданының білім бөлімі» ММ  
**Темірбекова Нағима Базарбекқызы**  
 Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы  
 "Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)" КММ


## ФИЗИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

*«Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі» Питер Клайн*

Философтың сөзінде терең мағына жатыр. Сол үшін де қазіргі ұстаз – ертеңгі болашақ кепілі. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Физика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту тапсырмаларын орындаудың оңтайлы бір жолы – оқу бағдарламаларында графиктер мен сызбаларды оқи алуы, оларға талдау жасай алуы, өзара салыстыруарқылы қорытынды жасауы. Тақырып бойынша графиктер мен сызбалар физиканың барлық бөлімдерінде кездеседі. Графиктер мен сызбаларды талдау барысында оқушы бірнеше функционалдық сауаттылықты қамтиды. Графиктердегі шамалар арасындағы тәуелділіктерді білу, оларды график салуда координата өсі бойына белгілей алу, өлшем бірліктерін жазу, талдау жасау барысында оқушы өзінің білу, салыстыру, қорытынды жасау, математикалық сауаттылығын, ақпаратты өңдеу, керектісін таңдай алу және оны қолдану сияқты бірқатар сауаттылықты іске асырады.


Мысалы: 9 сынып «Тербелістер» тарауы бойынша үлестірмелі тапсырманы талдап көрелік.



1. Графиктен  $Ox$  координата өсі бойынша бөлік құнын анықта:  $t_0 = 2 \text{ c}$ ;
2. Графиктен  $Oy$  координата өсі бойынша бөлік құнын анықта:  $x_0 = 50 \text{ мм} = 0,05 \text{ м}$ ;
3. Амплитуданың мәнін анықтаңыз:  $x_m = 100 \text{ мм} = 0,1 \text{ м}$ ;
4. Тербеліс периодын анықтаңыз:  $T = 12 \text{ c}$ ;
5. Тербеліс жиілігін анықтаңыз:  $\nu = 0,083 \text{ Гц}$ ;
6. Циклдік жиілігін анықтаңыз:  $\omega_0 = \frac{2\pi}{T} = \frac{2 \cdot 6,28 \text{ рад}}{12 \text{ c}} = 0,523 \text{ рад/c}$ ;

Осы тапсырма арқылы оқушының математикалық сауаттылығын, графиктегі  $x(t)$  тәуелділікті, физикалық шамалардың арасындағы байланыс пен тәуелділікті анықтай алады. Бұл тапсырманы күрделендіріп, деңгейі жоғары оқушыларға да беруге болады:

1. Тербеліс теңдеуін жаз:  $x = 0,1 \cos 0,523t$ ;
- 1.1. Тербеліс графигі қандай заңмен өрнектелген? косинусоида
2. Жылдамдық амплитудасын есептеңіз:  
 $v_m = \omega_0 \cdot x_m = 0,523 \text{ рад/c} \cdot 0,1 \text{ м} = 0,0523 \text{ м/c}$ ;
- 2.1. Жылдамдық теңдеуін жазыңыз:  $v = -0,0523 \sin 0,523t$ ;
- 2.2. Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигін салыңыз:



2.3. Жылдамдық графигі қандай заңмен өрнектелген? синусоида


2.4. Фазалар ығысуын жазыңыз:  $\frac{\pi}{2}$  -ге тең;

3. Үдеуамплитудасын есептеңіз:

$$a_m = -\omega_0^2 x = -(0,523 \text{ рад/с})^2 \cdot 0,1 \text{ м} = -0,027 \text{ м/с}^2;$$

3.1. Үдеудің теңдеуін жазыңыз:  $a = -0,027 \cos 0,523t$ ;


3.2. Үдеудің уақытқа тәуелділік графигін салыңыз:



3.3. Үдеу графигі қандай заңмен өрнектелген? косинусоида

3.4. Фазалар ығысуын жазыңыз:  $\pi$  -ге тең;

Төмендегі графиктен координаттың, жылдамдықтың және үдеудің уақытқа тәуелділіктерін салыстыруарқылы фазалар ығысуын түсінуге және көруге болады.



Фазалар ұғымы физика және математика курстары бойынша күрделі ұғымдардың бірі. Жылдамдық пен үдеудің уақытқа тәуелділік теңдеулерін жазу мен графикке салу арқылы оқушы фаза ұғымы туралы алғашқы түсінікті алып қана қоймай, оны дұрыс түсінуге мүмкіндік алады. Деңгейі жоғары оқушыларға бұл тапсырманы одан сайын күрделендіріп тербелмелі жүйенің, мысалы, математикалық маятниктің жібінің ұзындығын, серіппелі маятникке ілінген жүктің массасын біле отырып, серіппенің қатаңдығын; кинетикалық, потенциалдық, толық энергияларын және жүйеге әсер ететін қорытқы күштің мәндерінде табуға болады.

4.1. Математикалық маятниктің жібінің  $l$  ұзындығын  $T = 2\pi\sqrt{\frac{l}{g}}$  периодтың формуласынан табамыз:

$$l = \frac{T^2 g}{4\pi^2} = \frac{(12 \text{ с})^2 \cdot 9,8 \text{ м/с}^2}{4 \cdot (3,14)^2} = 35,78 \text{ м}$$

4.2. Серіппелі маятник үшін серіппенің  $k$  қатаңдығын дөңгелектік жиіліктің мәні

$\omega_0 = 0,523 \text{ рад/с}$  -қа тең екенін ескере отырып,  $\omega_0 = \sqrt{\frac{k}{m}}$  формуласынан табамыз:

$$k = \omega_0^2 m = (0,523 \text{ рад/с})^2 \cdot 0,5 \text{ кг} = 0,14 \text{ Н/м}$$

4.3. Маятникті тепе-теңдікке келтіруге тырысатын қорытқы күшті үдеудің

$a_m = 0,027 \text{ м/с}^2$  амплитудалық мәнін пайдаланып, есептеп табамыз:

$$F = m a_m = 1 \text{ кг} \cdot 0,027 \text{ м/с}^2 = 0,027 \text{ Н}$$

4.4. Жылдамдықтың  $v_m = 0,0523 \text{ м/с}$  амплитудалық мәнін пайдаланып, кинетикалық энергиясын табады:

$$E_k = \frac{m g_m^2}{2} = \frac{1 \text{ кг} \cdot (0,0523 \text{ м/с})^2}{2} = 137 \text{ мДж}$$

4.5. Тепе-теңдіктен  $x_m = 0,1 \text{ м}$  максимал ауытқуын білеотырып, потенциалдық энергиясын табады:

$$E_p = \frac{k x_m^2}{2} = \frac{0,27 \text{ Н/м} \cdot (0,1 \text{ м})^2}{2} = 135 \text{ мДж}$$

4.6. Толық энергиясын табу үшін механикалық энергияның сақталу және айналу заңының формуласын пайдаланады. Тербелмелі жүйенің толық энергиясын жүйенің  $x_m = 100 \text{ мм} = 0,1 \text{ м}$  тепе-теңдіктен максимал ауытқу шамасын білеотырып табуға болады:

$$E_m = E_p + E_k = E_p = E_k = \frac{k x_m^2}{2} + \frac{m g_m^2}{2} = \frac{k x_m^2}{2} = \frac{m g_m^2}{2} = 135 \text{ мДж}$$

Сонда мұғалім бір ғана үлестірмелі тапсырмаарқылы оқушының алған білімін қаншалықты қолданалатындығын анықтауға мүмкіндік алады. Осындай тапсырмалар легі арқылы оқушының физика пәні бойынша функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Оқушының графикті талдай алуы келешекте нарықтық экономикада энергияның пайдалануы, халық санының өсу динамикасы, мұнай-газ өндіру және пайдалану динамикасы туралы даақпараттарды талдауға және келешектеосы салаларда қандай өзгерістер болатындығына болжам жасауға дағдыландырады.

Осындай тапсырмалар легі арқылы оқушының физика пәні бойынша функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Оқушының графиктер мен есептерді талдай алуы келешекте нарықтық экономикада энергияның пайдалануы, халық санының өсу динамикасы, мұнай-газ өндіру және пайдалану динамикасы туралы даақпараттарды талдауға және келешектеосы салаларда қандай өзгерістер болатындығына болжам жасауға дағдыландырады.

#### Әдебиет:

1. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 48 с.
2. Скредин Л.И. Дидактические материалы по физике. Пособие для учителей. –М.: Просвещение, 1977. – 143 б.
3. Қараев Қ.А. Қазіргі білім берудегі техникалар мен технологиялар. Жалпы білім беретін мектептің мқғалімдерінеарналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Арман-ПВ, 2010. – 66 б.
4. Терлікбаев Ж.Ә. Базарбаева Н.Т. Физикадан деңгейлік есептер және бақылау жұмысы. – Алматы, 2009. – 140 б.
5. Қазақстан мектебі. РФӘЖ. №5, 2012 ж. –Б. 64.
6. Мұғалімгеарналған нұсқаулық. Бірінші деңгей. Екінші басылым. Назарбаев Зияткерлік мектептері. ДББҰ, 2012. – 280 б.

**Оразбаева Ж.К, Мустафина Н.К**  
«№59 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Бүгінгі таңда қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер, отандық білім беру жүйесі мен кеңістігіне енуге талпынысы білім беру саласына жаңаша көзқарастарды қажет етіп отырғаны сөзсіз.

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру жөніндегі мәселе қарастырылған. Функционалдық сауаттылықтың адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделушілігі мен қарым-

қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші екені талданғаны рас. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген білім алушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни көзқараспен бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсына алуы және зерттеулер жүргізуі, өзінің ойын негіздей білуді, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін қолданатынын қамтамасыз етеді.

Қазақстанның өркениетті мемлекеттерінің қатарына қосылу қарсаңында заман талабына қарай оқушыны ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындау және шығармашылық, танымдық іс-әрекетін үйлесімді дамыту, танымдық қажеттілігін, қызығушылығын қалыптастыру мұғалімге сеніп тапсырылған міндет екендігі белгілі.

Егеменді еліміздің болашағы – бүгінгі мектеп партасында отырған оқушылар, болашақ білікті мамандар. Олар қазіргі заман талабына сай жан-жақты, білімді өз бетімен ойлап-талпынатын, өзінің көзқарасы бар етіп тәрбиелеу, сабақ формалары мен оның құрылысын жетілдіру оқытудың жаңа әртүрлі әдіс-тәсілдерін пайдалану бүгінгі күннің талабына сай болып отыр.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы – ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған *«Қазақстан стратегиясы- 2050» Жолдауында «Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Яғни, біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды»*, - деген еді. Сондықтан да, қазіргі таңда қоғамды дамыту үшін орта мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру арқылы білім сапасын көтеру болып табылады. Бұл әрекет - бүгінгі күні мәтінмен жұмыс жасау кезінде іске асады.

Оқу мәтіні – дидактикалық және әдістемелік өңделген және автормен жүйеленген ауызша оқу материалы, ол оқу ақпаратының мазмұнымен ерекшеленетін – білім алушылар санаты мен талап етілетін оқу нәтижелерін ескере отырып, меңгеру үшін арнайы іріктелген және дайындалған зерттеу объектісі туралы ақпарат болып табылады. Оқу мәтінінің функциялары:

1. ақпараттық білім алушыларға жаңа білім енгізеді;
2. жүйлендіруші – оларды басқа біліммен, білім жүйесімен салыстырады;
3. прескриптивтік – білім алушыларда қандай да бір қызмет саласында дағдылар мен іскерлікті қалыптастырады;
4. бағалаушы – бағалау жүйесін және зерделенетін объектілерге қарым-қатынасты дамытады.

Оқу мәтініне қойылатын талаптар:

1. ғылымилық (қазіргі ғылым жетістіктерінің деңгейіне сәйкестігі, келтірілген мәліметтердің дәлдігі мен дұрыстығы)
2. берілген материалдың жүйелілігі мен сабақтастығы, қисындылығы мен дәйектілігі;
3. шығарылатын материалдың құрылымы мен парциондығы;
4. баяндаудың нақтылығы мен айқындылығын қамтамасыз ету есебінен білім алушыларды қабылдау үшін қолжетімділік.

Оқу мәтіндерінің тілі мен стиліне тоқталсақ, тіл және стиль бойынша оқу мәтіндері көп жағдайда ғылыми мәтіндерге ұқсас. Ғылыми мәтіндер сияқты оларға логика, дәлдік сияқты стильдік қасиеттер тән. Сонымен қатар, оқу мәтіндерінің тілі мен стилінің өз ерекшеліктері бар, ал олардың мақсатты бағыты – оқыту мен оқыту құралы болып табылады. Ғылыми мәтіндерге қарағанда, алаңдатушылық пен жалпылық, немқұрайлылық (немесе жасырын эмоционалдық) сияқты стилистикалық қасиеттер оқу мәтіндеріне аз тән. Оқу мәтіндерінің ерекшелігі оқу мәтіндерінің анықтамалармен және мысалдармен қанықтығынан көрінеді. Оқу мәтінінің құрылымындағы ұғымдар - оқу білімін көрсететін маңызды элементтер анықтамалар мен мысалдар болып табылады. Оқу сауаттылығына негізделген осындай мәтіндер төрт дағды бойынша жүзеге асады:

Тыңдалым және айтылым бойынша:

- берілген ақпаратты түсіну;
- негізгі идеяны және түрлі жағдайлар тұрғысынан мәтіндегі көптеген көзқарастарды анықтау;
- тыңдалған материалдарға жауап беру;
- жасырын мәнді анықтау;
- қоғамдық және іскерлік жағдайлардығы тіл мәдениетін түсіну және іске асыру;
- тыңдаушылардың назарын аудару үшін әдеби тәсілдерді пайдалану;
- мультимедия ресурстарын пайдалана отырып, сөйлеу және тыңдау.

Оқылым бойынша:

- жазбаша ақпараттарды түсіну;
- мәтіннің негізгі идеясы мен құрылымын анықтау;
- мәтіндегі лексиканың ерекшеліктерін түсіну;
- сұрақтарды тұжырымдау және бағамдау;
- мәтіннің түрлері мен стилін анықтау;
- әртүрлі оқылым стратегияларын пайдалану;
- түрлі ақпарат көздерінен қажетті ақпаратты алу;
- мәтіннің салыстырмалы талдауын жасау.

Жазылым бойынша:

- өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;
- тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;
- жоспар құру;
- өзіндік стильде мәтін құру;
- тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материал мазмұнының үдесінен шығу үшін шығармашалық түрде жазып жазу;
- түрлі жанрда мәтін құру;
- мәтіндерді салыстыру;
- мәтіндерді түзету және түрлендіру;
- оқырманның қызығушылығын оятып, оны сендіру үшін жазу;
- эссе жазу.

Бұл тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің алдында тек балаға оқу мен жазуды үйретіп қана қоймай, мәтіннен ақпарат алу мақсатында оқушының оқылым мен жазылым дағдыларын еркін қолдана білу қабілетін, ал ақпаратты таратуда, жеткізуде тыңдалым, айтылым дағдыларын дамыту міндеті тұр. Себебі тіл арқылы адамзаттық құндылықтар бағаланады, жеке тұлға тәрбиеленеді, тілдің көмегімен баланың танымдық қабілеті дамиды. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында бүгінгі таңда өмірлік маңызы бар мынадай білік, дағдылар қалыптасады: оқығанын түсіндіре білу, әртүрлі дереккөздердегі ақпаратты ажырата білу және өз көзқарасын білдіре алу. Ол көбіне мәтін талдау кезінде жүзеге асады. Мысалы екі мәтіннің формасы, мақсаты, жанры, мазмұны, аудиториясы, тілінің ұқсастығы мен айырмашылығы; сөйлеу формасы (ауызша, жазбаша); мәтін типтері (формалары) суреттеу, баяндау, талқылау, аргумент келтіру, монолог, диалог, полилог.

Бүгінгі күні қазақ тілі оқулықтарында баланың оқу сауаттылығын арттыруға негізделген әр түрлі мәтіннің түрлері қамталған. Атап айтсақ: «тұтас мәтіндер», «дискритті мәтіндер» немесе «жадағай мәтіндер», «аралас мәтіндер», «құрамдас мәтіндер». Оқу сауаттылығында мәтіннің қомақты бірліктерін қамтыған мәтіндер «тұтас мәтіндер» болып табылады. Тұтас мәтіндер өзара сабақтасқан сөйлемдерден тұрады. Тұтас мәтіндерге сипаттама (көркем және техникалық), баяндау (әңгіме, есеп беру, репортаж), түсіндіру (пікір, қорытынды, талдау) жатады.

«Дискритті мәтіндер» немесе «жадағай мәтіндер» кесте, графиктер, диаграмма сияқты мәтіннің ақпараттық бірліктерінен тұратындықтан, басқа оқу дағдыларының әрекеттерін талап етеді.

«Аралас мәтіндер» «тұтас» және «дискритті мәтіндердің» ерекшеліктерін білдіреді. Аралас мәтіннің вербальды және бейвербалды элементтері бір-бірін толықтырып тұратын сөз және сөзсіз көрсетілген элементтер арқылы ерекшеленеді. Сол сияқты көптеген ақпараттық

мәтіндер презентациялық форматта әзірленеді. «Құрамдас мәтіндер» мағына ғана емес, формат жағынан да әрқайсысы бір-біріне тәуелсіз әртүрлі (бірнеше) мәтіндерден құрастырылады. Мұндай мәтіндер өзінің мағыналық жағына байланысты және ойды толық аяқтап, мәтіннің диагностикалық мақсатын анықтайды.

Білім сапасын арттыру мақсатында оқу сауаттылығы бағыты бойынша тәжірибеде қолданылып жүрген әдістердің бірі жолы – сұрақтар. Ашық сұрақтар, жабық сұрақтар, екі типті сұрақтар.

Ашық сұрақтар ақпаратты түсіндіруді, өз көзқарасын білдіруді, ойлауды, талдай білуді, сарапшылық бағаны талап етеді, анағұрлым толық жауапты бағамдайды. Ал жабық сұрақтар сарапшылық бағалауды қажет етпейді, дегенмен күрделі жабық сұрақ «баяндалған оқиғаны уақыт бірізділігімен орналастыру» т.б. сол сияқты тапсырамаларды орындау кезінде қолдануға тиімді. Екі типті сұрақтарда «иә» немесе «жоқ», «өзгереді» немесе «өзгермейді», «дұрыс» немесе «бұрыс» деп жауап беру кезінде пайдаланылады. Аталған іс әрекет нәтижеге бағытталғаны дұрыс. Адам бойында қалыптасатын құзыреттіліктердің барлығы оның жас кезінен басталуы қажет екендігі айтылып, дәлелденіп келеді.

Еліміздегі білім жүйесіндегі әрбір өзгерістер мен бастамалар болашақтағы мемлекетіміздің экономикасының капиталы жастарға бағытталып отыр. Бүгінгі күні мұғалімдер білім алушыларға беріліп жатқан білімдерінің теория жүзінде ғана қалып қоймай оларды іс жүзінде табысты нәтижеге жете алатындай қолдана алуларына жағдай туғызу керек. Білімді есте сақтау, оны оқытушы сұрағанда қайта жаңғыртып айтып беру әлі нағыз білім болып есептелмейді. Нағыз білім практикада қолданыс тауып, нәтиже көрсететін білім болып табылады. Осы тұста философ Конфуцийдің: *«Маған айтсаң ұмытып қаламын, көрсетсең есімде қалады, өзіме істетсең үйреніп аламын»* - деген сөзі еске түседі. Бүгінгі мектеп оқушысы, ертеңгі маман әр салада нәтижелі жұмыс жасау үшін өзінің білімін қоршаған ортада болып жатқан жағдайлар мен құбылыстарды нақты түсінетіндей деңгейге дейін көтеруі керек, сонымен бірге білімін, іскерлігін, біліктілігін де кеңейтуі қажет. Өйткені бүгінгі қазақстандық білім беру сипатындағы айрықша өзгерістер «адамның еркін дамуына» оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, бейімделуін дамытуға бағыт береді.

#### **Әдебиет:**

1. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана: Таным, 2008.
2. Тілдік пәндер сабақтарына қажетті мәтіндік оқу материалын таңдау бойынша педагогтерге арналған әдістемік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019

#### **Оспанкулов М.З.**

*Талды ауылының жалпы білім беретін №19 орта мектебінің базасындағы тірек мектебі  
(ресурстық орталығы) КММ Қарқаралы ауданы*

### **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ**

Қазіргі кезде егемен еліміздің болашақ ұрпақты тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі болып отыр. Осы ұстанымдарға жетудің бірден бір жолы: әлемдік білім кеңістігінің көкжиегінен мейлінше орын алу, дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүлде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауында «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп, білім беру үрдісіне баса назар аударған еді.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып

отырғаны: «**XXI ғасырда нені оқыту керек?**» және де екіншісі - ол да маңызы жағынан біріншіден еш кем емес: «**Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?**». Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасының мазмұны осы екінші мәселені шешуге бағытталған. [1, 4-7]

Сондықтан қазіргі уақытта мектеп алдында жаңа кезеңге, білім алушының ата-анасынан жаңа заман талабына сай басқа жағдайда өмір сүруге бейім, халықтың сұранысына сай мәселелерді шешуге дайын жаңа өркениетті елдің білімді азаматын дайындау бойынша үлкен міндеттер тұр.

Функционалдық сауаттылықтың негізі оқу білімін тек оқу жағдайында ғана емес, сонымен қатар әр түрлі өмірлік жағдайда қолдану, оны тәжірибе арқылы сараптау, мүмкіндігінше әртүрлі ақпарат көздері арқылы салыстыру, нәтижеге қол жеткізу, алынған ақпаратты саралай келе сын тұрғысынан бағалау, гипотезалар ұсыну, сонымен бірге зерттеулер жүргізу, белгілі бір көзқарасты дәлелдеу, негіздеу қабілеті болып табылады.

Сондықтан сабақ барысында түрлі стратегияларды қолдану білім алушылардың ойлау қабілетін дамытуға, теориялық білімді пайдалана отырып, берілген тапсырмадан жауап іздеу үрдісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқушының оқылатын пәніне деген қызығушылығы артып, алынған ақпараттан білімін кеңейтіп, бейнелі ойлауын дамытады, тапсырмалардағы өзара байланысты тауып, өзара сәйкестікті табады. Сонымен бірге өзіне тән белгілерді ажырату арқылы, атқаратын қызметтеріне сипаттама беру арқылы топтастыра отырып түсінеді. Білім алушылар осы орайда өздерінің нақты өмірде кездесетін мәселелерге барынша және нақты шешу үшін өз бетінше өз білімін қолдануды үйренеді.

Осы орайда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында биология сабақтарында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибесімен бөліскім келеді.

Мысалы, 8-сыныпта «Есту мүшесінің құрылысы мен гигиенасы» тақырыбын менгерткенде «Мағынаны тану» стратегиясын қолдандым. Онда білім алушылардың ойлау мен үйренуге бағытталған тапсырмалар беріледі және мағынаны ашып, мәнін тану үшін оқушы бұл кезеңде жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

Тапсырма: Төменде құлақ бөлімдері берілген

Сыртқы құлақ →X  
Ортаңғы құлақ →Y  
Ішкі құлақ→Z

1. құлақ қалқаны	2. сыртқы есту жолы
3. шытырман	4. ұлудене
5. балғашық	6. төс

Талдау жасап, құлақ бөлімдерін анықтаңыз

- |                      |                      |
|----------------------|----------------------|
| A) X→1<br>Y→5<br>Z→6 | B) X→1<br>Y→6<br>Z→2 |
| C) X→1<br>Y→5<br>Z→4 | D) X→1<br>Y→3<br>Z→4 |

Сонымен бір осы тақырыпта «Қателескен мұғалім» стратегиясында қолдандым. Бұл әдісте мұғалім мәтінді алдын ала оқытады және берген тапсырмада қате жібереді. Оқушылар тапсырманы қарап отырып, қателескен тұсты бірден тауып, дұрыстайды. Мұғалім қате жіберетін болғандықтан, білім алушылар асқан қызығушылықпен мәтінді қалт жібермей орындайды.

**Тапсырма:** Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Дыбыс тербелісі мынадай жолдардан өтеді:




Дыбыс толқыны →есту жолы→дабыл жарғағының тербелісі→есту сүйекшесінің тербелісі→ сопақ терезе жарғағының тербелісі→ ұлу денедегі сұйықтықтың тербелісі→есту рецепторларының тітіркенуі→Жүйке импульсінің пайда болуы.

Вестибула аппараты екі қапшық пен жартылай иірім өзектерінен тұрады. Олардың қуысы сұйықтыққа толы. Әрбір өзектің қабырғасында рецепторлар мен кальцидің ұсақ кристалдары болады.


Дененің қалпы өзгергенде кристалдар қысымы рецепторларда қозу тудырады. Пайда болған жүйке импульстерді миға өтеді.

**Берілген дыбыс тербелісінің жолдарын дұрыс ретімен орналастырыңыз:**

1. Дабыл жарғағының тербелісі
2. Сопақ терезе жарғағының тербелісі
3. Ұлу денедегі сұйықтықтың тербелісі
4. Есту рецепторларының тітіркенуі
5. Есту жолы
6. Жүйке импульсінің пайда болуы.
7. Дыбыс толқыны
8. Есту сүйекшесінің тербелісі



Жауабы:



Міне, сондықтан түрлі әдіс-тәсілдер («Аяқталмаған сөйлем» тәсілі, «Домино», жұппен жұмыс, «Иә, жоқ», «Инсерт», «Кейіпкерлерге мінездеме», «Көршіңе әңгімелеп бер», т.б.)– педагогикалық қызметте қолдансақ, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпалын тигізіп, логикалық тапсырмаларға, ой-пікірге, ақыл-ой шиеленісін көрсетуге, мәселеге назар аударуға деген қызығушылығын тәрбиелеудің жақсы құралы болып табылады.

«Ұстаз қызметінің мақсаты - баланы бақытқа жетелеудің жолын табуға көмектесу» деп, шығыстың ұлы ойшылы Әл-Фараби айтқандай, бүгінгі күні білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту деңгейін барынша жоғары көтеру үшін ұстаз тарапынан іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру бойынша мақсатты, жүйелі жұмыстар жүзеге асса, оқыту үдерісінде жоғары нәтижелер алуға болатыны сөзсіз.

**Әдебиеттер:**

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жыл 31 қаңтар.
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Бірінші (ілгері) деңгей, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы» үлестірме материалдары.

**Оспанова Т.Қ**

«№14 мектеп-лицейі» КММ, Абай ауданы

## **ОҚЫТУДА САБАҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖҮЙЕСІ**

Өткен жылдардың «Өмірлік білім алу» ұстанымын «Өмір бойы білім алу» ұстанымымен ауыстырды. Қазіргі таңдағы тәсілдердің ең басты ерекшелігі стандартты негізі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне бағдарлау.

Нәтиже дегеніміз – пәндік білім ғана емес, алған білімді практикалық әрекетте қолдана алу.

Қазіргі қоғамға білімді, ізгілікті, талапты тұлға қажет. Мұндайтұлғалар:

- өз әрекетін талдай алады;
- мүмкін болатын салдарды болжай отырып, өз бетіміне шешім қабылдайды;
- бейімделуі тез;
- ынтымақтастықта жұмыс жасайды;
- ел тағдыры мен оның әлеуметтік-экономикалық гүлденуіне жауапкершілік алады. Ал осындай тұлғаны дайындайтын оқытуда сабаққа қандай талап қояды?

Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар жүйесі төмендегідей:

- мемлекеттік жалпыға бірдей білім стандартының тұжырымдамасы,
- заманауи дидактика принциптері,
- жүйелілік-әрекеттік тәсілдеме тұрғысынан (оқушы тұлғасын дамыту, ең алдымен, белсенді білім алу әрекеті процесінде әмбебап оқу әрекеттерін, яғни білім беру процесінің негізін қалайтын тұлғалық, реттеушілік, танымдық, коммуникативтік әрекеттерді қалыптастыруда қамтамасыз етіледі).

Мемлекеттік жалпыға бірдей білім стандартының ерекшелігі – оның әрекеттік сипатқа бағыттала отырып, оқушы тұлғасын дамытуға бағытталуы. Қойылған міндеттер жаңа жүйелілік-әрекеттік білім беру парадигмасына көшуді талап етеді. Ол өз кезегінде МЖББС жүзеге асыратын мұғалім әрекетіндегі түбегейлі өзгерістермен байланысты. Сондай-ақ оқыту технологиясы да өзгереді, ақпараттық-коммуникативтік технологияны енгізу білім беру ұйымдарындағы әрбір пән бойынша білім беру аясын анағұрлым кеңейтуге жаңа мүмкіндік ашады. Сабақтың негізгі дидактикалық құрылымы қысқа мерзімді сабақ жоспарында көрініс табады. ҚМЖ құрылымы тұрақты бөлшектерден құралғандықтан және динамикалық сипатқа ие болғандықтан, ол сабақ типіне тәуелсіз, әрі икемді.

Қазіргі сабақтың басты элементтері:

1. Ұйымдастырушылық – сабақтың өн бойында сыныпты ұйымдастыру, оқушылардың сабаққа дайындығы, реттілік пен тәртіп.
2. Мақсаттық – оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарын сабақ мақсатына бейімдеу.
3. Уәждемелік – аталған тақырыпта, сондай-ақ толық тарауда оқытылатын материалдың маңыздылығын анықтау.
4. Коммуникативтік – мұғалімнің сыныппен қарым-қатынас жасау деңгейі.
5. Мазмұндық – меңгеру, бекіту, қайталау, өзіндік жұмыс және т.с.с. сияқтылар үшін материалдарды іріктеу.
6. Технологиялық – аталған сабақ типіне, тақырыпқа, сыныпқа тиімді оқытудың формасы, әдістері мен тәсілдерін таңдау.
7. Бақылау-бағалаушылық – оқушының белсенділігін ынталандыру мен танымдық қызығушылығын дамыту үшін сабақта оқушы әрекетін бағалауды қолдану.
8. Аналитикалық – сабақ қорытындысын шығару, сабақтағы оқушылардың әрекетін талдау, сабақты ұйымдастыру бойынша өз іс-әрекетін талдау.

Сабақ өз алдына мұғалімнің шеберлігінің айқын көрінісі болғанымен, бір жағынан оқытудың психологиялық-педагогикалық заңдылықтарына, екінші жағынан білім беру стандартының қоятын талаптарына негізделген. Сабақ оқыту принциптерінің ережелері мен талаптарына сәйкес болуы қажет. Бұл орайда Ж.Аймауытовтың мұғалімге байланысты берген бағалы нұсқауларын есте сақтаған жөн: жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру; тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару; сабақты алдын ала даярлайтын сұрақтар қою арқылы оқушының ынтасын арттыру, ілтипатын сақтау; қажетсіз мағлұматтардан сақтанып, баланың ілтипатын оятатын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп үйрету; баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану; лайықты салыстыру, ұқсастыру тәсілдер арқылы оңтайлы оқытуды жандандыруға тырысу; алғашқы кездегі оқыту деректі, көрнекі болуы керек; өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы оқытатын пәніне өзі де ынталануы, өзі де жақсы көруі тиіс, оқытушы сүйген нәрсені оқушылар да сүйеді.

Оқытудың заңдылықтары тұлғаның еркіне тәуекелді емес, олар іс-әрекетті ұйымдастыру барысында ескерілуі тиіс жағдайлар. Оқыту заңдалықтары арқылы оқыту процесі іске асады. Оқыту заңдылықтарының еркешелігі - мұғалімнің (оқыту), оқушының іс-әрекеті (оқу) және білім мазмұны арасындағы тұрақты тәуелділіктер, сабаққа қойылатын талаптар жүйесі.

Сабаққа қойылатын талаптар жүйесі қамтиды:

- сабақты жақсы жабдықталған оқу кабинеттерінде ұйымдастыру;
- сызба бойынша сабақтың кезеңдерін құрылымдау: оқу тапсырмасын ұсыну – оны орындау бойынша оқушы әрекеті – әрекетті қорытындылау – процесс пен орындау дәрежесін бақылау – рефлексия.

- оқу мен мұғалім әрекетін жоспарлау, тақырыпты, сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін мүмкіндігінше оқушылармен бірге нақты анықтап алу;

- дамыта оқытуды ескере отырып, мәселені анықтау: мұғалім оқушылармен ынтымақтастық жұмысқа өзі ашық болады және сыныптастарымен, мұғаліммен өзара жұмыстарға бағыттай алады;

- проблемалық, жағдаяттық оқытуды туғызу, оқушылардың әрекетінің таландыру;

- оқу әрекетінің процесіне және соңғы нәтижеге жетуге қызығушылықты ояту;

- практикада алған білім, білік, дағдыны қолдану;

- дайын білімді беруді азайту, шығармашылық пен өзара ынтымақтастықты көбейту;

- сабақта психологиялық жағымды ахуал мен уақыт, денсаулық сақтау шарттарын құру;

- кері байланысты жоспарлау;

- сабақтың басты субъектісі – бала;

- балалардың жас және дербес ерекшеліктерін (сыныптың бейіні, оқушылардың қызығушылығы, мүмкіндіктері) ескере отырып, олардың оқу әрекеттерінің нәтижелі болуы үшін түрлі тиімді тәсілдерді қолдану. Мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың әрекетін ынталандыратын оқу тапсырмалары арқылы жағдай жасау;

- мұғалімнің әдістемелік шеберлігін қолдана алуы;

- білімді іріктіру, білім беру әрекетінде пәннен тыс әмбебап тәсілдерді іріктеу;

- білімді сапалы қолдану жұмыстары, ол бағдарламада анықталған күтілетін нәтижеге жетуді қамтамасыз етеді;

- сабақтың мақсаты ретінде болжамды күтілетін нәтижелердің барлығына жүйелі диагностика (тұлғалық, пәннен тыс, пәндік) жүргізу;

- оқушылардың түрлі ақпарат көздерімен оқу-танымдық әрекеті кезінде білімді өз бетімен алу жұмыстарының болуы, оның ішінде, ең басты орын – Интернет ресурстарымен жұмыс жасау;

- қарым-қатынас және өз көзқарасын дәлелдеу, коммуникативтік құзыреттерді дамыту мен ұжымда жұмыс жасау нормасын меңгеру үшін топтық, жұптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру;

- өз әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілік алу және рефлексия арқылы өзін-өзі бақылау мен өзара бақылау жүйесін қолдану;

- оқушы әрекетіне жағымды оқу уәжін қалыптастыруға ықпал ететін сапалы оң баға беру;

- сабақ мейірімділік пен ізгілікке құрылу қажет;

- үй жұмысын түрлендіру мен азайту.

Аталған талаптарды орындау мұғалім рөлін – басқарушы, ал оқушылар рөлін – өз әрекетінің белсенді субъектісі ретінде айқындайды. Бұл қазіргі білім беру жүйесінің мақсат-міндеттерін жүзеге асырудың алғышарты болмақ. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында сабақ жоспарлауды қысқа мерзімді сабақ жоспары бойынша құрастырылу ұсынылды.

### **Әдебиет:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

[Электрондық ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

2. «Орта білім мазмұнын. Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту» әдістемелік құрал. Астана – 2004.

[Электрондық ресурс]: [goo.kz/loader/load/23088](http://goo.kz/loader/load/23088)

3. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» (Т2) пәнінен оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес мектептерге арналған) 2014 жыл.  
[Электрондық ресурс]: <http://nis.edu.kz/>

**Оспантаева Р.Қ**

*«№9 жалпы білім беретін мектебі» КММ, Абай ауданы*

## **ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Әдеби шығарма адамға рухани азық болатын құндылықтың ең негізгісі. Әдебиетіміздің балаларды сан алуан қасиеттерге баулитыны белгілі. Осы тұста мұғалімнің көтерер жүгі ауыр екені рас. Әсіресе, әдебиет пәнінің орны ерекше. Оқушыларға туындыны оқыта отырып, «Блум таксономиясы» арқылы оқу сауаттылықтарын арттыру - бүгінгі білім беру саласының басты талаптарының бірі. Шығармадағы әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, тағы басқа ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру, ұмыт болған сөздер мен дәстүрлерді таныстыру, меңгерту ол да біздің еншімізде.

Мысалы, «Құлагер» поэмасын оқыған оқушы біраз нәрсені түсіне бермеуі әбден ықтимал. Оған поэмадан бір мысал келтіре кетейін. Поэmanın «Құлагер» тарауында мынадай жолдар бар:

Салбырап тұр Құлагер байлауында,

Қарасып Құланың бас, аяғына:

-Осы ма, Құлагерің?-деседі жұрт,

-Жүйрігі жануардың қай жағында?

-Салпы ерін, сала сүйек, салбыр тірсек.

-Бітімі ойқы-шойқы, орда шорқы,

-Пішкендей жануарды олақ өлшеп.

-Алмайды мынау бәйге жылқы көрсек,

Көк еті кедір-бұдыр, бөлшек-бөлшек.

-Көкшетау шолағында мақтайтын ел,

Осыған ит болайық бәйге берсек.

Оқушы Құлагердей хас жүйрікке, алдына жылқы оздырмаған тұлпарға халықтың бұлай деуін бірден түсінбейтіні белгілі. Себебі аты аңызға айналған серінің даңқты Құлагері оқушы пайымы бойынша түрікмендердің сұлу жануары секілді болуы керек екені айдан анық. Осы тұста Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Құлагер жайлы бірер сөз» атты еңбегінде жазылған деректер бойынша қосымша түсінік бере кеткен абзал. Ондай былай делінген:

- Қарны қабақтай кішкене құнан, сын көтерер түрі жоқ. Ең болмаса жал, құйрығы болса ғой. Тек шоқтығына бір уыс қыл бітіпті. Құйрық қылы да құйрығының ұшына ғана сиырша біткен. Екі құлағы есектің құлағындай салбырап жатыр. Басы бір аршын. Бұдан не өнер шығады?- дейді Ақан құнанды көріп.

Сыншы аттан түседі де, жуас құнанды ұстап тұрып Ақанға сынын айтады.

- Мұның кеудесіне көз салшы. Төсінің астынан адам жүгіріп өткендей кең. Бұл жылқы баласына бітпеген кеуде. Осы кеудеге біткен мұның өкпесі мен жүрегі алқынсын ба? Ертеден қара кешке дейін шапса да ендікпейтін жылқы болады бұл.

Сонан кейін сыншы жұдырығын түйіп ап құлагер құнанның сағағына салып көрсе, екі шықшыттың арасына жұқ болмай ойнап кетеді.

- Көрдің бе? – деді сыншы Ақанға. Кеудесі кең болғанымен сағағы тар жылқының тынысы да тар болады. Жай жылқының сағағына жұдырық сыймайды. Ал мына құлагер құнанның жұдырық түгіл кішігірім баланың басы сыйып кетер. Мұның тынысы – тартар тамағында. Өзге жылқы баласына біткен емес. Ағызып шауып келе жатқанда тыныстап отыратын жылқың осы болады. Шынтағы сыртына қарай айналып біткенін көрдің бе? Бұл да тынысты кең алдырудың бір белгісі. Қысыңқы шынтақ шапқанда қолтықты соғып, тынысты тарылтады. Азулары қабанның азуындай айқаса кекжие кейін қарай бітетіндей. Сарқылмайтын қайраттың бейнесі ғой бұл.

Қабағын көрдің бе, жұдырықтай боп түйіліп тұрған. Жайшылықта моманқансынғанмен ерегесте қандай құтырар екен сабаз. Ашуы келмей жылқы шаппайды. Мына қабакпен егесте долданып кететін жылқы бұл. Жүйрікті теке мұрын деп мақтау бекер. Текенің танауы тар болады. Тар танау демді аз тартады. Бөкеннен жүйрік аң жоқ. Ең кең танау – соныкі. Мына құлагер құнанның да танауына қол сыйып кетердей делдие біткен екен. Бұл да демді бөкеннен кем тартпас. Басына түгелімен қарашы. Кесіп алар еті жоқ, тап-тақыр және ұшқыр. Үйректің басындай ұп-ұзын, сүп-сүйір. Осы басын алдына қарай төсеп шапқанда, өзге денесін қандай ілгері алып ұшады екен, шіркін! Ұзақ шауып не ұзаққа жортып шаршаған жылқыны «мойны талып келген» екен демей ме? - деп Ақанға қарады.

Сонда сыншы тұрып:

- Жүйрік үш түрлі болады: бірінің алды, бірінің арты биік. Енді бірінің алды мен арты тең болады. Арты биік өзі шапқыш келеді, алды биік ылдиға шапқыш келеді. Алды, арты тең болса, ылди мен өрге бірдей шабады. Мына құлагер құнан соның бірдей шабатыны екен. Мұның тірсегі жолбарыстың тірсегіндей майысып қалған. Мұның артқы аяқтарының бір серпіні өзге жылқының екі, үш серпініне тұрады. Өзге жүйріктің екі, үш адымы мұның бір-ақ адымы. Сондай серпінмен шапса бұл жылқы шыдата ма![1]

Міне, сонда оқушыжоғарыда берілген үзіндідегі халықтың Құлагерге қатысты айтылған сөздерінің мәнін түсініп, тұлпар болатын жануардың сипатымен танысады. Атбегі, сыншылар жайлы білімі кеңейеді. Сонымен қатар поэма негізінде төмендегідей тапсырмалар ұсынуға болады.

1-тапсырма. «Лексикалық органайзер» арқылы көнерген атауларға түсінік беріңіз.

Мысалы:



«Құлагер» поэмасын оқытпай тұрып, поэмадан үзінді беріп, оқушыларға болжам жасатуға болады.

2-тапсырма. Қазақта Құлагерді көп айтады,

«Серінің серігі еді», -деп айтады.

«Ат сыры иесіне мәлім», -деп жұрт,

Тегінде мал көрмесе, неге айтады? Берілген үзінді бойынша тақырыпқа болжам жасаңыз, оны «ПОПС формуласы» арқылы ұсыныңыз. «Менің ойымша...» «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» «Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын...» «Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім ...».

3-тапсырма. Берілген үзіндіні карикатура түрінде өрнектеңіз.

Атты айттық жоғарыда бір Көктұйғын,

Әжелген асқа Батыраш сол жүйрігін.

Қағатын қанаттыны өрен жүйрік,

Қоймаған қырдан жылқы бұл бір қырғын.

Иесі Батыраш бір кеппе кеуде,

Ұр-көппе, томырық мінез, насым берме;

Осы аста сағы сынып, бағы тайса

Ол өзін дап-дайын тұр «Өлдім» деуге.

4-тапсырма. «Шешен – дауға, батыр – жауға», «Жүйрікті – бәйгеге» деген мақалдарды өз пікіріңіз тұрғысынан түйіндеп жазыңыз.

Әдебиетке қатысты осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бір ғана «Абай жолы» роман-эпопеясында кездесетін халықтық салт-дәстүрлер, ырымдар қандай ғанибет! «Абайдың

бұл келісі – ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу деп, қол ұстау деп те аталады. Ең алғашқы келіс осы. Өзге келістердей емес, күйеу бұл жолы алғашқы күндерде көп нәрсеге көндіге білу керек. Сол өзгешеліктің үлкені – қалыңдықты оңайлықпен көрсетпеу. Абай екі күн өткеннен кейін де қалыңдығын көре алмады. Үшінші күнде ғана күттірген той болды. Қалың қызыл жібек шапан жамылған, бетін түгел бүркеп алған. Молда неке оқыды. Суық су құйған кесе төрдегі жұртты жағалап кеп, Абайға ұсынды. Абай ұрттады да, Ділдәға берді.

Екі жеңге Абай мен Ділдәға қарсы отырып, екеуінің де оң қолдарын алып, біріне-бірін ұстаттырды. Екі қолдың арасында бір қабат сусылдаған жібек жүр. Сол арқылы ұстатады екен. Енді жеңге Абайдың қолын өзі көтеріп апарып, Ділдәнің қос бұрымына тигізді. Әлі де Абай қолының астында жаңағы жібек жүр. Сол жібекпен Абай бір-екі рет сипап өтті. Қол ұстату, шаш сипату деген ырымдар осы. Шаш сипар алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады. Етік тартар дейтін бір алым тағы бар. Күйеудің етігін жеңге шешеді де, тағы ақы алады» [2].

Үзіндіге қатысты оқушыларға төмендегідей тапсырмалар легін ұсынуға болады.

1-тапсырма. Ұрын келу дәстүрі туралы не білдіңіз?

2-тапсырма. Берілген үзіндіні қазіргі өмірмен байланыстырып көріңіз.

3-тапсырма. Асты сызылған сөздерге түсінік беріңіз.

Осындай жұмыстар арқылы баланы оқи отырып ойлануға, ойын жинақтап, жүйелі түрде жауап бере білуге үйретуге болады. Себебі бүгінгі білім саласының басты назары функционалдық сауаттылықты арттыру, оның ішінде оқу сауаттылығын арттыру болып отыр. Ал оқу сауаттылығы білім алушылардың жазбаша мәтіндердегі ақпараттарды түсінуі, пайдалануы, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейтуіне ықпал етеді. Егер оқушының оқылым дағдысын дұрыс, сауатты қалыптастырсақ, онда оқушы мәтіннен ақпарат алуда жазу мен оқуды оңай қолданады, оны түсінеді әрі интерпретация жасай алады. Елбасының «Ұлттық іс-қимыл жоспары» бағдарламасының да түп-төркіні осында. Білім алушының оқу сауаттылығын арттыру арқылы өз бетімен білім алуына, ізденуіне, әлеуметтенуіне қол жеткіземіз. Қазақтың сусылдаған ділмарлары, су төгілмес жорғалары, қызыл тілден май тамызған ақын-жазушылары шығармаларындағы інжу-маржанды мұхиттың түбінен теріп бергендей бойларына сіңіріп, алқа етіп тағып бере білсек, еңбегіміздің еш болмағаны.

Халқымыздың тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңіне айналдырайық.

#### **Әдебиет:**

1. «Жұлдыз» журналы 2009 жыл, 4-саны.
2. М.Әуезов «Абай жолы» 1-кітап, 239-бет.

**Өтешова Ж. Д.**

*Ұлытау ауданы, №8 ЖОББМ*

### **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген болатын. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Оқушылардың функционалдық сауаттылығы ең алдымен біріншіден, үйден отбасынан басталады. Жалпы алғанда, Ұлттық жоспарды жүйелі және одан әрі іске асыру Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін және функциялық сауаттылығын дамуына мүмкіндік береді. Білім мазмұнын жанарту шеңберінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр.

Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи

мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады. Осыған орай, Қазақстандағы мектептегі білім беру жүйесі балалардың дағдыларын дамытуда әртүрлі оқу және өмірлік жағдаяттар, тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастар білімін қолдануға бағытталуы тиіс.

Біріншіден, функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге араласуы. Біз экономикамыздағы, әлеуметтік – саяси және рухани өміріміздегі жетістіктерді заңды түрде мақтан етеміз. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (математика, жаратылыстану, дүниетану).

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруға арналған оқығанын пайдалану бағаланады.

Жалпы білім беретін орта мектептердегі құзіретті тұлғаны қалыптастыруда тіл пәндерінің орны ерекше болып келеді. Бұл орыс мектептердегі «Қазақ тілі» пәніне де тікелей қатысты. Өйткені мемлекеттік тіл ретінде оқытылатын оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ҚР «Білім туралы», «Тіл туралы» Заңдарының жүзеге асуының басты шарты болып саналады. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін өзге тілді мектептердегі «Қазақ тілі» пәнін оқытудың әдістеме негіздерді қайта қарастырып, білім беру жүйесіне өзгерістер енгізілген.

Оқу процесінде адам факторы маңызды рөл атқарады, өйткені мұғалім оқушымен тікелей байланыста белгілі бір дағдыларды аударып алады және сіңіреді, ал қашықтықтан білім беру кезінде ол ішінара қиындықтар әкеледі. Сонымен қатар, қалыпты оқыту әдістері жаңа технологияларға сәйкес келмейді, ал оқу мен оқу материалдарының көпшілігі қашықтықтан оқытуға тиімсіз. Сондай-ақ, қашықтықтан оқытуды енгізу кезінде туындайтын мәселелердің бірі– оқушылардың меңгерген білімдерін бақылау. Оқушының пәнді игеруге және білімнің игерілгендігін растауға қажетті белгілі бір тапсырмаларды өз бетінше орындайтындығына толық кепілдік жоқ. Бұл мәселенің ішінара шешімі - on-line бақылау. Ал жұмысты сапалы, тиімді жүргізу пән мұғалімінің құзіреттілігі мен іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең - виртуальдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл.

➤ Синхрондық өзара іс-қимыл мұғалім мен оқушының нақты уақыт режиміндегі қатынасты қарастырады. Бұл үшін қашықтықтан оқыту жүйесінің чаттары немесе бейне конференциялар қолданылуы мүмкін.

➤ Асинхрондық өзара іс-қимыл мұғалім мен оқушы нақты уақытта қарым-қатынаста болмаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл жағдайда қашықтықтан оқытудағы байланыстар жіберу тізімдерінің немесе телеконференциялардың көмегімен электрондық пошта бойынша хат алмасу арқылы ұйымдастырылады.

Пән мұғалімінің кеңесі (синхрондық немесе асинхрондық) – қашықтықтан оқытуды орындаудың міндетті шарттары.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқу процесіндегі білім беру формасы шығармашылық түрде беріледі: дәрістер, семинар сабақтар, практикалық сабақтар, оқушының зерттеушілік және өзіндік жұмыстары т.с.с. Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқушының өзіндік жұмыстары кеңейе түсері сөзсіз. Ол жұмыс зерттеулік және оқу әдебиеттерімен, басқа да ақпараттар күшімен жүзеге асады. Қашықтықтан оқыту барысында тақырыптар жеке оқытылады, бейне дәрістер, ақпараттық желі арқылы алынатын материалдар, оқушылармен кері байланыс жасау әдістері, т.с.с арқылы жүзеге асады. Оқыту технологияларының жетіліп, дамып отыруы мұғалімдердің дайындық деңгейінің де үздіксіз жалғасып отыруына да байланысты. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі технологиялары бар:

- Кейс-технология – оқытушы тьютордың дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруді ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

- Желілік технология - оқушы, мұғалім, әкімшілік мүшелері арасындағы интерактивті байланыста телекоммуникациялық желіні қолдануға негізделген.

- ТВ-технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту. Т.б.

Қашықтықтан білім беруге білім реформасы ұзақ уақыт дайындалып келеді. Оқушыға да, мұғалімге де уақытты үнемдеуге көмектесетін бұл жүйенің ерекшеліктері мен кедергілеріне тоқталуды жөн көрдік. Ұжым мүшелері мен ата-аналар, оқушылардың пікірлері бойынша қашықтықтан оқытуда өзін-өзі тәрбиелеу басты рөл атқарады. Әдетте, қашықтықтан оқытуда жауапкершілігі мол оқушылардың білім сапасында айтарлықтай өзгеріс болмайды. Бүгінгі біздің қолданып отырған ZOOM, Classroom, school.sdot.kz платформаларымен көпшілік жұмыс жасауда. Бұл жұмыста басты басты қиындық қаланың кейбір аймақтарында интернет желісінің баяулығы, сол арқылы бағдарламалардың ақау беруінің дау тудыруы еді.

Жалпы қашықтықтан оқыту ұйымдастыруда тәртіпті талап етеді. Бастауыш сыныптағы оқушылар қашықтықтан өз бетінші білім алуда үнемі ата-ана мен мұғалімнің бақылауын, қолдауын қажет етеді. Баланың орындай алмаған кейбір функциясына үйдегі ересектер көмектеседі. Бірақ ол көмек ересектердің кешкілік жұмыс пен өз шаруаларынан босаған сәтте ғана мүмкін болады. Әрине, бұл уақыт –сабақ оқуға тиімсіз кез. Сондай-ақ, осы кезеңде төменгі сынып оқушыларына эмоция мен кері байланыс жетісіңкіремейді. Сондықтан, жоғары сыныптағы оқушыларға қарағанда бастауыш сынып оқушыларына қашықтықтан білім беру білім сапасына кері әсер тигізуі мүмкін.

Қашықтықтан оқытудың өзіндік тиімсіз тұстары да кездеседі:

- Мұғалім мен оқушы арасында толыққанды байланыстың болмауы.

- Әр оқушының өзіндік ерекшелігіне сай психологиялық жағдайлардың жеткіліксіздігі.

- Ақпарат көздеріне үнемі қолжетімділіктің қажеттігі туындайды. Жақсы техникалық жабдықтар қажет, бірақ оқушылардың барлығы бірдей компьютер мен интернетке қол жеткізе бермейді.

- Шалғайдағы ауыл, село жағдайының да өзіндік қиындықтары бар.

- Зертханалық, практикалық сабақтардың өтуіне қиыншылықтар туғызады.

- Үйірме жұмыстарын өз деңгейінде өткізу мүмкіндігі жоқ.

- Қашықтықтан оқыту жағдайында оқытудың негізі жазбаша түрінде ғана орындалады.

Бұл – ауызша сабақтар үшін қиындық.

- Сауаттылық мәселесіне жете назар аударылмайды.

- Үй тапсырмасын орындау, жіберу уақыты тұрақсыз.

➤ Оқу мен оқу материалдарының көпшілігі қашықтықтан оқытуға тиімсіз.  
➤ Жекелеген мұғалімдердің ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының деңгейі жеткілікті дәрежеде емес.

➤ Осыған байланысты қашықтықтан білім беруде қолдануға жарамды оқу материалын дайындауда қиындықтар туындайды. Осыдан қашықтықтан оқытуға қажетті ұсынылған оқу материалдарына қойылатын талаптарды стандарттау қажеттілігі туындайды.

Әрине, аталмыш мәселелерді біржақты қарастыруға болмайды. Уақыт өте келе, қиындықтар мен кедергілер бір жолға қойылғанда түзелері сөзсіз. Қашықтықтан оқыту ауа-райының қолайсыздығына байланысты сабақ болмай, тақырыптар біріктіріліп, кіріктіріліп өткізілген кездегі қиындықтан құтқарады. Сонымен қатар, түрлі сылтаулармен немесе денсаулығына байланысты сабақтан қалатын оқушылар, немесе ауа райының қолайсыздығына байланысты сабақ болмаған жағдайда еріксіз сабақ оқып, тапсырма орындай бастағаны да байқалады. Олар сабақтан қалған жағдайда смартфон, компьютерін қосып түрлі тапсырмаларды орындай беруіне еш кедергі жоқ.

Сондықтан, қашықтықтан оқытудың тиімді жақтарын да аңғаруға болады:

1. Оқуға дайындалу, тапсырманы орындау уақытын оқушы өзі белгілеуге мүмкіндігі бар.
2. Еркіндік пен шығармашылық ойлау дами бастайды. Оқушы өзін қаншалықты дамытса да, креативті ойларын жүзеге асырса да еш кедергі жоқ.
3. Оқушы үйде отырғанмен барлық ақпарат қолжетімді. Тек өз уақытын тиімді пайдалана білуі керек.
4. Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру - оқу процесінің табысты болуының кепілі.
5. Технологиялық тиімділік – оқу үрдісінде оқушы мен мұғалім ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін қолдану.
6. Әлеуметтік теңдік, яғни білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулығына қарамастан бірдей білім алу мүмкіндігі бар.
7. Сондай-ақ, мұғалім бақылауынан, сыныптастарының ортасында қысылатын кейбір оқушылар қашықтықтан оқу кезінде батылданып, өздерін еркін сезініп, білім сапасында ілгерілегендері де кездеседі. Себебі, өзіне сенімділік пайда болады
8. Оқушының шығармашылық ойын жетілдіруге қолайлы жағдай. т.с.с

Сонымен, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Зенкина С.В., Чернеби Е.В. Электрондық оқытуды құру үшін мұғалімдердің АКТ-ны пайдалану.
2. kaznu.kz. сайты, негізгі бет. Б.1;
3. «Білімді ел» газеті. Қашықтан оқыту: ерекшеліктер мен қиындықтары 19.08.2020ж.
4. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы

#### **Согосбай А.С.**

*«Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-бөбекжай кешені» КММ, Қарағанды қ.*

#### **ОҚУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА КӨШБАСШЫ-МҰҒАЛІМДЕРДІҢ РОЛІ**

Бүгінгі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

Білім берудің жаңа моделінің негізгі қағидаларын шешу мақсатында елімізде инновациялық технологиялар енгізіліп жатыр, оның негізгі құндылығы-оқушының жеке тұлғасы, ал негізгі мақсаты–тұлғаның қызығушылықтары мен қабілетін ескере отырып жан-жақты

дамыту және ұлттық құндылықтарға сай тәрбиемен қаруландыру болып отыр. Әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер білім жүйесінде тың өзгерістің қажет екенін дәлелдеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»-ның мақсаты: 1.Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту. 2.Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыруболса басты міндеттерінің бірі-Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту; білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.

Осыған орай Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде төмендегідей принциптік өзгерістер енгізілуде:

- Құзыреттілікке бағытталған, нәтижеге арналған ҚР білім беру жүйесін қайта бағдарлау;
- Жалпыға бірдей сапаны басқару концепция принциптері негізінде білім беруді басқару;
- Әр пәннің ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-әдістемлік кешендерді жаңарту;
- Әлеуметтік-экономикалық шарттар әсерінен өзгерген қоғам талаптарына сай жаңа оқу пәндерін кіргізу;
- Білім стандарттарын жаңарту;
- Мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігінің жаңа деңгейі, білім сапасына жетудің негізгі шарттары принципі бойынша үздіксіз білім жетілдіру;
- Жеке жауапкершілік жүйесін шамалайтын әлеуметтік серіктестік механизмдерінің енгізілуі.

Білім саласындағы өзгерістерді енгізу үшін педагогтерді қайта даярлап оқыту мәселесі еді. Бүгінгі таңда Республика бойынша барлық жалпы білім беретін ұйымдардың педагогтері жаңартылған білім беру мазмұны аясында әр түрлі деңгейдегі, әдістемелік, көшбасшылық, мақсаттағы білім жетілдіру, қайта даярлау, оқыту курстарынан өткізілді.

XXI ғасырда білім беру үдерісінде басты назар аударатын, талап етілетін негізгі дағдылардың бірі - оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алу, яғни функционалдық сауаттылық. Заманауи талаптарға сай білім беруде педагогтердің функционалдық сауаттылығын дамыту үдерісіне ұйымдастырушылық-басқарушылық, ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету өзекті болып отыр.

Білім мен ғылымды дамыту бойынша арнайы зерттеу орталықтары мен зерттеушілер мен ғалымдардың сараптамаларын зерделей отырып, білім беру саласында табысқа жеткен мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенсек, мектеп жүйесін жетілдірудің басты көрсеткіштерінің бірі- мұғалімнің тиімді көшбасшылық құзыреті екендігі анықталған. Оқыту сапасы оқушылардың ынтасы мен оқу үлгеріміне қатты әсер етеді десек, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін көтеруде мұғалім көшбасшылығы мен мектеп басшылары мен оқу-тәрбиеүдерісін басқаратын директор орынбасарларының мектеп жұмысын жүйелеудегі көшбасшылық деңгейінің ықпалы зор деген сөз. Педагогтердіңкөшбасшылық деңгейінкөтерудің негізгі бағыттарын атап өтуге болады:

- Өз әріптестеріне көшбасшылық ету; әдіскер, коуч, тәлімгер, тренер, оқу жоспарын әзірлеуші маман, оқытудағы тиімді жаңа тәсілдерді әзірлеуші, зерттеу топтарының басшысы;
- Оқу-тәрбие үдерісіне жауапты орынбасарлардың басқаруымен арнайы жұмыс тобының, шығармашылық топтың, мектеп ішіндегі көшбасшы мұғалімдер тобына мектептің алдына қойған негізгі мақсатының ілгерлеуі үшін тиімді жағдай жасау;
- Әріптестік арқылы басқару жүйесіне оң әсер ету: іскер адамдармен, жоғары оқу орындарымен, ата-аналар комитетімен әріптестікті нығайту.

Осы аталған бағыттардың ішінен, сөзіміз дәлелді болу үшін бірінші аталған бағытқа нақтырақ тоқтала кетсек. Білім ұйымдарындағы оқушы саны шамамен 1000-1500 оқушыны қамтыса, штаттық кестеге сәйкес төрт-бес оқу-ісі орынбасарларының барлық педагогтер ісін жүйелі басқаруда кейбір қиындықтарға, кедергіге тап болуы мүмкін. Себебі, басқарудағы жұмыстардың ауқымдылығы уақыттың тиімділігін қажет етсе, кей жағдайда жұмыстың жүйесіздігі орын алып жатары сөзсіз. Ал жүйесіз орындалған іс-әрекеттер мен шаралардың мектеп дамуына тиімсіз, нәтижесіз болары айқын. Сондықтан, қазіргі таңда білім беру

ұйымдарының әкімшілік басқарудағы жүйелілік пен тиімділікті іске асыруда көшбасшы – мұғалімдердің білім, білік, дағдыларының берері көп. Жаңартылған білім мазмұнын оқыту аясында көшбасшы- мұғалімдер даярлауда ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттырудың «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдерді оқыту курсы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы арқылы оқытылған әдіскер, коуч, тәлімгер, тренер, оқу жоспарын әзірлеуші маман, оқытудағы тиімді жаңа тәсілдерді әзірлеуші тағы басқада педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру бойынша курстарды тегін оқуға жағдай жасалынды.

Кейде мектепте бір педагогті бірнеше курстарға жіберіп отырады, бұл мектепшілік оқыту үдерісіндегі жұмыс тиімділігіне кері әсерін тигізеді сөзсіз. Сондықтан, мұғалімдердің көшбасшылық тобын оқу жылына және мектептің даму жоспарына сай нақты іс-әрекет жоспары құрылу қажет. Білім беру ұйымының мектепті дамытуға арналған перспективалық жоспарымен және мектепшілік бақылау-басшылық жоспарымен тығыз байланысты мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі нақты проблемалық қайшылықтарды, кездескен кедергілерді анықтай отырып мектеп жұмысының ілгерлеуіне, кадрлардың кәсіби өсуіне, білім сапасының артуына тікелей ықпал ететіндей тиімді, қолжетімді болуы маңызды.

Әдіскер-педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейлерін ескере отырып, анықталған проблемалық тақырыптар бойынша әр түрлі формалар арқылы/ашық сабақтар, шеберлік сынып, коуч, дөңгелек үстел т.б/ әдістемелік көмек көрсете отырып, нәтижеге бағытталған іс –шаралар өткізу, өткізілген іс-шаралар бойынша педагогтердің жеткен жетістіктеріне мониторинг жасай отырып, атқарылған әдістемелік жұмыстардың тиімділігін сараптау, түзетулер енгізу, кездескен қиындықтар мен кедергілердің шығу жолдарын қарастыру сынды іс әрекеттермен түйінделеді.

Екінші бағыттағы «тиімді жағдай жасау» -іс әрекетінің маңыздылығы көшбасшы топтың дивергентті ойлау арқылы, креативті үдеріс тұрғысынан ұйымдастырып, басқаруға негізделеді.

Әріптестік арқылы басқару жүйесіндегі серіктестер мектептің оқу-тәрбие процесінде табысқа жетуге оң ықпал етеді. Жоғары оқу орындарымен бірлесе өткізген іс шаралар және мектептегі жоба-зерттеу жұмыстарын жандандыруда, тәжірибе алмасуда, ғылыми жетекшілік жасау, таңдау курстары мен үйірме жұмыстарының практикалық маңызын жетілдіруде, кәсіби бағдарлауға, педагогтердің өзіндік білімдерін көтеруде ролі зор.

Педагог өзінің оқыту және оқу үдерістерін түсінуін нақтылауға мән беруі, оқу үдерісіндегі іс-әрекеттерді өз әріптестерімен талқылауға мүмкіндік беруі, оқушыларға білім беруде барынша қолайлы жағдай жасау арқылы этикалық нормаларға сай оқу ортасын құруы, білім беруде стандартты жетілдірумен шектелмей пәнді оқытуда шығарашылықпен модельдеу, әріптестерінің кәсіби дамуы үшін үнемі көмек көрсете отырып, бірлескен іс-әрекеттер атқаруы мұғалім көшбасшылығының маңызды көрсеткіші болып саналады. Мұғалімдердің көшбасшылығын дамыту жұмыстарында мектеп әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылып, қолдау көрсетілуі маңызды.

«Оқу сияқты, көшбасшылық та адамның басты, бірақ аса күрделі әлеуеттерінің бірі болып табылады. Өзгеріс енгізу үдерісін басқару оңай емес, өйткені оның барысында жұмыста қиындықтар мен келіспеушіліктер туындап жатуы ықтимал. Мұғалім ретінде, біз өзімізге әрекет етуге, басқаруға, шешім қабылдауға жеткілікті билік пен өкілеттіктер берілмегендігін түсінеміз, алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, басшы қызметін атқармастан-ақ, біз білікті мұғалім ретінде өзіміздің кәсіби беделімізге және жеке тұлға ретінде моральдық беделімізге сүйене отырып, оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізуге ықпал ете аламыз. Сонымен қатар біз өзіміздің тәжірибелік дағдыларымызды дамытып, стратегиялық тұрғыдан ойлануды меңгере аламыз» [2;11]

Білім беру ұйымдарындағы оқу тиімділігін арттыруда көшбасшы-мұғалімдердің іс-әрекеттерін, маңыздылығын қорытындылай келе, төмендегідей нақты бағыттарын айқындаймыз:

- тәжірибе жинақтай отырып, үздіксіз білімін жетілдіру арқылы оқытудағы дағдыларын дамыту;
- оқыту тәжірибелерін өзара бағалауды ұйымдастыру және басшылық ету;
- нәтижеге бағытталған пән бойынша оқу бағдарламалар, әдістемелік құралдар әзірлеу;

- білім ұйымындағы білім беруге қатысты мұғалім жүргізетін дамыту жұмысын (МЖДЖ-мұғалім оқыту және оқу іс-тәжірибесін жетілдірудегі көшбасшы ретінде» деген ұстанымға негізделеді) сыни бағамдай отырып белсенді қатысу;
- ұжымдағы әріптестерімен іс-қимылдарды бірлесіп жоспарлауға, рефлексияға және зерттеу жұмысына тарту.

Білім беру ұйымдарындағы мұғалімнің көшбасшылығы жайлы ойымызды түйіндей келе, педагогтердің ынтымақтастық, кәсіптік оқу мүмкіндіктерін дамытуда, оқу сапасының көтерілуіне, мектеп жұмысының табысты және нәтижелі болуына, функционалдық сауаттылықты дамытуда, тұлғаның интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдай жасауда, мектеп жүйесін жетілдіруге ықпал ете алатындығы жайлы тұжырым жасауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық/Руководство для учителей, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
3. Құзыреттілікке бағдарланған білімді дамыту жағдайындағы педагог әрекеті (оқу-әдістемелік құрал) Ғылыми жетекшісі: С.С.Қонтаев., МББҚБА және ҚДИ ректоры, Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА корр.мүшесі.
4. Джадрина М.Ж. Дидактические аспекты дифференциации содержания школьного образования [Мектеп білімінің мазмұнын саралаудың дидактикалық аспектілері].-Алматы:РИК КАО им. Алтынсарина, 2000

**Сердалинова Гульмира Химиевна**  
*№11 ЖББМ, бастауыш сынып мұғалімі*  
*Жезқазған қаласы.*

## **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы басым міндеттерінің бірі болып табылады. Биылғы оқу жылында Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «МАТЕМАТИКА АЙНАЛАМЫЗДА» математикалық сауаттылық апталығы өтті.

Мақсаты: Математикалық мәдениетті қалыптастыру, математикалық сауаттылықты дамыту, ашық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы педагогтар мен оқушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру. Сондықтан қазіргі таңдағы өзекті мәселе функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың негізгі бағыттары болып табылады.

«Айналамыздағы математика» жобасы аясында зерттеу бағдарламасы білім беру сапасын көтеруге, функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған болатын, бұл білім беру саласындағы басым бағыт болып табылады.

Заманауи ғылым цифрлар мен дәйектерді біліп қана қоюды емес, ақпаратпен жұмыс істей білуді, берілгенді түсіну мен өңдеуді, жаңа нәтижелерді сараптауды, шаблонды емес есептерді шығара білуді талап етеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі кезде өз бетінше шешім қабылдай алатын, белсенді адамдарға деген қажеттілік өсіп отыр. Біздің өркениетті дамудағы заманауи кезеңінде балаларға телегей-теңіз ақпарат беріледі. Осыншама ақпаратты қабылдап, өңдеп, қолдануды қалай үлгеру керек?

Жаңа оқушының жаңа басты тұлғалық сапасы болып, мектеп жағдайында қалыптасатын белсенділік, шығармашылдық ойлауға және стандарттан тыс шешімдер табу қабілеттілік болып табылады. Қазіргі таңда қоғамда білім берудің негізгі мақсатын түсіну жаңаша қалыптасқан. Бұл мұғалім балада ең алдымен, оның әлемдік және ұлттық мәдениетке кіріктірілуін қамтамасыз ететін өзіндік даму қабілетін, белгілі бір құзырлылықтарын қалыптастыруды ойластыруы. Сауаттылықтың негізі бастауыш сыныптарда қаланатыны белгілі, онда тілдік іс - әрекеттің түрлеріне – жазуға, оқуға, әңгімелеуге, тыңдауға, есепке үйрету екпінді түрде жүреді, сондықтан жалпы оқу біліктерін дамыту (ұйымдастырушының, интеллектуалдық, коммуникативтік және бағалаушылық) - бұл функционалдық сауаттылыққа жол.

Математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын, оны оқып үйренудің ғылыми бейнесін меңгерту;

Математикалық есептерді шешуде дұрыс қадамдарды жасау;

Төменгі сынып оқушыларының математика сауаттылығы әдістері мен тәсілдері мазмұнында жазылған тапсырмалар жинау;

Сонымен қатар оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын және математикалық сауаттылығын дамытуға бағыттылған инновациялық технологиялардың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану.

Соның бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы – сындарлы оқыту теориясына сүйенеді. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана біліп сыни тұрғыдан ойлауға білу. Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір - көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру, тәрбиелеу. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 49 бет, 2-модуль, 13 бет).

Өзімнің мектеп тәжірибемде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын «Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту» модулін жүзеге асыру барысында математикалық ребустарды шешіп, орындай отырып, математикалық сауаттылығы мен логикаға деген қызығушылықтарын арттыру барысында «Математикалық ребустар» байқауы ұйымдастырылды.

Математикалық есептеулер, математикалық сауаттылықтың, есеп шығарудың бастауы ретінде қабілеттері мен дағдының қалыптасуына ребустарды шешу өте маңызды.



Сонымен қатар сынып сағатында Александрдің (2008) «Диалог түрінде оқыту оқушыларды ынталандыру үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді» деген сөзін басшылыққа алып, диалогтік оқытуды қолданамын. «МАТЕМАТИКА АЙНАЛАМЫЗДА» математикалық сауаттылық апталығында «Сандар күні» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Диалогтік әдісте талданып отырған мәселе бойынша әрбір оқушы өз ойын, топшылауын, пайымын білдірді, өзіндік дәлелдер келтірді. Оларға бұл тапсырма өте қатты ұнады. Олар өзара талқыға түсіп диалог орнатты.

Адам өмірі сандармен тығыз байланыста, сан ол адам өмірінің бір бөлшегі сияқты. Өзімізде бар нәрсені қайта санау үшін немесе бізге тағы да қанша қажет екендігін сандардың көмегімен анықтайтыны жайлы өз пікірлерін білдірді. Оқушылар сандар өмірге қажет, сандар мен цифрлар бір – біріне керек, әр санның өзінің құпиясы бар екеніне көз жеткізді.

«Қызықты сандар мен фигуралар» туралы қызықты



әңгімелесу болды. Әр оқушы өзінің салған фигуралары арқылы сыни тұрғыда анықтама беріп, топқа бөлінді. Олар осы атаулармен бөлек отыра бастады. Оқушыларға Неліктен олай бөліндің? Себебі не? - деген ашық сұрақтар қойып отырдым. Оқушылар сандар мен фигуралар туралы өз білгендерін ортаға салды. Әр топ өздеріне берілген тақырып бойынша нақты тұжырымдар айтты. Сандар мен фигура арасындағы заңдылықты анықтай отырып, сан мен фигура өз ара байланысты екеніне көз жеткізді.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру барысында математикалық мәдениетті қалыптастыру, математикалық сауаттылықты дамыту болып табылады.

Хабарлама мен хабарландырулардың маңыздылығына мән беріп, оқушыларға өмірде қолдана алуға бағыт - бағдар беріп отырамын. Қазіргі таңда оқушылар мен ата-аналардың көңіл - күйіне назар аударып, кез-келген шаруаны дұрыс түсінуге тырысып, жағдай туғызғаннан кейін, жұмыстың барысын, мақсатын түсіндіруге тырысамын.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы рухани бай, ұлттық құндылықты бағалай білетін, келешекте өз білгенін өмірде қолдана алатын тұлға шығады. Бәсекелестіктің озық нышандарының бірі сауатты тұлға болып қалыптасады және болашақ мамандығын таңдауға да септігін тигізеді.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қажет.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016;
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016;

**Сағынаева А.О.**

*«№23 ЖББОМ» КМ, Қарағанды қаласы*

## **ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІ**

Кез-келген педагогикалық технология ақпараттық технология болып табылады, өйткені оқытудың технологиялық процесінің негізі ақпарат және оны қайта құру болып табылады. Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және оларды енгізу баланың тәрбиесі мен оның айналасындағы әлемді қабылдауына үлкен әсер етеді. Бүгінгі таңда негізгі әдістемелік инновациялардың бірі - оқытудың интерактивті әдістері болып табылады. Интерактивті оқыту - бұл диалогты қоқыту, оның барысында мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы өзара әрекеттеседі. Интерактивті оқытудың мақсаты-оқушының өзінің жетістігін, зияткерлік жетілуін сезінетін, оқу процесін нәтижелі ететін ыңғайлы оқу жағдайларын жасау. Интерактивті оқытудың мәні-тұрақты, белсенді өзара әрекеттесу жағдайындағы оқу процесі ынтымақтастыққа, өзара білім алуға негізделген: мұғалім - оқушы, мұғалім - сынып, оқушы – оқушы. Сонымен қатар, мұғалім мен оқушы оқытудың тең, дәрежелі субъектілері болып табылады. Интерактивті өзара әрекеттесу оқу процесіне бір қатысушының екіншісінен, бір ойдың екіншісінен үстемдігін болдырмайды. Мұндай қарым-қатынас кезінде оқушылар өз ойларын еркін айта білуге, басқа адамдармен еркін сөйлесуге, сыни ойлауға, шешімдер қабылдауға үйренеді. Интерактивті оқыту дегеніміз- интерактивті ойындар мен дискуссияны оқытуға ықпал ететін әдістерді қолдану.

Бүгінгі таңда ең көп қолданылатындар келесі технологиялар:

Рөлдік ойын

- Топтардағы жұмыс
- Миға шабуыл
- Жалпы пікірталас
- Жобалар
- Ауызша ассоциация

- Ақпаратты жаңғырту
- Сәйкестіктерді іздеу
- Шешуші сәт (түйін)

Бүгін мен әдебиеттік оқу сабағында қолданатын бірнеше интерактивті оқыту әдістерін «Балтаның ботқасы» ертегісі бойынша көрсеткім келеді.



**«Миға шабуыл», «Топтардағы жұмыс» технологиясы.** Халық ертегілерінің бірнеше түрлері бар (қиял-ғажайып, тұрмыстық, жануарлар туралы). Оқушыларға ертегілердің әр түріне тән ерекшеліктерді талқылау және атау туралы тапсырма беріледі. Жауаптарын топтардан сұраймын



**«Ауызша ассоциация» және топтық жұмыс технологиясы**

Тұрмыстық ертегілерде көнерген және қолданыстан шыққан, бүгінгі заманға сәйкес келмейтін сөздер көп кездеседі. Оқушылар топпен бірлесе жұмыс жасау барысында ертегі мәтініндегі «әскери қызметкер», «сапар», «үй», «қайнатпа» сөздері бойынша талқылау жасайды, жауаптарын қағаз бетіне түсіреді.



**«Жалпы пікірталас» технологиясы**

Оқушыларға ертегінің мазмұны сарбаздың ботқаға салған өнімдердің ретін белгілеп тізіп жазыңдар деген тапсырма беріледі. Жауабы: балта, су, тұз, жарма, май.



**«Ақпараттарды жаңғырту», «Рөлдік ойын» технологиясында**

оқушылар топта жұмыс жасайды. Оқушыларға берілген суреттерді логикалық ретпен орналастыру, ұсынылған суреттің атын атау, берілген суреткен үш қызықты сұрақ ойластыру тапсырмалары ұсынылады. Дайындалу үшін 3 минут беріледі, оқушылар суреттерге сүйене отырып және ойлаған сұрақтарын қолдана отырып, рөлдер арқылы ертегінің үзіндісін қайта жазады.



**«Сәйкестіктерді табу»** кезеңінде басты кейіпкерлердің мінез ерекшеліктерін сипаттайтын сын есімдерді табады. Әр команда өз кейіпкерін таңдайды. Оқушылар осы сын есімдерді қолданып кейіпкерлерге сипаттама береді. Команда мүшелеріне кейіпкерлерді сипаттау барысында сын есімдердің қайталанбауы ескертіледі.

**«Шешуші сәт»** (Түйін): Оқушылар ертегінің мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелдерді анықтайды. Өздерінің пікірлерін айтады. Жауабы: Қазанға не салсаң, шөмішке сол ілінер.



Бүгінгі таңда оқытудың интерактивті технологияларын қолдану бастауыш мектептегі сабақтарда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Бастауыш сынып оқушыларын оқытудың сәттілігі тұрақты оқу мотивациясы мен танымдық белсенділіктің болуына тікелей байланысты. Мотивация зерттелетін материалды сәтті игеруге ықпал жасайды. Оқытудың оң нәтижесі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін қолданылатын интерактивті технологиялардың тиімділігін көрсетеді.

Бастауыш мектепте сабақта интерактивті оқыту формалары мен әдістерін қолдану қажет екеніне терең сенімдімін, өйткені олар сабақта жұмысты қол жетімді, қызықты, айқын және елестететін түрде ұйымдастыруға, оқу материалын жақсы игеруге үлес қосуға, жаңа заттарды өз

бетінше білуге қызығушылықты оятуға, коммуникативті, жеке, әлеуметтік және интеллектуалды құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы-педагогикалық технология көзі. Алматы // 2001. -75б.
2. Білімдегі жаңалықтар // 2007. №4 26-28 б.
3. Ю.К.Бабанский Ю.К. Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқыту әдістері - М.: 2005.-235б.
4. Н.В.Бордовский. Заманауи білім беру технологиялары/ – М.: КНОРУС, 2013. – 432 б.

Ғаламтор көздері:

<https://nsportal.ru/>

<https://e-koncept.ru/>

[https://spravochnik.ru/pedagogika/teoriya\\_obucheniya/interaktivnye\\_metody\\_obucheniya/](https://spravochnik.ru/pedagogika/teoriya_obucheniya/interaktivnye_metody_obucheniya/)

**Салихова С.Р.**

*КГУ «Гимназия № 93» г. Караганда*

## **ОРГАНИЗАЦИЯ ДИСТАНЦИОННЫХ УРОКОВ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Современный мир диктует свои правила, и учитель обязан идти в ногу со временем. Можно много говорить о том, что дистанционное обучение – это что-то для нас неизведанное, непонятное, технически несовершенное как со стороны пользователей, так и со стороны разработчиков. Но сейчас другой альтернативы нет. Нужно искать не причины и недостатки, а возможности их преодоления! Иначе нельзя, ведь образование детей нельзя прекращать ни на один день! Поэтому дистанционное обучение в условиях пандемии видится мне как простор для новаторства и творчества педагогов.

Как учитель начальных классов, хочу поделиться своим опытом в проведении офлайн и онлайн уроков математики в начальной школе.

В журнале *Viliml* мною был создан журнал ДО 3-и классы и в *Classroom* создан такой же курс, куда были приглашены учителя –предметники, работающие в этой параллели и ребята. Для поддержания ежедневной связи в *WhatsApp* была создана группа для ДО 3 классы, куда вошли дети и родители.

В своей работе использую ресурсы бесплатных образовательных платформ: основная платформа *Classroom* для прикрепления ежедневных заданий и видео уроков, а также для проверки заданий и осуществления обратной связи с родителями и детьми. Для проведения онлайн уроков использую платформу *ZOOM*, также использую видео уроки и задания образовательной платформы *Vilimland* и электронные учебники на *Opic*, как дополнительный ресурс.


Поиск видео уроков по темам веду на сайтах телеканала *Еларна* и образовательный канал *Орлеу*. Маршрутные листы к урокам прописываю подробно, обязательно вставляю скриншоты из учебника или видео урока.

Следующие основные этапы и виды упражнений я чередую в своих уроках в зависимости от цели обучения

#### Маршрутный лист учащегося:

- Ссылки на видео урок или другие платформы
- Пальчиковая гимнастика «Запускаем мозг»
- Устный счет, стартер
- Устная работа, работа над правилом
- Каллиграфическая минутка, образцы работ
- Письменная работа
- Логические упражнения

- Гимнастика для глаз
- Рефлексия
- Обратная связь



### Примеры маршрутных листов

Для развития мелкой моторики рук и запуска работы головного мозга часто урок начинаю с пальчиковой гимнастики. Для устного счета использую такие задания, как:

- Задания на развитие и совершенствование внимания, например, «Найди закономерность», «Реши пример», «Продолжи ряд».
- Задания на развитие восприятия, пространственного воображения, такие как, «Нарисуйте орнамент», «Продолжи узор».
- Задания на развитие наблюдательности - «Найдите закономерность», «Что лишнее?»
- Устные вычислительные упражнения с использованием дидактических игр.

Минутки чистописания обязательно присутствуют в каждом уроке. Дети должны овладевать как графическим навыком, так и навыком каллиграфического письма.

При работе с новым материалом опора идет на объяснение учителя в видео уроке или онлайн уроке, но для полного усвоения нового материала в маршрутном листе я прикрепляю скриншоты объяснения по учебнику или видео уроку. В целях профилактики ухудшения зрения и сколиоза, для снятия чрезмерной нагрузки с глаз, провожу физминутки для глаз и другие двигательные упражнения.

Главная задача обучения математике – учить рассуждать, учить мыслить.


Использование на уроках математики специальных заданий, направленных на развитие логического мышления, памяти, внимания, расширяет математический кругозор младших школьников. Во времена высоких технологий умение мыслить логически становится не просто конкурентным преимуществом, а жизненно необходимым навыком.

При изучении задач нового типа или уроков обобщения пройденного материала, в маршрутном листе к задачам прикрепляю алгоритм разбора задачи.

### Разбор задачи: ответ на вопросы

- Прочитай задачу 2 раза
- Что известно в задаче?
- Что нужно найти?
- Можно ли сразу ответить на главный вопрос задачи?
- Сколько в задаче будет действий?
- Что ты найдешь первым действием? Вторым действием?

Запиши краткую запись, решение задачи, пояснение и запиши ответ. Проверь себя.




### Примеры маршрутных листов

Анализ текста задачи – многоцелевая работа. Перед тем, как приступить к решению задачи, учащиеся должны усвоить её условие. Поэтому цель анализа текста – усвоение

содержания задачи. В процессе анализа ученику необходимо выделить условие и вопрос задачи. И в этом помогает ему алгоритм анализа задач.

Несколько раз в неделю проводится формативное оценивание по темам.


Формативное оценивание дает возможность учителю отслеживать процесс продвижения учащихся к целям их учения и помогает мне как учителю корректировать учебный процесс на ранних этапах, а ученику – осознать большую степень ответственности за свое образование. В Заданиях ФО обязательно прописываю критерии оценивания и дескрипторы, понятные детям.



### Примеры ФО

Рефлексия в конце урока – это уже классика жанра. Учителю важно не только узнать и понять эмоциональное состояние ученика в финале учебного занятия, но и то, насколько продуктивным для него стал урок. Рефлексия содержания учебного материала используется для выявления уровня осознания содержания пройденного.

Для этого я провожу обычно рефлексии «Лесенку слов» и «Паровоз знаний», где дети записывают новые слова и понятия с урока, т.е. вспоминают пройденный материал.




### Примеры рефлексии

Немаловажным является этап обратной связи с ребёнком, когда учитель, проверив работу, должен проанализировать ошибки и дать оценку работе ученика, дать рекомендации по улучшению качества обучения и устранения пробелов в знаниях.

Для развития вычислительных навыков и формирования интереса к математике использую различные интерактивные онлайн тренажеры и онлайн раскраски. Также в работе использую ресурсы российских бесплатных платформ: «Российская электронная школа», «Интерактивная тетрадь Skysmart», «Учи.ру»

Ни один ресурс не идеален для учителя и учеников конкретного класса. Поэтому каждый педагог должен самостоятельно определить для себя эффективность использования тех элементов дистанционного обучения, которые использует в работе.

Онлайн уроки провожу в ZOOMe. Обязательно веду запись урока и прикрепляю в Classroom, чтобы запись была доступна для всех детей. В качестве доски использую доску сообщений в ZOOM, готовлю презентации к онлайн урокам. В последнее время я для себя открыла еще один ресурс – в качестве доски использование текстового документа в Google Диске. В документе можно использовать инструменты комментирования панели ZOOM, которые позволяют делать метки, рисовать, работать с указкой, вставлять изображения и рисунки, геометрические фигуры. Есть возможность сохранить этот документ со всеми записями и использовать в дальнейшей работе. Инструменты комментирования панели ZOOM можно также использовать, делая пометки на страницах электронных учебников.



Скриншот Google документа и страницы учебника

Использование в комплексе предложенных видов и методов работы дает нам возможность эффективно провести дистанционные уроки математики в начальной школе.

#### **Литература:**

1. А.Н. Анисимов, Работа в системе дистанционного обучения. – М., 2009.

**Салихова С.Р., Бондаренко Н.Ф.**

*КТУ «Гимназия № 93»*

### **ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ТЕХНОЛОГИЮ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ**

Сегодняшнее общество - это общество информационное. Перед учителем стоит задача научить ученика правильно работать с информацией и различными информационными источниками, правильно оценивать полученную информацию и находить наиболее эффективные способы её использования. Учащиеся должны уметь воспринимать новую информацию, тщательно и критично её исследовать.

Читательская грамотность – способность человека понимать и использовать письменные тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни.

Чтобы сформировать у учащихся читательскую грамотность, необходимо использовать в своей деятельности новые приёмы и современные педагогические технологии. Одна из технологий, которая актуальна в практике педагогов – это технология развития критического мышления. Она развивает коммуникативные компетентности, умение находить и анализировать информацию, учит мыслить объективно и разносторонне. Критическое мышление – навык, который помогает ребёнку понимать, для чего он учится, что и для чего он делает.

Цель технологии развития критического мышления (в дальнейшем ТРКМ) – помочь ученику ориентироваться в обилии поступающей информации.

ТРКМ можно применять во всех учебных предметах. Данная технология предполагает использование на уроке трех этапов (стадий): стадии вызова, смысловой стадии и стадии рефлексии.

Приведём примеры лишь некоторых технологических приёмов ТРКМ, которые мы используем на своих уроках.

Интересный приём «Корзина идей». Ученик записывает всё, что ему известно по проблеме. Каждая группа после предварительного обсуждения высказывает свои предположения, потом подводятся итоги работы групп, на доске фиксируются все предположения. Из возникших противоречий формулируется цель урока – найти научный ответ на вопрос по теме урока. По мере усвоения новой информации происходит исправление ошибок.

Большое значение в ТРКМ отводится приёмам, формирующим умение работать с вопросами. Вопросы – основная движущая сила мышления. Только ученики, которые задаются вопросами или задают их, по-настоящему думают и стремятся к знаниям. Уровень задаваемых вопросов определяет уровень нашего мышления. Используем следующие приёмы: «Вопросы Сократа», «Ромашка вопросов».

На всех стадиях урока используем таблицу «тонких» и «толстых» вопросов. На стадии вызова - это вопросы, на которые учащиеся хотели бы получить ответы при изучении темы. На стадии осмысления содержания приём служит для активной фиксации вопросов по ходу чтения, при рефлексии – для демонстрации понимания пройденного. Простые, «тонкие», вопросы подразумевают односложные ответы, а «толстые» вопросы, требуют более сложного и развернутого ответа.

#### Таблица «Тонких и толстых вопросов»

Тонкие вопросы	Толстые вопросы
Кто...? Что...? Когда...? Может...? Будет...? Как	Дайте три объяснения, почему... Объясните,

звали...? Было ли...? Согласны ли вы...? Верно ли...?	почему... Почему вы думаете...? Почему вы считаете...? В чём различие...? Что, если...?
---	---

Одним из способов графического представления материала является приём «Кластер». Например, на стадии вызова кластер помогает подготовить учащихся к восприятию новой информации. В результате получается подобие опорного конспекта по изучаемой теме.

При работе над художественным произведением используем приём «Чтение с остановками». Эти остановки - своеобразные шторы: по одну сторону находится уже известная информация, а по другую - совершенно неизвестная информация, которая способна серьезно повлиять на оценку событий. Приём «Чтение с остановками» развивает у учащихся следующие умения: анализировать текст; задавать вопросы; доказывать свою точку зрения; выделять главную мысль текста.

«Пятиминутное эссе». Смысл этого приёма можно выразить следующими словами: «Я пишу для того, чтобы понять, что я думаю». Это свободное письмо на заданную тему, в котором ценится самостоятельность, проявление индивидуальности, оригинальность решения проблемы, аргументация. Обычно эссе пишется прямо в классе после обсуждения проблемы и по времени занимает не более 5 минут.

С целью целостного осмысления информации на стадии рефлексии используем приём «Синквейн». Составление синквейна требует от ученика в кратких выражениях резюмировать учебный материал.

1 строка – одно существительное, выражающее главную тему синквейна.

2 строка – два прилагательных, выражающих главную мысль.

3 строка – три глагола, описывающие действия в рамках темы.

4 строка – фраза, несущая определённый смысл.

5 строка – заключение в форме существительного (ассоциация с первым словом).

Составлять синквейн очень просто и интересно. И к тому же, работа над созданием синквейна развивает образное мышление.

Приём «Фишбоун» Схема «Фишбоун» в переводе означает «рыбья кость». В «голове» этого скелета обозначена проблема, которая рассматривается в тексте. На верхних косточках ученики отмечают причины возникновения изучаемой проблемы. На нижних – вписываются факты, подтверждающие наличие сформированных ими причин. Записи должны быть краткими, представлять собой ключевые слова или фразы.

Приём «Рефлексивные вопросы» и «Закончи предложение» заключается в наборе вопросов, которые можно задавать в конце урока на стадии рефлексии. Они позволяют получить эмоциональный отклик одной личности на переживания другой. Эти приёмы помогают ученикам оценить изучаемый объект, высказать свое собственное суждение и отношение.


На стадии рефлексии мы обязательно возвращаемся к тем приёмам, которые были использованы на стадии вызова, чтобы внести изменения, дополнить или изменить кластер, проверить верные-неверные утверждения, исправить перепутанные логические цепочки, дополнить корзину идей и таблицу «Знал-Хочу узнать-Узнал» и т.д.

Каждый приём, используемый в ТРКМ, многофункционален, работает на развитие интеллектуальных и личностных умений, а выстроенные в логике «вызов–осмысление–рефлексия» они способствуют развитию рефлексивных способностей, помогают овладеть умением учиться самостоятельно. Наличие разнообразных методов даёт возможность делать уроки нестандартными, непохожими друг на друга.

В ходе использования данной технологии намивёлся мониторинг влияния стратегий и приёмов ТРКМ на формирование навыков работы с текстом и развитие читательской грамотности. В качестве диагностического инструментария были выбраны следующие диагностики:

- Диагностика уровня сформированности навыков осознанного чтения.
- Диагностика уровня сформированности навыков работы с текстовой информацией.

### **Сравнительная диаграмма уровней сформированности навыков осознанности чтения**



**Вывод:** при анализе уровня сформированности осознанности чтения за 3 года прослеживается увеличение числа учащихся (в процентном отношении) по следующим умениям:


1. Умение задавать вопросы к тексту (на 36%).
2. Умение давать оценку поступкам героям произведения (на 26%).
3. Умения определять последствия поступков героев (на 34%).
4. Умение определить главную мысль произведения (на 45%).
5. Умение формулировать выводы, основываясь на материале текста (на 53%).
6. Умение характеризовать героев произведения (на 53%).

### Диагностика уровня сформированности навыков работы с текстовой информацией

Проверка уровня сформированности навыка работы с текстовой информацией включала в себя следующие параметры:

1. Степень извлечения фактической информации, то есть информации, заданной в явном виде.
2. Степени извлечения информации, содержащейся в тексте в неявном виде, проверка умения формулировать выводы на основе явной и скрытой информации.
3. Проверка степени извлечения концептуальной информации, умения интерпретировать и обобщать полученную из текста информацию.

### Сравнительная диаграмма уровней понимания информации, заданной в неявном виде



**Вывод:** по окончании 4 класса уровень сформированности понимания информации, заданной в неявном виде возрос от 35% до 71%.

Проведённая диагностика использования приёмов развития критического мышления на уроках показала положительные результаты в овладении учащимися умениями работать с информацией, умением обобщать, делать выводы, умением составлять вопросы по изучаемой теме.

В заключение хотим подчеркнуть, что использование технологии критического мышления для наших учеников обеспечило формирование культуры чтения, включающей в себя умение ориентироваться в источниках информации, пользоваться разными стратегиями чтения, адекватно понимать прочитанное, сортировать информацию с точки зрения её важности, “отсеивать” второстепенную, критически оценивать новые знания, делать выводы и обобщения; стимулирование самостоятельной поисковой творческой деятельности, запуск механизмов самообразования и самоорганизации. В результате работы по данной технологии учащиеся перестали испытывать затруднения при работе с разнообразными источниками информации, научились применять свои знания на практике при выполнении письменных работ, освоили опыт анализа собственной деятельности, научились критически относиться к своим действиям и оценивать поступки людей и свои собственные.

### Литература

1. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. – СПб., 2008.



**Сатинбекова Р.М., Турсунова А.М.**  
*«№93 гимназия»КММ, Қарағанды қ.*

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ: ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Соңғы уақытта қашықтан оқытудың мүмкіндіктерін зерттеу көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Әлемдік білім жүйесінде үлкен прогресс бар. Күн сайын қазіргі заманғы адам өмірін жеңілдететін жаңа теориялар мен бейімделулер пайда болып жатыр. Қазақстанда қашықтан оқыту - бұл жаңалық емес. Қашықтан білім беруге білім реформасы ұзақ уақыт дайындалып келеді. Оқушыға да, ұстазға да уақытты үнемдеуге көмектесетін бұл жүйенің бастауыш сыныпта қалай ұйымдастырылатыны туралы іс-тәжірибемізбен бөліспекпіз.

ҚО ұйымдастыру барысында кез-келген мұғалімнің жұмысында түрлі қиындықтар кездесті. Бұл қиындықтар әр түрлі себептерге байланысты, яғни балалардың жас ерекшелігіне, қабілетіне, қабылдауына, әлеуметтік жағдайына, бейімділіктеріне т.б. байланысты туындады.

Бірақ сол қиындықтардан шығу, тиімді жолын табу әр мұғалімнің шеберлігіне байланысты шешіліп жатыр.

1. Бастауыш сыныпқа арналған қашықтан оқыту курстарының болмауы, бастауыш сынып мұғалімдерінің өз бетінше АКТ құзіреттілігін жетілдіруге әкелді. Алдын ҚО жоғарғы оқу орындарында қолданыста болғандықтан бастауыш сыныпқа арналған ресурстар аз болды.

2. Бастауыш сынып оқушылары ҚО берілген материалды өз бетінше орындай алмауы, қолдана білмеуі, мұғалімдердің әрдайым байланыста болуын қажет етеді. Бұл бәрімізге таныс, бала ата-анасыз байланыс құралдарын пайдалана алмағандықтан, тіпті онлайн сабақтарды кешкі уақытта өткізуге тура келді. Бірақ ата-ана бастапқы кезде, яғни бала өзі үйренгенше көмектесті. Бүгінгі таңда балалардың барлығы дерлік өздігінен қосыла алады, тек қауіпсіздік ережесін сақтау керек.

3. Сабаққа материал дайындау көп уақыт қажет ететіндіктен, уақытты үнемдейтін қосымша интернет ресурстарын қолданып, әр мұғалім ҚО барысында уақытын тиімді пайдалана білу керек.

4. Сыныптан тыс іс-шараларды, тәрбие жұмыстарын ҚО арқылы өткізілетіндіктен, түрлі формаларын ұйымдастырылды. Мектеп өмірінде, қоғамда өткізілетін тәрбиелік іс-шаралардың барлығына ҚО мүмкіндіктерін қолдану үшін түрлі формаларын қарастыру керек.

Өздеріңіз білетіндей ҚО оқытудың 3 түрлі формасы бар: онлайн, офлайн және үшінші түрі вебинар.Токтала кететін болсам, Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Офлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта, т.б.) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Бастауыш сыныпта осы оқытудың формаларының арасында аса қатты алшақтық болмау керек, яғни мектепте (кезекші сыныпта), онлайн сабақта да отырған сол бір сыныптың балалары, сондықтан оқушыларға берілген материалдар да, оқытудың тәсілдері де жүйелі, ұқсас болуы тиіс және бірін-бірі толықтыруы қажет. Ашып айтатын болсақ, сіз таңдаған оқытудың белсенді әдіс-тәсілін екі жағдайда да балалар қолдана білуі қажет. Сонда ғана сіз сол әдіс арқылы баланың қандай дағдысын дамыта алдыңыз, мақсатыңызға жеттіңіз бе, көре аласыз.

ҚО барысында әртүрлі факторларға байланысты қиындықтар туындады. Қазіргі таңда қалада тұратын балалардың ана тілінде жақсы сөйлей алмауы, оқығандарын толық түсінбеуі, ҚО кезінде әдеби шығармалардың тілін, негізгі ойын түсінуге қиындық туғызды. Мәтінмен жұмыстың әдіс-тәсілдерін толықтыруға тура келді. Берілген әңгіме, ертегілерді бала түрлі

Функционалдық сауаттылықты дамыту мәселелерін қарастыра отырып, оның дарынды оқушыларға қатысты ерекше маңыздылығын ескеру өте маңызды. Бұл дарынды оқушының жеке басының сипаттамаларына байланысты, олардың ішінде: мәселеге сезімталдық (оларды тану, анықтау), еркін сөйлеу, ойлау жылдамдығы (әртүрлі идеяларды қалыптастыру жылдамдығы), икемділік (мәселені шешу тәсілдерін ауыстырудың жеңілдігі), өзіндік ерекшелік (нысанды жақсарту, жаңа шешімдер, идеялар), ойлау процестері мен іс-әрекеттердегі кейбір баяулау, кейде оларды қамтиды, дисперсия, дәстүрлі емес, әдеттен тыс көру және мәселелерді шешу стратегиялары, болжау, проблемаларды шешу тәсілдерін болжау. Бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың өз ерекшеліктері бар, жоғарыда айтылғандардан басқа, ең басты тәсіл - "зиян келтірме" қағидаты. Дарынды балаларға әрдайым көрінетін және жарқын емес, мұғалім мен іс-әрекеттің бағыттаушы қамқорлығы қажет. Осы қызмет жағдайларын жасау педагогтың басты қамқорлығы болып табылады [30].

Халықаралық зерттеулердің ұсынымдары әлемде білім беруді жаңарту, оны қазіргі қоғамның тапсырысына жақындату ұсынымдары ретінде қарастырылады. Алынған пәндік білім әлеуметтенуге, кәсіби өзін-өзі анықтауға, еңбек әлеміне кіруге барынша ықпал етуі керек. Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" заңы-азаматтарға 15 жастан бастап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Біздің түлектер әрқашан өз білімдерін іс-әрекетте қолдана ала ма? PISA нәтижелерін талдау, басқа зерттеулер оқушылардың мектепте алған білімі мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдану қабілетін бағалайды. Олар әрқашан оң бола бермейді. Бұл оқу процесінің барлық қатысушыларына сигнал. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру отбасында басталады, отбасы мен мектепте жалғасады. Мұғалімнің жеке тұлғаны дамыту мен қалыптастырудың қуатты құралы бар - оның білімі мен ұмтылысы, жеке қасиеттері, оқу әлеуеті өз пәні, өз сабақтарының мүмкіндіктері оларды жетілдіру, белсенді әртүрлілік қажеттілігі айқын және тиімді жоспарлауды қажет етеді.

Мұның бәрі оқушылардың, әсіресе жоғары сыныптарда функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады.



Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінде педагогикалық процестің барлық қатысушыларына білім беру мазмұнын жаңарту, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды жасау, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын қайта қарау, оқушылардың алған білімдерін оқу орындарында қолдану қабілетіне мониторинг жүргізу бойынша бірқатар пәрменді шаралар қабылдау қажет және практикалық жағдайлар. Ата-аналар үшін әр түрлі форматтағы, соның ішінде телевизиялық оқыту қажет. Оқушыларды тікелей сабақтарда оқытудың барабар ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық, психологиялық-педагогикалық және технологиялық жағдайларын қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі уақытта құзыретті білім беру моделін іске асыруға бағытталған 12 жылдық білім беру стандарты қабылданды. Білім берудің ұлттық құндылықтары мен мақсаттары негізгі құзыреттер немесе азаматтар орындайтын өмірлік рөлдер түрінде тұжырымдалған, бұл:

- \* мейірімді адам • \* қамқор отбасы мүшесі;
- \* шығармашылық тұлға; \* жауапты азамат;
- \* дені сау және кемелді тұлға.

Бұл құндылықтар әмбебап, олар әр адамға, әр отбасына қатысты. Бұл құндылықтарды дамыту жеке адамның, отбасының және мектептің міндеті бола отырып, маңызды әлеуметтік рөл атқарады және қоғамды нығайтады.

Өмірлік рөлдер түрінде тұжырымдалған негізгі құзыреттіліктер жеке тұлғаның негізгі қырларын сипаттайды, студенттердің қоғамдағы өмірі мен қызметін құруға, өзін әлемнің бір бөлігі ретінде тануға ықпал етеді.

Оларды әр оқушыға жеткізу, талқылау және түсіндіру қажет. Олар бағдар ретінде, жеке тұлғаны дамыту бағдарламасы ретінде әр адамның өмірінің өзегі, жалпы қоғам өмірі, сонымен қатар білімнің шығармашылық рөлін күшейтуге негіз болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Кайкенова Ж.К. Методологические основы формирования навыков системного подхода к решению проблем// Информационно-методический журнал «Білімдегі жаңалықтар».-2006.-№1.- С.10-13.
2. Райсханова Г.С. Формирование системно-творческого мышления на уроках химии. Международный бюллетень. - Франция.: Изд-во Фиджип Евро талант, 2009.-17с.
3. Бабанский Ю.К., Ильина Т.А., Жантекева З.У. Педагогика высшей школы—Алматы: Мектеп, 1993.—176с.
4. Оконь В.В. Введение в общую дидактику: Перевод с польского Кашкуевича Л.Г., Горина Н.Г. —М.: Высшая школа, 1990.—382с.
5. Педагогическая энциклопедия.—М.: Советская энциклопедия, 1964.—Т.1.—С. 484.

#### **Сарсенбаева Асылгул Мусаевна**

*Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ*

#### **«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ»**

Қазіргі заманға сай білімі мол, рухани байлығы бар тұлғаны тәрбиелеу ұстаздар қауымының басты міндеті. Негізгі байлығымыз-білім. Ал бастауыш саты - оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды қайталанбайтын кезеңі. Бастауыш сынып - оқушылардың тұлға етіп қалыптасудың алғашқы баспалдағы. Сондықтан да өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Сондықтан да мектеп алдындағы қойылған мақсат-функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, бірінші кезекте, ең алдымен, бастауыш сыныптағы оқу үрдісінде оқытудағы сауаттылығын, мақсатты түрде қалыптастыруына мүмкіндікті қамтамасыз ету керек.

Қазіргі таңдағы талап, оқушының өздігінен білім алуда іздене білетін, алған білімін өмірде қолданып, өз ойын еркін жеткізе алатын жеке тұлға етіп қалыптастыру болып табылады. Әрбір сабақ үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығы мен функционалдық оқу сауаттылығын арттыруға бағытталуы тиіс. Әдебиеттік оқу және қазақ тілі бойынша берілген жұмыстар оқушылардың ұшқыр ойлауын, тіл байлықтарын дамытып, қызығушылық қабілеттерін оятады. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларымен ертегі кейіпкерлерінің көмегі арқылы берілген тапсырмаларды орындағанда жоғары нәтиже көрсетеді. Өйткені бала ертегіні қызықтап оқиды, әңгімелеп береді. Сондықтан да өз тәжірибемде сабақ өту барысында ертегі кейіпкерлерінің көмегімен берілген тапсырмаларды оқушылар қызыға отырып, тез орындай алды. Оқушылар «Бауырсақ» ертегісін өте жақсы біледі, әрі өте жақсы да көреді. Сондықтан «Бауырсақ ертегісі» негізінде алынған тапсырмаларды олар қызығып, жарыса орындады. Әрбір ертегі кейіпкерлеріне байланысты тапсырмалар ұсындым. Қоянның тапсырмалары «Мақал-мәтел ойла» бұл тапсырма бойынша оқушылар білім, ел, жер туралы мақалдар айтып жарысты. Келесі тапсырмада оқушылардың жылдамдығы тексерілді. «Керісіншілер елі» деп аталады. Мұнда сен үш әріптен басталатын сөздерді кері және жылдам айтуың шарт деген тапсырма берілді. Күн-нүк, көз-, сап-, қап-, қол-, сан-, бас-, жаз-, қыс-, бор-, тар-, доп- т.б. «Тіл шеберінде» үштілдік қабілетінді байқады тапсырмасы. Көп нүктенің орнындағы сөзді тауып үш тілде айту. Бала тілі ....., ..... білім бұлағы. .... кеме, білім теңіз. «Сөзден сөзді ізде» Бір сөзден басқа сөз тап. ТРАНСФОРМАТОР-форма, тор, матор, ТАЛДЫҚОРҒАН....., ....., КІТАПХАНА.....,.....,

«Жылдам жауап» берілген сұраққа лезде ойланып жауап беру. (мысалы: қар жана ма? Көрдім деген неше сөз, көрмедім деген неше сөз? Ананың сүті мен баланың тілі бірдей дейді. Сонда қалай? т.б) «Санды мақалдар» көп нүктенің орнына қажетті сандар қой. ... атасын білмеген жетесіз. ... рет өлшеп,... рет кес. Қыздың... жаны бар. Жігіттің... жұрты болады 5. .... сомың болғанша, жүз досың болсын.

Қасқырдың тапсырмалары. «Артығын тап» берілген сөздердің арасынан артығын тап.

➤ доп, қуыршақ, қалам, пирамида.

«Кім жылдам?» жаңылтпашты жаңылмай айт.

Қанат қанағаттанарлық баға алды,

Қанағат қанағаттанарлықсыз баға алды.

«Ұйқасын тап» тапсырмасында балалар өлең құрастырады. Өлең жолдарындағы айтылуға тиісті ұйқас сөздерді табады. Өлең жолдарынан «қос буыны да бір сөз, табады». «Тапқыр болсаң, тауып көр» ойыны арқылы жұмбақ жасырылып, жұмбақтың шешуіне мақал құрастырылды.

Шыңдары шырқау, Шешуі: (Түйе)

Көшіп жүр бір тау. Мақал: Көрмес түйені де көрмес.

Аюдың тапсырмасында оқушылар мақалдарды сәйкестендірді. Мақалдарды сәйкестендіру барысында оқушылар жарыса отырып орындады. «Кім ойшыл?» ойынында ертегілерден суреттер ұсынылды. Сол сурет бойынша ертегі кейіпкерлерін ретімен айтып шығу керек. Мысалы: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі берілді. Мақта қыз бен мысық» ертегісінің кейіпкерлерін ретімен айтып шықты. М: Мақтақыз, мысық... «Суретке қарап мақал құрастыр». Бала тәрбиесі тал бесіктен басталады. Ойнап отырып, ойланып орындады. «Адасқан әріптер» ойыны. Көп нүктенің орнына н, н әріптерін қойып шық. Адамны..., ананы...,

Ал, енді Түлкінің тапсырмасы бойынша «Мәнерлеп оқу». «Отан», «Ұлы жеңіс-жасасын!», «Абылай хан» өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Біздің қаламызда ұлы Отан соғысының ардагері Аймеркей әжей бар еді. Ұлы Отан соғысының батырлары Алия Молдағұлова мен Мәншүк Маметовамен соғыс майданында бірге болған. Сол кісімен үйіне барып кездесу өткізген едік. Ол кісінің шайқастағы ерліктерін қызыға тыңдады. «Ойнайық та, ойлайық» тірек сызбаны толтырды. Ойнаған кезде қандай адами қарым-қатынас керек? (Мысалы: достық, сыйластық...т.б). Ойнаған кезде қандай әрекеттерден аулақ болу керек? (төбелесу, балағаттау...т.б) «Өнер алды- қызыл тіл» суреттегі берілген сөздерді үш тілде айту. Кітап, книга, book. Кітаптар, книги, books. ...т.б. доптың, гүлдің, күшіктің атауларын үш тілде жарыса орындады. «Бірдей әріптер» ойыны арқылы оқушылар барлық сөзі бірдей әріптен басталатын мақал-мәтел, нақыл сөздерді айтып жарысты. Б...б...б... (Білімді бәрін біледі) т.б. Осылай барлық ертегі кейіпкерлерінің көмегімен берілген тапсырмалады оқушылар қызыға, жарыса

орындап керемет нәтиже көрсетті. Бастауыш сынып оқушыларымен әдебиеттік оқу мен қазақ тілінен оқушылардың деңгейлері мен қабілеттерін ескере отырып, тиімді әдіс-тәсілді қолдана білген жөн. Бастауыш сынып оқушылары не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Олардың зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан өзімнің тәжірибемде оқу үрдісінде интерактивті технологияларды үнемі қолданамын. Барлық сабақтарда қолданған өте тиімді. Интерактивті технологияны қолдану арқылы оқушыларға әдебиеттік оқу мен қазақ тілінен тапсырмаларды оңай жолмен түсіндіруге мүмкіндік болады. Осындай тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары артады. Оқушыларды сапалы білім алуға, ақыл ой-өрістерін дамытуға жетелейді. Әдебиеттік оқудағы тапсырмалар көбінесе диалогтан тұрады. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда диалогты таңдалуы тұлғаның күнделікті өмірде қолданылатын ауызша сөйлеу көп тарағандықтан және тілдік қатынастың маңыздылығынан туындаған қажеттілік. Диалогтың жалпы ойға байланыстылығы және сөйлесім әрекетінің түрі екені ескеріледі. Оқушыларды тек жауап беруге, мәліметті хабарлауға ғана үйретпей, сұрақ қоюға, қайталап сұрауға да үйрету өте маңызды. Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың диалогтік сөйлесудегі қарапайым дағдылары қалыптасып, сұрақ беру, өтініш айту, бір-бірімен әңгімелесе білу, мәліметтерді сұрау, тыңдап отырып қайта сұрақ беру, материал көлемінде өзара пікір алыса білу дағдылары дамып, білім біліктері жетіледі. Логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіру, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету міндеттері жүзеге асырылады.

Оқушылар ұжымдық жұмыс барысында бір-бірін тыңдап, бірігіп жұмыс жүргізіп, сыни тұрғыдан ойлай біледі. Мұғалімдер оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін ата-анамен тығыз байланыста болу керек. Өйткені ата-ананың борышы бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулиды. Ал ата-ана баласының ерекше қасиетін танып, түсініп қол үшін беру, олардың қабілетін дамыту, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға көмек беруі керек. Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін қазіргі оқу барысында оқушы білім алуда, өз білімін реттей алатын, өздігінен білімді алуда іздене білетін, кез келген жағдайда өзін жеке тұлға ретінде ойын еркін де, сауатты жеткізе алатын және дербес ойлайтын тұлға қалыптасады.

Қорытынды

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бағытындағы қолданылған әдіс-тәсілдер әдебиеттік оқу мен қазақ тілі пәндері бойынша берілген тапсырмаларды орындау барысында қолдану, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде оңтайлы нәтижесін көрсетті. Оқушылардың өздігінен жаттығуына, дербес ойлауына өздігінен ізденіп, ойын дамыту, орындалатын жұмысқа деген жауапкершіліктерін арттыруына, қиындықтарға төзе білуге үйренді. Оқушы әр түрлі жағдайларда білімдерін бөлісудің өзі функционалдық сауаттылықтың осындай іс-әрекеттердің нәтижесінде оқушының шамасына қарай, жас ерекшеліктеріне қарай мақсатқа жету үшін аз ғана болса да алға ұмтылуы байқалады. Қазіргі заман талабына сәйкес қолданылатын әдіс-тәсілдер, жаңа технологиялар мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеттеріне, шығармашылық қабілеттеріне қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. М.Қоянбаев. Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы «Алматыкітап» 2005жыл.
2. С.И Ожогов Педагогикалық энциклопедия. Алматы «Кеңес энциклопедиясы» 1968ж
3. Ә. Е. Жұмабаев, Г. И. Уайсова. азақ тілі. Алматы «Атамұра»2017ж
4. К.Ерешева, Г.Сүйіндікова. «Қазақ тілі» өзіндік жұмыстар. Алматы «Өлке» баспасы. 2011ж.

## Сетерхан Айгүл Хуанғанқызы

Қарағанды облысы білім басқармасының Осакаров ауданы білім бөлімінің «№ 23 тірек мектебі (ресурстық орталығы)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

### САУАТ АШУ – БІЛІМ АЛУШЫЛАР ӨМІРІНДЕГІ ЕҢ КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

Қазіргі жаһандану дәуірінде жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі өзекті болып отыр. Соған сай әлемдік озық тәжірибе мен ұлттық ерекшеліктерді қабыстыра отырып, білім беру ісі мәселесінің маңыздылығы артуда. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Білім берудің жаңа бағыттарының ерекшелігі – оқытудың нәтижесін алдын – ала болжап, білім алушылардың қызығушылықтарымен мен ізденімпаздығы негізінде білімі мен біліктерін жетілдіріп, оны сана сүзгісінен терең зерделей отырып, шығармашылық әлеуетін үнемі дамытуға және рухани толысуға ұмтылысын қалыптастыруды бағдар тұтады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: *«Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»* - деп көрсетілген.

Аталған міндеттерді жүзеге асыра отырып, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибелерді, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп, әлеуметтік тұлғалық және күзиреттіліктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатында аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.

XIX ғасырдан бастап күні бүгінге дейін сауат ашу әдісінің ғылыми – теориялық негіздері туралы қаншама зерттеулер мен ғылыми әдіснамалық кітаптар, нұсқаулықтар жарық көрді. Жалпы қазақша сауат ашуға арналған оқулықтарды жасау мен жазу қазақтың тұңғыш ағартушыларының бірі педогог – Ы. Алтынсариннен басталды.

Ы. Алтынсарин: *«Мектеп - қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана»*, - деп білім алушылардың сауатын ашу, сөздік қорын дамыту, білімнің тиянақтылығы туралы бірнеше зерттеулер мен әдістемелер жазып қалдырған. Қазақ балаларына арналған *«Қырғыз хрестоматиясы»*, *«Қазақтарға орыс тілді үйретудің бастауыш құралы»* еңбектерінде сауат ашудың жоғары деңгейдегі дидактикалық материалдары жинақталған аса құнды кітап.

Сауат ашу жүйесінің дамуына өз үлесін қосқан педагог – ағартушылар: Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, Е. Омаров, С. Кеңесбаев, Ә. Садуақасов, Ғ. Бегалиевтің еңбектері әлі күнге дейін құнды деп айтуға болады.

Ә. Сәдуақасовтың *«Сауат ашу методикасы»* атты кітабы. Мұнда автор бастауыш мектепте сауат ашу жүйесінің дамуына байланысты өзіндік зерттеулері мен ғылыми теориялық нұсқаулықтарын ұсынды. Зерттеулерінде сауат ашу жұмыстарын бірнеше жікке бөліп, жеңілден – күрделіге қарай деңгейлеп отырып оқудың тиімді тәсілдерін ұсынған.

М. Жұбанова *"Бастауыш мектепте сауат ашу"* атты ғылыми зерттеу жұмысында қазақ дыбыстарының айтылуын ажыратып алып, баланың ойлауы мен тілін дамытуды көздеген.

Мектеп табалдырығын аттаған жас бүлдіршіннің қолына алып, танысатын оқулығы – *Әліппе*. Осы оқулық арқылы әрбір оқушы білім әлеміне жол ашады. Сонымен қатар, жазу, сызу, оқу қабілеттері дамиды.

Сауат ашу әдісін жүйелі зерттей отырып, ертегілер, суреттер арқылы білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуге арналған тапсырмалар мен әдістемелік нұсқаулықтар ұсынды.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, сауат ашу әдістемесі ең алдымен тілдің дыбыстық жүйесін, жеке дыбыстардың фонетикалық заңдарын, орфографиялық, орфоэпиялық тілдің дыбыстық жүйесін жете білуді қажет етеді. Сауат ашу барысында білім алушылар дыбыстарды айтумен қатар қалай таңбаланатыны туралы танысады. Сауатты болудың алғашқы сатысы – дыбыстардың таңбалануын білу және әріптерді үйрену сол арқылы жазуды меңгереді.

Қандай да болмасын зерттеулерде білім ордасындағы сауат ашу ең маңызды кезең деп баса атап өткен. Себебі, қазақ тілін үйрену жоғарыда айтқандай басқа пәндерді меңгеру барысындағы жетістіктер мен кемшіліктердің негізі болады.

Сауат ашу кезінде білім алушылар сөздің дыбыс, буын құрамын үйреніп, сөйлеммен танысады. Буындардан сөз құрауды, сөздерді үйреніп, сөздік қорларын байыту арқылы практикалық түрде қазақ тілінің нормасына сай сөйлем құрастырып, өз ойларын еркін жеткізуге қалыптаса бастайды. Оқытушы білім алушыларға дыбыстарды оқу және қағаз бетіне түсіру үшін бұл дыбыстардың белгілі бір графикалық таңбалар арқылы белгіленетінін айтады.

Жалпы білімнің негізгі құраушысы және аса маңызды пәндерінің бірі - сауат ашу – интеграциялау барысында, яғни, оқу мен жазуға бағыттталып жүзеге асады.

Сонымен қатар, «қазақ тілі», «әдебиеттік оқу» пәндерімен тығыз байланысты және тіл мен әдебиет білім жүйесіне дайындық деп айтуға болады. Әрине, бастауыш сыныпты оқытудың және тәрбиелеудің мазмұнын жаңарту, жаңа бағытқа көтеру ұстаздарға үлкен жауапкершілікті артып отырғаны белгілі.

Себебі, оқушылар мұғалімнің қолдауы арқылы сөйлеу, жазу, ойлау дағдыларын қалыптастырып игереді. Білім алушының терең де тиянақты білімді, жан - жақты тұлға болып қалыптасуы үшін қазақ тілі мен әдебиетінің орны ерекше.

Жалпы алғанда, сауат ашу – білім алушылар өміріндегі ең күрделі процесс деп ой қорытындылауға болады. Білім алушылардың жазу шеберлігі мен сөйлеу шешендігі қалыптаса отырып, оқушылар өмірінде пайда болған «жетекші әрекетті» - оқу мақсатына бейімдей отырып, білімге деген қызығушылығын арттыру арқылы ой – өрісін қалыптастырып, сөздік қорын дамытады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. ҚР «Білім туралы Заңы», Астана, 2007 ж.
2. «Білім технологиялары» №3, 2014 ж
3. Әлібаев А. Жұмысшы әліппесі, Қызылорда. 1934ж.
4. Байтұрсынұлы. А Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992, -448 б
5. Жұбанова М. Сауат ашу методикасының мәселелері. Алматы, 1987 ж
6. Рахметов. С Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі. -.184б

**Сон Е.Г., Мирзоева Л.В.**

*КГУ «Гимназия имени Каныша Сатпаева», г. Караганда*


#### **СИСТЕМНО-ДЕЯТЕЛЬНОСТНЫЙ ПОДХОД КАК ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ КЛЮЧЕВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧАЩИХСЯ**

У современного педагога в арсенале активен термин «функциональная грамотность». Данное понятие впервые появилось в конце 60-х годов прошлого века в документах ЮНЕСКО и позднее вошло в обиход исследователей. «Функциональная грамотность в наиболее широком определении выступает как способ социальной ориентации личности, интегрирующий связь образования (в первую очередь общего) с многоплановой человеческой деятельностью».[1] Одним из наиболее известных международных оценочных исследований, основанных на концепции функциональной грамотности, является Международная программа оценки учебных достижений 15-летних учащихся (Program for International Student Assessment– PISA). Исследование PISA организует Организация Экономического Сотрудничества и Развития (ОЭСР). Современной экономике необходимы люди, применяющие академические знания и навыки на высоком профессиональном уровне. Инструментарий PISA предоставляет возможность замерять эти навыки, определять, в какой степени участники исследования могут экстраполировать полученные знания и применять их в жизненных ситуациях. Тест был разработан в 1997 году. Сейчас это уже будет восьмой цикл исследований, который проводится с 2000 года. В первом исследовании приняли участие 32 государства. В 2003 году их было уже 43,

в 2006 – 57. Казахстан стал участником исследования в 2009 году. Опыт первого участия для страны оказался большим испытанием. Тогда в общем рейтинге из 69 стран Казахстан занял 59 место. В 2012 результаты Казахстана улучшились: 45 место в рейтинге из 65 стран-участниц. В исследовании 2018 года приняли участие 85 стран. Последнее исследование выявило отставание от собственных результатов прошлых лет, показатели которых оказались ниже первого года участия в программе.

Таблица 1

Результаты Казахстана в PISA



Следующее исследование будет проводиться в 2021 году. В Государственной программе развития образования определен целевой индикатор, который направлен на результативность участия казахстанских школьников в международном исследовании: «Результаты 15-летних казахстанских учащихся в международном исследовании PISA (Организации экономического сотрудничества и развития (далее - ОЭСР) - математика - 480 баллов, чтение - 450 баллов, наука и естествознание - 490 баллов». [2]

В числе участников исследования 2018 года были учащиеся КГУ «Гимназия №38». Политика PISA такова, что личные результаты участников не предоставляются, так как основная цель ОЭСР - показать прогресс образовательных систем стран. Снижение показателей по Казахстану в целом определило наши дальнейшие перспективы по формированию навыков функциональной грамотности, по выработке системы подготовки учащихся, направленной на развитие ключевых компетенций.

Учебный план гимназии включает в себя Типовой учебный план, утвержденный приказом Министра образования и науки Республики Казахстан, который дополняется курсами Гимназического компонента и внеклассной кружковой работы.

Инвариантный компонент рабочего учебного плана в рамках обновленного содержания включает в себя следующие предметные области: «Язык и литература», «Математика и информатика», «Естествознание», «Человек и общество», «Технология и искусство», «Физическая культура». Гимназический компонент направлен на удовлетворение индивидуальных потребностей учащихся, на повышения качества образования и на расширение предметных областей учебного плана. В числе приоритетных направлений учебного процесса в гимназии идет усиление читательской, математической, естественно-научной и информационной грамотности. Введение дополнительных курсов по выбору способствует расширению учебного пространства в выбранном направлении.

Таблица 2

№	Компетенции	Предметы	Курсы по выбору	Кружки
1	Читательская грамотность	Русский язык Казахский язык Английский язык Литература	Теория и практика написания сочинений разных жанров; Занимательное языкознание; Пунктуационные задачи;Қазақ тілінің көркем әлемі; Colourful World of English; Funny English; Happy English; Travel in England; Литературоведение	«Язык родного города»; «Тілдарын»; «Жас лингвист»
2	Математическая грамотность	Математика Алгебра Геометрия	Решение прикладных задач по математике; Практикум решения математических задач повышенной сложности;	«Математическая школа» «Многогранник»

			Математика в физике	
3	Естественно-научная грамотность	Естествознание Биология Физика Химия	Лаборатория Z; Основы экогеологии; MultifacedChemistry; Физика в опытах; Химия в опытах; Математика в физике	«Юный химик» «Юный физик»
4	Информационная грамотность	Информатика	IT Terminology in English; Мирмультимедиа	«Робототехника» «Рекурсия»

Из приведенных данных мы видим, что учебный процесс представляет собой расширенное образовательное пространство, которое способствует развитию научного и творческого мышления и охватывает все стороны учебного процесса: учебную и внеучебную.

Проектная и исследовательская деятельность в процессе обучения также направлены на повышение функциональной грамотности. С 2014 года гимназия работает над внедрением исследовательского подхода LessonStudy. Были созданы творческие группы, объединенные сходной проблемой. Так, например, учителя математики, объединились вокруг проблемы, связанной с пониманием текстов, используемых в процессе обучения. Они отмечают типичные ошибки, связанные с неверным прочтением задания и непониманием, какой вопрос в задаче является главным. Это сподвигло их на поиск эффективных форм работы, направленных на развитие речевых навыков в процессе преподавания математики. В ходе творческого взаимодействия на каждом уроке, который разрабатывался совместно, вносились следующие задания:

- прочитать параграф/текст
- ответить на вопросы в конце параграфа
- составить вопросы на понимание текста, тонкие и толстые.
- составить вопрос к задаче, в которой есть условие, а что надо найти отсутствует.

На уроках геометрии для развития языковой компетенции использовались следующие задания:

- доказательство теорем с пропусками;
- запись текста задачи по чертежу.

Данная работа полезна не только на уроке. Эти формы эффективны и при организации индивидуальной работы с одаренными учащимися. Такой системный подход дал положительные результаты: ежегодно учащиеся занимают призовые места в интеллектуальных конкурсах и олимпиадах по математике:

- Республиканская предметная олимпиада по 15 общеобразовательным предметам;
- Президентская олимпиада по предметам естественно-математического цикла;
- Олимпиада КИО;
- Политехническая олимпиада ТПУ;
- Выездная олимпиада МФТИ «Воробьевы горы»;
- «Кенгуру-математик»;
- «Clever».

С 2020 года гимназия вошла в состав школ, реализуемых Областной социально-педагогический проект «Зейн». Цель проекта – оценка сформированности умений и навыков учащихся 4,5-8 классов, необходимых для полноценного функционирования в обществе. В рамках проекта разработан план реализации, который предполагает создание творческой группы учителей, создание банка заданий, направленных на формирование функциональной грамотности по развитию читательской, математической, естественно-научной и информационной компетентностей учащихся. Планируется проведение мероприятий в рамках урочной деятельности, а также внеурочной занятости учащихся.

Представленные данные демонстрируют системный подход по развитию навыков функциональной грамотности. Работа затрагивает все направления деятельности учебного заведения: учебную, воспитательную, научно-методическую работу. Выработанная система работы дает возможность нашим учащимся успешно социализироваться, применять полученные знания в период обучения в гимназии и по окончании школы.

## Литература:

1. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012 – 2016 годы - [1];
2. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы - [2];
3. Аванесов В.М. Педагогические измерения в контексте модернизации образования/В. М. Аванесов // Школьные технологии. - № 1 .-2016 .
4. Жарковская, Т.Г. Формирование метапредметных умений на примере дисциплин социально-гуманитарного цикла / Т.Г. Жарковская, О.А. Французова // Педагогика: журнал .— 2017.—№ .— С. 49-54.
5. Киселева Н.В. Организация пространства понимания учебного текста на уровне общего среднего образования // Человек в информационном пространстве: понимание в коммуникации. Сборник научных трудов под общ.ред. Аниськиной Н.В., Уховой Л.В. – Ярославль: ЯГПУ, 2017г.

**Сопыханова Гультара Тиыштыкбаевна**

*Балқаш қаласы,*


*«М.П. Русаков атындағы №2 санаторлық мектеп-интернаты» КММ*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА БЕЛСЕНДІ-ӘДІС ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Қазіргі таңда оқыту үдерісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңа идеяларды қолдануды талап етіп отыр. Әр педагог өзінің еңбек жолында көптеген қиындықтар мен кедергілерге тап болады. Осы орайда заман ағымына ілесу үшін әрбір мұғалім өз білімін кәсіби жетілдіріп отыруы керек. Сол себептен, ақпараттық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

XXI ғасыр –ақпараттандыру ғасыры. Ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы-жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Сандық сауаттылық ғасырында жасалып жатқан оқыту үдерісі оқушының ойлау қабілеттерін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде өздерінің кәсіби потенциалдары жоғары тұлға болып қалыптасуына жол ашады. Әдіс-тәсілдер оқушы белсенділігін дамытудың негізі. Мен өз іс-тәжірибемде қолданылып жүрген әдіс-тәсілдермен бөлісуді жөн көрдім.

**Plickers**- бұл сабақта оқушылардың білімін жылдам бағалауға арналған ыңғайлы бағдарлама. Осы бағдарлама арқылы сіз барлық сыныппен жарты минут ішінде де сауалнама жүргізе аласыз. Сізге тек сыныптағы ір оқушыға және телефоныңызға немесе планшетиңізге басып шығарылған парақшалар қажет. Әр оқушының өз карточка нөмірі бар, ол болашақта Plickers жасаған картада көрсетіледі. Әр оқушының жеке картасы болады.



*Сурет-1. Plickers сервисі*

**LearningApps** сервисі оқушылардың өз беінше оқуын дамыту және қамтамасыз ету үшін көп мүмкіндіктерге ие және оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс бере алатын негізгі құрал болып табылады. Әр түрлі пәндер бойынша интерактивті оқыту ортасы. Негізгі ерекшелігі



пайдаланушылар жасаған барлық тапсырмалар галереяда жиналған және жалпы қолданушыларға қолжетімді болып табылады.

**LearningApps** сервисін қолдану арқылы сіз дайындап ұсынған тапсырмаларды орындау барысында оқушылар өздерінің теориялық білімдерін бірнеше рет тексеруге, қатемен жұмыс жасауға, тапсырманы дұрыс орындауға қол жеткізеді, сөйте отырып өз білімдерін бағалап, өз-өздеріне талдау жасай алады. Осы тиімді сервисті қолдана отырып интерактивті тапсырмаларды орындаған кезде оқушылардың ақпаратты қабылдауы, есте сақтауы, зейіні мен эмоционалдық қасиеттері қарқынды дамиды, назары тұрақталады, ең бастысы пәнге деген қызығушылықтары артады.



*Сурет-1. LearningApps сервисі*

Kahoot- қашықтан оқыту кезінде қолданылатын білім беруге арналған қосымша, өте қарапайым да жеңіл сервис. Бұл сервисті пәндер бойынша әртүрлі викториналар, пікірталастарды, тестілерді және сауалнамаларды өткізу мақсатында қолданамын. Оқушылармен тығыз қарым-қатынас орнатуға, сонымен қатар жаңа материалдарды терең түсінуде кең көлемде қолдануға болады.

Kahoot-те жасалған тапсырмалар ұсынылған жауаптардың ішінен дұрыс жауапты таңдауды көздейді. Фотосуреттерді, бейнефрагменттерді тапсырмалар құрастырғанда қолдану өте тиімді. Сұрақтар санына шек қойылмаған, жылдамдыққа есептелген, Тапсырма құрастырушы өз қалауымен қойылған сұрақтар үшін балл енгізе алады. Тағы бір ерекшелігі тесттерді қайталау және өңдеу мүмкіндігі қарастырылған.



*Сурет-1. Kahoot сервисі*

Mozaik 3D- цифрлық білім беру ресурсын сабақта қолданған кезде оқушылар көріністер, жүздеген видеоматериалдар, интерактивті материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік алады, сондай-ақ ресурстарды еркін (визуалды) қолдана алады. Жаратылыстану пәні мазмұнын меңгерту барысында бенефильмдер 3D форматында көрсетіледі. Оқушылар жақыннан, жан-жағына бұру арқылы берілген нысанды зерттеп бақылайды. Бұл цифрлық ресурс оқушылар үшін өте қызық. Және алған білімде бекіту үшін тест құрастыруға болады.

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өзін-өзі реттей алу дағдысын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану ұсаз шеберлігінің белгісі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. К.О.Өмірбаева «оқыту процесіндегі ізденістер» Ақтөбе 2002 ж.
2. «Білімді ел» 27 ақпан, 2021 жыл.
3. LearningApps.com
4. Kahoot.com

**Садық А.Т.**

*№1 оңалту орталығы, Қарағанды қ.*

## **ЛОГОПЕДТИҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТА СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУЫ**

2020-2025 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарлама талаптары тұрғысынан қазақ қоғамының заманауи даму жағдайлары мен білім беру жүйесіндегі өзгерістер білім беру сапасын жақсартуды, ерекше білім қажеттілігі бар балаларды (бұдан әрі-ЕБК) оқытудың жаңа тиімді әдістерін іздеу қажеттілігін талап етеді.

№1 оңалту орталығында дамуында әртүрлі бұзушылықтары бар балалар түзету көмегін алады. Сонымен қатар, олардың көпшілігінің сөйлеу тілінде қиындықтары бар. Логопедтік жұмыстың күрделілігі, психикалық дамудағы бұзушылықтардың сай келуінен-тежелу, ЗЖГС, аутистік саланың бұзылуы, дамудағы жалпы кешеуілдеу және т.б. қиындай түседі. Сондықтан да, түзету-логопедтік жұмысты барлық сезім түріне әсер ететін ықпалды есепке ала отырып құрған жөн.

Аталған мақалада ықпал етудің тәжірибелік-бағдарлы тәсілін-сенсорлық интеграцияны қолдану тәжірибесі жайында айтып бергіміз келеді. Сенсорлық интеграция әдісінің негізінде барлық сенсорлық жүйелердің динамикалық өзара ықпалын түсіну жатыр. Сенсорлық қабілеттерді дамыту арқылы педагогтар бала бойында дүниені тану механизмдерін ынталандырады. Сенсорлық тәрбие беруде балаларды сенсорлық эталондарды - қоршаған әлемнің жалпыға ортақ сыртқы қасиет үлгілері мен зат белгілері туралы түсініктерді қалыптастырудың маңызы өте зор. Сенсорлық түс эталондары ретінде спектрдің жеті түсі мен олардың қанықтық ашықтығы бойынша реңктері, пішін эталондары ретінде-геометриялық пішіндер, шамалар-метрлік өлшеу жүйесі қолданылады [1].

Есту түйсігінде, дәм мен иісті қабылдауында да өз эталон түрлері бар (бұл ана тілі фонемалары, жоғары дыбыстық қатынастар). Сенсорлық эталонды меңгеру – бұл баланы осы не өзге қасиетті дұрыс атауға ғана үйрету қажет дегенді білдірмейді. Сенсорлық интеграцияның құндылығы, баланың өз денесінен алған әсері (дене арқылы сезіну, проприоцептивтік, вестибулярлық) сенсорлық тәжірибені меңгеру және жинақтау үшін негіз болып табылады, осылайша тұтастай тұлғаның дамуына ықпал етеді [2].

Тәжірибеде осы және өзге түзету-логопедтік жұмыс бағытының сенсорлық интеграция элементтерін қалай енгізуге болатынын қарастырайық. Сабактың ажырамас элементі релаксация болып табылады: бала өзін жақсы әрі жайлы сезінуі тиіс. Оған «үй» ахуалын қамтамасыз ету және басқа да эмоционалды байланыс орнату қажет. Ширыққан балаға қандай да сөз айтқызу мүмкін емес: ең алдымен бала педагогты қабылдауы және оған сенуі тиіс. Қолайлы ахуал әртүрлі тәсілдердің көмегімен құрылады, бірақ ерекше сәттегі босаңсу сенсорлық бөлмеде (күрғақ бассейнде, қаракұмық жармасы бар ваннада, гидрогелі бар ыдыста және т.б.) ойын кезінде қол жеткізіледі. Басым артықшылық, аталған әдістің түгел дерлік барлық жағдайда қолданылуы болып табылады [3].

Сөзді түсінуді дамытып, сонымен қатар сөйлеу белсенділігін ынталандыра отырып, педагогтың баламен қарапайым қысқа сөздерді қолданып үнемі сөйлесуі, тұрақты сөз тіркестерін сақтай отырып, барлық іс-әрекеттерді түсіндіруі қажет. Балалардың логопедтің бетіне қарағаны дұрыс. Кейде баланы өзіне әдейілеп қаратып алуға болады: «Қара, қара! Сен менің қызықты мұрным барын білесің бе!» Баяу, дауыс тым жоғары болмайтындай айту қажет: төменгі дауысты бала оңайырақ қабылдайды. Сөйлемейтін балалармен тілдескен кезде, «айтшы» деген сөз мүлде айтылмауы тиіс. Осындай баладан «айтшы, көрсетші,...» деп талап ету мүмкін емес. Осыны бірден ата-аналарға да сендіру қажет: «Ешкімнің аяғы жоқ адамға «Биле» деп айтуға құқы жоқ.

Фонематикалық есту қабілетін қалыптастыруды, дене арқылы сезіну немесе проприоцептік сезімдерді дамытумен үйлестіруге болады, мысалы балаға күрғақ бассейнде

дыбыс шығаратын заттарды іздеу немесе кедергілер арқылы музыкалық немесе дыбысталатын ойыншықтарға өрмелеп өту ұсынылады. Бір мезгілде көру түйсігін дамыту бойынша жұмыстарды жүргізген жөн, бұл сондай-ақ баланың сөзін, сонымен қатар тұтастай дамуын біршама ынталандырады [2].

Саусақты уқалау және қысқыштар, түймелер, су-джок шариктерін, резеңкелерді, моншақтарды, бұршақты, үрме бұршақты, ұнтақ жарманы, әртүрлі фактуралы материя бөліктерін, сипап ұстауға арналған толтырғыш-қаптар, гидрогельді қолданып жүргізілген ойын жаттығулары, балаларда білуге құмарлықты тудырады, ал білуге құмарлық сөйлеу белсенділігін арттырады.

Баланың сөзді айта алуы немесе ішкі сөйлеу схемасын құруы үшін, логопед белгілер, бейнелер мен қимылдардың әртүрлі жүйелілігін құру және есте сақтауға бағытталған жұмыстарды жүргізеді. Мысалы: «Біз моншақтарды тіземіз: алдымен бір түйірін саламыз, сосын бір үрмебұршақты саламыз, қайтадан түйірін, үрме бұрашақты – міне қандай әдемі моншақтар шықты!» Ит не мысық үшін бұршақтан жол салуды ұсынуға болады, онымен сол мысық немесе ит жүгіріп өтеді және мияулайды, үреді, яғни осы жаттығуда заттар мен олардың бөліктеріне қатысты сөздер бекітіледі. Осындай сабақтардан кейін дыбысты айту жақсарады, сөйлемейтін балаларда дауысқа еліктеу байқалады, ал сөйлейтін балаларда сөздер мен сөз тіркестері анағұрлым анық бола түседі.

Жалпы моториканы түзетуді мақсатты түрде вестибуляторлық және проприоцептік сезімдерді дамыту арқылы үйлестіру. Бұл әртүрлі жаттығуларды, сергіту сәттерін, сөзбен, кеңістікте денені сезуді дамытатын логикалық ырғақты жаттығулармен үйлестіріп қолдану, мысалы, ойын жағдайын қалыптастыру, онда балаға көпіршеден өту немесе тунельден кедергілерді еңсеру қажет, үйлесімділікті, тепе-теңдікті дамытатынның бәрі баланың қадам жасауына, өрмелеуіне, созылып жетуіне мүмкіндік береді [4].

Маңызды бағыт артикуляциялық жаттығулар болып табылады. Сенсорлық интеграция элементтерін қолдану, дәстүрден тыс тәсілдермен артикуляциялық жаттығулар жүргізуге мүмкіндік береді. Баланы айнаның қасына отырғызу міндетті емес, оған қолайлы кез келген қалыпта айналысуға және кеңістікте қозғалуға, қоспа иістерін, жемістер мен көкөністердің, иісі аңқыған өнімдерді пайдалануға болады. Балаға тәттіні жалауына, сезуіне, татып көруіне, шайнауына, тәтті түйірін жұтуына мүмкіндік беріңіз және осылайша артикуляциялық аппараттың бұлшықеттерін дамытамыз және олардың қозғалғыштығын ынталандырамыз. Сонымен, мысалы «Ой, қалай дәмді!» артикуляциялық жаттығуын орындау барысында, балаға тәтті жемісті шайнау, сосын ерін, тілінің ұшымен жалау ұсынылады, осылайша тілдің жоғары көтерілуін бекіте отырып және еріннің қозғалғыштығын қалыптастырып жақ бұлшықеттерін дамыту. Осының барлығы артикуляциялық аппаратты тиімді дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар балада проприоцептивтік, дәмдік және иістік сезімдерді ынталандырады. Қытырлақ таяқшалар, чупа-чупс, шоколад пастасы, жеміс түйірі және т.б. өнімдерді қолданып артикуляциялық жаттығуларды орындау, баланың қызығушылығын тудырып қана қоймай, сонымен қатар осы не өзге жаттығуларды орындау сапасын, дұрыс артикуляциялық тәртіпті қалыптастыруды арттырады. Сабақ барысындағы баланың қосымша перцептивтік әрекеттері (дәмін татып көру, жалау, иісі бойынша табу) балалардың эмоционалдық жауап қатуын қамтамасыз етеді, сабақты эмоционалды күймен толтырады, зат немесе құбылыс туралы түсініктерді байытады, оларды анағұрлым дәл әрі толық етеді [3].

Әртүрлі иістермен сараланған ойындар ауызбен (мұрынмен) дем алу-дем шығару дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Балаға мұрынмен дем алуды үйрету үшін, оған жемісті немесе жағымды хош иісі айқын байқалған басқа өнімді иіскеуді ұсынамыз. Бұл баланы қызықтырады, оның назарын аудартады және оның мысал ретінде көрсету арқылы, өнімге жақындап оны әсерлі түрде түсіндіруіне, мұрынмен дем алуына түрткі болуға мүмкіндік туындайды. Балаға жалбызды, кофені, ванильді иіскеу ұсынылады. Бірнеше рет педагог балаға бір хош иісті иіскеуге береді, оны атайды және оның атауын бірнеше рет айтады, осылайша баланың сөздік қорын кеңейтеді. Содан кейін үлкендер көрсетілген заттар бейнеленген суреттерді көрсетеді және суреттегі табиғи заттарды оларды атап жайып қоюды сұрайды. Ойын соңында үлкендер иісі бойынша жұмылған көздерімен хош иісті табуды сұрайды. Сөйлеу мүмкіндігіне байланысты тиісті суретті көрсетеді не болмаса хош иісті атайды.

Лексикалық-грамматикалық категорияларды қалыптастыру бойынша сенсорлық біріктіру элементтерін енгізу тәжірибесі келесідей жүзеге асырылады: логопед аталған бала үшін бұдан бұрын құрылған түзету-дамыту бағдарламасына және ойындар мен жаттығулар тізбесіне сәйкес, нақты баланың диагнозы мен жеке ерекшеліктерді есепке ала отырып лексикалық тақырыпты тандайды, проприоцептік, түйсіну, вестибуляторлық, иістік және басқа да сезімдерін дамытуға арналған қосымша жаттығулар енгізіледі. Сонымен, мысалы, «ұзын-қысқа» ұғымдарын оқып зерделеу кезінде, вестибуляторлық сезімдерді дамыта отырып, ұзын және қысқа жолдан өту ұсынылады, сөзде аталған ұғымдарды айқындау және олардың белсенді сөздікке енгізу. «Жемістер» тақырыбын оқып зерделеу кезінде – түйсіну, иістік, және дәмдік сезімдер дамыту, жармада немесе гидрогельде заттарды таба отырып, олардың хош иісін сезіну, дәмін татып көру және оған қоса белгі-сөздер сөздігін дамыту: «Жүзім тәтті, ал лимон - қышқыл, апельсин дәмді, шабдалы хош иісті (сары, тегіс, кедір-бұдыр)».

ЕБҚ бар балалардың көпшілігінде дыбысты айтудағы бұзылыстар артикуляциялық аппарат құрылымындағы ақаулықтарға байланысты. Осындай балалармен жұмыста сенсорлық интеграция элементтерін қолдана отырып, олардың айту мүмкіндіктерін түзетуді жүзеге асыруға болады. Осылай вестибуляторлық сезімді дамытып, баланы әткеншекте тербете отырып, ырғақты түрде дауысты дыбыстарды айту қажет: А-У...И-У...және т.б., егер балаға буынды айту оңай болса, онда буын қатарларын ырғақты түрде айту: ПА-ПА-ПА...МА-МА-МА---ТА-ТА-ТА...және т.б.. Бұзылған дыбыстарды қоя алатын сөйлейтін балалармен жұмыста, вестибуляторлық сезімдерді дамытуға арналған («Әткеншек», «Жапырақ») жаттығуларды қолдануды автоматтандыруға болады, онда әндетіп не болмаса ырғақты айта отырып қойылған дыбыстар, буын қатарлары, сөздер бекітіледі [4].

Осылайша, ЕБҚ бар балалармен логопедтік жұмыста сенсорлық интеграция элементтерін қолдану, олардың дамуындағы қиындықтарды табысты түрде еңсеруге ықпал етеді:

- тапсырмаға зейін қою қабілетін, ауызша нұсқауларды орындау дағдыларын қалыптастырады;
- тапсырманы өз бетімен орындай біледі;
- жалпы және артикуляциялық моторика, сөз бен қимыл үйлесімділігі жетілдіріледі;
- басқа да өмірлік маңызды дағдылары қалыптастады.

Барлық сенсорлық жүйелердің дұрыс өзара әрекеті, ЕБҚ бар балаға басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуға, өзіне және өз жақындарына қамқор болуына, күнделікті өмірде әртүрлі заттарды меңгеруіне мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер:**

1. Битова А. Л. Формирование речи у детей с тяжелыми речевыми нарушениями: начальные этапы работы. - М.: Центр лечебной педагогики, 2016
2. Кудлёнок В.Е. Что такое сенсорная интеграция?- Санкт-Петербург: ДЕТСТВО-ПРЕСС, 2018.
3. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В., Зорина С.В. Нарушения речи и их коррекция у детей с задержкой психического развития. – М.: Владос, 2017.
4. Лынская М.И. Формирование речевой деятельности у неговорящих детей с использованием инновационных технологий. – М.: Парадигма, 2016.

### **Сагимбекова М.М**

*«Қызыларай жалпы білім беретін мектеп» КММ, Ақтоғай, Ақжарық ауылы*

### **ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ: ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІ**

*«Мұғалім – мектептің жүрегі. Өйткені жақсы мұғалім мен үшін бәрінен қымбат»* деп қазақтың тұңғыш педагогі Ы.Алтынсарин айтқандай, жақсы мұғалім баланың жақын досы бола білуі керек. Қазақ ғұламасының ғасырдар астам уақыт бұрын айтқан сөзінің құндылығын қазіргі әлемнің білім саласындағы танымал ғалымдары да қайта дәлелдегендей.

Үздіксіз іздену – мұғалімдерге қойылып отырған негізгі талаптардың бірі. Білім берудің жаңа моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, өз ісіне қатып қалған қаталдық пен жаттандылықтан аулақ, іс-тәжірибеде педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Бұрын «өз пәнімізді білсек, аздаған әдіс-тәсілдерді меңгерсек, баланы өз еркімізге бағындырсақ, өте керемет ұстазбыз» деген пікір қалыптасып келгені жасырын емес. Жаңашылдықтың көшінен қалмай, оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдану арқылы оқыту сапасын арттыру – ұстаздар қауымының абыройлы міндеті деп санаймын. Демек, бұлардың бәрі мұғалімдерге бұрынғыдан да зор жауапкершілікті, заман ағымына бейімділікті, көн еңбектенуді, таусылмас төзімді, терең білімді қажет етеді.

Кәсіби іс-әрекет кезінде жұмыс кезеңдерін Блум таксономиясына салып ұйымдастыру, оқыту тәжірибеме кіріктіру, әрбір сабағыма оқыту мақсатымды белгілеу, оқу нәтижелерінің өлшеу әдістемесін анықтау, барлық оқушыларды қамтуды жоспарлау сияқты өзгерістерді сабақтарыма енгіздім. Блум таксономиясына негізделген жүйелі құрылған орта және қысқа мерзімді сабақ жоспарлары кез келген пән бойынша бала әлеуетінің дамуын қамтиды. Әртүрлі әдістерді қалай және қай жағдайда қолдануға болатынын жүйеледім. Негізгі мақсатым – көркем шығармалардан замана көріністерін, ондағы қарапайым адамдар тағдырын талдай отырып, оқушының сыни ойлау дағдысын дамыту, «ішкі уәжін» оятуда өзіндік мақсатқа жетелеу болатын. Осы орайда, қазақ әдебиеті пәнінен өткізген Дулат Исабековтың «Әпке» драмасы. Әпке бейнесі тақырыбында болды. Мақсат – ұлттық сананы оятуға әсер еткен көркем туындыны меңгерту. Дулат Исабековтың өмірін, шығармашылығын таныстыру, шығарманың идеялық мәнін ашу, кейіпкерлердің іс-әрекетіне саралау, жағдаятты сұрақтар төңірегінде пікір алмасу дағдыларын дамыту деп оқушыға бағытталған міндетімді анықтап алдым. Сыныптың ерекшелігіне орай мынандай кедергілердің болатынын болжадым: ынтымақтастық атмосфераның қалыптаспауы, сұрақ қою және жауап алу дағдысының жетілмеуі, серіктестік қатынастағы белсенділіктің аздығы, бір-бірін шынайы бағалауда қиналуы, зейінін тиімдірек шоғырландыра алмауы. Сыныптағы бірлескен жұмыс оқытылатын пәннің мазмұнын берумен шектеліп қоймайды, сонымен қатар менің ынтымақта оқуды қамтамасыз етуіме бағытталған. Сабақ шаттық шеңберінде тұрып, тақтадағы үлкен жүректің суретіне қарап, ортақ сауалға жауап беруден басталды. С деңгейлі оқушы: жүректі ілген себебіңіз, бір-бірімізге деген ыстық ықпалымызды білдіру деп ойын айтты. А деңгейлі Балауса: «Бүгінгі тақырыпты біздің жүрегімізге жеткізу мақсатында және бауырмалдықты нығайту үшін алдыңыз» деп, барлық оқушылардың ойын түйіндей білді, ұтқырлық танытты. Пәннің мазмұнын ашатын, оқушылардың ойлауын дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана алдым. Оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай сұрақ, тапсырмаларды саралауды оқушыларға бағыттауға болатынын ұғындым. «Әпке деген кім? Аға мен әпкенің арасында айырмашылық бар ма?» деген сыни сауал арқылы оқушылардың өз бетінше ойлануына уақыт бердім. С деңгейлі оқушым үнемі жаттанды жауап айтып, қиналатын еді. Бұл жолы өз ойын айтуда еш қиындықсыз жауап берді. Себебі, бұрын жауап беруге қажетті мерзімдік уақыт бермейтінімді байқадым.

Бірлесе анықталған табыс критерийі арқылы білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек екендігін және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігі туралы ойлануға мүмкіндік алды. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы жүзеге асады. Сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретінін көрсетті. Себебі олар тақырып бойынша өз ойларын білдіруге мүмкіндік алды, өз көзқарастарын дәлелдеуіне көмектесті. Осы сәтте оқушылар бір-бірінің құнды пікірін бағалауын жүзеге асырды. Сабақ барысында сыни тұрғыдан ойлау әрекетін жүзеге асыру оқушылардың өз бетінше білім алуына, алған білімдерін, дағдыларын күнделікті өмірде қолданып, әрекет етуге, басқалардың ойымен санасып бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Мен басшылыққа алған функционалдық сапалар: оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойлауы, шешім қабылдай алуы. Сондықтан біздер, ұстаздар, өз міндетімізді жақсы түсініп, оқушылардың рухани өмірлеріне гүл бітірулері үшін аянбауымыз керек.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

XXI ғасыр – ғарыш пен білімнің жарысқан заманы. Заман талабына сай зерделі, дарынды, шығармашыл, қоғамға лайық жан-жақты тұлғаларды дайындау – XXI ғасыр үлесіндегі игі істердің бірі де, бірегейі. Табысты, әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаларды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре білу ісінде ұстаздарға жаңа талаптар қойып отыр.

Бүгінгі мектеп қабырғасында білім алып отырған оқушы тек белгіленген пән бойынша жалпы теориялық мағлұмат қана алып отырған жоқ. Ол өзінің болашағына өмірлік серік боларлық, кәсіп көзіне бағыт аларлық білімді де қоса алып отыр. Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алып отырған оқушыны өмірге заманауи көзқараспен қарап, сыни тұрғыда ойлай білетін, алған теориялық білімін практика жүзінде өмірлік қолданысқа енгізе алатын тұлға деп тануымыз керек.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты кезекті Жолдауында: «Бесіншіден, оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйретуі тиіс. Үкіметке мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту жөнінен бесжылдық Ұлттық іс-қимылдар жоспарын қабылдауды тапсырамын» -дейотырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды [1].

Жоғарыда аталып көрсетілген Елбасы Жолдауын іске асыру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл [жоспарын](#) бекіту туралы қаулысы шыққан сәттен бастап, нақты қадамдар жасала бастады.

Мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту процесі мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған [2].

Мұғалім сабаққа дайындықты нақты тақырыпты ашу үшін сабаққа түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы мақсат-міндеттерін ашады, мысалы өз сабағымда «**Миға шабуыл**» әдісін қолданамын, ол - жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

Мысалы:

1. Құрастырылған суретте не бейнеленген?

2. Бейнеленген адамдар туралы не айтуға болады?

3. Әншілер туралы ақпаратты қайдан аламыз? деген сұрақтар арқылы оқушылардың жаңа сабаққа қызығушылығы артады.

«Стопкадр» әдісі арқылы оқушыларға мәтінді оқып, стоп деген нұсқауды естігенде тоқтап оқыған бөлігін айтып беру тапсырылады. Мәтін бойынша келесі сұрақтарға жауап береді.

1. Мәтін кім жайында?

2. Әміре әнді қайда айтты? деген сұрақтар арқылы өз ойларын оқылым мен айтылым дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Маңызды, күшті, мүмкіндік» белсенді әдісін қолданғанда дереккөздерден жинаған материалдарын кестеге толтырады. Кестедегі мәліметтер оқушылардың тапқан ақпараттарына қарай ауысып отырады. Оқушылар мәтін мазмұны бойынша топта кестені толтыру үшін өзара ақылдасып жазады.

Ақпаратты берілген кестеге салу


Оқиға	Маңызды	Күшті	Мүмкіндік
Парижде шырқаған әндері			
Әміренің дауысы			

Кері байланыс жасауда «Кубик» әдісін қолданамын, әр жағына әр түрлі сұрақ жазылған жеңіл кубикті оқушыларға лақтырамын қағып алған оқушыдан өзіне қарап тұрған жағындағы сұрақ бойынша кері байланыс алып отырамын.

«Бір қалам, бір қағаз» әдісін пайдалану арқылы оқушылар сабақ бойынша түсінгендерін жазады. Бұл әдістің тиімділігі оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында бұл стратегияларды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігіп, ынтымақтасатындай болуына мүмкіндік жасауға жұмыс жасаймын, сонда сабақ бір жақты білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Сабақ барысында оқушылар бойында бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, топта бірлесе жұмыс істей білу, жауапкершілік, ынтымақтастық, бір-бірінің жауаптарын тыңдай білу, сыйластық қасиеттері қалыптасады.

Осы әдіс-тәсілдерді қолдану барысында 3 сынып оқушыларына әр ай сайын оқушыларымының оқу техникасы тексеріліп, білім сапасына салыстырмалы диагностикасы жасалынып отырды.



Осыдан өсу динамикасы байқалды. Оқушылардың оқу арқылы ойлау, жүйелі ойларын жеткізу, баяндау дағдылары дамыды. Мысалы, Совет Айзере қыркүйек айында 20 сөз ғана оқыса, желтоқсан айында 75 сөзге дейін жетті. Өздігінен оқу, өлең жаттау дағдылары қалыптасқаны байқалды.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерді жалпылай келе оқыту түрлері, сабақта білім алу, жүйелі ойлау осының барлығы функционалдық сауаттылықтар болып табылады, нағыз білім саналы түрде қабылдап, түсініп, оны орнымен қолдану болып табылады.

Қорыта келе, функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Сапалық сипаты тұрғысынаналғанда функционалдық сауаттылықты жеке адамды дамытудың тетігі деп түсінуіміз керек.

Сонымен қатар, әрбір ұстаз алдында үлкен жүк – тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту міндеті тұрғанын түсінгеніміз жөн.

### Әдебиет:

1. Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы: Ана тілі, 1992 – 444 б.

## САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ - ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУТЫДЫҢ ҚҰРАЛЫ

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуі, оған тез бейімделуі мен әрекет істеуі. Оқуда жетістіктері болу үшін оқушы алдымен ақпаратпен жұмыс істеуі керек: оның көзін табу, ұғыну, талдау, қажетті ақпаратты қажетсіз артық нәрседен айырып алуы, фактілерді анықтау, тексеру, қорытындылау, яғни осылардың барлығын өз іс-тәжірибесіне қолдануы керек. Осы дағдылардың барлығы оны келешекте дұрыс бағыт-бағдармен жүруіне жөн сілтейді.

Оқушының оқу, ұғыну, қысқа мәтіндерді жасау сияқты тұлғалық сауаттылығының айырмашылығы тұлғаның нақты мәдени ортада тіршілік ету үшінәса қажетті болып саналатын әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде тұлғаның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін біліктілік, икемділік пен дағдылар деңгейі, яғни функционалдық сауаттылық болып табылады[1].

Бұл әрине бүгінгі күннің оқушыларының өзін-өзі қалыптастыруы үшін керек дағдылар. Әрине, бұл дағдылар барлық оқушылар үшін өте қажет-ақ. Бірақ оқушылардың барлығы бірдей бұл дағдыларды игере алмайды. Неліктен? Себебі, оқушыларды бірдей оқыту әдістемесімен оқытса, бұл дағдыларды игерту біраз қиынырақ. Сондықтан дамұғалімдердің басты мақсаттарының бірі оқушыларға білімді, ақпаратты көп беру емес, керісінше берген білімді өз бетімен игеруі үшін жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл проблеманы шешуде жоспарлау мен оқытуда педагогикалық тәсілдердің бірі- саралап оқытуды қолдану тиімді жол деп санаймын. Оқыту үрдісінде функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі құралы – саралау тәсілдерін қолдану.

Саралап оқыту – бұл білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі. Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалім орта мерзімді жоспарда берілген іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру керек, мұғалім іс-әрекет түрлерін қажеттілігіне қарай толықтырып отырады. Қысқа мерзімді жоспарлау белгіленген оқу мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды пайдаланудың нақты тәсілдерін қамтиды, мақсаты бүкіл сабақтың мазмұнын айқындайтындығы анық. Ал сабақта оқушыларды жас ерекшелігіне, танымдық ерекшелігіне, қарқынына орай саралау тәсілдері арқылы оқыту оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыружолдарын көрсетуге болады [3].

Қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдерінің педагогика саласындағы еңбектері және олардың әр түрлі ой-пікірлері, бала бойындағы ерекшеліктері, оның қажеттіліктері турасындағы тұжырымдары сол кезде көптеп жарияланды. Мысалы, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде: «Баланың әсерленуі, суреттеу, ойлау һәм сезінуі ержеткен адамнан әжептәуір басқа. Баланың бұл жан көріністерінің әрқайсысының жеке-жеке алғанда басқалығы болған сықылды, бұлардың бәрін тұтас алғанда да басқалық бар» - делінген. Демек, өткен ғасырдың басындағы қазақ мектептерінің мұғалімдеріне баланың ерекшелігі туралы бағыт бергені деп түсінуге болады [2].

Әрине білімнің өз дәрежесінде берілуі мен оқытылуына баса көңіл бөлген дұрыс, алайда сол білімді оқушы жеткілікті игере алады ма, сол білімді өз қажеттілігіне сай қолдана алады ма деген сұрақ жиі туындайды. Мұғалімнің басты жұмысы балаға жұмысты шамасына қарап беруі, сол жолда қателерін дер кезде түзеп отыру керек. «Оқуды саралау» деген ұғымның өзі қазақ даласында болмаған, алайда қазақ ғалымдарының еңбектерінен теориялық және тәжірибелік негіздерінің болғанын, сол кезеңнің өзінде әлемдік педагогикадағы жаңалықтарды зерделей отыра, қазақы қырынан ұсынуға тырысқанын көруге болады. Оқудысаралау қазіргі тандағы білім беру саласындағы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Саралап оқыту дегеніміз:

- мұғалім оқу үдерісінде маңызды болып табылатын белгілі бір ортақ ерекшеліктеріне қарай топтастырылған оқушылар тобымен жұмыс жүргізетін оқу үдерісін ұйымдастыру түрі;
- оқу үдерісін оқушылардың әртүрлі топтары үшін бейімдеуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған жалпы дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.



- оқушылардың оқу талаптарына сәйкес оқыту үдерісін реттеу;
- оқушылардың тиімді оқуына мүмкіндік беретін кішкентайдан үлкенге дейін өзгерістер енгізу;
- оқу бағдарламасын әр түрлі жолмен жүргізу. Дағды, білім, түсінік және сан алуан тапсырмаларды берудің әр түрлі жолымен келетінін көрсету;
- оқушылардың ерекшеліктерін ескеру және оған сәйкес жоспарлау;
- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін жеке тұлғалардың не оқушы топтарының әр түрлі қабілеттіліктеріне сай жұмыс беру [4].

Тәжірибеде сабақты жоспарлауда және оқытуда жалпы ортақ қабылданған саралаудың осы тәсілдерін барынша орынды қолдануға машықтанған жөн. Себебі, саралаудың осындай тиімді әдістерін қолдана отырып, оқушылар арасындағы ауқымды ерекшеліктерін ескеруге болады. Демек, оқушыларға оқу мақсатына жетуді көздейтін тапсырма, жаттығуларды беру барысында баланың жеке ерекшелігі және қажеттілігі ескерілуі керек. Бұл тұрасында ұлы ғұлама Аристотельдің өзі былай деген: «Оқушылар биіктен көрінуі үшін алдыңғыларға жетіп, соңғыларды тоспауы керек». Яғни, әр бала өз ерекшелігіне, қажеттілігіне және мүмкіндігіне қарай тапсырмалар мен жаттығуларды орындай отыра оқу мақсатына жетуі керек. Жоспарлау және оқыту барысында тапсырманы саралаудың маңыздылығы басым. Саралаудың бұл тәсілі негізгі мазмұнды қамтитын түрлі тапсырмалар ойластыруды көздейді.

Оқушыларға жекелеп немесе топтарға олардың меңгерген білімдеріне негізделген тапсырмалар беріледі. Аса қабілетті оқушыларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, проблемаларды шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар беруге болады. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады [3].

Негізгі тапсырмалар кейінгі тапсырмаларға қарағанда жеңіл болғанымен, сыныптағы кейбір оқушылар үшін қиындық туғызуы мүмкін. Кейінгі тапсырмалар күрделірек болғанымен, негізгі тапсырманы нәтижелі орындаған оқушылар үшін қиындық келтірмеуі мүмкін. Тапсырмаларды оқушының өзіне таңдап орындауына мүмкіндік жасау керек. Мұғалім оқушылардың зер салып тыңдауын сақтап қалу мақсатында сыныпта орындалатын жұмыстың барынша күрделі және әртүрлі болуын қадағалайды. Бұл ретте оқушылардың бойында тапсырмаларды орындау үшін қажетті дағдыларды қалыптастырып, білім береді.

Мысалы: Мәтінмен жұмыс істеудің сараланған тапсырмасының үлгісі.

1-деңгей: Өтіліп жатқан тақырып бойынша әңгіме жоспарын құру.

2-деңгей: Өтіліп жатқан тақырып бойынша тезис әзірлеу.

3-деңгей: Жоспар және тезистерде қамтылған элементтерді қамтитын конспект құру

Бірақ бұл уақыт басқа оқушылар үшін тиімді өтуі қажет. Сондықтан да қосымша тапсырмалар қолданылады. Әдетте бұл қосымша тапсырмаларды оқушылардың орындауы немесе орындамауы өз еріктеріне байланысты. Бірақ мұғалім міндетті емес бұл тапсырмаларды орындаулары үшін әр түрлі мадақтауларды пайдалана отыра оқушыларды арнайы ынталандырып отыруы керек. Мұғалімдер тапсырмаларды оқушы қарқыны бойынша саралауды басқа да саралау тәсілдерімен біріктіре алады. Мысалы, қосымша тапсырма ретінде шығармашылық жаттығулар немесе деңгейі қиынырақ тапсырмалар ұсынылады. Қосымша тапсырмаларды жоспарлайтын мұғалімдер тапсырмаларды тақтаға жазып қояды немесе арнайы таратпа береді. Негізгі тапсырмаларды ерте орындап болған оқушылар қосымша тапсырмаларды орындауға мұғалімнен сұрамай өздері орындауға кіріседі. Ал мұғалім бұл уақытта негізгі тапсырманы орындауда қиналып отырған оқушыларға көмектеседі. Мұғалім әр түрлі типтегі қосымша тапсырмаларды алып, оқушылардың таңдауына ұсынаалады.

Мысалы: Хронометражды пайдалану арқылы жасырын саралауды жүзеге асыру.

1. Сұрақтарға ретімен жауап беріңіз. Бұл жұмысқа 15 минут беріледі. Сұрақтар 1-ден 15-ке дейін күрделенеді.

2. Тақтаға түрлі сұрақтарды жазып қойыңыз (түрлі күрделілік деңгейі бойынша), 15 минут ішінде оқушылар қай сұрақтарға жауап беретіндерін өздері шешеді.

3. Бір тақырып шеңберінде 3 түрлі тапсырма жазып қойыңыз. Оқушылар тапсырмаларды өздері таңдаулары қажет. Бұл тапсырмалар деңгейлері бойынша әртүрлі. Яғни, оқушылар өздерінің қабілеттеріне сай тапсырмаларды өздері таңдайды.

4. Тақтаға тақырып төңірегінде 5 сұрақты жазып қойыңыз. 15 минуттың ішінде сыныптың барлық оқушылары 2 сұраққа жауап берулері тиіс, басқа сұрақтарға өз қалаулары бойынша жауап береді (оларға көбінесе қабілеттері жоғары оқушылар жауап береді).

Мәтінмен жұмыс барысында шағын топтарға тапсырмаларды саралап ұсынудың үлгілері.

1 топ – мәтін мазмұнын 5 сөйлем арқылы мазмұндап беріңіздер.

2 топ – мәтіндегі 15 кілтті сөзді табыңыздар.

3 топ – мәтін негізінде 10 жалған тұжырымды жазып, басқа топқа олардағы қателерді анықтауға тапсырма беріңіздер.

4 топ – мәтін бойынша 4 жіңішке және 4 жуан сұрақтар құрастырыңыздар.

Қосымша тапсырмаларды орындау жұмысын ұйымдастыру ережесі:

➤ негізгі тапсырманы тексермей тұрып қосымша тапсырманы орындауға кіріспеніз;

➤ қосымша тапсырмалар міндетті емес, сондықтан да оларды ішінара, толық емес орындауға да болады. Бірақ оқушыларды қосымша тапсырманы орындауы үшін ынталандыру қажет;

➤ егер сыныпта негізгі тапсырманы тексеру жүріп жатырса, қосымша тапсырманы кейінге қалдырып, мұғаліммен бірге жұмыс жасаған жөн;

➤ қосымша тапсырмаларды орындауға сабақтың басқа кезеңдерінде оралуға болады.

Жоспарлау мен оқыту үдерісінде саралаудың тәсілдерін қолдану оқушыларға оқу тапсырмаларын өз деңгейі бойынша, қолдау немесе көмек көрсету арқылы орындауына мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың оқуға деген сенімділігі мен ынтасын арттырады, оқушылардың алған білімдерін, дағдыларын өмірде қолдана алуына, функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуға үлес қосады.

#### Әдебиет:

1. Иванова Е.Ю. Технология дифференцированного обучения в условиях реализации, 2015.
2. М.Жұмабаев. Педагогика, Қызылжар /1922.
3. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. Алматы. Ана тілі. 1992. 442б.
4. Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану. Әдістемелік құрал – Атырау / 2019.

**Сапиянова Г.Б.**

*№1 ЖББМ КММ, Жезқазған қ.*

### **ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

«Білімнен қымбат нәрсе жоқ.

Көңілде жатса баспай тот» демек оқушы бойындағы сапалы білім мен тәрбиені ұшатстыра үйрету оны әрі қарай дамыту ғылыми жетістікке жеткізу ұстаз еңбегі. Ол үшін білікті ұстаз функционалдық сауаттылықты жүзеге асырып сабағында шебер қолданады. Келешекке үлкен үмітпен қараған тұлға болашаққа өз үлесін қосуға ұмтылады. Күзиреттіліктің біртұтас бірлігі ретінде функционалдық сауаттылықтың мәнізор. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аударады. Ал дағдылар қазіргі жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал екенін дәлелдеуде. Заманда болып жатқан індетке байланысты қашықтықтан оқыту арқылы түрлі технологияларды пайдалана отырып, оқушының бойынан білімге деген ізденістері мен құлшыныстарын дамыту көзделген. Осы орайда сабақтағы белсенділікті арттыруда білім сапасының жоғарлауы функционалдық сауаттылықты дұрыс қолданып оқыту.

Оқу бағдарламасына сәйкес 5 - сыныптың қазақ тілі пәнінен «Адамның сырт келбеті мен мінезі» бөліміндегі «Күш атасы» тақырыбы бойынша оқушылардың функционалдық дағдыларын қалыптастыру көзделді. Сабақ негізіндегі оқу мақсаттары тірек сөздер мен ұсынылған

иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау, оқылым мен тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. Оқушылар сабақ нәтижесінде Қажымұқан Мұнайтпасұлы- «Қазақ даласының батыры» дүниежүзі чемпионы, Қажымұқан Мұнайтпасұлының өмірімен танысады, бөлімдерінің мазмұнын игереді, алған білімдерін бекітеді. Осы нәтижеге жету көзделеді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін бірнеше суреттер беріледі. Иллюстрацияда қандай сәт бейнеленгенін түсіндіреді.



Осы иллюстрация арқылы оқушы жаңа сабақты тануға ұмтылады. Яғни танымдық қабілеті дамиды. «Стикердегі диалог» әдісі бойынша оқылым жұмысын оқып, топ мүшелері мәтін бойынша сұрақтар жазып, тақтаға іледі. Бұл әдістің оқушыға тиімділігі өз пікірлерін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізетін, рухани жағынан дамыған жеке тұлға ретінде дамуына ықпал жасауы болып табылады.

«Insert әдісі» оқушы жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесі арқылы мәліметтер біледі, жинайды. Кесте бойынша жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
Қажымұқан туралы не білесіңдер?	Тағы не білгілерің келеді?	

Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану. Ойын арқылы баланы ойлата білу. «Сөз ойла, тез ойла» ойыны арқылы әр топқа грамматикалық тапсырмалар беріледі. Осындай әдіс - тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болады.

«Карточкадағы терминдер» әдісі арқылы Қажымұқанның ізін жалғап жүрген қандай спортшыларымыз бар? Өмірмен байланыстырып жазу тапсырылады. Термин сөздерді негізге алып, еліміздегі танымал спортшылардың еңбегін, жерлес балуандар жайлы немесе спортпен шұғылданып жүрген сыныптас достарының жеңістері туралы жазады.

Бұл әдістер оқушының ой-ұшқырының дамуына сөз саптауына ой еркіндігіне, белсенділігіне, шығармашылық тұрғыда ойлауына қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауына дағдыландырады.

Сабақты бекіту барысында «Мен саған, сен маған» ойынын алғанды жөн көрдім.

1. Мәтінде кім туралы әңгімелейді?

2. Мұқанның бұл жолғы қарсыласы кім болды?

3. Жекпе-жек немен аяқталды? деген сұрақтар қою арқылы оқушы сабақтан алған білімін дәл нақты айта алады. Сонымен қатар

**Зат есім:** Кім? Қажымұқан

**Сын есім:** Қандай? мықты, епті

**Етістік:** Не істеді? күресті, чемпион болды, Парижге барды.

**Сөйлемқұра:** Не үшін? Қажымұқан әлем чемпионы атанды.

**Синоним:** палуан, күшті, алып.

«Бес жолды өлең» әдісі арқылы да сабақты бекітуге болады

Оқушының қабілетін дарыту барысында ұстаз С.Г. Вершилинский мен

М.Д. Матюшкина «функционалдық сауаттылық» ұғымын мектеп түлектерінің сауаттылық көрсеткіштері ретінде қарастырады. Жалпы сауаттылық (шығарма, реферат жазу; калькуляторсыз санау, анкета, бланк толтыра алу), ақпараттық сауаттылық (желіден қажетті мәліметті таба алу, электрондық поштамен хат алысу, мәтін теру мен шығару) деп саралап бөлген. Ұстаз міндеті оқушының бойына жоғарғыдағы қабілеттерді дарытып тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдыларды қамтиды..

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
2. 2012 жылғы 5 қыркүйекте Назарбаев Университетіндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың интерактивті дәрісі.
3. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том. – 17 б.
4. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық Сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыммақаласы, 2012. - Б. 42-47.
5. Рауандина А.К. «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық Сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі (орыс тілді мектептердің 5-6-сыныптары)» автореферат дисс. – Алматы, 2010. - 26 б.
6. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, Ы.Алтынсари атындағы Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2000. –30 б.

**Сатжанова Г.С.**

*№ 4 мектеп – интернат, Қарағанды қ.*

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА ОҚЫТУ**

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларды функционалдық сауаттылыққа оқытудың басты мақсаты оқушылардың қабілеттерін ашу, шығармашылық белсенді тұлғаны тәрбиелеу, тілдік, сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыру, сөздік қорын байыту, өз ойын сауатты жеткізе білу дағдыларын меңгеру болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін аша алатын мұғалім қандай болуы керек? Қазіргі мұғалім мобильді, заманауи, балаларды жетелеуге қабілетті болуы керек. Қазіргі уақытта оқушының қабілеттерін ашып, оқуға деген қызығушылығын ояту өте маңызды. Әр мұғалім кәсіби дағдыларын жетілдіріп, жаңа технологияларды игеру керек деп ойлаймын.

Қазақстанда барлық педагогтар оқытудың жаңа әдістемесі бойынша белсенді оқытылады. Маған мұғалімдердің біліктілігін арттырудың "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалімнің көшбасшылығы" атты деңгейлік курстарынан өту мүмкіндігі берілді. Мен теориямен, бағдарламаның негізгі идеяларын шолумен, оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерімен таныстым. Бұл маған жаңа білім алуға және педагогикалық шеберлігімді арттыруға мүмкіндік берді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін оқыту мен оқытуда жаңа тәсілдерді енгізуді қолданамын. Менің сабақтарымда балалар топтарға бөлініп оқытылады. Топтарға бөлу әртүрлі жолдармен жүргізілді: көкөністер, жемістер, жидектер, жапырақтардың түсі, жыл мезгілдері, кемпіркосақтың түстерінің суреттері арқылы. Бастапқыда топтарға бөліну шулы, балалардың наразылығымен өтті, әдеттегі орындарын өзгерткісі келмеді, топта жұмыс істегісі келмеді. Бірақ кейінгі сабақтарда балалар достар таңдамай, топтарға бөлініп, сабаққа белсене қатысып жүрді.

Сабақта көп нәрсе оқушылардың психологиялық көңіл-күйіне байланысты. Сондықтан әр сабақтың басында бірлескен орта құру үшін "Бір – біріңе тілектер", "Мен сені көргеніме қуаныштымын", "Күн", "Сәлемдесу-қол қимылымен" тренингтерін өткіземін. Бұл балаларды өте жақындатты, олар сенімді бола бастады және осылайша жағымды, жұмыс атмосферасы құрылды.

"Оқытудың жаңа тәсілдері" модулі өзін-өзі реттеуде көрініс тапты, оқушылар "Күз", "Қыс", "Күз пейзажы" тақырыптарында өз бетінше презентациялар дайындады және сабақта таныстырады. Оқушылар сабақтың тақырыбы мен мақсатын тірек сызбалары арқылы өз бетінше анықтайды.

Өткен тақырыпты қайталау үшін "Шеңбер Сократы" атты стратегия жүргіземін, оқушылар екі шеңберге тұрып, сұрақтарға жауап береді, "Ыстық орындық" стратегия - барлық

оқушыларға ұнайды, олар бір оқушыдан жауап алады, үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қояды, плакатта өткен тақырып бойынша тірек конспект құрастырады және ол туралы басқа топтарда айтып береді.

Барлық сабақтар пәнге деген танымдық қызығушылықты дамыту үшін оқыту мен оқытуда АКТ пайдалану арқылы өткіземін. Әр сабақта оқушылардың ынтасын арттыру үшін жаңа тақырып бойынша бейнефильм көрсетемін.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында фунуционалдық сауаттылықты дамытуға оқушылармен жаңа тақырыпты бекіту бойынша постерлер, кластерлер құру бойынша топтық жұмыс жүргіземін. Әр топтан спикер өз жұмысын қорғайды, жұмыстың бұл түрі оқушылардың сыни ойлауын жақсы дамытады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларды бағалау үшін қалыптастырушы бағалауды мұғалімнің мадақтауы түрінде, "Бағдаршам" сигналдық карточкалар, смайликтер, "Бас бармақ", "Екі жұлдыз және бір тілек", "Өзім жасадым, көршіңді тексер" түрінде өткіземін.

"Дарынды және дарынды оқушыларды оқыту" модулін қолдану эссе жазу, мәтін, диалог құру, мәтінге сұрақтар қою арқылы қолданамын. Бұл дарынды оқушыларды анықтауға мүмкіндік береді.

"Оқытудағы басқару және көшбасшылық" модулін топтық жұмыс арқылы қолданамын, оқушылар рөлдерді өз бетінше бөледі, спикерді таңдап, сабақ соңында постерлерді қорғайды және осылайша көшбасшы функциясын орындайды.

Бағдарламаның жеті модулін қолдана отырып сабақ өткізе отырып, мен оқушылардың жақсы нәтижелерін, оң өзгерістерін көрдім. Ваня сенімдірек болды, мұқият тыңдап, басқа оқушылардың көмегімен тапсырмаларды орындауға тырысты, ешқашан сөйлемейтін, қазір қазақ тілінде сөйлей бастады. Игорь толығымен жұмысқа кіріседі, топта жұмыс істегенді ұнатады, балалар оның жақсы сурет салғаны туралы білді, Нұрсұлтан өзінің барлық жұмысын аяқтайды, сыныптастарына көмектеседі, олар үшін аландайды, тапсырмаларды орындауға көмектеседі.

Сабақтарды талдау топтардағы жұмыс оң нәтиже бергенін көрсетті, балалар бір-бірімен сөйлесе бастады, өз ойларын айта бастады, сыни ойлауды үйренді, әртүрлі тапсырмаларды орындау арқылы, топта жұмыс істей алады, әрқайсысы өз көзқарасын білдіреді, бір-бірін тыңдауды үйренді, тақырыпты талдай біледі, қорытынды жасай алады, ең бастысы өз бетінше білім алуға үйренді.

Менің оқушыларыма Бағдарламаның жеті модуліне сәйкес жаңа әдістерді қолданған сабақтар ұнайды. Мұны мен сабақта рефлексия жасаған кезде көрдім, әр сабақта рефлексия жүргізу кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Егер менің тәжірибемнің арқасында оқушыларымда жақсы өзгерістер болса, неге бұл жұмысты әрі қарай жалғастырмасқа. Балаларға осындай сабақтар ұнайды, олар менің сабағыма қуанышпен барады, өздерін жайлы сезінеді. Топтардағы жұмыс оң нәтиже берді: барлығы белсенді жұмыс істейді, әртүрлі ақпарат көздерінен ақпарат іздейді, ең бастысы балалар сөйлей бастады, көбісі өз ойларын мемлекеттік тілде жеткізуді үйренді. Оқушылардың жазбаша және ауызша сөйлеуін дамыту арқылы фунуционалдық сауаттылықты мен коммуникативтік дағдыларды дамыту мақсатына қол жеткіздім деп ойлаймын.

Болашақ перспектива: қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында фунуционалдық сауаттылықты дамыту үшін, сабақта оқыту мен оқытуда жаңа технологияларды, түрлі тәсілдер мен стратегияларды қолдану, оқушылардың білім сапасын арттыру.

Қазіргі кезде менің оқушыларым сыни ойлай алады, мәселелерді шығармашылықпен шеше алады, ақпаратты қолдана алады, өз көзқарасы, сенімдері бар, қазіргі өмір жағдайларына бейімделе алатын тұлға болып қалыптасып келеді.

Шәкірттеріммен бірге менде де өзгерістер болды. Мен оқушыларымды тыңдауды, оқушылардың жұмысын талдауды, алған білімімді іс жүзінде қолдануды үйрендім.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ**

Мақалада функционалдық сауаттылық тұжырымдамасы қарастырылып, қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамытудың ерекшеліктері талданады, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мысалдары келтірілген.

Функционалдық сауаттылық - бұл қазіргі кездегі оқу үдерісіндегі басты ұғымдардың бірі - адамның оқу және жазу дағдыларын өзінің қоғаммен өзара әрекеттесу жағдайында қолдана білуі. Қазақ тілін оқытудағы басты мақсат - еркін қарым-қатынас жасау және практикалық қолдану дағдыларын дамыту екендігі есімізде, сондықтан қазақ тілі сабағында мұғалім функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың барлық бағыттарында жұмыс істейді деп сенімді түрде айта аламыз.

Мұғалімнің негізгі міндеті - оқушылардың сөйлеу-ойлау қызметін ынталандыру, ситуациялық оқытуды құру, басқаша айтқанда, оқушыларды өздігінен сөйлеуге түрткі болатын осындай білім беру жағдайын модельдеу. Мұндай жағдайлардың негізгі сипаттамасы - практикалық тапсырма: фильмге билет сатып алу, кафеге / мейрамханаға тапсырыс беру, қайда баруды / баруды шешу және т.б.

Функционалдық сауаттылықты бағалауға арналған тапсырмалардың бірнеше ерекшеліктері бар:

- пәндік аймақтан тыс қойылған және пәндік білімді қолдану арқылы шешілетін тапсырма;
- тапсырмалардың әрқайсысы өмірлік жағдайды сипаттайды;
- тапсырмалардың мазмұны күнделікті өмірде туындайтын проблемалық жағдайларға жақын;
- жағдай саналы түрде мінез-құлық моделін таңдауды талап етеді;
- сұрақтар қарапайым және түсінікті тілде берілген;
- иллюстрациялар, кестелер, сызбалар қолданылады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың келесі бағыттары мынандай жолдармен ерекшеленеді:

- математикалық сауаттылық;
- оқу сауаттылығы;
- жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
- қаржылық сауаттылық;
- ғаламдық құзыреттер;
- шығармашылық ойлау.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында функционалдық сауаттылықтың барлық бағыттарын қалай қалыптастыруға болатындығы туралы мысал қарастырайық. Қазақ тілі сабағында математикалық сауаттылықты қалыптастыру бірінші сыныптан басталады, оқушылар 1-ден 10-ға дейінгі сандармен танысады.

Типтік тапсырма: оқушылардың математикалық дағдыларын жоспарлы тексеруге тән, қазақ тілінде қарапайым есептеулерді орындау.

«Сіз ауылдағы әжеңізге барасыз. Досың Әлібекке әжеңде қанша жылқы бар екенін айт». Суреттерге қарап, құстарды санап шығыңыз. Мысалы: Екі үйрек пен екі әтеш төрт құс.

Қаржылық сауаттылықты қалыптастырудың типтік міндеті келесідей тұжырымдалуы мүмкін:

Суретке қарап, мәтінді оқып, сұрақтар құрастыр.

Монета – белгілі бір металдан немесе қоспадан құйылып жасалған ақша белгісі. Монетаның салмағын мен пішіні заңмен бекітіледі. Ол ел аумағында еркін түсіп, төлем құралы ретінде қолданылады.

Жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруға келесі мынандай тапсырмалар көмектеседі:

Жастар журналындағы мақаладан үзінді оқып, өз пікіріңізді білдіріңіз. Хайуанаттар бағында жануарларды ұстау жақсы идея ма?

«... Хайуанаттар бағы ғалымдар мен қарапайым адамдарға жануарлар туралы көбірек білуге көмектеседі. Олар бізге жануарлар әлемінің қаншалықты бай екендігін көрсетеді. Бірақ хайуанаттар бағында олар жануарларды торларда ұстайды, бұл өте жағымсыз ... »

Жаһандық мәселелердің бірі - экология мәселесі 7-сыныптан бастап қазақ тілі мен әдебиет сабағында талқылана бастайды. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырманы келесідей тұжырымдауға болады:

Сіз «Жасыл ел» конференциясына қатысқалы отырсыз. Балаларға экологияға қатысты қандай бес маңызды нәрсені үйрету керектігін айтыңыз. Идеялардың бірін таңдап, оны дамытыңыз.

«Шығармашылық», «шығармашылық көзқарас», «шығармашылық тұлға», «шығармашылық жетістік», «шығармашылықпен ойлау», «шығармашылықтың көрінісі» - қазіргі қоғамдағы бұл ұғымдар кәсіби шеберліктің көрсеткіштері болып табылады. Өйткені, біз дарындылықтың, таланттың, данышпандықтың атрибуты деп дәл шығармашылықты, креативті және шығармашылық қабілетті айтамыз.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың ең үлкен мүмкіндіктері, әрине, жобалық жұмыстарда Оқушылар өз жұмыстарының нәтижелерін постер, есеп беру, альбом, қабырға газеті, ауызша журнал, коллаж, презентация, тіпті колөнер түрінде ұсына алады.

8-сыныптағы ең сүйікті тапсырмалардың бірі - Сенің ойынша ұл бала және қыз бала қандай болу керек? Диаграмманы толтырып, пікірінді дәлелдеу.

Оқу сауаттылығы - бұл функционалдық сауаттылықтың бір бағыты және менің ойымша, негізгі бағыт. Оқушы қандай тапсырма алса да, оған ең алдымен тапсырманы ОҚУ керек.

Оқыту процесінде мұғалім мәтінмен жұмыс кезінде оқушылардың проблемаларына жиі тап болады. Қазақ тілінде айтпағанда, орыс тіліндегі мәтінмен жұмыс кезінде қиындықтар туындайды.

Мәтіннен нақты ақпаратты табуға бағытталған ең кең таралған тапсырмалардың бірі - әртүрлі тәсілдермен тұжырымдалатын «Дұрыс-Бұрыс» тапсырмалар.

Мәтінге сәйкес дұрыс жауапты белгілеңіз.

Мәтінді оқып, мәтінде ЕМЕС, мәлімдемелерді таңдаңыз.

Мәтінді оқып, фактінің қайсысы мәтінде көрсетілмегенін анықтаңыз.

Функционалды оқуды қалыптастыруға арналған мәтіндердің айрықша ерекшеліктеріне мыналар жатады:

суреттер, кестелер, кесте түрінде берілген ақпарат ...

тұтас және жадағай ақпарат.

Сызба түрінде берілген ақпарат көптеген оқушыларға қиындық туғызады, сондықтан менің ойымша, оны тапсырма түрі сияқты жиі қолдану керек.

Фильмдерде ұл бала мен қыз баланың талғамы әртүрлі. Сызбаны қарап, қораптағы сөз тіркестерін пайдаланып, оған түсініктеме беріңіз.

Мен мұны көргенде таңқаламын ...

Маған қызықты көрінеді ...

Оған сену қиын ...

Мен келісемін ...

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмаларды қолдана отырып, мұғалім оқушылардың ынтасын арттыруға көмектеседі, ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, қазіргі әлем құндылықтарын іске асыруға көмектеседі - осының бәрі жеке тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қажет және одан әрі қоғаммен өзара әрекеттесу міндеттерін шешумен байланысты қызымет үдерісінде пайдаланады.

### **Әдебиет:**

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012.

2. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі, әдістемелік құрал, Астана. 2013.

## ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ: ЖЕКЕ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ІС – ӘРЕКЕТІ

Әлемде, елімізде, қоғамда болып жатқан өзгерістер Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға Мемлекеттік бағдарламасы талаптарының шеңберінде білім мазмұнын модернизациялау: жаңа перспективалар, жаңа мүмкіндіктер бағдарламасын іске асыру қазіргі заманғы мұғалімге жаңа талаптар қояды.

Жаңа формация мұғалімінің бойында мәселені көре білу, ойлаудың ерекшелігі мен икемділігі, сыни ойлауға және өзіндік бағалау деңгейі басым болуы керек. Сондай-ақ, оған әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік, кәсіби құлшыныс, мәдениеттіліктің жоғары деңгейі, тұлғааралық қатынастың, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеудің заңдылықтарын білу де маңызды рөл атқарады десек қателеспейміз. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды қажет етеді. Сол себепті, заманауи педагогтің 4К моделін жүзеге асыру қажет. Әрі қарай жекелеп түсінік берейік.

Сыни ойлау (Критическое мышление) — ақпараттар ағынын бағдарлай алу мүмкіндігі, себеп-салдарлық байланыстарды көре алуы, қажетсіз ақпараттарды електен өткізіп қорытындылауы. Сәтсіздікке жолыққан жағдайда шешім шығарып, өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін түсінуі.

Шығармашылық (Креативность) – өзгермелі жағдайларда өзін сенімді ұстап, дәстүрлі емес шешімдерді қабылдай алуға, жағдаятты әр тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Шығармашылығы дамыған адам жасап шығарушы болып табылады. Ол басқа адамдардың бастамаларын дамытып, жетілдіре алады. Қиындықтарды жену ол үшін қызықты басқатырғышқа айналады.

Қарым-қатынас (Коммуникация) - қазіргі кезде әрбір адам қоңырау шалынатын немесе хабарламалар тәулік бойы жеткізілетін қашықтықта орналасқан. Келіссөздер жүргізу және байланыс орнату, әңгімелесушіні тыңдау және өз көзқарасын жеткізу қабілеті өмірлік дағдыға айналады.

Ынтымақтастық (Үйлестіруші) (Координация ) (сотрудничество) - кәсіби салаға қарасты құзыреттілікпен тығыз байланысты. Жалпы мақсатты және оған жету жолындағы рольдерді айқындай отырып, оның нәтижесін бағалай алу қабілеті. Осы 4 К моделін мұғалімнің бойында да болу керек. (1)

Соның арқасында, білім сапасының мемлекеттің болашағына жол ашатын, тұрақтылығына негіз болатындай қуатты күші бар, ұдайы өзін-өзі жетілдіретін, өзіне-өзі сын тұрғысынан қарайтын, заманауи талапқа сай сандық ресурстарды тиімді пайдалана алады.

Күтпеген дағдарыс әсерінен, білім беру жүйесінде өзгеріске бой алды. Оқушыларға сапалы білім беруде, қашықтықтан оқытудың әр түрлі платформалар қолданды.

Осы уақытта ұстаз үшін оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді.

«Мұғалім - үздіксіз ізденіп, жетіліп отырғанда ғана мұғалім, ізденуі тоқтаған сәтте оның мұғалімдігі де жойылады» – деп К.Ушинский айтқандай, әр ұстаз білімін үздіксіз көтеріп отыру керек.

Өз тәжірибем бойынша оқушылардың пәнге қызығушылығын және 4К моделінің жолдарын қарастыратын болсам, көркем еңбек сабағын ақпараттық-коммуникациялық технология құралы ретінде заманауи талаптарға сай оқушыларға арналған бірізділікпен жасалған бейнесабақтарды түсіріп, You tube каналыма салып отырамын. Барлық бейнесабақтар қазақ тілінде және практикалық түрде дайындалған. Бейнесабақтарды дайындамас бұрын, онлайн түрде You tube курсым оқып алдым. Бейнесабақтарды үлгермей қалған оқушылар, кез-келген уақытта көру мүмкіндігі бар. Мен өз жасаған бейнесабақтарымда теориялық білімдерін өмірде қолдануға бағытталған сабақтар ұсынылады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту аясында көркем еңбек пәнінде – ұлттық және әлем көркем мәдениет дәстүрлерін құрметтеуге, Қазақстан халықтарының көп ғасырлық




мәдени мұрасы туралы, көркемдік-эстетикалық талғам мен өнер туындыларын қабылдау мәдениетіне және көркем туындыларды тұтас қабылдау дағдыларын, қоршаған әлемнің сұлулығын көре білу және көркемдік-шығармашылық үрдістің жалпы заңдылықтарын анықтай білуді қалыптастыруға, дизайн-жобалардың әдістерін қолдана отырып, оқу-практикалық қызметті ұйымдастыру жолымен оқушылар бойында бұйымдарды дайындау үрдісіне деген шығармашылық қалыптастыруға, белгілі бір бұйымды жасау мен қолданудағы әлеуметтік, экономикалық немесе экологиялық салдарларды жете меңгертуге байланысты тапсырмалар жасалады.

Сандық сауаттылығы бар заманауи оқушылар оңай қабылдап, әлеуметтік желідегі қосымша «Edu Mark» және «Wats App» чатына кері байланыста өз пікірлерін, орындалған тапсырманы және ұсыныстарын жібереді.

«А.Байтұрсынұлы атындағы ЖББМ» 6 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамада 10 оқушы қатысты. II тоқсан және III тоқсан салыстырылды. III тоқсанан басталған You Tobe каналындағы бейнесабақтар арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығы артылды, өз қолдарынан бұйым жасау кезінде ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиеленеді, өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Сауалнаманың нәтижесі			
Названия оси	1 сұрақ	2 сұрақ	3 сұрақ
II тоқсан	25%	15%	30%
III тоқсан	44%	60%	60%

Қашықтықтан білім беру кезеңіндегі тиімді сұрақ қою, кері байланыс орнату кәсіби біліктілікті шыңдай түседі. Осы бейнесабақтарымды әріптестерімен бөлісемін және кері байланыс жасалынып отырады. You tobe каналымды саралап отырсам, 1500-2000 ға дейін көрсетілім бар.



Заманауи бағдарламалық және технологиялық құралдарды пайдалана оқыту электрондық білім берудің тиімділігін арттырады. Жаңа технологиялар ақпаратты көрнекті және түсінікті жеткізуге, сапалы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Мультимедиа технологияларын пайдалану қашықтан оқыту сабақтарын толыққанды және қызықты етеді. Бұл оқу үрдісін жандандыруға, оны көрнекілік және визуалды етуге, әрбір оқушыға жеке сабақ беруге мүмкіндігін береді. (2)

Қорыта келгенде, кәсіби, шығармашыл шебер ұстаз оқытудың жаңа технологияларын өмірге енгізуге дайын, оқу-тәрбие ісіне жанашырлық танытатын, қоғамның ең озық бөлігінің

бірі. Оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнына және ұйымдастырылуына комплексті тұрғыда қарайтын, зерттеушілік ыңғайға бейім, теория мен практика іс-әрекетін біріктіре білетін, өмірлік құндылық қағидалары адамгершілік, ізгілік, еңбекқорлық, парасатты мінез құлық қасиеттерді бойына сіңірген ұстаз.

Шығармашылық әлеуеті дамыған мұғалім өз кәсібін жете меңгеріп қана қоймай, өзін-өзі жан-жақты дамытуға қол жеткізеді. Нәтижесінде мұғалім кәсіби құзіреттілікке қол жеткізеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі — бүгінгі ғасыр талабына сай белгілі бір нәтижеге бағытталған білім берудің негізі болмақ. Бүгінгі заман талабы — жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан «тұлға» тәрбиелеу. Оқушы «тұлға» болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге жалпы алғанда жеке адамның құзіреттіліктері қалыптасуы қажет. Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.

#### **Әдебиет:**

1. <http://edunews.kz/1527-4k-model-syni-oylaudy-shyarmashylyty-arym-atynasty-zhne-yntymatastyty-lsheu-raly-retnde.html> 4К моделі: сыни ойлауды, шығармашылықты, қарым-қатынасты және ынтымақтастықты өлшеу құралы ретінде.
2. Л.А Кашымбекова А.А Кадирберлина « Қашықтықтан оқытудың өзекті мәселелері». 8-бет. Ізденіс журналы 28.01.2021 №2.

**Сериков А.Ж.**

*СШИ «Зияткер» г. Балхаш*

### **ПОВЫШЕНИЕ НАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ И КОНЦЕПТУАЛЬНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ В ОБЛАСТИ ФИЗИКИ ПОСРЕДСТВОМ ОБУЧЕНИЯ НА ОСНОВЕ ЗАПРОСОВ ДЛЯ ОБРАЗОВАНИЯ В ОБЛАСТИ STEM**

Закон Ньютона играет важную роль в объяснении физических явлений в реальной жизни, и этим законам обучают на различных уровнях образования [1]. Ученики не привыкли определять направление сил, действующих на движущиеся объекты, когда предусмотрены изменения в движении, также испытывают трудности с определением ускорения движущихся объектов. Чтобы понять его требуется закрепление достижения концепции [2]. Достижение концепции в физике используется как способность человека понимать научный процесс и получать значимую научную информацию. Кроме того, он также отражает широкий и функциональный аспект науки. Аспекты реализации концепции, соответствующие уровню измерения когнитивного процесса: знание, понимание, применение, анализ, оценка и созидание [3]. Достижение концепции, способное описать способность мыслить при разработке стратегии. Подготовка стратегии может повысить научную грамотность учеников, которая позволяет определить способность учащихся использовать научные знания, выявлять проблемы, делать выводы и изменения, происходящие в природе. Научную грамотность можно измерить по четырем аспектам: содержание, контекст, компетентность и отношение [4].

Некоторые аспекты знаний могут развиваться, если они сбалансированы с поддерживающей моделью обучения. Модель обучения обеспечивает основу для взаимодействия между учителями и учениками. Одна из них - модель обучения на основе запросов. Обучение, основанное на запросах, подчеркивает, что ученики проводят исследования в построении науки. Однако в XXI веке это обучение было развито как форма образовательной реформы в некоторых развитых странах [5]. Обучение призвано включать в себя навыки 21 века, в том числе сотрудничество, творчество и воображение, критическое мышление и решение проблем. Обе модели доступны в образовании STEM (наука, технология, инженерия и математика). STEM-образование предоставляет учителям возможность показать ученикам, как концепции, принципы

и методы науки, техники, инженерии и математики комплексно используются при разработке продуктов, процессов и систем, используемых в повседневной жизни.

Концептуальные достижения учащихся 9-х классов средней школы в области закона Ньютона, которые получают основанное на запросах обучение в STEM-образовании, выше, чем у учеников 9-х классов, получающих основанное на запросах обучение, обозначены значением  $p(0,036) < \alpha(0,05)$ . Учащиеся с хорошими концептуальными достижениями, как правило, также обладают хорошей научной грамотностью. Об этом свидетельствует значимая корреляция ( $r = 0,88$ ) между ними. Значительные корреляции между достижением концепции и научной грамотностью подтверждаются обучением на основе запросов в образовании STEM. Учащиеся, у которых есть концептуальные достижения в соответствии с принципами науки, обладают хорошей научной грамотностью. Учащиеся с высокими концептуальными достижениями могут подробно объяснить причину в соответствии с научной грамотностью, тогда как учащиеся, не обладающие способностью концептуально оценить – низкие достижения, они решают задачи интуитивно и вербально. Это указывает на то, что влияние концепции разведки на достижение научной грамотности хорошее.

STEM развивает навыки учащихся, превращая их в способных решать проблемы, становясь независимыми, новаторами, изобретателями, творцами, логическими мыслителями и технически грамотными [6]. STEM-образование соединит школы, мир труда и глобальный мир. Основная цель STEM – развитие нового поколения разносторонних талантов, которые могут интегрировать различные области естественнонаучного образования для решения практических задач. STEM позволяет ученикам получить опыт в поиске ответов на вопросы, проведении научных исследований, разработке методов проектирования, связанных с дисциплиной STEM, чтобы ученики могли развивать свою собственную идентичность как учащихся STEM с помощью естественных наук, математики, технологий и инженерии. STEM-образование может связать научные исследования, формулируя вопросы, на которые даны ответы в ходе исследования, чтобы информировать учащихся до того, как они начнут процесс инженерного проектирования для решения проблем [7]. Учителя школ не в полной мере использовали преимущества STEM-образования. Материал по физике преподается как продукт, а не как процесс и навыки. Аспекты STEM все еще частично преподаются. Некоторые развитые страны развивают образование STEM как решение проблем XXI века. Цель этого исследования - узнать влияние обучения на основе запросов в STEM-образовании на научную грамотность и концептуальные достижения учащегося, особенно в отношении законов Ньютона.

Это исследование было проведено в рамках проекта тестирования в двух группах; экспериментальная группа и контрольная группа. Экспериментальная группа изучала обучение на основе запросов в STEM-образовании, а контрольная группа обучалась на основе запросов. Выборка для данного исследования составила 32 учеников 9-го класса СШИ «Зияткер», что было установлено методом кластерной случайной выборки. Инструмент исследования использовал 10 открытых вопросов с множественным выбором с высокой надежностью со значением  $r = 0,70$ . Система вопросов следующая: 3 – легких, 4 – средних, 3- сложных вопроса. В процессе обучения использовался план урока, основанный на запросе, вместе с STEM-обучением, и модуль самостоятельной работы. Результаты предварительного и последующего тестирования были проанализированы с помощью теста предварительного анализа, теста на равенство начальных способностей и теста гипотез. Экспериментальная группа использовала основанное на запросе обучение для STEM-образования на материале закона Ньютона путем интеграции науки, технологий, инженерии и математики. Ученики интерпретировавшие науку через процесс исследования, смогут решать физические задачи с помощью математики. При обучении на основе опроса ученики сосредоточились на планировании процесса обучения, постановке проблемы, формулировании гипотез, сборе данных, объяснении, заключении и размышлении. При сборе данных ученики создали демонстрационный дизайн, который реализован в качестве инженерного этапа в образовании STEM. На одной из встреч ученики создают продукт - трехмерную вырезку о применении закона Ньютона. В конце обучения ученики описали применение закона Ньютона в технологии и его простую конструкцию.

Результаты показали, что достижение концепции в экспериментальной группе выше, чем в контрольной. Это подтверждается U-критерием Манна-Уитни, который дает  $p(0,036) < \alpha(0,05)$ .

Существует значительная разница между концепциями достижения двух групп. Проверка гипотезы проводится путем сравнения среднего значения результатов теста между двумя группами. В результате среднее значение экспериментальной группы на 63,2 выше, чем в контрольной группе, которая получает среднее значение 53,8. Когнитивные области учеников в экспериментальной группе: Знание = 62%, Понимание = 72%, Использование = 56%. Этот результат выше, чем у контрольной группы, то есть Знание = 44%, Понимание = 64% и Использование = 15%. В контрольной группе ученикам было трудно проводить оценочные мероприятия, потому что ученики плохо усвоили концепцию. Учебный опыт учеников еще не поддерживал развитие концепций физики. В целом, концептуальное достижение когнитивной области учеников экспериментальной группы достигает 60%, в то время как контрольная группа только 46%. Степень достижения учеником концепции была проанализирована на основе ответов на открытые вопросы с несколькими вариантами ответов после тестирования. Ответы учащихся разделены на шесть разделов: «Нет ответа» (НО), «Нет понимания» (НП), «Конкретное заблуждение (КЗ)», «Частичное понимание с конкретными заблуждениями» (ЧП с КЗ), «Частичное понимание» (ЧП) и «Хорошее понимание» (ХП)[8]. Результаты классификации анализа данных можно увидеть на рисунке




РИСУНОК 2. Уровень достижения концепции в экспериментальной и контрольной группах

Результат исследования показал, что концептуальные достижения экспериментальной группы (26%) выше, чем у контрольной группы (9%). STEM-образование в исследовательском обучении осуществляется путем объединения науки, технологий, инженерии и математики, что реализуется с помощью синтаксиса исследовательского обучения. Эта интеграция предполагает активную роль учеников. Ученики строят исследования в области науки, техники и инженерии [9]. Ученики, которые поняли материал в процессе опроса, смогут решать физические задачи с помощью математики [10].

Заключение. Концептуальное достижение учащихся 9-х классов средней школы в области закона Ньютона, которое получает основанное на запросе обучение в STEM-образовании, выше, чем у учеников 9-го класса, получающих основанное на запросе обучение, обозначено буквой  $r$ -значение ( $0,036 < \alpha (0,05)$ ). Учащиеся с хорошими концептуальными достижениями, как правило, также обладают хорошей научной грамотностью. Об этом свидетельствует значимая корреляция ( $r = 0,88$ ) между ними. Учащиеся с высокими концептуальными достижениями могут подробно объяснить причину в соответствии с научной грамотностью, тогда как учащиеся, обладающие способностью концептуально оценить низкие достижения, решают задачи интуитивно и вербально. Это указывает на то, что влияние концепции разведки на достижение научной грамотности хорошее.

### Список литературы:

1. Срисавасди Н. и Сорнхата П. Международный журнал мобильного обучения и организации , 2014 г. , 8 (1) 28-49
2. Обайдат I и Малкави E 2009 Международный журнал стипендий преподавания и Обучение 3 (1) 19
3. Lee HS Парк J 2013 International JourNal of ScieNCEиматематикаотёкиОбразование11 1391–1414

4. Sutopo, Liliansari, Waldrib Bi DR, Rusdiana 2012 Jurnal Pendidikan 8 161-173
5. Рустаман Нью-Йорк, 2005 г. Материалы национального семинара II Химпунан Икатан Сарджана дан Пемерхати Pendidikan IPA Indonesia с FPMIPA Universitas Pendidikan Indonesia, Бандунг, стр. 22-23
6. Херд П.Д. и Галлахер Дж. Дж. Цели 1996 года, связанные с социальным аспектом науки . Кливленд: Образовательные исследования совет rch
7. Андерсон LW и Krathwohl DR 2001 Таксономия для обучения, обучения, и оценивая: А пересмотр таксономии Блума образовательных объектов действия. Мостовая версия. Нью-Йорк: Longman
8. Fang Z and Wei Y 2010 The Электронный журнал исследований в области образования 103 262-273
9. Холбрук Дж. И Ранникмае М. Международный журнал естественнонаучного образования, 2007 г. 29 (11) 1347- 1362
10. ОЭСР. Оценка и аналитическая основа PISA 2012 : математика, Reading, наука, Решение проблем и финансовая грамотность, Издательство ОЭСР

**Сиязбаева Г.Ж.**

*№11 ЖББМ, Жезқазған қ.*

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдың ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы [1]. Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік- экономикалық жаңғырту- Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіруі барысында маңызды қадам болып табылады. Мұндай стратегиялық міндетті шешу жағдайында белсенділігі жоғары, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын жолын таңдай алу қабілеттілігін, өмір бойы білім алуға дайын тұратын тұлғаның ең басты функционалдық сапаларын қалыптастыру орта білім беру жүйесіне жүктеліп отыр. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады [1]. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлануын қалыптастыра отырып баланы өз бетінше қабылдандыруға дағдыландыру [2]. Осыған орай оқушылардың алған білімдері негізінде әрекет ету қабілеттілік пен даналықты білдіретін құзыреттіліктерді қалыптастыру қазақ тілі пәні басым бағыттарының бірі болып табылады. Ой-өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда тіл пәнінің орны ерекше. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – тіл бағытындағы пәндер оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың үйлесімді жолы. Сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың тілдік жүйесі мен ортасын дамыту, сөйлеуге дағдыландыру, өз ойын жетік айтуға, сауатты жазу мен әдеби, мәдениетті сөйлеуге кез келген жағдайда қолдана білуге үйретеді.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Блум таксономиясын қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға негіз болады. Жаңатырылған білім беру мазмұнында тек пәндік білім мен биікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: игерілген білім функционалдық және шығармашылық

түрде қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуда негізделді.

Зерттеу сұрағымды анықтауға себеп болған – 7 - сынып оқушылары. Балалардың көпшілігінің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мәселелерді көре білу, сұрақтар қою, болжамдар мен идеялар ұсыну, өз ой-пікірлерін дәлеледеу, қорытынды жасай білу сынды зерттеушілік дағдыларының әлі де болса кемшін екенін байқадым.

### Мәтінмен жұмыс жасаудағы қиындықтар



### 1-диаграмма. Зерттеуге дейінгі сауалнама нәтижесі.

Аталмыш сауалдарға жауап табу мақсатында бірнеше дереккөздерді қарастырдым. Әдебиетке шолу не үшін керек? Біріншіден, зерттелген дүниені қайталамау үшін алдыңғы еңбектерді оқып танысу қажет. Екіншіден, тақырыпты зерттеп, гипотезаларды дұрыс құрылымдау үшін керек. Үшіншіден, ғалымдардың еңбектері зерттеу тәсілдерін дұрыс таңдауға көмектеседі. [3].

Соның ішінде, Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» білім беру бағдарламасы аясында мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті, зерттеу әдіснамасы мен үдерісі туралы білім-дағдыларымды кеңейттім. Курс нәтижесінде алынған тәжірибе мен материалдарды өз зерттеуімде тиімді пайдалануға тырыстым.

Шығармашылық проблемаларды шешу әдістерін қолдана отырып, оқушыларға жаңа материалды талдау, синтездеу, бағалау және жаңа материал жасауы, тапсырманы шешуі керек. Блумның жоғары деңгейіндегі ойлау дағдыларын меңгеруі тиіс. Зерттеу қабілеттерін дамыту үшін оқушылар арнайы білім, білік, дағды және зерттеу ізденісінің дағдыларын меңгеруі тиіс. Біз оларға келесілерді жатқызамыз: мәселелерді көру, ұғымдарға анықтама беру, бақылау, эксперимент жүргізу, тұжырымдар қорытындылар жасау; материалдарды құрылымдау, өз идеяларын түсіндіру, дәлелдеу және қорғау. Осылайша зерттеушілік дағдыларды дамыту, зерттеу тәсілі ретінде Блум таксономиясын таңдап алуды жөн көрдім.

Мұғалімнің зерттеуі қандай негізгі кезеңдерді қамтиды?

- зерттеуді қажет ететін проблеманы негіздеу
- мақсат-міндеттерін, объектісін анықтау, гипотеза жасау;
- тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау;
- жоспар мен мазмұнын құрылымдау;
- зерттеу жүргізу;
- бағалау және қортынды тұжырым жасау;

Зерттеудің мақсаты: оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін Блум таксономиясын қолданудың тиімділігін анықтау.

Зерттеу объектісі: 7-сынып оқушылары. Іріктеме – ықтимал емес, мақсатты таңдау.

Зерттеу гипотезасы: Блум таксономиясын қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Зерттеу сұрақтары:

Блум таксономиясын қолданудың артықшылығы неде?

Аталмыш тәсіл бойынша тапсырмаларды қалайша құрастыруға болады?

Зерттеушілік дағдыны Блум таксономиясы арқылы жетілдірудің жолдары қандай?

Осы орайда зерттеу тақырыбына қарағанда зерттеу сұрақтарын дұрыс құрылымдау керек екенін түсіндім.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері негізінде сандық және сапалық зерттеу тәсілдері қатар қолданылды. Атап айтсақ, қаншама интервью (пән мұғалімдері, оқушылар, «сыншы дос»), бақылау (фото және бейнежазба, АВС оқушылары бойынша жазбалар, бақылау парақтары), рефлексия (мұғалім рефлексиясы, оқушы рефлексиясы).

Зерттеу алдында жасалған жобалар негізінде іс-әрекетті зерттеудің бірнеше сабақтары өткізілді. Сабақ барысында оқушыларға Блум таксономиясының негізінде құрастырылған әртүрлі тапсырмалар, деңгейлік сұрақтар, мәтіндер, шағын жоба жұмыстары жеке, жұпта, топта жүзеге асырылды. Ресурс ретінде тұтас және тұтас емес мәтіндер таңдалды.

Кейінгі сабақтарымды тиімді жоспарлауда және қолданылатын әдіс-тәсілдерді таңдауда келесі қадамдарды жоспарлауда жоғарыда көрсетілген сандық және сапалық зерттеу тәсілдеріне септігін тигізді.

### Нәтижелерді талдау

№	Сұрақтар	Зерттеудің басында	Зерттеудің соңында
1	Мәтінге болжам жасай аласың ба?	иә	Иә
2	Мәтінде көтерілген мәселені анықтай аласың ба?	Жауап беруге қиналамын	Анықтай аламын
3	Автор ойын анықтау сен үшін күрделі ме?	Иә	Жоқ
4	Мәтін бойынша жуан сұрақтар құрастыра аласың ба?	Жоқ	Иә
5	Мәселелерді шешу бойынша идеялар ұсына аласың ба?	жоқ	иә

### 2-диаграмма

«Блум таксономиясы»проблеманы анықтау мен зерттеуде жуан сұрақтар құрастыру; болжам жасау, идеялар ұсыну үшін анағұрлым тиімді екенін байқадым. Сыншы дос екеуміз зерттеу нәтижелерін талдай келе (2-диаграмма бір дәлелі ретінде), Блум таксономиясын қолдану оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыта отырып, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға мүмкіндік берді. Оқушылар жұпта, топта түрлі деңгейдегі тапсырмаларды қызыға орындады. Десек те, оқушылардың көбі жинақтау, бағалау деңгейіндегі тапсырмаларды орындауда көмекке жүгініп отырды. Осы орайда мұғалімнің қолдануы мен А,В оқушыларының көмегі орынды болды.

Қорыта келе, функционалдық сауаттылықты жүзеге асыруда білім алудың кедергілері кездеседі. Бұл кедергілер барлық жағдайда кері әсерін тигізеді [4]. Олар:

Фактілік білім – бұл шектеулі білім. Тек фактілерді білу, оқушының функционалдық сауаттылығын дамытпайды, керісінше бұрынғысына қарағанда төмендетіп жібереді. Ол фактілік білімді оқушы өмірде қолдана алмайды.

Кітап оқуға баулу – қазіргі жастардың басты проблемасының бірі. Ресми деректер бойынша мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Адамда жадтың бірнеше түр бар, оның ішінде ең маңыздысы визуалдық жады. Оқу барысында визуалдық жадта мәтіннің жазылу үлгісі сақталып қалады, кейін мәтін жазу кезінде адам өзі автоматты түрде жадында сақталып қалған жазу үлгісін қолданады.

Әлеуметтік мәселелер. Бұл мәселелер қажеттіліктерден табылады. Абрахам Маслоудың қажеттіліктер пирамидасы бойынша ең бірінші кезекте қанағаттандырылуға тиісті қажеттілік – физикалық қажеттілік (тамақ, киім т.б), кейінгі орында материалдық қажеттілік тұрады екен. Маслоудың қажеттіліктер пирамидасы 6 сатыдан тұрады. Ал біздің демократиялық қоғамымызда негізгі қажеттіліктерді қанағаттандырмай, олар жаттап, ең соңғысы-рухани қажеттілікті қанағаттандыруға ұмтылыс өте жиі байқалады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары 2019-2020 жылдары арналған мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген. Сондай-ақ, Елбасының Жолдауындағы оқушылардың функционалдық сауаттылық мәселесінің Алаш арыстарының да ой-тұжырамдарынан қалыс қалмағандығын жұртшылық назарына ұсынған болатын. Сондықтан да функционалдық сауаттылыққа байланысты атқарылар іс-шараларда алаш арыстарыныңұлт

болашағы, оның сауатты, білімді, рухани дүниесі бай, ұлтжанды азамат тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарастары үнемі басшылыққа алынуы қажет деп тапсырған болатын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың әлеуметтік-экономикалық жаңғырту –Қазақстан дамуының басты бағыты атты Жолдауы.
2. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-әрекет жоспары. – Астана, 2012.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті: Әдістемесі. Республикалық ғылыми- әдістемелік журнал. №1,2, 3 (мамыр-маусым) 2020.

**Скорикова М.П., Аққазыева Е.М.**

*ШЛ №101, г. Караганда.*

### **АКТИВИЗАЦИЯ ПАТРИОТИЗМА ЧЕРЕЗ ТРАДИЦИОННОЕ ИСКУССТВО И РЕМЕСЛА НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА**

Будущее нашего общества складывается из многообразия культурных народов, сохраняющих свои культурные, этнические ценности. На сегодня, остается актуальным в нашем современном обществе, стремящимся к развитию международного и межкультурного уважения и взаимопонимания, которая опирается на осознание этой ценности - многообразия культуры, проникнутой чувством патриотизма за свою Родину, за свою национальную культуру.

Параллельно синформацией учебной программы по предмету «Художественный труд» при проведении стандартных уроков важно использовать воплощение мировоззренческого, этического образования, основанного на многообразии, уважении и стремлении к достижению результата.

Казахстан- уникальная этнокультурная Республика, в которой исторически сложилось полиэтничное и много конфессиональное население.

Поэтому важно создание условий для возрождения и формирования этнических культур, взаимодействия между ними в интересах общенациональной культуры и единства.

В связи с этим этнокультурное образование определяет соединение национальной системы обучения и воспитания, опирающееся на идею культурного, технологического, информационного, наглядного оснащения обучения традиционным и культурными ценностями. Наш предмет «Художественный труд», как никакой другой, формирует причастность учащихся к историческим и культурным традициям разных народов.

Благоприятные условия, используемые учителем на уроках для знакомства с традиционными искусствами и ремеслами Казахстана и других народов, способствуют развитию потенциала личности учащихся, воплощению творческих замыслов и реализации творческих и технологических проектов.

Учитель должен стремиться оказывать индивидуальную помощь учащимся, а также социализировать процесс обучения, что позволяет им иметь свой школьный опыт на жизнь в обществе и в целом.

Учителя и учащиеся в процессе обучения могут проигрывать жизненные ситуации, расширяющие рамки урока, целью которых должны быть сформированы качества высококультурного, патриотически воспитанного творческого человека.

Можно отметить, что в программе художественно-технологического образования содержание школьного предмета «Художественный труд» недостаточно освещает проблемы воспитания патриотизма, упрощен уровень знаний учащихся о патриотизме, слабо реализуется потенциал ДПИ и ремесел Казахстана и других народов, не всегда прослеживается взаимосвязь. Уроки художественного труда соединяют в себе потенциалы нескольких компонентов процесса образования, патриотического воспитания, социализации учащихся.



На наш взгляд одним из способов решения данной проблемы можно использовать интегрированные, нестандартные уроки по предмету «Художественный труд», объединять учащихся с государственным языком обучения и учащихся русской школы, что будет результатом обоюдного обогащения национальной культуры и традиций.

Нами было проведено несколько уроков и открытых мероприятий по разделу художественные виды росписи с использованием элементов Казахского национального орнамента и русской гжели и хохломы. На основе чего был разработан и проведен урок «Дизайн сладкой выпечки в национальном стиле». На этом уроке учащиеся показали свои знания и умения кулинарного мастерства при этом расширили представления национальных традиций казахского и русского народа, обменялись опытом. Воспитательным результатом урока было проявление толерантности, уважения культур разных народов Казахстана, творческое обогащение, повышенный интерес к процессу выполнения задания урока.

Наш опыт исследовательской работы показывает, что для учащихся важен и интересен нестандартный подход к изучению тем по предмету и использование различных внеурочных открытых мероприятий. Из нашего опыта можно сделать вывод, что вовлечение в активную внеурочную деятельность – повышается интерес к предмету и качества знаний. По воспитанию патриотических качеств подрастающего поколения мы используем встречи учащихся со старшим поколением, старожилками национальных традиций и ремесел. В частности были проведены такие встречи к празднику «Наурыз», «День дружбы народов», праздничная встреча с родителями в «Гостиной». Живое общение с мастерами традиционных искусств и ремесел Казахстана и других народов – яркое впечатление, которое позволяет на конкретных примерах воспитывать личность школьника, развивать его желание изучать народные промыслы учиться мастерству. Отзывы, доклады, презентации проектов, выполненные учащимися после таких мероприятий – интересные, содержательные, что доказывает высокую эффективность подобных встреч.

Особо ценным вкладом в процессе обучения является активное поисковая и аналитическая работа учащихся по изучению материалов по истории и развитию народных промыслов и ремесел.

Проводился экспресс-опрос учащихся «Знаешь и уважаешь ли ты многонациональную культуру Казахстана, традиционные искусства и ремесла?». По итогам опроса положительно ответивших на вопрос - 100%. Что доказывает, это активный метод обучающегося процесса, как элемент воспитания любви к родному краю, уважению исторического культурного наследия, преобразование и применение в современном мире взаимообогащения разных культур и традиций.

Познакомившись с анализом научной литературы, опытом работы учителей общеобразовательных школ по нашему предмету, наработки нашей собственной практики дали нам возможность сделать следующие выводы:

- существует возможность воспитание патриотизма через традиционное народное искусство и ремесла Казахстана и других народов;

- возрастает потребность общества во взаимосвязи традиционного народного искусства и современной жизни;

- возможность организации эффективного патриотического воспитания средствами взаимосвязи между учащимися и мастерами традиционных искусств и ремесел старшего поколения в современных условиях, а также их реализации на практике.

Осознание процесса патриотического воспитания учащихся, формирование основ патриотизма, как важнейшая духовно-нравственная ценность, является готовностью к действующему проявлению профессионально значимых качеств и умений не только на уроках по предмету «Художественный труд», но и в различных сферах жизни, а также выбору будущей специальности или профессии.

#### **Литература:**

1. Канышева Н.М. Методика трудового обучения.-М.: Академия,1999.
2. Основы формирования интеллектуального потенциала будущего специалиста. Учебное пособие. – Алматы: Изд. «Ұлағат» КазНПУ им. Абая, 2014.



**Скрипченко В.А.**

*Специализированная школа-интернат «Информационных технологий «Озат», г.Темиртау*

## **ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ФОРМЫ И МЕТОДЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ**

Со стремительным развитием современных технологий появляется необходимость в появлении альтернативных методов образования. Вследствие такого запроса времени в системе образования появляется качественно новое понятие и явление – дистанционное образование [1]. Дистанционное образование предъявляет его организаторам и участникам новые требования.

Под дистанционным образованием понимается комплекс образовательных услуг, предоставляемых с помощью специализированной информационно-образовательной среды, базирующейся на средствах обмена учебной информацией на расстоянии [2].

Дистанционное обучение ворвалось в школьную жизнь неожиданно, принесло глобальные перемены и потребовало от всех участников школьного обучения необыкновенно гибкого реагирования.

Огромное информационное поле, формирующееся просторами интернета, дает широкие возможности для поиска материалов, форм и методов работы, источников информации. Выбор форм и методов индивидуален.

Для дистанционного обучения используется широкий спектр заданий: дидактические материалы, учебные тексты для анализа, обучающие видео- или аудиофрагменты, разноуровневые индивидуальные задачи, материалы учебника, симуляторы, интерактивные тренажеры.

Остановлюсь более подробно на применении на уроках симулятора <https://phet.colorado.edu/en/simulation/build-a-molecule> [3].

### **Построить молекулу**

- Молекулярная формула
- Молекулярная структура
- Изомеры

ПОЖЕРТВОВАТЬ

PhET поддерживается

**CUSTOMER PARADIGM**  
customer centric media

и такие педагоги, как вы.

СКАЧАТЬ ВСТРОИТЬ

Рис.1 Симулятор «Построить молекулу»

Этот симулятор я использую на уроках естествознания в 6 классе и химии в 7 и 8 классах.

В 6 классе в теме «Образование и получение веществ» на примере этого симулятора можно смоделировать примеры молекул веществ. А в теме «Состав вдыхаемого и выдыхаемого воздуха» ученики могут самостоятельно построить молекулы, отражающие состав воздуха.




Рис.2 Модели молекул для изучения тем по естествознанию.

В 7 классе я использую симулятор для демонстрации различных молекул при изучении темы «Атомы и молекулы, различие атомов и молекул», очень наглядно учащиеся могут рассмотреть валентные связи при изучении темы «Химическая формула, валентность химических элементов, составление формул бинарных соединений. Атомные соотношения в соединениях»





Рис.3 Модели молекул с химическими связями для изучения различия молекул и валентности некоторых элементов

В 8 классе тема «Составление формул соединений» позволяет использовать симулятор для самостоятельной подготовки учащихся в качестве домашнего задания. При работе в симуляторе учащиеся убеждаются, что формулы соединений включают строго определенное количество атомов, в определенном порядке, и образуется число связей в соответствии с валентностью.

Кроме симулятора «Построить молекулу», на уроках эффективно использование следующих симуляторов Phet.colorado: «Формы и изменения энергии», «Изотопы и атомная масса», «Соли и растворимость», «Состояние вещества», «Концентрация», «Уравновешивание химических уравнений», «Кислотно-основные растворы», «Формы молекул», «Молярность». Применение симуляторов развивает функциональную грамотность учащихся в области естественных наук, позволяет оптимизировать объяснение темы во время урока, повышает уровень знаний учащихся. Обучение на симуляторах может применяться для проведения синхронных и асинхронных уроков.

При сравнении качества знаний учащихся в классе, где для изучения тем применялись симуляторы с классами, где симуляторы не использовались, получены результаты, представленные в виде диаграммы:



Условные обозначения на диаграмме отражают классы 6, 7, 8 отражают среднюю результативность учащихся в классах, где симуляторы на синхронных и асинхронных уроках не использовались, а 6s, 7s и 8s – средние баллы после изучения тем с использованием симуляторов.

Сравнительная диаграмма показывает, что качество ответов учащихся возрастает на 14% и выше, что позволяет делать выводы об эффективности применения симуляторов в процессе обучения учащихся по предметам естественнонаучного направления.

## Литература

### 1. Дистанционное образование

[https://www.executive.ru/wiki/index.php/%D0%94%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%BD%D0%BE%D0%B5\\_%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5](https://www.executive.ru/wiki/index.php/%D0%94%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%BD%D0%BD%D0%BE%D0%B5_%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5), 2016

### 2. Полякова Л., Дистанционное образование, портал Наука и жизнь.

<https://www.nkj.ru/archive/articles/5732/>, 2021

### 3. Химия – интерактивное моделирование

<https://phet.colorado.edu/en/simulations/filter?subjects=chemistry&sort=alpha&view=grid>

**Скуридова Е.А.**

*КГУ «Специальная школа – интернат №5»  
управления образования Карагандинской области*

## **ЗРИТЕЛЬНАЯ РЕКОНСТРУКЦИЯ КАК ПРИЕМ РАЗВИТИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОГО ВООБРАЖЕНИЯ ДЕТЕЙ С ОНР**

Среди процессов, формирующих настоящего читателя, воображению принадлежит особая роль. Кинорежиссер Р. Скотт заметил: «Лучший в мире кинозал — это мозг, и ты понимаешь это, когда читаешь хорошую книгу». Воображение выступает не только предпосылкой качественного усвоения детьми новых знаний, но и является условием творческого преобразования имеющихся у детей несовершенных представлений, способствует саморазвитию личности, а значит и определяет эффективность учебно-воспитательной процесса. Но детское воображение не так богато, как воображение взрослого: у ребёнка жизненный опыт беднее, интересы проще, а отношения со средой лишены сложности и многообразия, которые присущи мышлению взрослого человека. Поэтому одной из программных задач учителя литературы является воспитание компетентного читателя, с развитым мышлением и воображением, способного на основе анализа текста познавать мир и самого себя.

Как показывают педагогические наблюдения, многие школьники при чтении художественной литературы не создают в своём воображении картин, нарисованных авторским словом, не создают в своём сознании «зрительного ряда», пропускают важные авторские описания как нечто незначительное.

Дети с общим недоразвитием речи, охваченные специальным образованием или рассеянные в общеобразовательных школах, демонстрируют беспомощность при создании мира «второй действительности» на словесной печатной основе. Внутреннее видение ситуации,

описанной в художественном произведении, у них не сформировано, наблюдается низкий уровень пространственно-временного оперирования образами. Дети с нарушениями речи с большим трудом овладевают обобщающим значением слова, что, безусловно, влияет на уровень развития творческого воображения.

Что же можно предложить учителю?

Прежде всего, использовать наглядные средства, «материализующие» слово: детальное рассматривание иллюстраций художника к прочитанным текстам, создание собственных рисунков, инсценирование как отдельных эпизодов, так и всего произведения. При этой работе детям придётся не раз перечитать текст, обращая внимание на детали художественного мира, портретные характеристики, тонкости отношений, которые могли быть упущены, «не увидены» при первом чтении.

Проблему качественного анализа литературного произведения поможет решить метод личностно-ориентированной психотерапии «Системные расстановки». Использование этого приема позволит учителю визуализировать сюжетный и психологический аспекты литературного произведения, а ребенку образно и наглядно представить ситуацию литературного произведения.

Прием зрительной реконструкции системы образов или ситуаций литературного произведения может помочь увидеть и осознать какую-то важную тему произведения зрительно и в значительно более широком контексте, в системе. Волшебство расстановок состоит в том, что они максимально наглядно показывают глубокие, часто неожиданные связи персонажей литературного произведения. Эта техника перевода воображаемой ситуации в наглядную представляет огромный потенциал для реализации комплексного подхода в обучении и воспитании школьников на уроках литературы.

Конструирование из бумаги или пластилина персонажей литературных произведений и декораций, манипуляции с ними во время чтения или анализа текста на символическом информационном поле поможет учителю и его ученикам построить модель наблюдаемых событий и действий. Поможет «отразить» чужое поведение и проникнуть во внутренний мир героя произведения, т.е. понять мотивы его поступков, проанализировать чувства и желания персонажей.

При реконструкции событий литературного произведения используются фигурки реальные и символические, созданные человеком или природой. Причем использование естественных материалов позволит ощутить связь читателя с природой, а рукотворные миниатюры — принять то, что уже существует.

Воссоздающее воображение ребенка проявится тогда, когда ему предложат объекты максимально полно соответствующие описанию автора для предметно - манипулятивной деятельности при реконструкции ситуации литературного произведения. Действия с образами воображения в реальном пространстве, во внешней форме позволит легко установить причинно-следственные связи, понять логику действий других людей, их социальные отношения внутри текста. Вселенная текста предстанет как система, состоящая из объектов, их взаимосвязи и динамик. Следует отметить, что воссоздающее воображение здесь формирует не только зрительные представления, но и осязательные, слуховые, а процесс воображения контролируется и направляется учителем.

Этот метод отличается простотой манипуляций, возможностью материализации абстрактных отношений. Зрительная опора придает абстрактному литературному образу дополнительные свойства, помогает установить доступ к довербальным уровням психики, т.е. сформировать элементарные человекоисследовательские навыки читателя. А возможность мгновенного изменения композиции, реконструкция пространственных моделей отношений на рабочем столе, а также многократное создание новых сюжетов, придаёт работе учителя литературы динамизм и объемность.

Критерием истинности психологических знаний в художественной литературе является узнавание читателем себя и знакомых в литературных персонажах, что позволяет ему лучше понять свой внутренний мир. Возможно, проникнуть внутрь реальности литературного произведения, представить себя свидетелем событий, проявить эмпатию, выразить свое отношение к ситуации изнутри поможет и символическая фигурка самого ученика.

Такое объединение, синтез психологии, как науки, и литературы, как учебной дисциплины, организуемое учителем на уроке, позволит детям перевести сенсорную, эмоциональную и познавательную информацию в зрительные образы, легко построить наглядную картину мира художественного произведения, внутреннего мира литературного героя, а возможно, и своего собственного. Художественная литература тут исполнит свою главную роль - станет для ученика источником психологических знаний о человеке. А для учителя составление коллекции реальных литературного произведения может стать отдельным творческим и увлекательным процессом.

#### **Литература:**

1. Теплов Б.М. Заметки психолога при чтении художественной литературы. Москва: Педагогика, 1985.
2. Как стать настоящим читателем? Справочно-информационный интернет-портал Учебно-методический кабинет [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://pedkopilka.ru/pedagogika/metodika/kak-stat-nastojaschim-chitatelem.html> свободный.
3. Особенности воображения у детей с ОНР. Справочно-информационный интернет-портал Учебные материалы [Электронный ресурс] URL: [https://works.doklad.ru/view/1\\_m1icyjs0q.html](https://works.doklad.ru/view/1_m1icyjs0q.html) свободный.
4. Метод ментальных расстановок, основанный на методе семейных расстановок Берта Хеллингера. Пси фактор. [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://psyfactor.org/lib/narkevich5.html> свободный.
5. Системные расстановки - суть метода простым языком Источник данной информации - сайт Центра современных психологических технологий «ИскусствоЖить» [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://psiholognn.ru/articles/sistemnye-rasstanovki-sut-metoda-prostym-yazykom> свободный.

**Смагулов Г.Г.**

*Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданы білім бөлімінің  
«Қарабұлақ ауылының №33 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
физика пән мұғалімі*

#### **«ФИЗИКАДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ-БАЛА БОЛАШАҒЫНЫҢ БАҒДАРЫ»**

Қазіргі қоғам-оқушы әлеуетін шыңдайтын орта.

Оқушының қазіргі қоғамға сай бейімделуі ол бұрынғы кезеңмен салыстырғанда (біздің кезең) өте жылдам. Себебі, қазіргі оқушы жаһандану ортаны бастан кешіруде. Ол тек ортаның бір бағытында ғана емес, жалпы қоғамға сәйкес адаптацияны бастан кешіруде. Бұл яғни, бір бағыттық емес, мың бағыттық орта. Неге бұндай тұжырым десек, ол адамның өмір сүруі ғана емес ол сол ортаның барлық өзгерісіне бейімделу деген сөз. Сол мың салалық әлеуметтік ортада білім саласы да бар. Міне осы кезде оқушы келешекте қандай маман болам, нені таңдаймын, жалпы кім болам деген сұраққа жауап іздейді. Оның мамандық таңдауы төменгі сыныптан қалыптасу керек. Осы ретте, заманымыздың мықты математигі Асқар Жұмаділдаевтің қоғамда айтқан пікірін еске аламын: «Математик ұйқастарын келістірсе де келістірмесе де төрт шумақ өлең жаза алуы бар, ал кез келген ақын математиканың есептерін шығара алмасы рас». Бұған философиялық тұрғыда қарауға болады, алайда қазіргі оқушы күтіп тұрмайды. Оған жаһандануға сай мамандық керек!

Мен өз салама сай төмендегі тәжірибемді ұсынамын.

Өз мамандығым бойынша отыз жылдық тәжірибемде баланы мамандыққа бейімдеу үшін сол саланың ең алғашқы функционалдық сауаттылығын үйрету керек. Барлық бала математик бола бермейді демекші баланың да гендік сипатта бейімділігі болады. Міне соны ұстаз таба білсе оқушы қызығушылығы өзі-ақ оянады! Мен физика пәнін оқытқанда функционалдық

сауаттылығына үлкен мән берем. Оқушыға нақты физика пәні бойынша мына заңдылық өмірде мына жерлерде қолданыс табады деп жете тоқталамын. Осымен қоса, сол заңдылықты теориялық меңгерту мен қоса зерттеушілік қабілетін дамыту бағытында тәрбиелеймін. Яғни жекелеме тараулар бағытында оның негізгі ерекшеліктеріне тоқталамын. Бұл жерде ғалымдар ашқан заңдылықтарды оқулықтағы дәлелдемелермен қоса өзі де күнделікті өмірдегі қарапайым заттар арқылы тануға болатынын үйретемін. Осы ретте 2000 шы жылдардан бергі уақытта оқушы зерттеушілік бағытын білім саласында қолдану жұмыстарына үлкен мән берілген болатын. Түрлі ғылыми қоғамдардың жұмыстары оқушы бойындағы қызығушылықты оятты! Сол жұмыстар арқылы тек оқушы ғана емес мұғалім де қызыға жұмыс жасайды. Енді пәнді басқа пәндермен байланысы осы жерде тамаша қолданыс табады. Оқушыға тек өз пәнім ғана емес басқа пәндер негізінде ізденуге тура келеді. Бұл деген оқушы негізгі пән арқылы басқа пәнненде ізденеді. Пәнаралық байланыс та көрініс табады.

Жалпы физика пәні айналаны тану екені белгілі. Ал оны түрлі салалары бойынша тану пәнді жалпылама емес саласы бойынша тануға әкеледі.



Мысалға механика бөлімі бойынша оқушымен бірге отырып : «*Ғылыми және табиғи әдіс-тәсілдер арқылы ауыз су көзін табу*» атты жоба жазғанда Тарих пәні бойынша Ертеректе өмір сүрген көшпелі қазақ қауымының жергілікті жерлерде қандай тарихи ерекшеліктерге сүйене отырып мекендеу жолын, сол арқылы сол орынға орын тебуі зерттелуге арқау болса және мекенді қандай сейсмикалық негізге сүйене отырып тұғызуы негізгі тақырып ашуға себепкер болды. Оқушы әрі тарихты зерттеді. Сонымен қоса өлкетану пәні арқылы зерттеу кезінде тұрғылықты жердің көне мекендері зерделенді, яғни оқушы жетекші мен бірге әрі мекен орнын іздеп, сол арқылы кімдер мекен еткенін анықтады, әрі ғай ғасырларда кезеңі екенін тапты. Сол арқылы тек тарих пәнінен үстіртін өткен тақырыптарды, мұғалімнің алғашқы мағұлматына қосымша тың, әрі құнды тәжірибелік деректер алды. Сонда келесі пәннің ерекшеліктерін де байқады. Қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша тұрмыстық әдет-ғұрып, салт-дәстүр негізде зерттемелер жасалды. Онда оқушы ат баптау салтымен тек танысып қана қоймай, оның машығын да үйренеді, ат баптау кезінде қандай жылқы түрі өз ерекшеліктерімен ерекшеленеді және сол кезеңде қандай тағам тұтынады соны анықтады. Ол көне салтты жаңғырту. Өкінішке орай қазіргі кезде бұл ғұрып та көнеленіп бара жатқаны белгілі, сондықтан бұл да осы жерде таптырмас ілім. Тек ғұрып қана емес, география пәні бойынша жергілікті жердің топографиялық ерекшеліктері де зерттемеге арқау болды. Онда ауыз судың жер бедеріне қарай және жер қыртысына қарай ерекшеліктері зерделенді. Онда әр ұлттың осы ауызсуды қандай ерекшеліктерге байланысты жер бетіне тақау жататыны зерттелді. Сол кезде оны қандай әдіс тәсілдер арқылы тапты, соны негізге ала отырып, физикалық тәсілмен ұштастырып, заңдылық арқылы дәлелдеді. Яғни табылған суды бапталған атақа беріп, одан соң сараптамамен дәлелдеу жүргізді. Міне пәнаралық байланыс ғылыми негізде дәлелденді. Енді физикалық әдіс ол тек су ғана емес жер қыртысындағы пайдалы қазбаларды табу жолымен ұштасты. Бұл негізде тағы тарихи әрі өлкетану байланысы ашылды. Атақты Қоянды жәрмеңкесі зерттелсе, ондағы келген шет мемлекеттер ғалымдарының жергілікті жер қазбаларын табу әдісі, тікелей физика заңдылықтарымен шешілгені анықталды. Тіпті қазіргі кен байту фабрикасының негізі анықталды. Ендеше оқушы ізденісі тек шағын тұйықталған ортаны ғана емес, үлкен аудиторияны қамтып отыр. Оқуші ізденісінің осындай нәтижесі оның пәнге деген көзқарасын өзгертері анық.

Келесі жоба *«Тақырыбы: «Үй жануарларының қи қалдығынан биоотын алу, оны тұрмыста пайдалану және жел, күн, биоотын энергияларын жинақтау арқылы энергетикалық комплекс кластерін жасау.»*

Бұл жобада оқушы ізденісі қазіргі нарықтық экономиканы меңгеру негіздерімен танысып қана қоймай, оны игеру жолдарын да үйренеді. Нақтырақ айтсақ, мемлекет әрісі әлем экономикасының бір тетігі энергетикалық проблемаларды шешудің бір жолын ұсынады. Онда энергоресурстарды қандай жолмен, қалай пайдалану керек екенін тиімді бір әдісін ұсынад. Нақтырақ айтсақ, дәстүрлі болып кеткен көмір, мұнай, т.б отын түрі біте қалғанда тиімді әрі арзан, әрі үнемді энергия көзін пайдалануды ұсынады. Онда Күн, жел, биоотын түрлерін біріктіре отырып энергокомплес тәсілі айтылады. Күн және жел энергиясын алу жолдары қазіргі кезде қолжетімді болғандықтан, оның қатарына биоотын энергия көзін қосып толық бір мекенді мемлекет тарапынан энергетикалық тәуелділіктен арылу жолын ұсынды. Ол үшін биоотынды ауыл жағыдайында қалай алуға болатынын көрсетіп қана қоймай, үлгілік қондырғы макетін жасап ұсынды. Бұнда негізінен мал шарушылықпен айналысқан қожалықтарға ток, биогаз мәселерін шешуге болатынын көрсетті.

Экономикалық арзан әрі тиімді тәсіл таптырмайтын әдіс. Ал биоотынды алу әдісі мал шаруашылығындағы адамға арзан екенін дәлелдеді. Бұның да пәнаралық байланысы осы жұмыста айқын көрініс тапты.

Жалпы жобалар тек жергілікті жердің зерттемелерімен тоқталып қана қоймай, ұлттың тағдырын айқындайтын Семей полигонын да проблемаларын зерттеуді жүзеге асырдық.

*Тақырыбы: «Семей полигонының зардаптары: Сандар және салдар».* Бұл жерде зерттеу аймағын тек математикалық цифрларға ғана сүйенбей, ауқымды жергілікті халықтық сұранысы-сауалнама арқылы жұмыс жасалды.

Бұл жобада полигон аймағынан сынамалар жеткізіліп, оларды өлшеу әдістері жүзеге асты. Әрине жетекші болған соң ең бастысы оқушы өмірінің қауіпсіздігі. Сондықтан сынамаларды өзім жүргізіп, оқушы сұхбат-сұранысты жүргізді. Бұл жерде оқушы архив парақтарын ақтарып әр-түрлі кезеңдердегі полигон зардаптарын жинақтап, салыстырып, оны сұраныс ақпараттарымен салыстырып, өз қорытындысымен салыстырды. Міне екі бағыттағы жұмыс нәтижелері біріктіріліп, қорытындысы жасалды. Жұмыс мақсаты: «Халыққа полигон зардаптарын ашық әрі ауқымды жеткізу». Бұл тек жұмыс мақсаты ғана болса, оқушы мақсаты осы аймақты өте жоғары радиациялық аймаққа жатқызу. Осы арқылы мемлекет басындағыларға, парламентке осы мәселені қою болып табылды. Бұл жерде де пәнаралық байланыс бірінші орынға қойылды. Бұндай жобалар өз салада көптеген бағыттарда жазылды.

Сол аралықтарда пән мұғалімі ретінде түйгенім: Тек оқушы белсенділігі жолға қойылмайды, бұл ретте ең бірінші кез келген ұстаз пәнді тек теория тұрғысында ғана емес, практикалық негізде мықты меңгеру керек. Заманауи даму мәселесінде шешімін табуда тығырыққа тіреліп, үлкен шығындар қажет еткен тұста шағын да елеусіз бірақ тынбай еңбек нәтижесінде шығар жол табу әркім үшін қажет-ақ. Алайда еңбексіз дүние бос демекші, тек бір мәселенің төңірегінде айналып тұру, кешірілмес дүние. Өмір-өзен. Өзен тоқтаусыз ағады. Әр кез жаңа толқын ескіні ауыстырады. Ұстаз заманына қарай бейімділікке әзір тұруы керек. Қазіргі заман үдірісі ақпаратты үздіксіз ақпарат алмасу болса да бұрынғыны да негізге алуды ұмытпаған жөн.

Жалпы осы жобалар жазу кезінде жұмыс алгоритмін құрып алған ыңғайлы.

Мен мыналарды ұсыным ұстанамын:

Бірінші кезең: Жазғы каникулға кетіп бара жатқан оқушыға тапсырма беремін.

Екінші кезең: Каникулдан келген соң әкелген мәліметтермен жұмыс жасаймын. Ол оқушының дұрыс бағытты айқындауға мүмкіндік береді.

Үшінші кезең: Жиналған мәліметтер, өлшеулер, бақылаулар арқылы сараптау кезеңін жүргіземін. Онда жиналған мәліметтермен өлшеу есептеулер жасау арқылы толық тұжырым жасалады. Зерттеу кестелері, мәліметтері, алғашқы есептеулер осы кезеңде жүреді.

Төртінші кезеңде жұмыс толықтырылып, презентациялар жасалады. Жұмысты қорғауға әзірлеймін.

Бесінші кезең: Соңғы кезеңде жұмыс мектепішілік, аудандық, облыстық қорғауға жолдама алады.



Міне осы этаптарды оқушы бойынан өткізгенде физикадан бір ғылыми жұмыс орындалады. Нәтижелерге қол жеткізген оқушы келешекте осы мамандыққа бет бұрары сөзсіз. Менің тәжірибемде осындай нәтиже шықты.

Жалпы осы жұмыспен айналысқан кезден бастап, бірнеше оқушыларым облыстық, республикалық жобажарыстан жүлдегер атанып жүр.

Қазіргі ақпараттық технологиялар бәсекелестігі, жетістіктің үлкен дәрежелері дамыған қоғамда ашылған жаңалықтар күнделікті қарапайым ақпараттар ретінде қабылданып жатыр. Яғни адам оны қарапайым нәрсе деп түсінді. Әрине ол біздер үшін таптымас қазына және ол тоқтамайтынын білеміз. Алайда қоғам, мемлекет, экономика, өркениет кей кезде бірі бірінсіз дами алмай қалатын кездерін де басымыздан өткеріп жатырмыз. Оған дәлел қазіргі болып жатқан дағдарысты айтуға болады. Осында мына қағиданы ұмытпау керек. Адам өткенімен білмді, саликалы, тәжірибелі.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Р. Башарұлы 7-сынып «Физика және астрономия» Алматы 2003ж
2. И. Кикоин 9-сынып «Физика» Алматы «Рауан» 1991ж
3. А. Пинский 9-сынып «Физика және астрономия» Қазақстан 2003ж
4. Н. Шахмаев 9-сынып «Физика» Алматы «Рауан» 1996ж

**Сатыбалдина Д.К., Смагулова К. Х.**

*№33 «Мектеп-бөбекжай» кешені КММ, Қарағанды қ.*

## **ЗАМАНАУИ САБАҚ: ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ**

Қоғамды дамыту үшін жалпы білім беретін мектептердің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың шығармашылық қабілетін ашып, қабілетті жеке тұлға қалыптастыру - заманауи сабақтарда көрініс тапқаны анық. Яғни, жаңашыл ұстаз оқытуда оқушыға оқу материалын есте сақтауға емес, оқығанды шығармашылықпен қолдану шеберлігін қалыптастыруға назарын аударады.

Қазіргі әлемде жәй ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе, Елбасымыз «функционалды сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етіп жүктейді. Аталған тапсырманы орындау үшін оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға бағытталған бес жылға арналған Ұлттық әрекет жоспары құрылды. Оның мақсаты – оқушылардың салалық сауаттылығын дамыту арқылы, тиімді қызмет түрлеріне бейімдеу [2].

Функционалды сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз - мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады [3]. Функционалды сауаттылықты дамыту үшін сабақ үрдісіне де тапсырмаларды әртүрлі деңгейде, қиындықта беруді ұйымдастырған дұрыс. Өз тәжірибемізде қолданған функционалды сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалардың түрін назарларыңызға ұсынамыз.

8-сынып оқулығында тақырыптық жоспар бойынша «Жойылып бара жатқан жануар мен өсімдік» бөлімінде М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесінен үзінді берілген. Шығармашылық ізденіс, оқушы мен ұстаз арасындағы қатынас, пән аралық байланыс мәтінді түсініп қолдана алу жолын анықтайтын тапсырмаларға тоқталайық. Осы тақырыптың 1 сабағында мәтін алды тапсырмасы «Көксерек» фильмін көру тапсырылды. Мәтінді оқи отырып, «Көксеректің әрекетін ретімен жаз» деген тапсырма беріледі. Оқушының мәтіннің желісі бойынша тапсырманы орындайды.

Көксеректің әрекеті	реті
1. Баланы өлтірді.	
2.. Көксерек қорықпады.	

3. Көп іздеді.	
4. Уды жемеді.	
5. Малдарға шапты.	
6. Адамға шапшыды.	
7. Балаға тап берді.	
8. Жотадан-жотаға көп жортты.	

Тапсырманы орындау барысында мәтінді қолданып, оқушылар етістіктердің мағынасын түсініп, етістіктің шақ категориясын дұрыс қолданады.

Осы сабақтың мақсатында прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау талап етіледі. Мұғалім осы мақсатты іске асыруда орыс тілінен алған білімдерін қазақ тілі мен әдебиетінде қолдануына мүмкіндік туғызады. Көрген «Көксерек» фильмі оқушылардың мәтінді өздігінен түсінуіне, мәтіннің композициялық құрылымын анықтауына бағыт береді. М.Әуезовтың шығармасы «Көксерек» үзіндісінен жасалған оқушылардың сюжеттік талдауының үлгісі:

**Оқиғаның басталуы:** Қасқырлар іні. Бөлтіректерді өлтіреді. Ең кішісін алып қалады.

**Дамуы:** Көк күшік ауыл тұрғыны болды. Құрмаш «Көксерек» деп ат қояды. Құрмаш Көксеректі асырайды. Ауыл иттері оны жек көреді. Көксерек өзінің жаратылысын жоғалтпайды. Көксерек бірнеше рет жоғалып кетеді, қасқырларға қосылады.

**Шиеленісуі:** Қойшы ауырып, орнына Құрмаш барады. Көксерек қасқырмен бірге қойға, сиырға, жылқыға шабады. Көксеректі қойшы ағашпен ұрады.

**Шарықтау шегі:** Көксерек Құрмашты өлтіреді.

**Шешімі:** Атақты аңшылар - Қасен мен Бейсенбай аңдып жүріп, Көксеректі өлтіреді.

11-сыныпта «Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі» бөлімі бойынша М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын тақырыбына «Кейіпкер» кестесін толтыру тапсырмасы қолданылды.

Тапсырманың шарты:

Шығарманың атауы	Кейіпкерлері	Кейіпкерлердің қасиеттері	Кейіпкерге берілетін баға	Мақал-мәтел, даналық сөз келтіру арқылы тұжырымдау

Оқушының жұмысы:

Шығарманың атауы	Кейіпкерлері	Кейіпкерлердің қасиеттері	Кейіпкерге берілетін баға	Мақал-мәтел, даналық сөз келтіру арқылы тұжырымдау
«Абай жолы» роман-эпопея, 2-кітап «Тайғақта»	Абай, Біржан, Базаралы, Әйгерім, Әмір, Балбала, Біржан	Шыншыл, өнерпаз, ажарлы, сыпайы, қонақжай, мейірімді	Жақсы шәкірт, жақсы інілер	Ағаның үйі-ақ жайлау. Сегіз қырлы, бір сырлы. Өнер алды –қызыл тіл.

Тапсырманы орындау барысында оқушы оқулықтағы ақпаратқа және басқа пәндерден (музыка, тарих) алған біліміне сүйеніп толтырады.

Әр сабақта оқушылардың «жеке» - «екеу» - «үшеу» - «төртеу» - «бесеу» немесе «топ» – «команда» – «сынып» – «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы бағытта орындалуын қадағалау керек [4]. «Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі» бөлімі, «Қазақ отбасындағы гендерлік ерекшеліктер» тақырыбы бойынша «Дербес пікір» жазу тапсырмасында мәтіннің мазмұны бойынша пікірің жазады. Қазіргі өмірмен байланыстырады. Тапсырманың шарты:

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. Өз пікірің айғақтайтын мысал – 2 сөйлем.

4. Өз пікіріңе қарсы пікір – 1 сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 2 сөйлем.
6. Қорытынды – 2 сөйлемнен тұрады.

Оқушының жұмысы:

Пікір. Ата-ана- отбасының тірегі.

Дәлел: Әке-отбасының тірегі, асыраушысы, қорғаушысы.

Ана-баланы жарық дүниеге әкелген ең ардақты жан.

Мысал: Әкенің айтқанын бұлжытпай орындау керек.

Анаға дауыс көтеруге болмайды.

Қарсы пікір: Ата-ананың рөлі маңызды емес.

Қарсы дәлелді жоққа шығаратын :

Ата-анасыз да өмірде балалар өсіп жатыр.

Тек өзіне ғана сену керек.

Қорытынды: Ата-ана- отбасын ойлайтын адамдар.

Ата-ананың өмірін жалғастырушы –бала.

Тапсырма кез-келген жағдайда оқушының белсенділікке итермелеп, шапшаң жауап беруге бағыттайды. Әр оқушыны шығармашылықпен жұмыс жасап, өз ойын ортада еркін айтуына жетелейді. Оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру сабақтың әр кезеңінде әр түрлі өтеді.

Мұғалімнің міндеті оқушының өзі түсініп, ізденіп оқуына, пәнді терең білуге бағыттау білімнің қажеттілігін түйсік арқылы саналы қабылдау. «Мектептің тірегі де, тілеуі де оқыта білетін мұғалім» [5] -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі білім беру саласында оқытудың озық тәжірибесін қолданып, оқушыларға уақыт талабына сай жан-жақты білім беру ұстаздардың қоғам алдындағы парызы.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары-оқушыға жан-жақты ізденуге, жеке тұлғалық сипатын дамытуға, өзіне деген сенімін қалыптастыруға көмектеседі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Н.Ә.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты. - 2012 ж. «Ана тілі» газеті, № 5. – 7-8 бет.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі.
3. ҚР Білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
4. Құрман Н.Ж., Есенова Г. Коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесі. – Ақтөбе, 2010.
5. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1981. – 111-113 бет.

**Смаилова Б.Б.**

*№3 ЖББМ, Жезқазған қ.*

### **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ - БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БІРІ**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралы ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. [2]

Қазіргі заман талабы-білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісінің технологиялануы-жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне қашықтан оқытудың енуі. Қашықтан оқыту технологиясы –оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі

барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. [1]

Бұрын соңды кездеспеген, қалыпты жағдай болмағандықтан қашықтықтан оқыту барысында, мұғалімдер үшін де жаңа жүйеге көшу оңайға түспеді.


Әр мұғалімнің ойында, яғни білім беру барысында «қашықтан оқытуды қалай ұйымдастыруға болады?» деген бір ғана сұрақ болды. Ал қазіргі кезде заман талабына сай мұғалім де, ата-ана да, оқушы да ақпараттық-коммуникациялық құралдарды тиімді пайдалануды үйренді. Осы тұста қашықтықтан оқытудың біршама артықшылықтары мен тиімді жақтарын өз тәжірибемізден өткізе бастадық. Қазіргі ұстаздардың алдына қойған негізгі мақсаты:

- қашықтан оқытуды тиімді пайдалану,
- қиындыққа мойымай бірлесе жұмыс жасау,
- оқушыларға жан-жақты тиімді әдіс-тәсілдермен сапалы білім беру.
- АКТ дұрыс меңгеріп, пайдалану.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру жолында педагог-сарапшы ретінде өз әріптестерім мен қашықтықтан оқытудағы қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданып жүрген қосымшалармен бөлісуді жөн деп білемін. Себебі заман талабы бізден осындай түрлі платформаларда сабақ өткізіп, әдіс алмасуды талап етеді. Қазір қашықтықтан оқытуға арналған бағдарламалар өте көп. Дегенмен, бұл ұсынылып отырған қосымшалар ең тиімді және қолжетімді деп санаймын. Мәселен, мен өз сабағымда Pollie, Xrecorder қосымшаларын қолданамын. Pollie қосымшасы өте ыңғайлы, яғни ең тиімді, қолжетімді whatsapp желісі арқылы оқушылардан тест алу, кері байланыс жасау құралы ретінде алуға болады. Ал Xrecorder қосымшасымен сабақты түсіндіру барысын видеоға түсіріп, оқушыларға сабақ жіберуде таптырмас қосымша деп есептеймін.

Осындай түрлі видео сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырады. Видео сабақтар - оқушыларға жаңа материалды түсіну үшін өте қажет.


1. Pollie қосымшасы whatsapp 2. Xrecorder қосымшасымен желісі арқылы оқушылардан тест алу, түсірілген видеосабақ.



Pollie, Xrecorder қосымшалары қазақ тілі мен әдебиеті сабағында білім алушы үйде мұғалімнің алдын-ала жасалған видео жазбасы арқылы жаңа материалды өз бетімен оқып-үйреніп, қашықтан мұғалімнің көмегімен берілген тапсырмаларды орындайды. Мұғалім балаларға теориялық материалдан тұратын видео материалдарды жасайды және оларды электрондық пошта, zoom, whatsapp арқылы оқушыға жібереді. Оқушылар видео жазбаны көріп тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен шешуге дайын болады. Видео сабақты көргеннен кейін оқушылардың көзқарастары мен ойлары туралы пікірлерін білу мақсатында олардан Pollie қосымшасы арқылы сауалнама немесе тест сұрақтарын алып оқушының сабақты қалай түсінгенін білу үшін осы қосымшаны қолдануға болады. Бұл ізденіс арқылы мен орыс тілді мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушыларға арналған қашықтықтан оқыту үрдісінің бағыт парағын жасап, басқа ұстаздармен үзіндісін бөлісуді жөн көрдім.

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушыларға арналған қашықтықтан оқыту үрдісінің бағыт парағы».

Пән	Қазақ тілі мен әдебиеті
Сабақтың тақырыбы	Күлтегін кім?
Сабақтың мақсаты	9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;

Мағынаны таны	<p>Ойтүрткі</p> <p>1.Күлтегін кім?</p> <p>2.Оны кімдер мақтаныш етеді?</p> 
Тапсырма (ауызша орында)	<a href="https://youtu.be/Aq2PckNKIN8">https://youtu.be/Aq2PckNKIN8</a> -сілтемесін басып жаңа тақырыпқа байланысты фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілген мәселені болжа.
(жазбаша)	<p>Rollie қосымшасын қосып, мұғалімнің жіберген тест тапсырмасына жауап бер.</p> <p>1.Шығыс Түрік қағанаты әскерінің қолбасшысы кім?</p> <p>А) Күлтегін В) Қапаған</p> <p>С) Ұмай D) Білге</p> <p>2.«Күлтегін» қай халықтың мәдени ескерткіші екендігін көрсетіңіз.</p> <p>А)Славян В) Герман</p> <p>С) Қытай D) Түркі</p>
Кері байланыс	Орындалған тапсырманы WhatsApp немесе Кунделік арқылы жіберу.
Үй жұмысы	15 бет, 6-тапсырма. Жыр дастанның құрылымын баянда. Мәтінді INSTRN оқыту стратегиясы бойынша талда.

Қорыта келгенде, қашықтан оқыту технологиясы – оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Олай болса, бүгінгі оқушы – кемел келешегіміздің тірегі. Ал сол оқушыларымызды қандай қиын жағдайда болсақ та, біліммен қаруландыру – біздің міндетіміз. Қай заманда да ұстаздар қауымы жаңалықтың жаршысы, Шәкірт тағдырына, ел болашағына бей-жай қарамайтын ұстаздар қауымы-бұл қиындықты да еңсеретініне кәміл сенемін.

#### Әдебиет:

1. Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. «Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі». Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі» «Информатика негіздері» журналы №4-2008 жыл.
3. Б.Молдағалиев, А.Махимова, Г.Сатқанова. «Интерактивті оқыту әдістері» Қазақстан мектебі, 2006/9, «Әдіскер жаршысы» №5, 20

**Смаилова Ж.Ш.**

*"№8 гимназиясы" КММ, Жезқазған қ.*

### **ТАҢДАУ КУРСТАРЫН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРУ**

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму кезеңінде алдымыздағы шәкірттің жан-жақты, білімді, ой өрісінің кең болып шығуына ықпал ететін мұғалім екені белгілі. Мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты: арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, белсенділігін қалыптастыру, адамның бойында туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін математикалық білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде

ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады. Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы "математикалық құзыреттіліктің" даму деңгейлерімен сипатталады. Ол

- білу (*еске түсіру*);

Терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу.

- қолдану (*байланыстарды орнату*);

Нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу

- ойлау (*пайымдау, тұжырымдау*).

Объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейі әр түрлі болады.

Математикадан таңдау курстары сабақтарында негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

1. Математика - ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан математика барлық ғылымдардың логикалық негізі- күре тамыры ретінде қарастырылады.

2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады оны шындай түседі.

3. "Математикалық сауаттылық" ауызша, жазбаша қасиеттерін қалыптастыру арқылы оқушының "математикалық сауаттылықты" меңгере білу қабілетін шындайды.

4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру;

- есеп шығаруда оның тиімді жағын көруге баулу;

- математикалық апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру

"МАТЕМАТИКА. ТЕХНОЛОГИЯ. ИНЖИНИРИНГКЕ КІРІСПЕ" курсынан сабақ беремін. Таңдау курстарын жүргізу барысында математикалық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар құруда ең бірінші мен курс соңында күтілетін нәтижеге баса назар аударамын. Осы курс соңында күтілетін нәтиже.

*Курс соңында оқушылар:* статистикалық мәліметтер, шамаларды өлшеу, логикалық құрылған дәлелдерді көрсету негізінде өз ұсынысын айта алады, дәлелдей алады; табиғи, әлеуметтік, өндірістік-техникалық құбылыстар мен процестерді зерттегенде ғылым заңдарына сүйеніп тұжырымдай алады; бағдарлы практикалық тапсырмаларды орындағанда практикалық есептеулерді жасай алады; практикалық жұмыстарды жобалайды, моделдейді, орындайды; мәліметтер кестесін, диаграммаларды оқи біледі, талдайды, құрады; байқау немесе өлшеу нәтижелерін кестелер, графиктермен диаграммалар көмегімен көрсете алады; аяқталған жұмысты бағалай алады;

Таңдау курстарын жүргізу барысында математикалық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар құруда: 1) Білім жетістіктерінің мазмұнына; 2) Білім жетістіктерінің құзыреттілігіне; 3) Зерттеу тапсырмаларының жағдаяттарын зерделеймін. Білім жетістігінің мазмұнына мыналар: мөлшер, кеңістік және форма, өзгеріс және қатынас, белгісіздік жатады, ал білім жетістігінің құзыреттілігіне: елестету (стандартты қабылдаумен әдістер, белгілі алгоритмді қолдану, таныс өрнектермен жұмыс, математикалық қарапайым амалдарды орындау. Байланыс орнату (тапсырманың бір түрінен екінші түріне өтуі, математикалық модельдер жасауы, есептердің шартын шешуде әртүрлі тәсілдерді қолдана білу, тапсырмалар шешімін интерпретациялау). Пікір (күрделі мәселелер, ойлау және тұжырымдау, шығармашылық тәсілдер, шешу тәсілдерін өңдеу, жалпылау, дәлелдеу).

Таңдау курстарында тапсырмаларды құру математикалық төрт аспектінің өзара байланысы арқылы құрылады. Олар: адамның өз өміріне (жеке), кәсіби қызметіне байланысты (кәсіби), қоғаммен байланысты (көпшілік), ғылымға бағытталғын (ғылыми) берілетін есептер.

Басты мақсат оқушыларға дайын білімді беру ғана емес, оларды дербес ойлауға үйрету. Ол дегеніміз математикалық сауаттылық. Математикалық сауаттылық деген ұғымға оқушылардың келесі қабілеттері жатады:

Қоршаған ортада пайда болатын және математика арқылы шешуге болатын, мәселелерді тани білу, бұл мәселелерді математикалық тілде құрастыра білу, бұл мәселелерді математикалық айғақтар мен әдістерді қолдана отырып шешу, шешімдерде қолданған әдістерді талдау, қойылған мәселерді есепке ала отырып нәтижелерді түсіндіру.

Енді осы курс барысында құрылған тапсырмаларды талдасақ.

Тапсырма-1

**Тұсқағаз.** Болат өз бөлмесіндегі бір қабырғаның тұсқағазын ауыстырмақ болды. Ол қабырғаның ұзындығы 4 м, ені 2 м 50 см. Тұсқағаздың суреттерін сәйкестендіру үшін әр тіліктен 20 см не жоғары шығару керек, не төмен түсіру керек.



**Сұрақ-1.** Осы қабырғаға неше орам тұсқағаз қажет? А. 2 В. 3 С. 2,5 Д. 4

Құзыреттілігі: елестету. Математикалық аймағы: сандар. Жағдаят: жеке. Деңгейі: орташа. Шешілу жолы  $2,5 \cdot 8 + 1,4 = 21,4$ . толық екі орам 20 м тағы да 1,4 м керек сонда, жауабы: 3 орам қажет болады.

**Сұрақ-2.** Тұсқағаздың шығынын есептеңіз (метр есебімен). Құзыреттілігі: талдау. Математикалық аймағы: сандар. Жағдаят: жеке. Деңгейі: орташа. Шешілу жолы: Бірінші тіліктен ешқандай қиық алынбайды, сондықтан қалған 7 тіліктен 20 см-ден қиып алынады.  $0,2 \cdot 7 = 1,4$  м.


**Сұрақ-3.** Жоғарыдағы сызбадан қабырғаның ортасына ілінген суреттің ауданын есептеңіз. Жауабыңызды есептеп көрсетіңіз (метр есебімен). Құзыреттілігі: талдау. Математикалық аймағы: сандар. Жағдаят: жеке. Деңгейі: орташа.

Тапсырма-2:

Суреттегі фигураға мұқият қараңыз. Суреттегі фигураның ауданын табыңыз. Жұмысыңызды көрсетіңіз. Құзыреттілігі: талдау. Математикалық аймағы: кеңістік және форма. Жағдаят: жеке. Деңгейі: орташа. Жауабы:  $S_3 = 12,5 + 7,5 = 20 \text{ м}^2$ .



Тапсырма-3. Тәттілер өндіретін фирма BASITA атты шоколад таяқшаларын шығарады. Шоколад таяқшалары қорапшаларға салынады. Суретте осындай қорапшаның бір моделі берілген. Қорапша формасы 15 см жартылай цилиндр түрінде жасалған. Жоғарғы және төменгі екі беті диаметрі 9 см жартылай дөңгелек.



**Сұрақ-1.** Қорапшаның алдыңғы бетінде BASITA деген жазу орналастырылған. Оң және сол жақтарында 1 см ашық жол қалдырылған. Қорапшаны ашуға арналған жолақ BASITA сөзінің ұзындығын мм өлшеммен дәл санап шығыңыз. Өз есептеулеріңізді жазыңыз.

**Сұрақ-2.** Қорапшаның ашылуын жеңілдету үшін BASITA сөзінің астында қорапшаның алдыңғы бөлігінде 1,5 см. жолақ орналастырылған.

Бұл жолақ жоғарғы бөліктен 3 см-ге төмен орналастырылған. Қосымша беріліп отырған жауаптар бланкінде 2-сұраққа қорапшаның жазбасын салыңыз да, ондағы қорапшаны ашуға арналған жолақты көрсетіңіз.

**Сұрақ-3.** Қорапшаның ашылуын жеңілдету үшін BASITA сөзінің астында қорапшаның алдыңғы бөлігінде 1,5 см. жолақ орналастырылған. Бұл жолақ жоғарғы бөліктен 3 см-ге төмен орналастырылған. Қосымша беріліп отырған жауаптар бланкінде 2-сұраққа қорапшаның жазбасын салыңыз да, ондағы қорапшаны ашуға арналған жолақты көрсетіңіз.

Осы есепті шығаруда мынадай ұсыныстар беремін:

1. Есептің шартын мұқият оқыңыз және BASITA сөзінің жартылай цилиндрде жазулы тұрғанына зейін қойыңыз, сондықтан да сөздің ұзындығы шеттерінен бос жерлерді алып тастағандағы жарты шеңбердің ұзындығына тең.

2. Жарты шеңбердің ұзындығын табуға арналған формуланы пайдаланыңыз.

3. Сонда BASITA сөзінің ұзындығы мынаған тең болатындығын есептеп табады.  $14,13 - 2 = 12,13$  (см) = 121,3 (мм). Қорапшаның жайылма түрдегі сызбасы беріліп отыр. Жоғарғы тік төртбұрыш – қорапшаның сыртқы жағы, төменгі тік төртбұрыш қорапшаның жартылай цилиндр түріндегі алдыңғы жағы, ал екі жанындағы қорапшаның үсті мен асты – жартылай дөңгелектер екенін анықтап алу керек. Сонда жолақты төменгі төртбұрышта екі вертикалды сызық түрінде сол жақтан немесе оң жақтан 1,5 см ара қашықтықта бірінші сызықты, сонан соң бірінші сызықтан 0,75 см-де – екінші сызықты салу керек, өйткені масштаб 1:2.

Модельдің өлшемдері түпнұсқаға қарағанда алты есе үлкен. Көлемдер қатынасы өлшемдер қатынасының квадратына тең болатынын ескере отырып, модельдің бет ауданының түпнұсқа бет ауданына қатынасы 36 болады. Модель бетінің ауданы сол сан және түпнұсқа бетінің ауданының көбейтіндісіне тең болады, яғни  $410,535 \cdot 36 = 14779,26$ . Әр бөліктерінің бет аудандарын тауып алыңыз және оларды қоса отырып, жалпы ауданды есептеңіз. Сыртқы бетінің ауданы  $15 \cdot 9 \cdot 36 = 4860$  болады. Құзыреттілігі: байланыс орнату. Математикалық аймағы: сандар, формула. Жағдаят: кәсіби. Деңгейі: жоғары.

Келесі тапсырма: Алма бағы. Бақта жұмыс істеп жүрген Нұрлан мен Самат қалталарына алма салып шықты. Олар көшеде Берікті кездестіріп, Нұрлан оған бір алмасын, ал Самат екі алмасын беріп еді, үшеуінің алмаларының саны бірдей болды.

Сұрақ-1. Нұрлан мен Самат бақтан әрқайсысы қанша алмадан алып шықты?

Сұрақ-2. Нұрлан мен Самат барлығы қанша алып шықты? Есепті талдау, яғни математикалық модельін жасаймыз. Нұрлан- $x$  алма, Самат- $y$  алма, Нұрланға 1 алма берді:  $x-1$ , Самат 2 алма берді:  $y-2$ . Барлығы Берікте 3 алма болды.  $x-1=3$ ,  $y-2=3$ . Нәтижесінде  $x=4$ ,  $y=5$ .

Құзыреттілігі: талдау. Математикалық аймағы: сан, қатынас, кеңістік.

Жағдаят: көпшілік. Деңгейі: қолдану. Сұрақ форматы: толық жауап таңдау.

Таңдау курста тапсырмаларды орындағанда мынадай нұсқаулықтарды басшылыққа алуды оқушыларға ұсынамын:

1. Тапсырмаларды бар ықыласыңызбен оқыңыз және негізгі ақпаратты тауып алыңыз.

2. Есептердің суреттерің, сызбалары, графиктеріне және математикалық үдерісті түсінуді жеңілдететін кестелерге көңіл аударыңыз.

3. Есептің шығарылуын жеңілдететін ықшамдалған сөйлемдерді құрастыру керек.

4. Қажеттілігіне қарай схемалық сызба немесе сурет салуға тырысыңыз.

5. Көпшілік жағдайда есептің барлық шамаларын тиісті әріптермен белгілеп және оларға қажетті есептеулер жасап, жалпы түрде шығарған пайдалы.

6. Жалпы түрде шығарып алып, біркелкілігін талдап немесе шығарған ұқсас есептермен салыстырып, оның дұрыстығына көз жеткізіңіз.

Таңдау курстарында тапсырмаларды құрудағы қиындықтарды шешу жолдары ретінде мына мәселелерді атап өтсем:

1. Оқушыларға тапсырмаларды Блум таксономиясы негізінде құрып, қолданудан гөрі синтез, анализ, бағалауға мән беру;

2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу;

3. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмін алдын ала ескерту;

4. Тапсырманы зейін қойып орындауға, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін өзі бағалауға үйрету.

Қорта айтсам, Американдық педагог-математик Д.Пойа былай деген: «Математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес, ойлаудың еркіндігін, сананың сауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару». Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар. Есеп шығарғанда, оны шығармашылықпен шешуге, шешімінен тиісті қорытынды жасай білуге тырысу қажет.

Өз тәжірибе жұмыстарымды қорытындылай келе таңдау курстары арқылы математикалық сауаттылықты дамыту тапсырмаларын құру математикалық сауаттылықты қалыптастыру дағды мен іс әрекет негізінде өздігінен ізденетін, өздігінен шешім қабылдайтын, нарық заманында өмір сүріп, адал еңбектенетін, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға септігін тигізеді деп сенемін.



### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1.З.Бекбаева. «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру». Алматы,
- 2.А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж.
3. Интернет қоры. bilimdiler.kz.

**Смирнова Н. Р.**

*КТУ «СОШ №23» г. Караганда*

## **ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ ХИМИИ**

«Чтение – это один из способов мышления  
и умственного развития, так как учит  
размышлять, думать и говорить.  
Если научимся читать, научимся мыслить!  
Научимся мыслить, станем успешными  
и в обучении и в жизни!»  
В. А. Сухомлинский

Задача современного образования состоит не в передаче готовых знаний и определении уровня обученности школьников, а в формировании способности применять полученные знания на практике, в различных жизненных ситуациях. Этому способствует формирование функциональной грамотности, что предполагает социализацию и развитие способности человека решать стандартные жизненные задачи в различных сферах деятельности. Функциональная грамотность формируется при изучении различных школьных дисциплин и задача педагога создать условия для самостоятельной познавательной деятельности учащихся, используя педагогические технологии: проблемное обучение, метод проектов, критическое мышление, групповую работу на уроке, электронные образовательные ресурсы. В процессе решения сложных задач формируется любознательность, лидерство, упорство, инициативность. Функциональная грамотность по предмету химия – это процесс освоения химической терминологией, умение применять теоретические знания для выполнения практических и лабораторных работ, использование алгоритма при решении расчетных задач.

Чтение и работа с информацией занимают особое место среди метапредметных универсальных учебных действий. Если у школьников не будет сформирована читательская грамотность, то успешное учение не возможно. Зачем нужно смысловое чтение на уроках? Сегодня разрушается стереотип, что читать дети должны на уроках литературы. Если раньше работа с текстом на уроках химии сводилась к беседе по вопросам содержания параграфа, то есть требовала механического заучивания материала, то сегодня мы должны изменить подход, так как ученики затрудняются применять знания в практической деятельности, а это снижает интерес к изучению химии. Результаты международных исследований PISA и PIRLS выявили, что наибольшие затруднения испытывают учащиеся не из-за нехватки знаний, гораздо большей проблемой является невнимательное прочтение вопроса. Такая же ситуация происходит при выполнении заданий ЕНТ. Некоторые вопросы требуют анализа содержания текста, а у большинства школьников отсутствует критическое мышление.

На уроках химии формируется умение не просто читать текст, но и осмысливать его содержание. У учащихся развиваются следующие умения: составление плана прочитанного, выделение главной мысли, обобщение и формулирование выводов. Что мы понимаем под смысловым чтением, это извлечение необходимой информации из прочитанного, его интерпретация. Каждый читатель возьмёт из текста ровно столько, сколько он способен взять в силу своего образного мышления, в зависимости от потребностей и способностей.

Цель смыслового чтения — максимально точно и полно понять содержание текста, практически осмыслить извлеченную информацию. Это внимательное прочитывание и проникновение в смысл с помощью анализа текста. Когда человек действительно вдумчиво читает, то у него обязательно работает воображение, он может активно взаимодействовать со своими внутренними образами. Человек сам устанавливает соотношение между собой, текстом и окружающим миром. Когда ребенок владеет смысловым чтением, то у него развивается устная речь и, как следующая важная ступень развития, речь письменная.

В своей работе на уроках химии я использую некоторые приемы развития смыслового чтения, которыми хочу поделиться.

«Чтение по частям» - этот прием эффективен при групповой работе, когда материал очень большой по объему. Текст делится на части по количеству участников группы, сильным учащимся можно выделить сложный материал. Каждый член группы читает свою часть, а затем передает содержание всей группе. После окончания работы учитель вызывает любого ученика, который должен воспроизвести содержание всего текста самостоятельно или с помощью одноклассников своей группы. Оценить можно всю группу или только отвечающего ученика. Такой вид работы формирует ответственность за усвоение знаний всеми членами группы. Такую же форму работы можно использовать в паре. Можно усложнить чтение индивидуальными заданиями по составлению теста или оцениванию текста по вопросам, заранее составленным учителем. Это активизирует мыслительную деятельность и после такой работы дети с большим интересом читают материал.

«Мозговой штурм» или «Корзину идей» также можно использовать до чтения основного текста, это формирует нестандартное мышление. Во-первых, нет правильных и неправильных ответов, каждый ученик может свободно высказывать свои предположения или знания из жизненного опыта, во-вторых, можно найти выход из ситуации на основании высказанных мнений. Например, «Что вы знаете о кислотах?», «Что нужно делать при укусе пчелы?». А затем, при чтении текста, можно подтвердить или опровергнуть свои предположения.

«Создание викторины» целесообразно применять на уроках обобщения материала. Учащиеся составляют вопросы по тексту параграфа, например, при изучении темы «Удобрения» в 9 классе можно провести викторину по тривиальным и международным названиям азотных, фосфорных и калийных удобрений.

«Толстые и тонкие вопросы» можно использовать на любом этапе урока, это творческая работа, которая обращает учащихся к их собственной интеллектуальной энергии, дает возможность показать понимание прочитанного текста.

Приём «Инсерт» или чтение с пометами – это работа с текстом по мере его чтения. Стимулирует внимание. Ученик делает в тексте пометки: V – я это знал; + - это новое; ? – не понятно, есть вопросы. Можно заполнить таблицу, систематизируя материал. Применяя данные приемы и методы на уроках химии, мы получаем высокий результат в формировании смыслового чтения, так как у учащихся задействованы различные виды памяти и восприятия.

Важной формой работы с текстом, которую я использую, является составление схем или опорных конспектов. Эту формы работы я использую при изучении нового материала. Очень эффективно составление опорных конспектов при изучении тем «Кислород», «Водород», «Сера», «Галогены». Страничку в тетради мы делим на четыре квадрата: общая характеристика элемента и простого вещества, получение, физические и химические свойства, применение и особенности. Сначала учащиеся работают с учебником самостоятельно, а затем конспект составляется на доске и ребята вносят дополнения и корректировки. Эта работа требует от учащихся таких мыслительных операций как сравнение, анализ, синтез, выбор существенных признаков и особенностей.

Данные формы работы я практически применяю на протяжении 3 лет. Для анализа результатов и индивидуальных траекторий учащихся была сформирована система оценивания смыслового чтения по уровням, которые определялись результативностью выполнения заданий. Исследование проводилось в одном классном коллективе с 9 по 11 класс, после 9 класса часть детей выбыла в колледжи, прибыли 5 новых учащихся, но основной состав ученического коллектива не изменился.

Результаты представлены в таблице:

	Находят информацию в явном виде	Находят информацию в неявном виде	Понимают смысл текста	Применяют полученную информацию при решении задач
2018-2019	88%	56%	85%	56%
2019-2020	94%	62%	89%	62%
2020-2021	99%	71%	98%	71%

Анализ результатов показал, что 99% учащихся выпускного класса умеют находить информацию, данную в тексте в явном виде, но есть ученик, у которого это вызывает затруднения. Он не может найти ответы на вопросы в тексте. 71% учащихся находят неявную информацию, а это значит, что ребята умеют мыслить логически, делают выводы и обобщения, выстраивают причинно-следственные связи.

98% выпускников понимают текст в целом, могут передать его содержание и дать оценку.

71% применяют новые знания при решении задач химического, экологического и медицинского содержания, при решении практических задач.

В заключение хочется сказать, что если мы хотим получить выпускника, который будет понимать информацию, оценивать ее и интерпретировать, то необходимо на всех предметах школьного курса повышать читательскую грамотность и смысловое чтение, в план урока обязательно включать задания на формирование функциональной грамотности.

#### **Литература:**

1. Анохина Е.Л., «Обновленное содержание образование – веление времени», 2017.
2. Бершадский, М.Е. Возможные направления интеграции образовательных и информационно-коммуникативных технологий. / М.Е. Бершадский. // Педагогические технологии, №1, 2006.
3. Сметанникова, Н. Н. Обучение стратегиям чтения в 5-9 классах: как реализовать ФГОС : пособие для учителя / Н. Н. Сметанникова. – М. :Баласс, 2011.
4. <https://infourok.ru/priemi-smislovogo-chteniya-na-urokah-himii-1931004.html>

**Спатаева Шырақ Сағындықовна**  
*Зияткер ММИ. Балқаш қаласы*

### **ТАРИХ ПӘНІН ТІРЕК – СЫЗБАМЕН ОҚЫТУДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДА ТИІМДІЛІГІ**

Халқымыз тәуелсіз Қазақстан Республикасы атты мемлекет құрып, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, келер ұрпаққа жеткізе білді. Өйткені, тарих - ұлттың жады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамашылдығы мен Ел тарихын зерделеуге арналған жоғары деңгейдегі іс-шаралар және тікелей араласуымен «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы, «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына», «Ұлы Даланың жеті қыры» сияқты Мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, қаржыландыру мәселесі шешілді. Мұрағат қорлары ашылып, тарихбеттері толықтырылды.

Ендеше, аталып отырған тарих мәселесі де және оның мектепте пән ретінде жүруі де өзекті тақырыпқа айналып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 8-тарауына сәйкес «Білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық ғаламдық коммуникациялық байланысқа шығу, білім беруді ақпараттандыру» - деп мақсат қояды.[1].

Осыған орай, оқушыға берілетін білім қоғамдық қажетті деңгейін қамтамасыз етіп, ұлттық, отандық, әлемдік мәдениеттен бойына білім алуға тәрбиелеу әр педагог міндеті. Оны «жаңа технология», жолға қойылған жұмыс жасау әдісі арқылы жүзеге асырады.

Олай болса, В.Ф.Шаталовтың тірек – сызбалар арқылы оқыту әдісін атап өтуге болады. Аталған әдісті өзімнің тарих пәндерімде кеңірек қолданамын.

В.Ф. Шаталов технологиясының ерекшелігіне тоқталып өтсек:

Біріншіден- нақты дәл есептелген оқу процесін құра білу. Бұл құрылымды былай түсіндірді «Тірек сигналдары дегеніміз – ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі мен ұзақ уақыт есте сақтауы».


Екіншіден – уақыт үнемділігі. Белгілі бір тақырыпты түсіндіру барысында бірнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бір-екі тірек сигналына сыйдыруға болады. Бұл әдістеме қазіргі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

Тірек сызбалар сабақтың негізгі құрамды бөлігі ретінде қолданылады және оқушының мәтіннен нақты ой, мазмұнды тауып ажыратуға бағытталады. Мұнда негізінен мына мәселелерге назар аударған жөн.

1. Тірек – сызбаны пәнді жүргізудің басынан бастаған жөн.
2. Мүмкіндігінше әрсабақтапайдалану қажет.
3. Сызбанұсқаға оқушылармен бірге талдау жүргізіп отыру.
4. Оқушылардың белгілі тақырыпқа сай сызба белгі даярлауға негізделген өзіндікжұмыс жасауына мүмкіндік беру және бірлесе талдау.
5. Оқушының топпен және екі-екіден жұмыс жасауына мүмкіндік беру.[2].

Осы аталып өткен тірек – сызбаларды құруда әрқайсын жіктеп жатудың керегі жоқ. Себебі, әрбір тақырыпқа байланыстытірек – сызба оқушы қатысуымен құрылып, тақырыпты ашудың, мақсатқа жетудің айқын проблемасы көрсетілген.

Мысалы, 8 – сыныптың Қазақстан тарихынан «XIX ғасырдың 60-80 жылдарындағы реформалар» тақырыбына оқушылар сызбаны дәптерлеріне мәтінмен таныса отырып құрады.




Егер бағдарлама бойынша тақырып 2 сағатқа бөлінсе. Сызба кесте күйінде тақырыпты 1 сағатта меңгертуге мүмкіншілік туады. Оқулықтағы тұтас бірнеше беттік тақырыпты қамтитын көлемді дүниенің басты мәселесін сызбаға шоғырландыруға, мәтінді тереңірек түсініп, жаттанды білімнен алшақтатып, тарихи оқиғаға талдай жасай білуге жәрдемін тигізеді.

Келесі бір тірек сызбаларда оқушы тақырыптағы жасырын тұрған ақпаратты, жұбының немесе топтың, мұғалімнің көмегімен себеп – салдарын айқындап бере алады.

Тақырыбы: «Ақ Орда мемлекеті»

Ақ Орданың құрылу себептері:  
Алтын Орданың ыдырауы;  
Тәуелсіз мемлекет құру;  
Шыңғыс хан ұрпақтарының арасындағы билік үшін талас – тартыс.

Ақ орданың қалыптасу кезеңдері:  
1 кезең. Ерзен мен Мұбарак хандардың Алтын Ордадан бөлінуі.  
2 кезең. Ақ Орданың гүлденген кезеңі.  
3 кезең. Әмір Темір басқыншылығына қарсы күресі кезеңі



### **Н Ә Т И Ж Е С І Н Д Е:**

Ақ Орда мемлекеті құрылды.

Халқы қалыптасы, ол кейіннен қазақ хандығы халқының негізін құрады.

Басқарылу жүйесі, территориясы қалыптасты.

Оқушы осындай мазмұндағы тірек сызбаларды толтыра отырып, тақырыпқа қатысты нақты білімін, функционалды сауаттылығын қалыптастырады. Өзіндік жұмыс жасаудағы сабақ сайын шыңдалады.

Көрсетілген тірек сызбалардың артықшылығы:

- а) оқушыға оқу материалынан қысқаша, нақты білім береді;
- б) оқу материалдарының ішінен негізгісін табуға;
- в) оқушы материал ішінен таңдап алған негізгі білімді күнделікті өмірде қолдануға, бір-бірімен байланыстыруға;
- г) өз жұмысына баға береді. Басқа оқушылар жұмысымен салыстырады;
- д) алған білімдерін жаңартылған білім мазмұны бойынша алынатын сынақтарда тиімді қолдануға дағдыланады. [3].

Осының барлығын жинақтай келе, өзім сабақ беретін 5-8 сыныптар да ұйымдастырылған іс әрекеттерді В.Ф.Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы», Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясы» т.б технологияларының элементтерін жиынтығы арқылы білім сапасын арттыруға ықпал жасаймын. Сонымен қоса, сабақтың бір кезеңінен екінші кезеңіне өтуге көмегін тигізіп, тақырыпты бөлімдерге бөлуге ыңғайлылық туғызады.

Заман талабына сай әр оқытушы өзі жүргізген пәндер бойынша жаңа технологияларды тиімді пайдаланса, онда жас ұрпақтың білім сапасы тереңдеп, пәнге деген қызығушылығы артары сөзсіз.

### **Әдебиет:**

1. ҚР Білім заңы.
2. В.Ф.Шаталов «Тірек сигналдар арқылы оқыту технологиясы»
3. А.С. Макаренко «О воспитании» Москва – 1990 ж.
4. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы «Рауан» 1997ж
5. Методика обучения истории. Теоретический курс. М., 2000ж.

**Сулейманова Т.О.**

*«№23 ЖББМ» КММ Қарағанды қ.*

### **«ФИЗИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ»**

Қазіргі таңда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту қоғамның басты талабы. Заманауи мектеп бәсекеге қабілетті, білімді, саналы, өз көзқарасы, өз ойы бар және

кәсібін дұрыс таңдай алатын тұлға тәрбиелейтін мектеп болуы тиіс. Қандай заманауи өзгерістер, жаңашыл талаптар болмасын, білім саласында мұғалім шешуші тұлға болып қала береді. Мұғалімнің алдында тұрған мақсат-оқушының дамуына жағдай жасау, өзін-өзі тануына көмек көрсету, алған білімдері бүкіл өміріне азық болатындай, әлеуметтік өмірге бейімделген тұлға тәрбиелеу.

Функционалды сауаттылық–оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін арттыру, теориялық білімдерін кеңейту арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту. Оқушылардың функционалды сауаттылығы мектеп қабырғасынан қалыптасады. Қандай елде болмасын балаға білім беру елеулі орын алуда. Болашағымыздың жарқын болуы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты. Сондықтан өз елін сүйетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қастерлейтін ұрпақ тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.

Мұғалімнің жұмысының жемісі бірден көзге көріне бермейді. Сондықтан мұғалім мақсатқа жету үшін мұғалім жоспарын жүйелі түрде түсініп құру қажет.

Функционалды сауаттылықты дамытуда басшылыққа алатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- логикалық ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- қорытынды жасай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру да оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі маңызды. Пән мұғалімдері оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін сабақ кезінде әртүрлі көрнекілік құралдарын қолдану керек. Айта кететін болсақ: сұрақ-жауап, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, тұрмыспен байланыстыру, жеке және жалпылама тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар беру, оқушылардың бірін-бірі тыңдауы және өзіндік пікір айту, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. әртүрлі әдістерді қолдану керек. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» деген қағиданы негізге алу керек.

Бүгінгі күнде физика пәнін сапалы оқыту мұғалімдерді толғандырып отырған мәселенің бірі. Физика пәнінде функционалды сауаттылықты дамыту үшін теория мен практиканы бірге алып жүру, берілген тақырыптар бойынша физиканың заңдылықтары мен қағидаларын, олардың ашылу тарихын айтып өту. Сабақ барысында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттырудың тағы бір жолы-берілген тапсырмадағы графиктер мен сызбаларды оқи алуы, оларға талдау жасауы және өзара салыстыру арқылы қорытынды жасауы. Тірек сызба түрінде тапсырмалар. Заман талабына сай «қос тілділік» бойынша терминдерді ағылшын тілінде ұғындыру. Пәнаралық байланысты жүзеге асыра отырып: іздемаздыққа, тапқырлыққа, шығармашылық ізденіске ынталандыру қажет.

Өзім сабақ беретін төменгі 7-8 сыныптарда тақырыпты меңгерту үшін табиғатпен, тұрмыспен мысал келтіре отырып оқушыға ұғындыру. Сабақ үстінде жұптық және топтық жұмыстар, тест, таратпа материалдар беремін. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі қалыптасады.

8 сыныптарға мынандай функционалды сауаттылықты тексеру тесін беремін. Мысалы:

*1. Таба ыстық пеш үстінде тұр. Табаның төменгі жағынан үстіңгі жағына жылу берілу негізгі қандай әдіс арқылы орындалады?*

- A) Жылуөткізгіштік
- B) Конвекция
- C) Сәуле шығару
- D) Үшеуі де
- E) Дұрыс жауабы жоқ

*2. Жылу берілудің қандай әдісі арқылы жанып тұрған оттың қасында жылынуға болады?*

- A) Жылуөткізгіштік
- B) Конвекция

С) Сәуле шығару және жылуөткізгіштік

Д) Сәуле шығару

Е) Дұрыс жауабы жоқ

3. Егер дене күн энергиясын шығарғаннан гөрі көбірек жұтса, онда дененің температурасы өзгереді ме?

А) Иә, дене қызады

В) Иә, дене суиды

С) Өзгермейді

Д) Алдымен қызады, сосын суиды

Е) Дұрыс жауабы жоқ

4. Болат пластинаны қызған электр пешінің үстіне қойды. Қандай әдіс арқылы пластинаның ішкі энергиясы өзгереді?

А) Жылуөткізгіштік

В) Жұмыс жасау

С) Жұмыс жасау және жылуөткізгіштік

Д) Оның ішкі энергиясы өзгермейді

Е) Дұрыс жауабы жоқ

5. Денені қыздыруға қажетті немесе суығанда бөлінетін жылу мөлшері... тәуелді болады

А) Дене массасы мен заттың тегіне

В) Дене массасы мен температурасына

С) Дене массасы мен күйіне

Д) Оның температурасының өзгеруіне

Е) Дұрыс жауабы жоқ

Жоғары сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту үшін теорияны өздері талдай білуіне, сапалы есепті өздерінің шығаруына көп көңіл бөлемін. Деңгейлік тапсырмалар беремін. Есептер шығару арқылы алған теориялық білімдерін практикада қолданады. Зертханалық эксперименттік және практикалық жұмыстарды орындайды.

Физикада білімді сапалы меңгерту: алуан түрлі көрнекілікті, физикалық және техникалық құралдарды, сызбаларды, суреттерді, жаңа технологияларды талап етеді. Жетістікке жету үшін оқушыларды әр түрлі олимпиадалық жарыстарға, ғылыми практикалық конференцияға қатыстыру қажет. Оқушылардың:

-пәнге деген қызығушылығы артады;

-оқушының білім сапасы артады;

-оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;

-өз ойын еркін жеткізеді.

Қорытындылай келе, функционалдық сауаттылық оқушыларды рухани байлыққа, ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, жаңашылыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өмірге нық тұра алатындай келешек дайындайды.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Елеупаева. Қазіргі мектептерде оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамытудың педагогикалық шарттары.

2. К. Ж. Бұзаубақова, Физика сабақтарындағы оқытудың инновациялық технологиялары.

3. PIZA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық //NISPEARSON.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ**

Адамзат баласы бүгінде сан түрлі ғылым-білімнің, түпсіз технологияның сырына терең үңіліп, жаңа бір дәуірдің кескінін жасап, бұрын-соңды болмаған ғажайыптарды бір тетікпен басқаратын жағдайға жетті. Қоғам дамуында әр салада әлемдік тәжірибелер, озық технологиялар кеңінен көрініс таба бастады. Бұл өз кезегінде әлемнің өзара жақындасуына, ғаламдық өркениеттердің алмасуына, қазіргі күні жиі айтылатын жаһандануға алып келді. Әлемде өмір сүріп жатқан кез келген қоғамның барлық саласында елеулі өзгерістер орын алып, жаңаша көзқарастар, озық технологиялар бой көрсете бастады. Әрине, бұл үдерістер білім саласына да үлкен әсерін тигізді. Қазақ қоғамында орын алған білім саласындағы реформалар, қабылданған жаңа бағдарламалар, жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты мәселелер күн тәртібінде бүгінгі күнге дейін қызу талқыланып келеді. Аталған жағдайларға қатысты ғалымдар тарапынан сындардың да жазылып жүргенін арақидік байқап қаламыз. Ұрпақтың сапалы білім алуы қай заманда болсын оңай іс болмағандығы белгілі, бірақ бір ескеретін ақиқат – замана көшінен қалмай, әлемдік бәсекеде ой жарыстыра білетін жетілген тұлға қалыптастыру екендігі түсінікті жағдай. Демек, заман талабы жаңашылдықты қалайды деген сөз. Жаһанданудың ерекшелігінің өзі сол – ол тоқтамайтын, бізбен бірге өмір сүре беретін күрделі құбылыс. Сондықтан, біздіңше бұл ұғымды жатсынбай саналы түрде қабылдау керек сияқты.

Әлемдік кеңістікте үздіксіз жүріп жатқан прогрестер адам баласының қабылдауына да өзгерістер алып келді. Қазіргі жас ұрпақтың таным-түсінігі, дүниетанымы заманға сәйкес қалыптасатынын ескерсек, оларға білім берудің әдіс-тәсілдері де тиісті үдеден шығуы қажет. Осындай мақсатта Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтарда «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндеттер қойып, арнайы ұлттық іс-қимыл жоспары бекітілді [1]. Аталған жоспарда функционалдық сауаттылық ұғымына қатысты мынадай дәйектер келтірілген:

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалды сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға [2].

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында «Басты мақсаттардың бірі – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады» [3],- деп функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдарына түсінік береді. Яғни, білім беру жөнінде мемлекет жүктеген тапсырмалар аясындағы жоспарлар мен бағдарламаларда оқушылардың функционалдық сауаттылығының зор маңызға ие екендігі және оны іске асырудағы мақсат-міндеттерді, атқаруға тиіс іс-шараларды, күтілетін нәтижелерді айқындап көрсеткен.

Сонымен, жедел қарқынмен дамыған технократия заманында постиндустриалдық әлемдегі құбылыстар мен өзгерістерге жылдам бейімделетін тұлғалар қажеттігін бүгінгі күннің талабы дәлелдеп беріп отырғанын көріп отырмыз. Бұл дегеніміз – ел дамуының негізгі тірегі болатын кәсіби мамандардың мектеп қабырғасынан бастап әр пән бойынша қажетті білім алуы керектігін білдіреді. Себебі, жан-жақты біліммен қаруланып, алған білімін қоғам қажеттілігіне жұмсай алатын жеке тұлға ғана әлемдік бәсекеде есесін жібермей, ел мүддесіне қызмет атқара алады деп есептейміз. Функционалдық сауаттылық деген ұғымды жалпақ тілмен айтқанда, оқушының алуға тиіс білімі оның өмір сүруіне, қоғамға пайда әкелуіне, әлемдік ғылыми-



технологиялық кеңістікке енуіне, рухани кемелденуіне, өнертапқыштық, кәсіп игерушілік т.б. қабілеттерінің шыңдалуына ықпал етуі керек деп түсінуге болады. Жаһандану жағдайында мұндай қасиеттерге ие болмай, функциялық ілім-білімді игермей, ұлттық руханиятқа қанықпай, ұлт ретінде қарым-қабілетімізбен, дәстүр-мәдениетімізбен ортаға ене алмасымыз анық. Бұл тұрғыда ғалым Ә.Н. Нысанбаевтың мына тұжырымы орынды деп есептейміз: «Мәдениет пен ғылым саласында либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының ықпалы артып отыр. Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен өзіндік мәдени мұраттары қатты қысымға ұшырауда, сондықтан біз өзіміздің рухани мұраларымызды сақтап қалуымызға талпынуымыз керек. Бірақ, сонымен қатар біз батыс мәдениетінің нормаларымен де өзара әрекеттесіп, өзара толығуымыз қажет. Мәселе батыс мәдениетімен бәсекеге қабілетті болу үшін құндылықтарды қайта қарап, қазақ мәдениетін қайта жаңғыртып, дамыту туралы болып отыр» [4].

Бүгінгі күні қолданысқа енген білім беру жүйесіндегі жаңаша оқыту форматтары және осыған байланысты әзірленіп жатқан мұғалімдерге арналған әртүрлі нұсқаулықтар мен оқыту курстарының өзі осы біз атап көрсетіп отырған жаһанданудың әсері деп пайымдауымызға толық негіз бар. Бұрынғы дәстүрлі оқыту жүйесімен оқытып үйренген оқытушылар үшін қазіргі жаңашылдықты қабылдау мәселесінде қиындықтар да жоқ емес, бірақ бұл өтпелі кезеңдегі қалыпты проблемалар болуы мүмкін. Қай салада болсын, кез келген кәсіби маман үшін жұмыстың сыртқы формасының ауысуы айтарлықтай мәселе тудырмауы керек деп ойлаймыз. Кеңестік білім беру жүйесінің өз заманында алған қамалдары мен бағындырған белестерін ешкім жоққа шығармас, десе де жаһандану дәуірінде оның ескіргендігін мойындау керек. Белгілі ғалым, салыстырмалы педагогика және оқулық сапасы мониторингі бағытының негізін салушы, педагогика ғылымдары академиясының президенті Асқарбек Құсайыновтың Abai.kz ақпараттық порталына берген сұхбатында кеңестік білім жүйесінің теріс тұстары жөнінде былайша пікір білдіреді: «XX ғасырдың 80 жылдары ғылым мен техника қарқынды даму жолына түсті Сала мамандары мен ғалымдары мектепте оқытылатын пәндердің мазмұнын сол жетістіктер негізінде толықтырып отыру қажеттігін айтып, солардың ықпалымен пәндердің мазмұны ұлғайып, тіпті жаңа пәндер де енгізіле бастады. Осындай саясаттың арқасында XX ғасырдың аяғында мектепте оқытылатын пәндер бойынша берілетін білім көлемі балалардың білімді меңгеру қабілетінен артып кетті. Мысалы, К.Д. Ушинский: «Біз балалардың басына ештеңеге де керегі жоқ әртүрлі қоқысты үйіп-төгіп жатырмыз, кейін адам оны өмірде қолданбайды», - деп жазды. Бірақ, одан тиісті қорытындылар жасалмады. Мұндай қателіктер білім сапасына кері әсер етті»[5].

Сан ғасырлар бойы халықпен бірге жасап келе жатқан көшпелілердің мәдениеті мен салт-санасы, дәстүрі мен танымы ешбір мәдениеттен артық болмаса кем еместігін әлемдегі алпауыттар алдында дәлелдеп, ұлттық ерекшеліктеріміз бен рухани айшықтарымызды заманауи қалыпта нығайтуымыз керек. Демек, қазіргі жағдайда оқушылардың қажетті білім алуы және алған білімдерін өмірде қолдана отырып, жаһандану үрдісіне төтеп бере алатын үлкен әлеуетке ие болуы ең басты мәселе болмақ. Жалпы қоғамда жаһандануға байланысты әр алуан пікірлердің айтылатынын байқаймыз. «Жаһандануға төтеп беретін» деп жоғарыда айтқан пікірімізге де біржақты қарауға болмайды. Себебі, ол күресіп жеңетін жау емес, біз өз құндылықтарымызды жан-жақты зерттеп, тұтынудың жаңаша нұсқаларын қарастырып барып жаһандану білуіміз қажет. Бұл тұрғыда білім алушылардың функционалдық сауаттылығының маңызы айрықша деп тұжырым жасауға болады. Ұлттық мәдениет пен құндылықтардың жаңа моделін жасау, оны әлемдік аренаға шығарудың тиімді жолдарын қарастыру, сыртқы әсер етуші факторлар мен ішкі жағдаяттардың сәйкестігін зерттеу т.б. толып жатқан мәселелерді реттеуде бүгінгі жас толқынның функционалдық сауаттылығының маңызы зор. Қай мемлекетте болсын, дамудың даңғыл жолына түсіп, көшбасшы болуы білім беру саласының іргетасының беріктігімен өлшенеді. Ел дамуының басты шарты жас ұрпақтың сапалы білім алуында ғана емес, сонымен қатар оны игере білуінде жатыр. Мол біліммен сусындап, ел игілігіне қызмет атқарам деген жас буынға жағдай жасау – мемлекет еншісіндегі жұмыс екендігі айтпаса да түсінікті. Қоғамның барлық саласының ілгерілеуі түптеп келгенде білім беру ісіне келіп тірелетінін ескерсек, оқушының қажетті білім алуы мәселесін бүкіл қоғам болып ұлт зиялылары көтеруі керек деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде өзекті болып отырған оқушылардың функционалдық сауаттылығы мәселесі жан-жақты зерттеліп, оқытушылардың кәсіби-әдістемелік білім-білік дағдыларын арттыру

жүйелі түрде жолға қойылу керек деп есептейміз. Себебі, қандай да бір өзгерістер орын алған жағдайда белгілі бір деңгейде тосырқаулар, жаңалықты қабылдаудағы қайшылықтардың болуы заңды құбылыс. Дәстүрлі технологияның оқытушылар санасына мықтап орнығуы себебінен әлі де болса кеңестік жүйенің шырмауынан шыға алмай жататын тұстарымыз да жасырын емес.

Бүгінгі жаңа ғасырда ұлттық мемлекеттердің тәуелсіздігі, әр халықтың өз дәсүрі мен танымын, рухани болмыс-бітімін сақтау үшін олардың әлемдік дамуға төтеп беріп, жаһандық өркениет көшінен қалмай әрекетке көшуі – заманның қатал талабына айналып отыр. Сондықтан, әр тұлғаның бейімділігі мен қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын, қабілетінің дамуын ескере отырып, функционалдық сауаттылығына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, мектепте алған білімін өмір бойы пайдалана алатын тұлға өсіру – білім беру мамандарына жүктелген үлкен міндет деп түсінгеніміз жөн.

### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012. – 114 б.
4. К.У. Биекенов, Т.Б. Тауекелова «Қазақстан қоғамының жаһандану үдерісіндегі құндылық бағдарлары және даму тенденциялары» ҚазҰУ Хабаршысы. Алматы, 2012
5. <https://abai.kz/> Асқарбек Құсайынов. Abai.kz ақпараттық порталына берген сұхбаты

**Султанова Г.С.**

*№ 19 НМ, Теміртау қ*

## **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ**

**Андатпа.** Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс- тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс. Мектептің алдында тұрған үлкен мәселе – шынайы өмірге белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой – өрісі кең, сауатты, танымдық әрекетке қызығушылығы мол оқушы білімнің қолданбалылығын дамытуды қамтамасыз ету. Функционалды сауатты болу үшін оқу және жазу, жаратылыстану ғылымдарындағы, математикалық, компьютерлік отбасылық өмір, денсаулық және тағы басқа сауаттылықтар қалыптастыру қажет соның негізінде өмірлік дағдылар қалыптасады.

**Аннотация:** Функциональная грамотность рассматривает уровень познавательных способностей учащихся и показатель продуктивной работы учащихся как уровень знаний. Этот уровень базируется на прикладном характере содержания школьного образования при решении задач в различных сферах жизни и на усвоенных учащимися знаниях. Поэтому для овладения навыками жизнедеятельности и практической деятельности в обществе и социальной практикой в процессе обучения у учащихся должны быть сформированы основные и предметные компетенции. Большая проблема, стоящая перед школой, - обеспечение развития прикладности знаний у учащихся с активной социальной ответственностью, широким кругозором, грамотной, заинтересованной в познавательной деятельности. Чтобы быть функционально грамотным,

необходимо формировать грамотность в чтении и письме, естественнонаучной, математической, компьютерной семейной жизни, здоровья и т.д. На ее основе формируются жизненные навыки.

**Annotation:** Functional literacy considers the level of cognitive abilities of students and an indicator of productive work of students as the level of knowledge. This level is based on the applicability of the content of school education in solving problems in various spheres of life and the knowledge acquired by students. Therefore, in order to master the skills of life and practical activities in society and social experience, students should develop basic and subject competencies in the course of their education. The big problem facing the school is to ensure the development of the applicability of knowledge by a student who is active in real life, socially responsible, has a broad outlook, is competent, and is interested in cognitive activities. To be functionally literate, it is necessary to form literacy skills in reading and writing, natural sciences, mathematics, computer Family Life, Health, and so on, on the basis of which life skills are formed.

Ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында мемлекеттің адами құндылығы қоғамның білімділігіне тәуелді екенін және құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететінін жаһандық сын-тегеуріндер дәлелдеп келеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарындағы білім беру саласына қатысты

5 қадам адам капиталының сапасын көтеруге бағытталғаны баршаға мәлім. Соның ішінде 76-қадамда «12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту» басымдықтары білім беру жүйесіне тың серпіліс әкелді [1].

Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай функционалдық сауаттылықты қалыптастыру құзыреттіліктерін қамтитын білім беру мазмұнының жаңартылған моделіне көшу кезең-кезеңмен іске асырылуда.

Сабақты жоспарлау барысында «Сабағымның мақсаты қандай? Сабақтың әрбір бөлімі оқушыны мақсатқа жетуге жетелей ме? Оқушыларды білімді игергенін қалай білемін?» деген мәселелерге назар аудардым. Мұның себебін Стронгтің "Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға - мұғалім" деген сөзімен түсіндірер едім. Себебі менің алдымда оқушыларымды оқу мақсаты арқылы күтілетін нәтижеге жетелеу, болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап, олардың бойында тілдік және өмірлік маңызы бар адамзаттық дағдыларды қалыптастыру міндеті тұрды. Алғашқы айларда жоспарланған оқу әрекеттері толық жүзеге аспады және пән бойынша академиялық білімді меңгертумен ғана шектелдім де, оқушыларым оқу жетістіктерін анықтайтын жиынтық бағалау тапсырмаларын орындауда біраз қиналып, төмен нәтиже көрсетті. Бұл мәселе мені терең толғанды және ізденіске, идея табуға, тығырықтан шығуға жетеледі.

Функциональную грамотность обучающихся можно развивать при изучении любой темы по русскому языку и литературе. Например, при изучении темы «Предложения с прямой речью» можно предложить школьникам составить и разыграть мини-диалоги в разных речевых ситуациях: «В автобусе», «В аптеке», «В библиотеке», «В магазине», «В музее». Затем получившиеся диалоги нужно правильно оформить на письме, соблюдая знаки препинания в предложениях с прямой речью, употребляя вежливые обращения, вежливые приветствия. Но главным фактором здесь будет включение каждого ученика в те роли, с которыми им предстоит столкнуться в различных жизненных ситуациях. Разнообразные мини-сочинения, эссе, репортаж, интервью, путевые заметки, юмористические рассказы, словесные зарисовки, лингвистические сказки помогают обучающимся точно, правильно отбирать материал, развивают их устную и письменную речь, обогащают их словарный запас, активно развивают творческие способности.

Игра «По опорным словам». Это игра творческого характера. Написать сочинение миниатюру по опорным словосочетаниям, добиваясь смысловой законченности и выразительности, формы некоторых слов можно изменить. Другой вариант: учитель предлагает глаголы, используя которые, обучающиеся, должны составить небольшой рассказ на определенную тему (например, «Театр»): Играть, исполнять, репетировать, выступать, гримировать, выходить, слушать, аплодировать, освещать, оформлять.

Обучение русскому языку предполагает не только освоение грамотной письменной речи, но и правильной устной речи. Недаром отметил Д.И. Писарев, что «неправильное употребление слов ведёт за собой ошибки в области мысли и потом в практике жизни». В качестве примера приведу игровые задания, направленные на отработку орфоэпических норм. Например, игра «Пригласи на обед». Задача: огласить меню обеда, на который вы хотите пригласить родственников, друзей. В меню даны слова: тефтели, камбала, торты, щавель, гренки, пирожки с творогом, сливовый или грушевый компот и т. д. По тому же принципу можно провести игры «Пригласи в гости», «Пригласи в кафе». Подводя итоги, к ребятам можно обратиться с вопросом: «В какой жизненной ситуации, в каких новых условиях вам может пригодиться изучаемый сегодня на уроке материал?» После чего происходит самоанализ своих действий, при котором дети (персонально или в парах) стараются найти ответ на предложенный вопрос, а потом поочередно объясняют, что изучаемая тема имеет для них конкретную практическую значимость.

На уроках литературы для организации разносторонней деятельности обучающихся при формировании функциональной грамотности используем такие формы, как урок-суд, урок-КВН, урок-театр, урок-концерт, урок-диспут и другие. К примеру, урок-суд над Раскольниковым или урок-суд над Печориным. Уроки проходят в форме ролевой игры-суда, включают элементы театрализации. Исполняя роли, обучающиеся проявляют актерское мастерство, вживаются в определенный образ, глубже раскрывают характеры и поступки героев, приобретают новый опыт общения в предлагаемой ситуации. Когда обучающийся на уроке чувствует себя естественно, свободно, всегда находится в действии, в сотрудничестве, неотъемлемой его частью становится практический языковой опыт общения, приобретенный им во время игровых форм работы. Нужно лишь помочь ребенку сделать правильный шаг.

Как гласит древняя мудрость: «Скажи мне, и я забуду. Покажи мне, – я смогу запомнить. Позволь мне это сделать самому, и это станет моим навсегда». Игровые технологии – путь на самоутверждение, самопознание, самореализацию.

## **Литература**

1. Галян С.В. Метапредметный подход в обучении школьников. Методические рекомендации. – Москва, 2014. – С. 5–12.
2. Пташкина В.Н., К.Е. Виноградова. Игровые технологии на уроках русского языка. – Волгоград: Учитель, 2009. – С. 5 – 14.

## **МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ЖОЛЫ**

Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының басым бағдары ретінде анықталған. Осы ретте функционалды сауаттылық ұғымына мемлекет пен қоғам тарапынан ерекше назар аударылады.

Жалпы келгенде функционалды сауаттылық дегеніміз – адамның қоршаған ортаға тез бейімделіп, белсенді әрекет етуі, алған білімін өмірлік жағдайда қолданып, үнемі жетілдіріп отыруы. Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық ретінде тұлғаның алған теориялық білімін іс жүзінде, әртүрлі тапсырмаларды шешу барысында тиімді қолдануын түсінеміз. Бұл дағдыны игерген оқушы еркін түрде математикалық білімнің көмегімен шешуге болатын жаяғдаяттарды анықтайды, оларды тез арада шеше алады, нәтижелерді талдап, тиісті қорытынды шығарады. Сонымен қатар әртүрлі формада кездесетін сандық ақпаратты талдап, негізделген пайымдарға жетеді. Әрине, математикалық сауатты оқушы – кез-келген күрделі жағдайдың шешімін тауып қана қоймай, жалпы жоғары нәтижеге қол жеткізе алады.

Сондықтан еліміз үшін маңызды болып табылатын стратегиялық міндетті шешу жағдайында белсенділі, шығармашыл тұрғыда ойлап, шешім қабылдай алатын, кәсіби жолын таңдай алуға қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын азаматтарды тәрбиелеу маңызды.

Ұлттық іс-қимыл жоспарының мәліметіне сай, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға елеулі әсер ететін факторлардың қатарына оқыту әдістері мен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасы жатқызылады.

Осы орайда аталған мақсатқа қол жеткізу мақсатында математика сабағында бірқатар қызықты тапсырмаларды сабақ барысына енгізу, ақпараттық-коммуникативті технологияларды белсенді қолдану, оқыту формаларын алмастыру секілді шаралар қолға алынған. Сонымен қатар, ұстаздар өз тәжірибесінде белсенді технологияларды енгізуге талпынады. Солардың бірі – Ж.Қараев ұсынған оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі педагогикалық технологиясы.

Деңгейлеп оқыту технологиясы ақпаратты өз бетімен ізденуге, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыландырады. Әсіресе, математика сабағында оқушы ойын тұжырымды жинақтап, шамасына қарай дұрыс жауап беруге, есеп шығаруға қалыптасады. Сонымен қатар, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасау арқылы оқушының өзіндік жеке жолы, даму динамикасы, ынтасы, ойлауы, есте сақтауы, оқу сапасы арта түседі, әр оқушының ой – өрісі кеңейеді және білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде стандарт бойынша жұмыс жасай алатындығында.

Бірінші деңгейде жалпыға бірдей стандарт білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Бұл деңгей тапсырмаларымен сынып оқушылары толықтай жұмыс жүргізе алады. Алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықтардағы есептерге байланысты құралады. Есептер көп ойлауды, ізденуді қажет етпейді.

Мысалы, 5-сыныпта «Натурал сандарды көбейту және бөлу» тақырыбында тең қосылғыштардың қосындысын көбейтінді түрінде жазуға болатынын, көбейтілетін сандар көбейткіштер деп, ал көбейту нәтижесінде шыққан сан көбейтіндінің мәні деп аталады. Санды бір санына көбейтсе не бөлсе, сол санның өзі шығатынын біледі. Егер көбейтіндінің бірі 0-ге тең болса, онда көбейтінді де 0-ге тең. Бөлу мен көбейту өзара кері амалдар екенін баса түсіндіру. Осы ережелерді басшылыққа алып есеп шығарады.

Екінші деңгейлік тапсырма бойынша есептер күрделене түседі. Онда оқушы өзі ізденіп, мұғалімнің түсіндіруімен қабылданған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, өз бетімен жұмыс жасауға көшеді. Бұл оқушының бойында ойлау, таным дағдыларын қалыптастыра бастайды.

Мысалы, натурал санды көбейту, натурал сандарды бөлу, бөлудің негізгі қасиеттерін пайдаланып, ережеге сүйене отырып өрнектің мәнін тауып, кестелермен жұмыс сияқты есептерді шығарады.

Үшінші деңгейлік тапсырма – танымдық-іздену жұмыстары. Оқушылар қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, дұрыс жауап беруге дағдыланады. Бұл саты – талантты, қабілетті, дарынды, ізденгіш оқушыларға арналған саты.

Мысалы, теңдік тура болатындай жұлдызшаның орнына тиісті цифрларды қойып, бөліндінің негізгі қасиетін пайдаланып әріптің теңдік тура болатындай мәнін табу, көк түсті қоршаудағы логикалық есептерді шығара алады.

Оқытудың осы үш өлшемдік әдістемелік жүйесі мұғалімнің шығармашылық қызметін шындай түседі.

Жалпы жоғарыдағы айтылған әдіс-тәсілдер барысында оқушы іс-әрекетіне тоқталсақ:

1. Мақсат қоюға үйретеді.
2. Әр нәрсеге деген өз көзқарасы қалыптасады.
3. Бұрынғы білетіндерін салыстырады.
4. Бірігіп жұмыс жасайды.
5. Бір-бірімен тіл табысады, келісімге келуді үйренеді.
6. Қорытынды жасай алады.

Айта кететіні, ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап Қарағанды облысы білім басқармасының жоспарына сәйкес облыс аймақтарындағы барлық білім беретін мекемелерде пәнаралық апталықтар өткізілген болатын.

Жоспарға сай 25-30 қаңтар аралығында «Математика айналамызда» атты математикалық сауаттылық апталығы өтті. Апталықтың басты мақсаты: математикалық мәдениетті қалыптастыру, математикалық сауаттылықты дамыту, ашық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы педагогтер мен оқушылардың кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Апталықтың әрбір күнінде бекітілген жоспар бойынша мазмұнды іс-шаралар жүргізілді. Апталық «Әлем математика тілімен бейнеленген» тақырыбында саптық жиынмен басталды. «Математика адам өмірінде», «Сиқырлы сандар сыр шертеді» сынып сағаттары, «Мен және менің отбасым» жоба байқауы, «Мен математикамен доспын» сөзжұмбақ, ребустар сайысы, «Менің өмірімдегі математика» шығармашылық жұмыстар, «Өнегелі өмір жобасы аясында» математика саласындағы қызметкерлермен кездесу ұйымдастырылды.

Апталық барысында алдағы күндері математика ғылымының ашылуы жайлы фильмдер көрсетіліп, танымдық іскерлік және квест ойындары, конференция өткізілген болатын.

Бұл шаралар облыс ұстаздары мен оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытуға айтарлықтай септігін тигізді.

Қорыта келе оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан болашақ тізгінін ұстайтын ұрпақтың функционалды сауатты болуын басты назарда ұстауымыз керек.

#### **Әдебиеттер:**

1. ҚР білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары
3. «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар», Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова, 2014 жыл
4. «Математиканы оқыту әдістемесі», Бейсеков Ж., Рахымбек Д.
5. «Ізденіс» облыстық педагогикалық газеті, №2-192 от 28.01.2021

Тусупханова Б.А., Туткушева Б.Т.

«Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп - гимназиясы» КММ, Шет ауданы

## АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Білім саласындағы тың мәселелердің бірі – қашықтықтан оқыту. Жалпы «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсақ, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.


Біз АКТ толық меңгердік, яғни POWER POINT, EXCELL, компьютердің барлық функционаларын толық қолдана аламыз, АКТ сауаттылығымыз жоғары деп ойлап жүрдік. Қашықтықтан оқытуға көшкен сәттен бастап талай қиындықтарға тап болдық және оны шешу жолдарын іздестіре бастадық. Әсіресе ауылды жердегі мұғалімдер мен білім алушыларға өз қиындығымен келді. Қандай қиындық дейсіз ғой? Мұғалім бойындағы үрей, қалай оқытамын, қандай құрал арқылы оқытамын деген сұрақтар, ата – ананың қорқынышын қалай сейілтеміз деген көп сұрақтар мазалады. Интернет желісінің қолжетімсіздігі, интернет жылдамдығының аз болуы, құрылғылардың жоқ болуы, т.с.с. Алайда информатика дәуірі басталғандықтан, бір орында тұра алмағандықтан, заман талабына ілесу мақсатында, кәсіби дамуға ұмтылдық. Осы проблемадан шығу үшін, мұғалімдер бойындағы қорқыныштан арылту үшін мектеп әкімшілігі тарапынан қандай көмек көрсетілді? Біздің тарапымыздан біріншіден, теориялық жағынан түсіндіру жұмыстары жүргізілді (онлайн семинар, вебинар, шеберлік сыныптар, ОӘО ұйымдастыруымен workshop-тар), екіншіден ZOOM платформасында сабақ жүргізуді, толық функцияларын қолдануды, видео сабақ жасау жолдарын түсіндірдік (KineMaster, inshort, презентацияны видеоға айналдыру, Bandicam), үшіншіден, каналдар ашуды, видео сабақтарын youtube каналдарына жүктеуді үйреттік, төртіншіден онлайн сабақтарын СДОТ платформасы арқылы жүктеуді және EDUMARK қосымшасы арқылы орындап жіберуді ата – аналар мен оқушыларды машықтандырдық. Жүргізген жұмысымыздың нәтижесі Республикалық «Өрлеу» АҚ ұйымдастыруымен ҚЗ БЖҒМ «Қазақстанның үздік педагогтарының эстафетасы: Виртуалды білім беру бағдары» жобасы аясында ІІ,ІІІ топтарда 13% педагог өз іс – тәжірибесімен бөлісті.

Өз іс – тәжірибемізде және педагогтердің қолданып жүрген бірнеше практикалық жұмыстарға тоқталсақ.

**liveworksheets.com** платформасыағылшын тілі пәні мұғалімдеріне өте қолайлы, және де платформада әр тақырыпқа қажетті тапсырмалар өте көп десек артық болмас, осы платформаның көмегімен, оқушыларыңыздың деңгейіне қарай өзіңізге қажетті тапсырмаларды құрастыра аласыз және де бір артықшылығы қалыптастырушы және жиынтық бағалау жүргізуде зор мүмкіншілігі бар.

Бұл платформаның басқа платформадан қандай айырмашылығы бар?

Біріншіден сіз өз уақытыңызды үнемдей аласыз. «қалай?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Оқушыға сіз жұмысыңызды жібергеннен кейін, оқушы орындап болған соң бірден оқушының балын біле аласыз. Яғни, оқушы өзінің де балын бірден көре алады. Осы жерде оқушының да сұрағы болмайды, себебі ол өзінің қатесін осы жерде көре алады. Сонымен қатар бұл платформаны пайдалану арқылы сіз бір жиынтық жұмысыңызға, бірнеше тапсырма түрін қолдана аласыз оның ішінде бір дұрыс жауапты тапсырма, сәйкестендіру тапсырмасы, бос сөздің орнын толтыру тапсырмасы және де аудио жазба, видео жазбаны қолдануға болады. Сонымен қатар, аудио жазбаның ішіне дайын видеоларды жүктеу арқылы сіз тапсырмаңызды өте қызықты етіп жасай аласыз. Яғни, оқушының деңгейіне қарай, оңайдан қиынға бағытталған тапсырмаларды топтастыруға әбден мүмкін және де сізге әдістемелік кешеніңіз дайын тұрады. Әр бір жиынтық бағалауыңызды «жиынтық бағалау кітапшаңыздың» ішіне орналастыруыңызға болады және оқушыларыңызды тіркеу арқылы сіз өз жұмысыңызды тағы да жеңілдетесіз. Яғни,



оқушыларға тапсырманы тек сілтемемен жіберіп отырасыз, сонымен қатар бір сыныптың базасын әзірлей аласыз. Енді практикалық кезеңін көрсетсем Google- дан liveworksheets деп жазамыз, жазған кезде бізде liveworksheets.com шығады. Платформаның тілін орыс тіліне ауыстырып алдым, сіздерге түсінікті тілде, сонымен жоғары жақта орналасқан «белсенді жұмыс парағы» батырмасын басқанда ағылшын тілі пәніне қажетті материалдар шығады. Тақырыпқа сай тапсырманы табу үшін «белсенді парақтарды іздеу» деген

батырманы басып сол жерден сабаққа қажетті дайын материалдарды ала аласыз. Мысалы, қалыптастырушы немесе жиынтық бағалау алғымыз келсе тапсырманы өзіміз қалауымызға қарай бірнеше тапсырма түрін жасай аламыз. Ол үшін «Makeinteractiveworksheets» батырмасын бассaq, ол жерде жазбаша не видео түрінде нұсқаулық берілген. Түсінікті болу үшін қазақша нұсқаулығын бірге түсініп, бірге жасайтын боламыз. «Getstarted» деген батырманы басып, дайын жұмысты жүктейміз. Осы жерден «Uploadyourworksheets» басқан кезде «файлды жүктеу» шығады сол жерден өзіміздің pdf немесе wordформатында сақтап қойған бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмасын ашып, тілді ағылшын тіліне ауыстырып әр тапсырмаға ағылшын тілінде жасау нұсқаулығын жазамыз.

Тарих пәні бойынша мысал ретінде «Терімші - аңшылардан бастап, егіншілер мен мал өсірушілерге дейін» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмасын құрастыру бойынша сәйкестендіру тапсырмасын мысал ретінде көрсетейік. Ол үшін тілді ағылшын тіліне ауыстырып аламыз. Ежелгі адамдарды сәйкестендіріңіз. Осы жерде ағылшын тілінде join (қос, сәйкестендір деген мағынада). join:1, join:2, join:3, join:4. деп жазып шығамыз, осы жерде ескеретін нәрсе join – нан кейін ешқандай пробел қоймаймыз бірден санды түсіреміз. Әр бір сәйкестенуі керек сөздің үстін басып белгілейміз. Сәйкестенуі керек нұсқалардың номері бірдей болуы керек.

Мысалы: Алғашқы адамдар туралы жиынтық деп жазып saveбатырмасын басамыз. Сақталғаннан кейін сілтемесі шығып тұрады, егер оқушыларға бергім келсе «сору» сөзін басып, оқушылардың ватсабына жіберуге болады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін finish сөзін басу керек сол кезде бірден жауабын көруге мүмкіндік бар және де мұғалімнің жеке парақшасына жіберуге болады.


Бұл жерде балалардың жауабы бірден шығады. Мысалы: 10 балдың бала 6 балын алды деген сөз. Бұл платформа арқылы біз біріншіден тексеріп отыруға уақыт жібермейміз. Екіншіден бала автоматты түрде өзінің орындаған жұмысына кері байланысын ала алады және де қай жерде қате жібергенін көре алады.

<https://quizizz.com/profile/602b459e9a88c2001cd010f4>.

Ранг	название	Точки
1	Нурхат	1750
2	Сабина	1710

Quizizz программасы арқылы оқушылардан қайталау тапсырмаларын тест түрінде жылдам алуға көмектеседі. Оқушылардың тапсырып отырғанын сол сәтте көріп отырып компьютер автоматты түрде бағалап отырады. Қате жіберген жерлерін де көрсетіп отыратын мұғалімдерге қолайлы программаның бірі. Яғни, бұл платформаның ерекшелігі оқушылардың сабақта алған білімін көрсетумен қатар, қызығушылықтарын арттырады. Бұл жерде тест

тапсырмаларын құрастырып, арнайы қалаған уақытыңызды да қойып қоюыңызға болады. Уақыт қою арқылы оқушыларыңыздың ойлау шапшаңдықтарын арттыруыңызға мүмкін береді.



<https://learningapps.org/createApp.php> программасымен орындау өте жақсы нәтижелер беруде. Оқушылардың өздері орындауға да мүмкіндіктері бар. Бұл программада тапсырмалар ұйымдастырудың бірнеше түрлері қарастырылған.

**GoogleForms** [www.google.kz]- бұл сұраныстар мен сауалнамалардың барлық түрлерін ыңғайлы құру мүмкіндігін беретін танымал сервис. Сол себепті де бұл қосымшаны біз кіру сауалнамасына ғана пайдаланып тұрмыз. Дегенмен, бұл қосымшаны өткен сабақты еске түсіру үшін сұрақтар

құрастырып пайдалануға немесе сабақтың соңына кері байланыс алу мақсатында т.б. жағдайларда да қолдануға болады.

"Jamboard"[[www.google.kz](http://www.google.kz)] қосымшасы арқылы сабақтар түсіндірілетін болады. Яғни, сіздер күнделікті сабақта презентацияны қолданып жүрсеніздер, бұл қосымша да тура сол сияқты тек онлайн түрде барлық оқушы немесе мұғалім де бір уақытта жұмыс жасай алады. Яғни бұл жерде кез келген суретті жұмыс үстеліңізден немесе тікелей ғаламтордан жүктей отырып жұмыс жасауыңызға болады.

**Қорыта келе**, “Ел басына күн туса, ер етігімен су кешер” деген сөз бекерге айтылмаса керек. Осы қиын -қыстау кезеңінде “Біз біргеміз!”,”Біз үйдеміз!” деп бір-бірімізге бір ауыздан қолдау көрсетіп келеміз. Өзінің ісімен, өзінің сөзімен егемен еліміздің болашағын ойлайтын, тәуелсіздігін қорғайтын, білімді ұрпақтың тәлімгері біздерге, яғни ұстаздарға қашықтықтан оқыту атты үлкен жауапты іс жүктелді. Бір сөзбен айтқанда заман қанша дамығанымен, бабаларымыздың "Оқығаныңды емес, тоқығаныңды, түсінгенінді емес түйсінгенінді айт" дейтін өмірлік ұстанымынан ажырап қалмауымыз керек. Қай ғасырда өмір сүрмесін ұстаз - адам жан дүниесін зерттеуші, ішкі көкірек көзін оятушы жан ретінде өмір сүреді. Ал, нағыз ұстаз деген есімге ие болып, оны иығыңмен көтеріп, жүрегімен аялай білу әркімнің маңдайына жазылмаған дей келе, офлайн оқуға көшіп, оқушыларымыз әлеуметтенсе.

#### **Әдебиет:**

1. <https://jamboard.google.com/u/0/>

2. <https://quizizz.com/>

3. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

4. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

**Такуова Р.С.**

*КТУ «Кокпектинская ОШ», Бухаржырауский район,  
Карагандинская область*


### **ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА ПОСРЕДСТВОМ ОРГАНИЗАЦИИ ПОИСКОВО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Сущность функциональной грамотности состоит в способности личности самостоятельно осуществлять деятельность учения, а также применять все постоянно приобретаемые в жизни знания, умения и навыки для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах жизни. Перед учителем начальной школы стоят колоссальные задачи: развить ребёнка. Наши задачи направлены на повышение качества знаний учащихся начальных классов, на развитие и поддержание высокой учебной мотивации. Добиться этого можно посредством использования педагогических приемов, направленных на исследовательскую деятельность детей, на умение развивать у них умения анализировать и синтезировать. Таким детям легче учиться в школе, они обладают большими умственными возможностями.

Организация исследовательской деятельности направлена на поддержание высокой учебной мотивации, выработки у них навыков аналитической деятельности, самоконтроля, применения полученных знаний на уроках и в различных жизненных ситуациях, а также на повышение качества знаний у учащихся. Перейдем к обобщению моего опыта по повышению функциональной грамотности учащихся применением исследовательской деятельности. Моим детям нравится, проводит разного вида исследования. Решили исследовать произведения определенной тематики, изучить свою родину по темам «Мой Казахстан», «Мой город», «Моя малая Родина». Исследование оформили в своих дневниках исследователя. На уроках

исследовали произведения на тематику «Мой Казахстан» из школьной программы - (исследование проводили по интересному алгоритму), на внеклассных мероприятиях произведения на тематику «Мой город» брали произведения из других источников, на встречах со старожилками села исследовали произведения на тематику «Моя малая родина». Исследование направили на изучение родного края, на развитие читательской грамотности, следуя поставленным целям.

Составлен алгоритм исследования произведения.



Алгоритм исследования произведения



Дневник исследователя

Завели дневники исследователей для учащихся. Изучив произведение, дети запоминали авторов и название произведения, определяли его жанр, основную мысль, выписывали понравившиеся строчки, составляли вопрос низкого и высокого порядка, выполняли рисунок к определенному эпизоду, также по желанию писали синквейны к определенному заданному слову. Брали слово по теме и исследовали его написание и произношение на казахском и английском языках. В первом и во втором классе дети составляли вопросы низкого порядка. А уже в третьем классе перешли на составление вопросов высокого порядка. В данном алгоритме исследования произведения задания составлены на основе системы учебных целей по таксономии Блума. Первые три задания направлены на целевую категорию, как знание и понимание. В их основе лежит запоминание. Следующие три задания на целевую категорию, как применение и анализ. Без запоминания и знания невозможно использование. Остальные задания направлены на синтез и оценку. Без освоения начальных уровней невозможен анализ и синтез, а без этого невообразима творческая оценка произведения. Такова рода системность дает реализацию поставленных задач. И нам помогла таксономия Блума, которая никогда не теряет своей актуальности. Ей находится применение, так как она предусматривает интерактивность обучения и открытость новым технологиям.

Детям было интересно поделиться своими мнениями друг с другом. В каждом дневнике исследователя накопилось много прочитанных произведений.



Исследование произведения



Выполнение исследования произведения

Дневники исследования получились содержательными и с элементами синтеза и анализа. Для разнообразия знакомства с произведениями применяли разные источники, как школьная программа для изучения произведений о Казахстане, интернет ресурсы для изучения произведений о нашем городе Караганде и самым увлекательным было изучение произведений о малой родине, о нашем селе Кокпекты. Изучение шло через встречи со старожилками села. Ими написаны интересные рассказы. Например, заслуженный старожил села – Бойкова Зинаида Ивановна, проработавшая 40 лет библиотекарем, познакомила со своим рассказом о ветеране войны, о своем отце. Детям было интересно прослушать из уст рассказчика данное произведение.

У детей появилась идея показа своих дневников исследователя друг другу. Так зародилось возникновение Библиотеки исследователя. Обсудили форму макета данного пособия.

Решено сделать в виде карусели. Каждый класс имеет свою книгу, составленный из дневников детей. Всего у нас получилось 12 книг. Каждый ученик мог посмотреть исследование любого ученика. Наша Библиотека находится в общедоступном для всех месте.



Библиотека исследователя

Как и присуще всем исследованиям, наше исследование было и будет интересным для детей. Наши дети умеют анализировать, сравнивать, выбирать, определять, разрабатывать, одним словом, быть исследователями. А мне как учителю, достигать своих целей, как повышать функциональную грамотность своих учеников.

#### **Литература:**

1. Бунеева Е.В., Чиндилова О.В., Яковлева М.А. Уроки литературного чтения в 3 классе. Методические рекомендации для учителя. - М.: Баласс, 2011.
2. Бунеев Р.Н., Бунеева Е.В. Литературное чтение. 3-й класс. («Маленькая дверь в большой мир»). М.: Баласс, 2012.

**Ткачева М.А.**  
*ШЦДО №1, г. Абай*

### **ЦЕННОСТЬ ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ ЗАДАНИЙ НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

*Знание – сила.* Именно знания открывают новые горизонты, развивают, совершенствуют человека. С учётом требований к современному образованию, эта незыблемая истина требует уточнения: *Знание в действии – сила.* Сегодня мы понимаем важность «практического» багажа, т.е. умения оперировать знаниями. Главным становится не «зазубривание» информации, а осмысление самим обучающимся потребности приобрести ту или иную информацию, тот или иной способ деятельности, а также ориентация в том где, когда и как он может применить это новое знание.

Поделюсь некоторыми собственными проверенными методическими открытиями, применимыми к урокам познания мира.

В разделе «Природа моей страны» рассмотрим один из самых сложных подразделов **«Ориентирование на местности»**. Успешность изучения данного подраздела не только закладывает надёжную основу для изучения географии в старших классах, но и развивает естественно научную грамотность обучающихся, являющуюся важной составной частью функциональной грамотности.

В качестве **стартера** рекомендую использовать жизненные ситуации. Например, предложите первоклассникам **ситуацию «Заблудился»** -на доске картинки: дом, растерянный плачущий ребёнок, школа.

- Почему мальчик плачет? Как вы думаете, почему он заблудился? Оказывался ли кто-нибудь из вас в подобной ситуации?

Данная ситуация и вопросы не оставят равнодушными ни одного ребёнка, все вовлечены с первых минут, сопереживают, размышляют.

Далее усложните вопросы:



-Как не заблудиться и вернуться домой? Что вы можете посоветовать?

-Какие ориентиры есть на вашем пути по дороге из школы домой?

Эффективным считается приём «Корзина идей», когда обучающиеся выдвигают собственные варианты выхода из сложной жизненной ситуации. Учитель обязательно фиксирует ответы на стикерах и прикрепляет их к корзине. К ней необходимо вернуться в конце урока и увидеть насколько они были правы, изменилось ли их мнение, что нового они смогли бы внести.

Использование стратегии «Проблемный вопрос» позволяет подвести учащихся к моменту целеполагания.

- Как найти дорогу, если вы заблудились в степи, в пустыне, в лесу?

- Как ориентироваться в незнакомой местности?

- Хотелось бы вам научиться ориентироваться?

Ответ на последний вопрос очевиден, так как дети спроецировали ситуацию на себя.

После того, как обучающиеся самостоятельно сформулируют цель, сообщаем, что без помощников нам в этом трудном деле не обойтись. Находка с «помощниками» - удача. Во-первых, появляется ощущение поддержки, во-вторых, обостряется познавательный интерес, в-третьих, происходит систематизация материала (помощников три).

**Открытие новых знаний** начинаем с ребуса.

-



Первого помощника узнаете, если разгадаете ребус.

Вывод: первый помощник – горизонт.

Далее проводим работу по раскрытию понятия «горизонт» с опорой на имеющиеся знания и практическое упражнение.

- Кто слышал слово «горизонт»?

- Кто сможет объяснить, что такое горизонт?

- Выйдите из-за парт, покружитесь и оглядитесь вокруг себя. Вот ваш горизонт.

- Далеко ли вам видно? Почему?

- Где мы можем увидеть открытое пространство?

- Что же такое горизонт? Как горизонт нам сможет помочь?

Вывод: для того, чтобы научиться ориентироваться, человеку нужно быть внимательным и наблюдательным, хорошо изучить незнакомую местность, а для этого нужно оглядеться вокруг по сторонам.

Так мы подводим к тому, что у горизонта есть стороны.

Для знакомства со сторонами горизонта и их направлением предлагаю следующие упражнения:

а) Упражнение «Я об этом знаю...»


- Возможно, в классе уже есть ребята, которые знают стороны горизонта из прочитанных книг, от родителей?

Вывод: север, юг, запад, восток.

Данное упражнение позволяет проявить себя эрудированным учащимся.

б) Упражнение «Учимся работать со схемами»

Стороны горизонта можно изобразить с помощью круга.



По данной схеме разбираем, где находится север, юг, запад, восток.

Умение работать со схемами – шаг к развитию функциональной грамотности.

Учитывая возрастные особенности детей, **закрепление** рекомендую проводить в игровой форме.

1. Игра «Запоминалка»


1) Учитель показывает карточки разного цвета, учащиеся называют сторону горизонта.

Синяя карточка-север (там холодно), красная-юг (там жарко),зелёная-запад, васильковая-восток (совпадают первые буквы)

2) Учитель называет сторону горизонта, учащиеся – руками показывают направление. Север – вверх, юг-вниз, запад – влево, восток - вправо

### 2.Игра «Навигатор»

- Что такое навигатор? Где используются навигаторы? В чём польза?
- Сегодня, ребята, вы мои навигаторы. Помогите мне.
- Вы должны подумать и поднять нужную карточку.
- Определите по схеме, что находится на севере? Юге? Западе?



детская площадка

- Какую сторону горизонта не назвали? Что там находится?

### Игровую деятельность сменяет мини-исследование «Где север?»

К доске выходят 4 ученика: первый должен повернуться лицом к доске, второй - спиной, третий - правым боком, четвёртый - левым.


- Покажите, где север? Что произошло?Почему?

Вывод: север получился с разных сторон.

В результате мини-исследования перед обучающимися возникает проблема.Для решения данной проблемы,при необходимости, можно задать наводящие вопросы:сколько сторон горизонта нужно определить, чтобы сориентироваться? Почему?

Вывод: достаточно знать одну сторону.

- Круговая схема поможет, когда вы работаете с картой. На карте, действительно, север – вверху, юг-внизу, запад – слева, восток – справа. Но с картами вы ещё не знакомы. А может случиться, что и у взрослого карты не оказалось под рукой.



Переходим к изучению темы «Ориентированию в природе по местным признакам». Обучающиеся должны самостоятельно изучить новый материал. Для этого организую работу, состоящую из трёх этапов, объединённых общей задачей **«Учимся анализировать».**

Вновь звучит проблемный вопрос: как определить в этом случае сторону горизонта?

- В этом случае второй помощник – сама природа – нам подскажет. Только нужно знать эти подсказки-признаки, и на что они

указывают.

1) *Групповая работа.* «Картинку рассмотри - признак и сторону горизонта назови». Синий квадратик обозначает север, красный – юг.

Группа 1: Как по пню определить стороны горизонта?По мху?

Группа 2: По одиноко стоящему дереву?По плодам?

Группа 3: По муравейнику?

Группа 4: По подсолнечнику?По снегу около дерева?

2) *Практическая работа* «Помоги верблюжонку Бота определить стороны горизонта и найти дорогу домой»(работа с иллюстрациями)

Графический диктант: 2 клетки на север, 3 клетки на восток, 4 клетки на юг, 4 клетки на восток, 2 клетки на севере, 2 клетки на запад.

- Какими местными признаками может воспользоваться верблюженок?

После самостоятельного заполнения учитель выводит правильное решение на слайд.

3) *Исследовательская работа в группах* «Компас»

- Сейчас вы узнаете про нашего третьего помощника.

Принципиально важно подробно и понятно разъяснить ход исследования, затем самостоятельное выполнение.

**1. Посмотрите** видео, послушайте песенку-инструкцию «Про компас»

**2. Определите:** 1 группа: какие предметы в классе находятся на севере; 2 группа – на юге; 3 группа – на западе; 4 группа – на востоке.

**3. Объясните** значимость умения ориентироваться по компасу.

Тщательно продуманные задания, стратегии, игры, работа со схемами, различными источниками информации, правильная постановка вопросов при изучении темы (что особенно ценно для молодых педагогов), организация групповой работы, развитие самостоятельности обучающихся, связь с жизнью – ключевые составляющие успешного урока. Современный мыслящий педагог понимает и принимает ценность знания-действия через практико-ориентированные задания, направленные на развитие функциональной грамотности.

#### **Литература:**

1. Алексахина И.Ю. Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся. Издательство: Каро. 2019 год
2. Сорокин Г. Функциональная грамотность. Издательство: LAP LAMBERT. 2010 год

#### **Тойшыбекова С.С**

*Қарағанды облысы білім басқармасының Қарқаралы ауданы білім бөлімінің  
«Талды ауылының №19 жалпы білім беретін тірек мектебі (ресурстық орталығы)»  
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

#### **«БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ»**

Өркениетті дамыған елдер қатарына қосылу үшін заман талабына сай білім беру қажет. Біздің еліміз дамыған елу елдің қатарында терезесін тең ететін ол әрине – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі, білім беру жүйесінің функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру маңызды шарты болып отыр. Қазіргі қоғамның дамуына сай сауаттылық ұғымының да мәні өзгеріп, қойылатын талаптары да күрделенген. Осыған дейін білім алушыларға тақырып бойынша ауқымды мәліметтер беріліп, оны есте сақтау талабы қойылса, қазіргі тұлғаға қойылатын талаптар оқу, жазу, сызу дағдыларымен шектелмей, өмір сүруге қажетті білім мен білікті игеруі, яғни функционалдық сауаттылыққа жету қажеттілігі болып отыр. Функционалдық сауаттылықты дамыту білім беруді дамытудың бағдарламасында нақты көрсетілген. Осыған орай функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында білім беру мазмұны жаңарып, стандарттар, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары, оқулықтар өзгерді. Озық технологиялар зерделеніп, тәжірибеге ене бастады. Бұл дегеніміз ғасыр талабына сай болу дегенді білдіреді. Осыдан кейін функционалдық сауаттылықты қалыптатыру басты міндетке айналды. Функционалдық сауаттылық - білім алушылардың бойында сыртқы ортамен қарым – қатынас жасау қабілеті, жеке бас қабілеттерін дамытудың негізі. Мұғалімдер оқушылардың пәнді терең түсініп, алған білімін сныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді қолдана алуын қамтамасыз етеді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда оқу, жазу сауаттылығы, жаратылыстану ғылыми сауаттылығы, математикалық сауаттылығы және құқықтық сауаттылық мәселелері қарастырылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасында осы аталған функционалдық сауаттылықтар сатылап, спиральды қағидатпен беріледі. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда әр пәннің рөлі ерекше.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру-гуманитарлық бағытындағы пәндер білім алушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты және де логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Біз үшін ең басты мәселе оқыту әдісін дұрыс таңдау. Себебі, жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Мектепте функционалдық сауаттылықты іске асыру пән бойынша сыныптан тыс іс-шаралар өткізуде, практикүм-сабақтарда жүргізіліп келеді. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

сабақтың әр кезеңінде әр түрлі өтеді. Сыныптан тыс іс-шаралар да білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Тек білім ғана бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алады. Сондықтан да мұғалім сапалы білім, ой-өрісі кең тұлғаны қалыптастыру үшін қырық минуттық сабағын жаңа технологияларды қолдана отырып өткізуі керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген білім алушы қоғамның кез- келген саласында қиналмай жұмыс істеп өзінің функционалдық сауаттылығын көрсете алады. Біздің өзекті мәселеміз: жаңа оқыту әдіс-тәсілдері арқылы қазақ тілін меңгерту.

Оқу сауаттылығы-білім алушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Функционалдық сауаттылықтың негізгі мақсаты-мұғалімнің баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Мен өз тәжірибемде білім алушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ауызекі сөйлеуге үйрету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қолданып жүрмін:

1. «Миға шабуыл»
2. «Екі әріп» ойыны
3. «Қара жәшік» ойыны
4. «Сұрақтар жаңбыры»
5. «Суретгі әңгімеле»
6. «Менің сөзім»
7. «Неге? Неге? Неге?»

Қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыс істеу үлкен рөл атқарады, сондықтан мен сабағымда оқушыларға мынадай тапсырмалар ұсынамын:

- Мәтіннен негізгі ойды табу
- Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді түбір мен қосымшасына ажырату
- Мәтінге ат қой

Осындай мәтінмен жұмыс жасауда білім алушылар мұқият оқумен қатар мәтінді қашалықты түсінгенін, ойдың, тақырыптың ашылғанын байқаймыз.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін сабағымда белсенді оқыту, диалогтық оқыту, сыни тұрғысынан ойлау стратегиясы сатылай кешенді талдау, мән беріп оқыту технологиясын қолданып келемін. Мысалы, белсенді оқытуда қысқа әңгіме, ойын түрлері, сөздік ойыны т.б атауға болады. Өзім беретін 2-сыныпта мән беріп оқыту технологиясы бойынша білім алушылардың оқу, тыдау, айту, жазу дағдыларын дамытудамын. Көбінесе топтық жұмыс жасап, достық қарым-қатынасты нығайта отырып, ұлттық бірліктің жарасымна жол ашамын. Сонымен қатар бірге білім алушылардың теориялық білімдерін дамыту мақсатында «Сатылай кешенді талдау» технологиясының тиімді жақтары бар.

1. Білім алушыларға теориялық білім береді.
2. Тілін дамытады.
3. Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, құрметтеуге үйретеді.
4. Ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастырады.
5. Білім алушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

2-сыныпта қазақ тілінің сөз таптары, оның ішінде зат есім туралы өткен кезде сауаттылығын дамыту мақсатында жүргізуге болатын жұмыстар, мысалы: жеке мәтін жазылған парақшалар таратылып беріледі. Соның ішінен бірінші сөйлемнен зат есімдерді табады. Сол зат есімдердің жазылуына мән береді.Талдау жасалынады.

Өздік жұмыс ретінде салт-дәстүрлерге байланысты тиісті суреттерді сәйкестендіру тапсырмаларын және сол суретке байланысты мәтін құрастыру тапсырмаларын беруге болады.

Тест тапсырмаларын құрастыруға болады.

1.Берілген сөздердің ішінен зат есімдерді тап:

- А)Аспан  
Ә)Келді  
Б)Алды

2. Жұмбақтың шешуін тап

Үй үстінде ақ аю билеп тұр

А) аю

Ә) түтін

Б) жел

3. Дұрыс жазылған зат есімдерді тап:

А) бассы

Ә) ұзтаз

Б) дэргер

В) кітап

4. Орны ауыстырылған сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлемді ретке келтіріп жаз:

Асан көп әжелді кітапханадан кітап.

5. Зат есімнің сұрақтарын тап:

А) не істеді? қайтты?

Ә) қандай? қай? неге?

Б) кім? кімдер? не? нелер?

6. Жалқы есімдерді тап:

А) аққу, қалам, Рауан

Ә) Айгүл, бота

Б) Мағжан, Роза, Саягүл

7. Зат есім дегеніміз-

А) заттың сапасын, түсін білдіретін сөздер

Ә) кімге? не? қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздер

Б) заттың атын білдіретін сөз табын айтамыз және оған кім? кімдер? не? нелер? деген сұрақтар қойылады

Осындай көптеген тест тапсырмалары арқылы балалардың өткен тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтауға болады.

Оқыту тәжірибесінің барысы пікірталасқа, білім алушының оқу рефлексиясын дамытуға негізделген және оқыту үдерісінде қолданатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар, рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар білім алушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушылардың бойнда жағдаятты бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, өз ісіне кері байланыс жасай алу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады. Өзім көбінесе осы дидактикалық ойындарды сабағымда көбірек пайдаланамын. Атап айтсам «Қара жәшік», «Екі әріп», «Жолға шығу», «Еске түсіру» ойындары білім алушыларды тапқырлыққа жетелейді. Балалардың еске сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарайды.

Қорыта келгенде, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту- бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Мұғалімнің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі ұстаздың алдынан шыққан оқушы өмірде өз жолын дұрыс табады, азамат болып қалыптасады.

Функционалдық сауаттылық адамның алған білімін сауатты пайдалана алуы және үнемі жетілдіріп отыру үдерісі. Ұлттық білім беру жүйесін өзгертуге мұғалімнің ықыласы, оның ұмтылысы және маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуі жетістікке жетелейді.

### Әдебиет:

1. Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбетова. Қазақ тілі оқыту әдістемесі. Алматы «Атамұра», 2017

2. А.Қ. Рауандина. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Алматы, 2010.

3. Педагогикалық шеберлік орталығы. Үлестірме материалдар. Астана, 2016

## **САПАЛЫ БІЛІМ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

«Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы»  
Қасым-Жомарт Тоқаев

«Бүгінгі жас ұпрақ – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы», - дейтін дана халқымыз қашан да бала тәрбиесіне ерекше назар аударған. Қазақ халқының ұлы даналары- Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Абай Құнанбаевтар қазақ балаларының сауатты болуы үшін бар өмірін білім мен ғылымға арнады. Сол сара жолды жалғастырып келе жатқан ұстаздар қауымына қойылатын талап та жоғары.

Заман ағымына сай білімді, сауатты, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін ең алдымен ұстаздың өзі білімді болуы шарт. Мектеп бағдарламасымен шектеліп қалмай біз де үнемі ізденісте жүреміз. Бүгінгі таңда дәстүрлі форматтағы білім беру тетіктерімен қатар функционалды сауаттылықты қалыптастырудың да берері мол.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы жоғарғы деңгейде болу үшін, бір сабақ екіншісіне ұқсамайтын танымды, қызықты, ой салатын, есте сақтап қалатын, ең бастысы баланың жеңіл қабылдауына ыңғайлы болуы заңды. Себебі, сыныптағы оқушылардың мінез-құлқы, тәрбиесі, ата-анасымен қарым қатынасы, білімге деген құштарлығы әр түрлі. Сондықтан, оқушы сабақ барысында ұстаздың берген білімін қағып алып, бойына сіңіріп алуы үшін жан-жақтылық қажет.

Әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндерінен оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру жұмыстарын жүргіздік, оның

**Негізгі мақсаты:** бастауыш сыныптарында білім алып жатқан оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру жолдарын анықтау, оқушылардың мәтін мазмұнын жетік меңгеріп, оны түсінуге, жаңа тақырыптан алған әсерін баяндай алуына, өз ойын ашық айта алуына мүмкіндік беру.

Функционалды сауаттылықтың

**Негізгі міндеті** – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.


Бүгінгі білім мен ғылым алға жетелеген заманда бастауыш сыныптарының оқушыларын жан-жақты, зейінді, зерделі, дарынды да талантты тұлғаларды қалыптастыру жолында білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу басты міндет. Ол үшін жаңа талаптар қойылуда.

Осы орайда ұстаздық мамандықты хирург мамандығымен салыстырғымыз келеді. Себебі, ота жасағанда хирургқа мүлт кетуге болмайды. Оның іс-әрекеті науқастың өміріне тікелей байланысты болады. Тіпті ойланбай жасалған әр іс-қимыл оның мүгедек болып қалуына алып келеді. Ұстаз да баланың өміріне соншалықты жауапты. Оқушының дұрыс бағытта тәрбиеленуі, өзінің жеке тұлға болып қалыптасуына ұстаздың қосатын үлесі үлкен. Егер оқу үдерісі, балаларға білім мен білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижесі көп күттірмейді.

Біз өз сыныбымызда функционалды сауаттылықты арттыруда бірқатар эксперименттер жасап келеміз. Сол эксперименттердің арқасында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты, жаңа тақырыпты түсінуі, өз ойын еркін жеткізу, сипаттау, алған әсерімен бөлісу, сыныптастарын бағалау, бәсекелестікке дайын болу, психологиялық жағынан төзімді болуға мол септігін тигізеді.

Мысалы, қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабағында бірден бірнеше бағытты қолдану арқылы көздеген нәтижеге қол жеткізуге болады. Қазіргі таңда сыныпта 3 сыныпта 16 оқушы білім алып келеді. Жаңа оқу жылы басталғалы біртіндеп сабақтардың өту барысын функционалды сауаттылық бағытта өткізіп келеміз. Жаңашылдықтың нәтижесі көз қуантарлық. **Осы уақытқа дейін үздіктер – 5, орта оқитындар-8, үлгерімі төмен оқушылар – 3 болған.**


Функционалды сауаттылық бағдарламасы бойынша сабақтар жүргізіліп нәтиже төмендегідей өзгерді, **үздік оқушы - 8, орта оқитындар саны – 6, үлгерімі төмен - 2.** Функционалды сауаттылық арқылы біздің оқушылардың сабаққа деген көзқарасы өзгергенін байқау қиын емес. (Диаграмма)



Мысалы, әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың сабақ үлгеріміне байланысты «Джигсо» әдісі қолданылып оқушыларды үш топқа бөліп «Ертегі айтып берші» тақырыбында қызықты пайдалы әрі танымдық сабақ өттік. (1 сурет)



Сабақ барысында балалардың топтағы сыныптастарымен қалай жұмыс жасайтынын бағалауға мүмкіндік берді. Үш топ та өздерінің жақсы көретін ертегілерін баяндап, ондағы ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерімен мінез-құлықтарына өзара талдау жасады. Бұл жерде біз «Сұрақ қою-қайтадан сұрақ қою» әдісін қолдандық. (2 сурет)



Үш топтың оқушылары «Толағай», «Бауырсақ», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Қызыл телпек», «Үш аю», «Алдар көсе» ертегілерінің кейіпкерлерін жоғары деңгейде орындап шықты. Ертегі біткеннен кейін бір-бірін бағалады, өзін ерекше қырынан көрсеткен оқушыларға жақсы баға қойылды.

Ал «Ыстық орындық» әдісінде әр топтан бір оқушы шығып өз ойын айтып, тақырыпты қорғады. Бұл әдіс оқушылардың креативті ойлауға, көпшілік алдында еркін сөйлеуге, өз ойын қорғауды үйренуге өз септігін тигізеді.



Сабақ бітуіне 5 минут қалғанда әр оқушыға стикер таратып берілді, олар сол қағазға сабақтан алған әсерлерін жазды. Бұл әдіс оқушыны жауапкершілікке, өз ойын қағаз бетіне түсіруге үйретеді. Бұл әдіс арқылы оқушылардың ертегі кейіпкерлеріне сыни көзбен қарап, олардың іс әрекетіне деген көзқарасын жеткізу арқылы оқушыны қиялдауға, мейлінше өзін еркін

сезініп, өз ойын ашық айтуға көмектеседі. Оқушылар өздері ұнатқан кейіпкердің жақсы және жағымсыз іс-әрекеттерін айтып, оған талдау жүргізді. (3 сурет)



Әдебиеттік оқу сабағында оқушылар жыл мезгілі, табиғат көрінісін сипаттауды, суреттеуді, туған жердің табиғатының әсемдігін баяндай білуді, Отанға деген сүйіспеншілікті сезінуіне жол ашты. Мұндай әдіс баланың санасын жандандырып балалардың өз еліне деген махаббатын арттырады. Оқушылар осы арқылы төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешуге дағдыланады. Өздеріде қайсар да ер жүректі, батыл да батыр болуға тырысады. Балалар ертегі әлеміне саяхат жасауы үшін сынып та тақырыпқа сай плакаттар мен оқушылардың өзі салған суреттермен безендірілді.

Тағы бір әдіс - **бағалау**. Үш топтың оқушылары өздерінің ертегілерін баяндап, олардың іс әрекеттерін айтып, егер өзі сол кейіпкердің орнында болса, қалай әрекет ететін айтып беру керек. Ол үшін оқушының өз нұсқасы болуы тиіс. Бұл тәсіл, оқушының қиялдай білуге, ойлана алуы үшін таптырмас мүмкіндік.

Функционалды сауаттылықтың тағы бір ерекшелі бар. Ол – бір сабақта бірнеше пәнді біріктіруге болады. Мысалы, әдебиеттік оқу пәнінде біз қазақ тілін де қоса алдық. Кейіпкерге сипаттама берген кезде оған сұрақ қойып, сөйлем мүшелерін де бір еске түсіріп алдық. Бұл тәсілді қазіргі таңда ұстаздар қауымы - **«Фрейер моделі»** деп атайды.

Сабақтан шыққан алған әсерлерін отбасы мүшелерімен бөлісіп, келесі күнгі сабақты асыға күтетін болады. Себебі, мұндай дәстүрлі емес сабақтар дәстүрлі сабақтарға қарағанда айтарлықтай жақсы әсер қалдырады. Мұны өзіміздің сабақтарымызда қолданып, көз жеткізіп келеміз.

«Елу жылда ел жаңа»- демекші қай салада болмасын жаңашылдық керек-ақ. Дәстүрлі білім берумен қатар жаңашылдықтар енгізу білім сапасына жақсы әсер етпесе зияны жоқ. Жас ұстаз ретінде ізденіске қашан да құлшынысымыз жоғары. Біз тәрбиелеп отырған оқушыларымыздың білімді әрі білікті болуы үшін ұстаздар қауымы аянып қалмасы анық. Жаңашылдықтан алған әсеріміз ұшан теңіз. Сабақ беру форматы өзгергендіктен, оқушылардың да сабақ үлгерімі жақсарып, ең бастысы – балалар жаңа тақырыптарды тез меңгеріп келеді. Бұл көрсеткіштер ұстаз үшін аса маңызды.

### Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
2. <http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері
3. К.С.Құдайбергенова «Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында»- А: «Принт АСС»
4. Н. Н. Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 қаңтар
5. К.Өстеміров, А.Айтбаева «Қазіргі білім беру технологиялары» - А., 2006ж.



**Тулеубекова Толқын Магаунияевна**  
 “С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп гимназиясы” КММ,  
 бастауыш сынып мұғалімі, Балқаш қаласы

## МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ

... Жастарға сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық- әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне баса көңіл аудару керек.”  
 Н. Назарбаев


Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жағдайында қоғамға функционалды құзыретті, нәтиже үшін жұмыс істей алатын, белгілі бір әлеуметтік маңызды жетістіктерге қабілетті адам қажет. Осы қасиеттердің барлығы мектепте қалыптасады.

Математикалық сауаттылық дегеніміз, бұл білімді мектеп бағдарламасының талаптары шеңберінде игеруді емес, математикалық білімдер мен дағдыларды функционалды қолдана білуді білдіреді.

Жалпы алғанда, бастауыш сыныпты аяқтаған оқушының білім сапасы орта буынға барғанда төмендейтіні де алаңдатады. Сонда біз оқушыларды қандай бағытта дамыта алмай отырмыз? Білім сапасының төмендеуіне не себеп?

Осы сұрақтар жауабын табуда көптеген әдебиеттерді қарастырып шықтым. “Білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастық (International Association for the Evaluation of Educational Achievement – IEA) беделді халықаралық зерттеулерінің бірі болып саналатын TIMSS-2015 (Trends in Mathematics and Science Study) математикалық және жаратылыстану ғылымдары білімінің сапасын халықаралық зерттеуінің нәтижелерін” қарастырдым. Осы зерттеулер қорытындысы бойынша біздің мемлекетіміздің 4-сынып оқушылары зерттеуге қатысқан 49 елдің ішінде 8 және 12-орындар иеленгені анықталған. Бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда үлкен жетістік. Дегенмен математика пәнінен кейбір тапсырмаларды орындауда біздің еліміздің оқушылары Сингапур мемлекеті оқушыларының деңгейінен артта қалғаны байқалады. Сол себепті бастауыш сыныптан бастап, оқытудың бастапқы кезеңінде бастысы әр баланың талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, жіктеу, қорытындылау, жүйелеу, жоққа шығару, шектеу сияқты логикалық әдістердің көмегімен ойлау қабілетін дамыту. Міне, оқушылардың осы қабілеттерін тексеру мақсатында сыныпта алынған жұмыста төмендегідей көрсеткішті анықтадым.

	талдау	синтез	салыстыру	жалпылау	жіктеу	қорытындылау	жүйелеу
Жоғары	4%	3%	12%	15%	18%	5%	8%
орта	18%	12%	24%	21%	21%	18%	12%
Төмен	78%	85%	64%	64%	61%	77%	70%



Осы талдау нәтижесіне сүйене отырып, өзім алған бастауыш сыныптан бастап, сабақта және оқушылар білім, білік, дағдыларын тексеру барысында математикалық сауаттылықты дамыту қажеттігін анықтап, тапсырмалар дайындап қолдана бастады.

Сыныбымдағы оқушыларға берілген тапсырмаларды деңгей бойынша ұсындым.

### Оқушылардың төмен деңгейіне ұсынылған тапсырма үлгілері:

“Алты мың алпыс саны былай жазылады:


A) 660 B) 6060 C) 6006 D) 60060

800 000 : 1 000 мысалының мәнін тап:

- A) 8 000      B) 80      C) 800      D) 80 000

Оқушылардың диаграмманы оқи алу қабілетін тексеру мақсатында төмендегідей тапсырма ұсындым.

“Ертенгі ауа райы туралы ақпарат табу үшін сайтқа кірген адамдар санын анықта. Аптаның әр күні қанша адам кірген?”



**Оқушылардың орташа деңгейіне ұсынылған тапсырма үлгілері:**

Қыздар сандар жасырды. Өрік пен Зейнептің ойлаған сандарында жүздіктер цифры бірдей, ал Ләйла мен Зейнептің ондықтарының цифры бірдей. Майрақандайсаноылады?



Май 5 литрлік құтыларда сатылады. Аспазға 37 литр май керек. Оған қанша құты сатып алу керек?

- A) 5 B) 6      C) 7      D) 8

Ұзындығы 32 метр болатын арқанды екіге бүктеп, осы жерден кеседі, тағы екіге бүктеп, осы жерден кеседі. Осы арқанның әр бөлігі 2 метрден болғанша бөлу керек болса, неше рет кесу керек?

- A) 5      B) 4      C) 6      D) 8

Оқушылардың кестемен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

Кестеде 6 адамға құймақ пісіруге қажетті азық түлік мөлшері көрсетілген.

Азық-түліктер		Азық-түліктер	
Жұмыртқа	4	Жұмыртқа	2
Ұн	8 кесе	Ұн	___ кесе
Сүт	$\frac{1}{2}$ кесе	Сүт	___ кесе

Келесі кестеге Серік 3 адамға құймақ пісіру үшін қанша азық түлік жұмсайтынын жаз. Кестеде жұмыртқа саны көрсетілген.

**Жоғары деңгейге** арналған тапсырмалар үлгісі.

Бұл деңгейге көбінесе есептерді таладй отырып шығару дағдысына арналған есептер жинағын ұсынуға болады.

Тәрелкедегі құрттың саны - екі таңбалы сан. Осы құрттарды 2, 3 және 5 балаға тең бөліп беруге болады, бірақ 4 балаға тең бөле алмаймыз. Тәрелкеде неше құрт жатыр.

2. Абай, Мұқтар, Олжас, Қасымның шығармалары жазылған кітаптарды сөреге орналастыру керек. Абай шығармасы бірінші тұратын, Олжас пен Қасымның шығармалары қатар тұратындай етіп, осы кітаптарды неше түрлі әдіспен орналастыруға болады?

Оқушыларды **өмірлік жағдаяттарға** байланысты берілген есептер қызықтырады. Осы тұста Блум таксономиясы бойынша оқушылардың алға қарай ілгерілеуін байқауға болады. Ол үшін төмендегідей тапсырмалар ұсынамын.


1 - тапсырма. “Кассалық аппарат”

Қазіргі таңда жолаушылар кассалық аппарат арқылы жол жүретін карталарына ақша толтыра алады.

Осындай аппараттың экранында ақпарат жазылған:

Саматта 70 теңге тиынмен (10 және 5 теңге) - 8 монета және 2200 теңге бар.

Тұтынушы күніне:  
● 3000 теңге  
● 300 тиын енгізе алады.



6      2      4      1

1 - сұрақ. Саматтың барлық қолдағы ақшаларын қолданып, сандық өрнектер құрастыр.

**Бағалау критерийі:**

4 амалмен жазылған өрнек жазады (мысалы: $10 \times 6 + 5 \times 2 + 50 \times 4 + 200 \times 1$ ). көбейтінділерді кез-келген ретпен жаза беруге болады. Сол сияқты көбейту таңбасын да әртүрлі қоя беруге болады	1 ұпай
Егер басқа жауаптар берілсе, немесе жауап берілмесе	0 ұпай

2 - сұрақ. Саматтың қолындағы ақшаларын қолданып, екі күнге 1270 теңге салу керек болса, оны қандай төлемдер арқылы төлей алатынын түсіндір.



6    2    4    1

**Бағалау критерийі:**

Бірінші және екінші күндері ақшасын қалай бөліп төлейтіні толық көрсетілген. Мысалы: күні: 500 $200 + 10 \times 6 + 5 \times 2$	2 ұпай
Түсіндірме толық емес, онда бірінші және екінші күндері қанша ақша төлейтіндері жазылмаған. Оқушы барлығы екі күнде төлейтін ақшаны көрсетеді. Мысалы: күні: 1 - күні: 500 теңге, 2 - күні: 270 теңге деген түсіндірмесіз жауаптар.	1 ұпай
Басқа жауаптар немесе жауап жоқ болса	0 ұпай

Осы тапсырманы орындағанда:

	сұрақтың тапсырма сипаттамасы	сұрақтың тапсырма сипаттамасы
Мазмұны	Санау	Санау
Құзыреттік	Тұжырымдау	Тұжырымдау
Мәнмәтін	Өмірлік жағдаят	Өмірлік жағдаят
Тапсырма орындау деңгейі	1	2
Жауап форматы	Қысқаша	Толық
Тапсырма сипаттамасы	натурал сандармен есептеулер жүргізу, тапсырманың шартына тиісті натурал сандармен өрнек құру	натурал сандармен есептеулер жүргізу, нәтижені есептеу үшін арифметикалық амалдың мағынасын түсіну
Қосымша сипаттамалар	Әмбебап сипаттағы әрекеттер тексеріледі: шешу барысын жоспарлау, амалдар ретін анықтау.	Әмбебап сипаттағы әрекеттер тексеріледі: қорытынды жасау.

Алдында қойылған сұрақтарға жауап беруде осындай тапсырмалар құрастыра отырып, сыныпта оқушылармен орындауды жолға қойдым. Бұл тапсырмалардың сапа көтеруге де септігі тиетіндігін байқадым. Сондықтан барлық әріптестеріме математикалық сауаттылыққа арналған мазмұнды тапсырмалар құрастыруды ұсынамын.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.
2. “Қазақстанның TIMSS-2015 зерттеуіне қатысу нәтижелері”, 2017 жыл, Ұлттық есеп/ С.Ырсалиев, А.Құлтұманова, Б.Қартпаев, А.Байгулова, Б.Ысқақов - Астана: «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2017, 35-37- беттер.
3. “Функционалды сауаттылық” презентациясы, интернет ресурсынан <https://infourok.ru/funkcionaldi-sauattili-atti-prezentaciya-245>

## **РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

В настоящее время в Республике Казахстан происходит становление новой системы образования, которая ориентирована на вхождение в мировое образовательное пространство. Обновление содержания образования ставит перед собой главную цель: воспитание нового поколения. Школа должна подготовить конкурентоспособного, инициативного, коммуникабельного, творческого, думающего человека. Такой современный ученик должен быть не только обладать знаниями, т.е. быть грамотным, но и уметь применять эти знания.

Рассмотрим определение понятий «общая грамотность», «функциональная грамотность».

Общая грамотность подразумевает под собой способность обучающихся читать, писать, понимать, осуществлять простые арифметические действия. Функциональная грамотность – способность человека вступать в отношение с внешней средой и максимально быстро адаптироваться в ней. Отличительной особенностью функциональной грамотности заключается в минимальном уровне знаний, умений и навыков, который обеспечит в последующем нормальное взаимодействие личности в социуме [1].

Наиболее актуальными видами функциональной грамотности являются следующие: грамотность в чтении и письме, естественных науках, математическая, языковая, компьютерная, информационная, правовая, финансовая, культурная грамотности и т.д.

Функционально грамотная личность – это человек, который легко адаптируется в любой нестандартной жизненной ситуации, самостоятельно принимает решения, умеет доказывать свою точку зрения, непрерывно обучается, хорошо владеет и совершенствуют свою речевую деятельность, коммуникабельный, готов идти на компромисс, находить единые решения, пользуется инновационными технологиями [2].

В начальной школе процесс развития функциональной грамотности осуществляется средствами учебных предметов, опирающийся на предметные знания, умения и навыки, осуществляется на основе улучшения навыков мышления. Перед учителем начальных классов стоит огромная задача: развивать умения каждого младшего школьника мыслить с помощью таких логических приемов, как анализ, синтез, оценка, сравнение, обобщение, классификация, систематизация, умозаключение. Важно не забывать развивать коммуникативные способности младших школьников, умение взаимодействовать с другими, умение контролировать собственные эмоции.

Учебные программы остро ставят перед учителем задачи совершенствования учебного процесса, обеспечения эффективного усвоения знаний, формирования функциональной грамотности, развитие творческого и критического мышления младших школьников. Задача учителя начальных классов состоит в том, чтобы сформировать основы функциональной грамотности, так как за период начального обучения школьники овладевают всеми видами речевой деятельности – чтение, письмо, слушание и говорение. Для успешного решения задач учителю необходимо знать, принимать во внимание индивидуальные и возрастные особенности обучающихся. Опираясь на эти знания в учебном процессе, строить работу по формированию функциональной грамотности младших школьников.

При достижении цели по развитию функциональной грамотности педагогу необходимо построить учебный процесс так, чтобы обучение имело деятельностный характер. Учебная деятельность обучающихся должна быть построена так, чтобы каждый учащийся самостоятельно находит ответ на вопрос, «открывает» знания из практической деятельности. Важно, чтобы каждый школьник был ответственным за свою работу. Педагогу необходимо научить младших школьников работать в сотрудничестве. Роль учителя заключается не только в контроле деятельности обучающихся. Важно вовремя оказать обучающемуся помощь, устранить трудности и пробелы в познании и применении знаний. Современные методы позволяют учителям оказывать практическую помощь в решении профессиональных проблем, которые

способствуют расширению информационно-образовательной среды, направленные на развитие функциональной грамотности младших школьников [3].

Учебный предмет «Русский язык» направлен на овладение функциональной грамотностью, так же формирование навыка работы с учебником, словарем; навыком работы с ошибками; умения оценивать; активизацию речевой деятельности.

На уроках русского языка развиваются такие умения, как речевые, интеллектуально-речевые, коммуникативные умения. Совершенствование речевых, интеллектуально-речевых умений происходит в процессе изучения новых слов, конструирование предложений и текстов, работы с однозначными и многозначными словами, антонимами и синонимами. Развитие коммуникативных умений учащихся осуществляется во время диалога с учителем или сверстниками. Младшие школьники на уроке учатся высказывать собственную точку зрения и доказывать ее, договариваться друг с другом, находить общее решение. Во время развития данных умений осуществляется развитие речи, что является одним из компонентов функциональной грамотности.

Младшим школьникам свойственно допускать орфографические и грамматические ошибки при изучении нового правила. Формирование орфографической зоркой у младших школьников – одна из самых трудных задач, стоящая перед учителем. Но эта задача является неотъемлемой частью при развитии функционально грамотной личности. Развивая орфографическую зоркость, младшим школьникам недостаточно выучить правило, им необходимо иметь применять данное правило.

На уроках русского языка для развития орфографической зоркости примеряю следующие задания: словарная работа, письмо под диктовку, письмо с проговариванием. Овладение словарным составом языка является значимым условием освоения обучающимися языка, правильного употребления слова, пополнения словарного запаса личности.

Слово – сложная многогранная единица языка, которая является объектом словарной работы. В зависимости от того, какие цели преследует учитель, словарная работа имеет различное содержание: ознакомление с лексическим значением незнакомых слов, формирование грамматических навыков, обучение правильному орфоэпическому произношению, усвоение правильного написания слов с непроверяемой и труднопроверяемыми орфограммами.

Как известно, в русском языке существует достаточное количество применяемых слов с безударными гласными непроверяемыми ударением, многие из которых входят в активный словарь младших школьников. В начальных классах много и упорно работают над этими словами. Усвоение таких слов оказывает огромное значение на грамотность обучающихся. В целях развитие функциональной грамотности главное место занимают упражнения, которые направлены на обогащение словарного запаса младшего школьника, устранение нелитературных слов, а также на выработку у них умения правильно подбирать слова из своего словарного запаса, делая речь грамотной, точной, выразительной.

На уроках русского языка в 3 классе использую следующие виды словарной работы: словарные слова в загадках, предупредительный словарный диктант со зрительно-слуховой подготовкой, картинный диктант.

Словарная работа в загадках вызывает большую заинтересованность младших школьников. Ведь обучающимся нравится отгадывать загадки, у них создается чувство радости. В результате такого вида работы словарные слова лучше запоминаются. Учитель загадывает слово, которое зашифровано в загадке, обучающимся необходимо записать отгаданное словарное слово в тетрадь, выделить орфограмму, поставить знак ударения. После написания словарного диктанта проверяется написание слов по работе одного обучающегося.

Загадка – процесс умственного состязания, который способствует активизации речевой деятельности, развитие смекалки, находчивости, умственной активности, быстроты реакции. Развитие функциональной грамотности происходит через рассуждение, доказательство. Загадка способствует развитию умений анализировать, делать выводы, умозаключения.

Для эффективного запоминания словарных слов в начальном образовании применяют предупредительных диктант со зрительно-слуховой подготовкой. Предупредительный словарный диктант со зрительно-слуховой подготовкой – вид словарной работы, когда объяснение орфограмм и ударений проводится до записи, проводящийся в двух вариациях: с

показом слов (зрительная) и без показа слов (слуховая). При проведении зрительной части предупредительного словарного диктанта слова с орфограммами записываются учителем на доске, затем разбираются, после этого написанное на доске закрывается, и обучающиеся записывают слова, которые запомнили. После текст открывается, обучающиеся сверяют со своей записью и исправляют допущенные ошибки. При проведении слуховой части предупредительного диктанта учитель зачитывает словарные слова, обучающиеся устно проговаривают орфограммы и ударения. Слова, вызывающие трудности, разбираются вместе с учителем. Затем школьники записывают слова, которые запомнили. После словарного диктанта проверяется работа одного обучающегося, класс сверяет и исправляет ошибки. Таким образом, работа над каждой орфограммой проводится многократно.

Картинный диктант – вид словарной работы, когда учитель показывает карточку-картинку, обучающиеся самостоятельно записывают слово, являющееся названием изображенного на картинке предмета, выделяют в слове безударную гласную, которую надо запомнить при письме, ставят знак ударения. У младших школьников наглядно-образное мышление, то есть оно опирается на конкретные представления и образы. При данной словарной работе обучающиеся успешно запоминают слова, если соблюдаются определенные условия: установка на запоминание; заинтересованность; яркость восприятия; образность запоминания (запоминание, опирающееся на образы).

Во время работы над словом школьник развернуто комментирует написание слова: подчеркивает орфограммы, выделяет их простым карандашом. При подчеркивании орфограммы учащийся фиксирует свое умение обнаружить ее, при графическом обозначении орфограммы – определить ее тип, отмечая опознавательные признаки орфограммы, доказательство ее правописания, способ проверки.

Выше изложенное позволяет сделать следующий вывод, что систематическое использование на уроках русского языка специальных заданий, направленных на развитие функциональной грамотности, формирует логическое мышление. Учителю необходимо научить, не только запоминать правила и, но и выработать умения у учащихся использовать знания, приобретенные ими за время обучения в начальной школе, для дальнейшего обучения и успешной социализации в обществе.

#### **Литература:**

1. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). Москва. 2009
2. Леонтьев А.А. Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла. Москва. 2003
3. Виноградова Н. Ф., Кочурова Е. Э., Кузнецова М. И. и др. Функциональная грамотность младшего школьника: книга для учителя. Москва. 2018

**Тактанова Г.М.**

*«Мектеп-Лицей №53» КММ, Қарағанды қаласы*

### **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ**

Болашақ білім мен ғылымға тәуелді екені айқын. Бүгінгі жаһандану заманында рухани бай, қоғамды көркейтетін, бәсекеге, мәнді жетістіктерге қабілетті, ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі ұстаз қауымының басты міндеті. Түрлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім саласындағы оқытудың дәстүрлі әдістерімен бағалау жүйесін қайта қарауды талап етті.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылдың 27 қаңтарындағы Қазақстан халқына «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауында «білім беру тек оқытумен ғана шектелмей, сонымен бірге әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет» - деп атап көрсеткен болатын.

Халықаралық зерттеулерге қатысу елімізді әлемдік бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосуда аса маңызды стратегиялық бағыт. Функционалдық сауаттылықты анықтау аясында халықаралық бағалау ЭЫДҰ өткізетін зерттеулер яғни PISA нәтижесі еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейде алатын орны туралы ой толғандырады. Әлемдегі озық тәжірибелерге сүйенсек, әр елдің экономикалық дамуы сол ел азаматтарының білім деңгейіне тікелей байланысты. Сондықтан да функционалдық сауаттылықты дамыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Ұстаздар қауымы оқушылардың мектепте алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу қасиеттерін сіңіруге тиіс.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз адамның қоршаған ортамен қарым – қатынасқа түсіп, бейімделуі, адамдардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси өмірге белсене араласуы, адамның жасына, мамандығына қарамай үнемі білімін жетілдіруі. Білім беру саласының негізі функционалдық сауаттылықты дамыту. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру дегеніміз, мектепте алған білімін терең түсінуге, қоғамда қолдана білуге үйрету. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасында негізге алынған функционалдық сапалар:

- белсенділік
- шығармашылық тұрғыда ойлау
- шешім қабылдай алу
- өз кәсібін дұрыс таңдай алуға деген қабілеттілік
- өмір бойы білімін жетілдіру

Осыған орай Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықты дамытудың төмендегідей механизмдері белгіленді:

- Білім беру әдіс-тәсілі мен білім мазмұнының жаңарту (ұлттық стандарттар, бағдарламалар)
- Оқу нәтижесінің бағалау жүйесін өзгерту
- Ата-аналардың баланы оқыту мен тәрбиелеуде белсене араласуы
- Қосымша білім беру жүйесін дамыту

Функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыттары:

- Оқу және жазу сауаттылығы
- Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық
- Компьютерлік сауаттылық
- Математикалық сауаттылық
- Денсаулық сауаттылық
- Құқықтық сауаттылық

Осының ішінде мен оқу сауаттылығына тоқтала кетсем. Оқу сауаттылығы дегеніміз оқушылардың мәтінді түсіну қабілеті, мәтінге рефлексия жасап, мазмұнын өз мақсаттарына жету жолында қолдана білу. Алған білім-біліктерін қоғамның белсенді өміріне араласу үшін дамытуы. Оқушының оқу сауаттылық деңгейін анықтау мәтінді қаншалықты түсінгенімен шектелмей сонымен бірге меңгерген ақпаратты күнделікті өмірде қолдана білу ептіліктерін анықтау. Білім алушылардың оқу сауаттылығын анықтау бірнеше аспектіден құрылады. Бұлар мәтіндегі ақпаратты түсіну, мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, пайдалану және ойлау мен өз жауаптарын дәлелдей білу қабілеттері.

Оқу сауаттылығын дамытуда мәтінмен жұмыстың бірнеше әдістеріне тоқтала кетсек.

#### **«Данышпан үкілер» әдісі**

Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, берілген мәтінді тереңінен түсінуге көмектеседі. Алдымен оқушылар жеке жеке мәтінмен танысып, одан соң сыныппен талдау жасайды.

1-қадам. Оқушыларды топқа бөліп, мәтінді үйлестіріп, мәтінмен танысуға уақыт беру;

2-қадам. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннен жаңа ұғымды тауып, оларды ретімен жазу. Сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қайшы келетін және сіз үшін жаңалық болған ақпаратты жазыңыз;

3-қадам. Маңызды өмірлік даналық.

Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен немесе даналық сөзбен білдіріңіз;

4-қадам. Таныс-жанетанысемес.

Мәтіннен сізге таныс және таныс емес ақпаратты жазыңыз;

5-қадам. Иллюстрациялық бейнелеу.

Мәтіндегі негізгі ойды сурет арқылы жеткізіңіз;

6-қадам. Үлгі боларлық қорытынды.

Мәтіннен келешекте қолдануға болатын маңызды қортындыны анықтаңыз.

#### **«Мәтінмен жұмыс» әдісі**

Бұл әдіс оқушылардың жеке және жұптасып жұмыс жасай білуін және шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылады.

Мұғалім оқушыларды жұпқа бөліп, тапсырманың орындалу ретімен таныстырады.

Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Мәтінді бірнеше бөліктерге бөлу;

2-қадам. Әр бөлікке атау беру;

3-қадам. Әр бөліктің негізгі ойын анықтау;

4-қадам. Кейіпкерлерге қатысты сөздерді немесе сөйлемдерді анықтау;

5-қадам. Мәтіндегі кейіпкерлерді атап шығу;

6-қадам. Мәтіндегі оқиға орын алған жерлерді атап айту;

7-қадам. Мәтінді аяқтаудың нұсқасын ұсыну.

#### **«Болжау» стратегиясы**

Бұл әдіс оқушылардың өз ойларын жеткізіп, белгілі бір тақырыпта дәлел келтіріп, пікір алмасуға көмектеседі. Сонымен бірге оқушылардың ойлау, қиялдау, елестету сияқты танымдық қасиеттерін дамытуға көмектеседі.

Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам Мәтіннің атауын тірек сөздер арқылы немесе суреттер арқылы болжатып, айтқызу.

2-қадам. Мәтінді бірнеше бөлікке бөлуге болады.

3-қадам. Мәтіннің әр бөлімімен танысқан соң, келесі сұрақтарды қоюға болады:

– Мәтіннің мазмұны не туралы?

– Мәтіннің келесі бөлімі қалай өрбиді?

– Оған қандай дәлел келтірер едіңіз?

4-қадам. Аталған сұрақтарға өз болжамдарын айтып, түпнұсқамен салыстырады.

Қорытындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған білім мазмұнын игерген оқушылардың білім дері мен білкітері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасай білуді, алынған ақпараттарды сыни тұрғыда бағалай білуі, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өз ойын негіздей білуі, іскерлігі мен дағдыларын әр түрлі салаларда, тұлғааралық қарым қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз ететіндігін айтқым келеді. Өз мақаламды Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен тұжырымдағым келіп отыр «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында».

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту- Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012ж. 27.01.)-Астана, 2012.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары./ Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012ж. 25.06.№832 Қаулысымен бекітілген.

3. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ PISA-2018 /Компьютерлік формат халықаралық зерттеу құралдары. Астана, 2016 жыл.



## **Тәңірберген З.Т.**

*Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

«Жастарға сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық- әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне баса көңіл аудару керек.»

Елбасы: Н.Ә. Назарбаев.

Білім беру саласы жылдан жылға өзгеріске ұшырауда. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – өсіп келе жатқан ұрпақты жан – жақты дамыған, құзыретті азаматтар етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін функционалдық сауаттылық қажет. Ал, функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

ЮНЕСКО – ның анықтамасына сүйене келе, сауаттылық деген сөз тұлғаның оқу, түсіну және күнделікті өмірге қатысы бар қарапайым қысқа мәтіндер құрастыра алуы екен. Яғни, бұл терминнің анықтамасы – адамның сыртқы қоршаған ортамен қарым – қатынас орната алуы және ол ортаға бейімделуі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 27 – қаңтардағы «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына арналған жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жоспарын қабылдау жөнінде нақты міндет қойды.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» анық көрсетілген. Ондағы мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Және 2019 жылдың 27 желтоқсанында №988 қаулысындағы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» да Қазақстандық білім және ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтары негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқытуды көздейді.

Тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып саналады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады:

- Оқу, жазу сауаттылығынан;
- Жаратылыстану сауаттылығынан;
- Математика сауаттылығынан;
- Компьютерлік сауаттылығынан;
- Денсаулық мәселесіндегі сауаттылығынан;
- Құқықтық сауаттылығынан.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орны ерекше. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жананы табатын өнер», - деді Ж. Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруымыз керек.

Функционалдық сауаттылықты арттыру үшін «Енді қандай әдіс – тәсілдер пайдалануға болады?» деген сұраққа тоқталайық. Сондай тәсілдердің бірі – сын тұрғысынан олауға үйрету.

Бұл – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын тәсіл. Балаларды өз тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру. Біз балаларға бақылау, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытуға жағдай жасауымыз керек.

Келесі тәсіл – сыныптағы диалогтің маңызы. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Аталған авторлардың зерттеулерінде есерсектермен интербелсенді қарым – қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және танымдық дамуына әсер ететіндігі айтылған. Осы мақсатта төмендегі әдіс – тәсілдерді қолдануға болады:

- «Үш таяқша» әдісі;
- «Төрт сөйлем» әдісі;
- «Эйлер шеңбері» әдісі.

Мен үнемі сабақ барысында «Үш таяқша» әдісін қолданамын. Оқушы мәтін бойынша өзі сұрақ құрастырады, өзі жауап береді және өзі бір идея ұсынады.

Тағы бір пайдаланатын әдісім - «Эйлер шеңбері» әдісі. 4 – сынып оқушыларына екі автордың ұқсас мәтінін алдым. Олар: «Туған елге сағыныш» пен «Жер байлығы – ел байлығы» мәтіндері. Мақсаты - мәтіндегі кейіпкерлерді табу, іс – әрекетін талдау, іс – әрекеттің нәтижесін шығару. Оқушылар мәтіндердегі негізгі түйінді ойын тауып, өмірмен байланыстырды.

Оқу үдерісінде қолданылатын белсенді әдістердің бірі – оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Әр сабақ барысында оқушының іс – әрекетіне кері байланыс беріліп отырса, алдымызда отырған оқушының жұмысы да, даму деңгейі де бірден көрінеді, олардың функционалды сауатты болып дамытындығы сөзсіз.

Сабақ барысында оқушының өзін –өзі бағалауын дамыту үшін Блэк пен Уильямның «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс әдісін пайдаланған дұрыс. Бұл арқылы оқушылар:

- Сабақ барысында сыныптасын және өзін бағалайды;
- Мәтін бойынша тиімді сұрақ қояды;
- Оқушымен бірге критерийалды талдау болады;
- Кері байланысты қамтамасыз етеді.

Сабақ барысында әр тапсырма сайын кері байланыс беріп отырамын. Оқушылардың да бірін – бірі бағалауын қадағалаймын және не үшін сондай баға бергендігін сұраймын.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- Терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- Өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- Ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- Өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- Пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- Шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Және сабағымды жоспарлағанда оқу мақсаты мен оқу нәтижесіне аса назар аударамын.

Оқу мақсаты – мұғалім оқушыларға үйреткісі келетін нәрселер. Осыған байланысты, оқу мақсаттарын қалыптастыру шаралары төмендегілерді білуге бағытталған:

- Сіздің ойыңызша, оқушылар нені білуге тиісті?
- Оқушылар қандай түйінді идеяларды түсінулері тиіс?
- Оқушылар қандай мәселелерді зерттеп, қандай мәселелер төңірегінде ойланулары керек?
- Сабақ барысындағы оқу нәтижелері қандай болмақ?
- Оқушыға бағытталуы керек;
- Белгілі бір дағдыны сипаттайтын етістік болуы керек;
- Оқушының оқу үлгерімі тұрғысынан жазылуы керек.

Өз сабағымды Блум таксаномиясын және «Дамыта оқыту» технологиясының элементтерін пайдаланамын. Себебі, Блум таксаномиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады.

4 – сыныптың әдебиеттік оқу сабағы. Тақырыбы: «Баспана». «Ол – кім? Бұл – не?» кітабынан.



### «Балық қаңқасы»

Білу.

Баспана дегеніміз не?

Түсіну. Мәтіндегі суретте берілген павильон туралы білетініңді жаз.

Қолдану.

«Адамға не керек?» сұрағына жауап жаз.

Талдау.

Мәтінде қандай баспана түрлері айтылды, баспаналардың қайсысы сен үшін қызық болды?

Жинақтау.

Киіз үйді қазіргі үйлермен салыстырыңдар.

Бағалау.

Баспананың маңызы туралы қандай қорытынды жасадың? Мәтін мазмұны бойынша сыныптастарыңа бірнеше сұрақтар дайында.

Қорыта келе оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» стиль арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімдерімен сіңісе алмайды, сондықтан механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Ал, сындарлылық теориясына негізделген оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.

Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмірде өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан, алдымызда отырған шәкірттеріміздің сындарлы ойлайтын, функционалды сауатты оқушы болып қалыптасуына өз үлесімізді қосқанымыз жөн.

### Әдебиеттер:

1. «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 – қаңтардағы Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға мемлекеттік бағдарламасы.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 жыл.

**Тургамбекова С.С**

*«№61 ЖББМ»КММ*

*Бастауыш сынып мұғалімі*

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Республикамыздың барлық білім беру жүйесі жаңартылған білім беруге көшті. Бұл біздің еліміздің білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне біріктіруге мүмкіндік береді. ҚР

Үкіметінің қаулысымен оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту процесін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешенін қамтитын оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары бекітілді.

Осыған байланысты, жаңартылған бағдарлама бойынша бастауыш сынып мұғалімдері өткізген сабақтар өмір мен тығыз байланыста болуы керек.

Сабаққа қойылатын заманауи талаптар-өмірлік мәселелерді шешу үшін алынған барлық білім мен дағдыларды қолдану қажет. Мұны "функционалды сауаттылық" деп атайды.

Бастауыш сынып мұғалімінің алдында баланы шығармашылық пен дамыту міндеті тұр. Жұмыста қандай әдістерді қолдануға болады:

- Жобалық қызмет технологиясы.

- Проблемалық жағдайды құру негізінде сыни ойлау технологиясы: деформацияланған мәтінмен жұмыс.

- Оқытудың деңгейлік саралануы

- Ақпараттық және коммуникативтік технологиялар (Интернет, мультимедиа құралдары, кітапхана)

Бастауыш мектептегі сабақтарда функционалды сауаттылықты қалыптастыруға логикалық әдістер деңгейіне сәйкес келетін тапсырмалар көмектеседі.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту-мектептегі оқу міндеттерінің бірі. Қандай әдіс-тәсілдерді қолдану керек, сондықтан бала топпен жұмыс істеу арқылы өзінің шығармашылық қабілеті мен қалауын дамытады. Сабақты әр тараптандыру және сыни ойлауды дамыту қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын сәтті дамыту үшін балаларға оқу керек:

Мәтіндегі қайшылықтарды бөліп көрсету, өз көзқарасыңызды дәлелдеу, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға беру. Сыни ойлауды білетін оқушы әртүрлі ақпарат түрлері мен жұмыс істеуге сенімді, әртүрлі ресурстарды тиімді пайдалана алады.

Бастауыш мектептегі сабақтар оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Сабақтарында оқу сауаттылығында қарастырылған мәтінді толық түсінуге қол жеткіземін. Бұл мәтін мен танысу, оны түсіну.

Мысал. "Сиқырлы құс туралы ертегі" тақырыбы бойынша жанартылған бағдарлама бойынша 1-сыныпта мадақтама сабағының үзіндісі»

Болжам. Мұғалім тақтаға құстың суретін салады.

- Мәтінде не талқыланады?

- Бұл қандай құс?

- Ол бұдан әрі болады деп болжаңыз.

Бөлімдер бойынша оқу, сұрақ-жауап арқылы.

- Сиқырлы құс қайда тұрады?

- Оның қауырсындары қандай болды?

- Неліктен бұл құс сиқырлы деп аталды?

- Сиқырлы құстан қандай адам жауап ала алады?

Содан кейін сіз балаларға таңдамалы оқуды ұсына аласыз, автордың негізгі ойы жазылған мәтіннен сөйлем таба аласыз немесе мәтіннен ақпарат таба аласыз, кейіпкерлерге баға бере аласыз. Мұның бәрі оқу сауаттылығының дамуына ықпал етеді.

Кластер. Бұл әдіс тақырып туралы еркін ойлауға мүмкіндік береді, белгілі бір тақырып туралы өз біліміне, түсінуіне немесе идеяларына қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Мысал. "Дене" тақырыбы бойынша Дүниетану бойынша 3-сынып сабағының үзіндісі»

Зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін балалар сабақтың тақырыбы бойынша кластер жасайды. Кластерлерді құру, постерлерді құру бойынша топтық жұмыс қызықты, Белсенді, Достық. Нәтижесінде олар алынған кластерді іліп қояды, бүкіл топ өз жобаларын толығымен қорғайды.

Жаратылыстану пәні бойынша (1-сынып) "өсімдіктерге өмір сүру үшін не қажет" тақырыбы бойынша. Өсімдікті отырғызғаннан кейін балалар барлық өсімдіктерге өмір сүру және өсу үшін жағдайлар қажет екенін білді—бұл су, жарық, жылу және қоректік заттар.

Математика сабақтарында мен оқушылардың логикалық, алгоритмдік, кеңістікті қойлауын, зейінін дамытуға бағыттауға тырысамын. Мен тапсырмалардың әртүрлі түрлерін

қосамын: әзілдер, логикалық тапсырмалар, логикалық жаттығулар, геометриялық мазмұны бар тапсырмалар. Тапсырмалар шығармашылық.

Математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әр оқушының өз қабілеттерін жүзеге асыруда шығармашылық әлеуметтік маңызды іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру арқылы мүмкін болады. Алынған білім мен дағдыларды практикалық іс-әрекетте және күнделікті өмірде пайдалану.

Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар модельдеуді қамтиды.

"Кеңістіктік және жазық фигуралар" (1-сынып) тақырыбын зерделеу кезінде балалар өздері сіріңке және пластилин көмегімен кеңістіктік және жазық фигураларды модельдеді.

Функционалдық сауаттылық бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлау және стандартты шешімдерді табу, жолды таңдай білу, өмірдің әртүрлі салаларында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, сондай-ақ өмір бойы оқыту қабілеттерін дамытуға ықпал ететін факторға айналады.

Осылайша, бастауыш мектеп жасындағы балаларда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бастауыш мектептегі сабақтарда жүзеге асырылуы мүмкін. Ол әр түрлі өмірлік жағдайларда қолданылатын дағдыларды жетілдіруге бағытталуы керек. Оқушыға бағытталған мұндай оқыту оқушыға жеке тұлға ретінде көрінуге, пассивті тыңдаушы емес, процестің толық қатысушысы болуға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. [Электрондық ресурс]
2. Кобдикова Ж.У. оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту / Ж. У. Кобдикова // Қазақстан мектебі. – 2014. - №11. – С. 36-40.
3. "Мектеп 2100" білім беру жүйесі. "Оқу және бастауыш әдеби білім беру" бағдарламасы р. н. Бунеев, Е. В. Бунеева. Мәскеу: Баласс, 2012

### **Турганбаева Айгул Ыдырыскызы**

*Қарағанды облыстық білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөлімінің «Қошқар тірек мектебі (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

### **«БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛІНІҢ ТИІМДІЛІГІ»**

Еліміздің Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» екендігі айтылған. Осыған орай мемлекетіміздің білім беру жүйесінің құрылымдық мазмұнына оңтайлы өзгерістер енгізіліп, оны халықаралық талаптар деңгейіне жеткізу тұрғысында қыруар жұмыстар атқарылуда. Осынау елеулі өзгерістер білім беру саласының қарқынды дамуына игі әсерін тигізіп келеді. Мұның жарқын дәлелі ретінде білім саласында кеңінен қолданысқа еніп жатқан оқытудың жаңа технологияларын атауға болады.

Бүгінгі таңда мұғалімнің басты кәсіби білігі өз жұмысының барысы мен нәтижесі бойынша рефлексияны жүзеге асыра білуі болып табылады. Осы білік жекелеген оқу сабағын талдау сәтінен бастап бүкіл өзінің жұмысына және кәсіби маңызы бар қасиеттеріне терең стратегиялық талдау жүргізуге дейін қолданылады. Өзінің тәжірибелік қызметін зерттеушілік тұрғыдан зерделеу және өзіне-өзі сананың рефлексиялық қасиеттеріне негізделген субъект ретінде қарай білу қабілеті мұғалімнің кәсібилік деңгейін анықтау критерийі бола алады.

2016 жылы Қазақстан Бүкіләлемдік сабақты зерттеу қауымдастығына мүше болды. Қазіргі кезде білім саласындағы қай мәселені қарастырсақ та, олардың бәрі «Сабақты зерттеу» тәсілін іске асыруға байланысты болады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет», - деп ел Президенті атап көрсеткендей, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін, ақпараттық – коммуникативтік технологияларды мектеп өміріне енгізу- жаңаша білім берудің бірден- бір шарты. Оқыту технологиясы – бұл, бір жағынан оқу ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс- тәсілдерінің жиынтығы болса, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үдерісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері.

Көп жағдайда педагогтер көптеген ашық сабақ өткізуге дайын болғанымен, сабақтарға өз бетінше талдау жүргізуге дайын болмайды. Өзін- өзі талдау алдындағы қорқыныш- әрқашан педагог кәсібилігінің төмендігін не болмаса мектепішілік басқарудың авторитарлық стилін байқататын аса жағымсыз белгі болып табылады. Өз сабағының рефлексиясын өткізу үшін мұғалімде бақылау дағдылары болуы тиіс. Осы кезде сабақты зерттеуге көмек көрсете алатын және алаңдататын: «оқытудың сапасын жақсарту үшін оқытудың тиімді дағдыларын қалай дамытуға болады?» деген сұрақтар туындауы мүмкін. Туындаған проблемаларды шешуде мектептің даму жоспарын басшылыққа алу керек болады. МДЖ үш бағытта жүргізіледі: директордың дамуы, бүкіл мектептің дамуы, қоғамдық серіктестік. Директордың дамуында фокус топтар құрылады. Бүкіл мектептің дамуында фокус топтар арқылы сабақты зерттеу сабақтары жүзеге асырылады. Қоғамдық серіктестікте коучинг, семинарлар өткізіледі.

Сабақты зерттеу мұғалімнің сабағын зерттеудің демократиялық тәсілі деп аталуы кездейсоқ емес. Біріншіден, топтар мұғалімнің қалауы және зерттеудің нақты бір тақырыбына қызығушылығы бойынша қалыптастырылады. Екіншіден, сабақты бір мұғалім өткізгендігіне қарамастан, бүкіл топ олардың бірлескен жұмысының нәтижесіне жауапты болады. Үшіншіден, топ жинақталған тәжірибесімен кең педагогикалық қоғаммен бөлісе алады. Осылайша, сабақты зерттеудің негізгі мақсаты мұғалім тәжірибесін жақсарту болып табылады. Осы нәтижеге жету барысында мектептің моделі құрылады. Модель фокус топтан тұрады. Олар деректер базасын, зерттеу сұрақтарын анықтайды. Анықталған деректер базасы мен зерттеу сұрақтарынан зерттеу мақсатын қояды. Мақсатқа жету жолында жоспар құрып, зерттеу сабақтарын жүргізеді. Зерттеу сабақтарын талқылап, нәтижесін шығарады. Бұл фокус топтар желілік қоғамдастық пен коуч топтарымен байланыста болып іс – тәжірибелерімен алмасады.

Топтар қалай қалыптасады? Педагогтер іс – тәжірибелерінде қиындық тудыратын сұрақтар төңірегінде әріптестер жиі кеңесіп отырады. Нәтижесінде өзінің мәселесін шешуге мүдделі адамдар тобы құрылады.

«Зерттеу үшін» сыныпты және «зерттелетін» оқушыларды таңдау үшін әдістемелік бірлестікте қаралған сыныптағы оқу үдерісінде кездесетін мәселелер, мұғалімнің сабақ барысындағы бақылау нәтижесі, мектеп психологінің дайындаған материалдарынан (сауалнама), ата – аналар жиналысында ата- аналармен сұхбат бойынша деректер базасын басшылыққа алу көзделеді. Деректер базасын зерделеу арқылы «ортақ идея» стратегиясында топ мүшелері зерттеу мәселесін анықтап, әрбір топ мүшелерінің пікірлерінен зерттеу тақырыбы тұжырымдалады. Тұжырымдалған зерттеу тақырыбынан топ мүшелерінің зерттеу сұрағы, зерттеу мақсаты, күтілетін нәтиже анықталады. Сабақты зерттеу мақсаттары оқытуды жақсартуға (педагогика), оқушылардың оқу дағдысын жақсартуға (бақылау), мұғалімдердің қарым-қатынастарын жақсартуға (мұғалімдер қауымдастығы) бағытталды. Елеулі нәтижеге қол жеткізу үшін 3+3+3 формуласын қолданып, солардың біріне төмендегілер қамтылады. Сабақты бірлесіп жоспарлау, «мықты», «орташа», «осал» оқушыларға назар аудару, сабақ туралы пікірлері оқушыдан сұхбат алу, сабақты талқылауды жүргізу, қорытындыларды ескеріп, сабақты жаңадан жоспарлау. Мұғалімдерде сабақты зерттеу бойынша көптеген сұрақтар туындап жатады. Оны шешу жолдарында сабақты зерттеу тобының үйлестіруші қызметін атқаратын коуч тобы мен мектеп тренері «сыншы дос» ретінде қолдау көрсетеді. МДБ іске асыруда коучинг өткізуден бастады, мұнда педагогтар стандарттар әзірледі: бақылау парақтары бақылау кестелері, қысқа мерзімді жоспарлау нысандары, рефлексивті есеп нысандары. Осы дерек оқыту процесінде аса маңызды, себебі мұғалімдер бірлескен жұмысты өзінің жұмысы секілді қабылдайды және өз материалымен жұмыс істеген , оны толтырған және қажетіне қарай өзгертулер енгізген қызық. Әзірленген стандарттар әдістемелік бірлестікте бекіткен соң осы тәсілді мұғалімдер практикасына енгізіп жұмыстар жүргізілді. Мектепте құрылған фокус топтар коучингте меңгерген дағдыларын қолдану арқылы қиындықтарды айқындады және бақылау объектілерін

таңдады. Фокус топ мүшелері жұмысты бастамас бұрын зерттеулерге қажетті әдебиетпен танысты. Мұғалімдер өзара ынтымақтастық пен әріптестікте жұмыс істеу арқылы туындаған қиындықтар мен мәселелерді айқындада әрі шешті. Зерттеу сабақтары – заманауи, нәтижелі және табысты оқу мен оқытудың негізі болып табылады. «Мен еш уақытта өз оқушыма еш нәрсе үйретпеймін- тек олардың оқуына жағдай жасаймын» деген екен Эйнштейн. Фокус топтардың сабақты зерттеудің қорытындыларын шығару барысында оқушылардың оқуына жағдай жасай отырып жеткен нәтижелері шығарылады.

Бірлескен жұмыстың нәтижесінде:

- оқуда оқушылардың белсенділігі, қызығушылықтары артты;
- Оқушылар шағын топтарда ынтымақтастықпен жұмыс істеп үйренді;
- Топтық жұмыс барысында өз бетімен іздену арқылы еркін ойлау қабілеті жоғарылады.
- Оқытуда :
- Мұғалімдер сабақты жоспарлауда жаңа әдіс- тәсілдермен танысты;
- Фокус топтың тиімділігін түсінді;
- Оқытуға деген жаңаша көзқарас қалыптасты.

«Сабақты зерттеу» тәсілін енгізу мұғалімдердің зерттеу, бірлесе жоспарлау, бақылау, оқу, сараланған оқыту әдістері мен нысандарын таңдау, формативтік бағалау мен кері байланыс орнату, дербес, жұптық және топтық жұмысты ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мектепте МДБ жоспарлаған өзгертулердің бәрін енгізуге мүмкіндік беретін инновациялық кеңістік құру үшін енгізу стратегиясын әзірлеп, оқу – тәрбие процесіне әр мүшенің әлеуетін аша отырып, бүкіл ұжыммен ынтымақтастық пен әріптестікте жұмысжасау керек. Бұл аспект таңдаулы басымдықтың үнемі өзекті екендігін растайды, себебі педагогтардың кәсіби шеберлігі деңгейін арттыру- өмір бойы қамтамасыз ету мен жүзеге асыруды қажет ететін процесс. «Сабақты зерттеу» процесі оқу- тәрбие процесіне қатысушылардың тиісті бағытта даму мүмкіндігін ашуға көмектеседі. Зерттеу мәселесін таңдау бізді енгізілетін нысандар мен әдістер арқылы оны шешуге алып келеді. Ең маңыздысы- оқушылардың оқуға ынтасын арттыру, бұл олармен кері байланыс бойынша бақыланады. Мұғалімдердің сабақтары, олардың рефлексиялық есептері бойынша бағдарламаның негізгі идеялардың түсінгенін тұжырымдауға болады. Ата-аналар мен оқушылармен кері байланыс сабақтың қызықты, қанық бола түскенін және оқудан ләззат алуға болатынын көрсетеді. Мұғалімдер сабақ барысында оқушылардың бәріне тең мүмкіндіктер береді. Сабақта формативті бағалау сындарлы бағалауға деген оң көзқарасқа ықпал етеді, сәтсіздіктерді алдағы дамудың ынтасы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Басшы мұғалімдерді, оқушыларды, ата- аналарды уақытылы ынталандыру, марапаттау және қолдау жөнінде ұмытпауы тиіс, себебі бұл даму мен жетілуге жаңа серпін береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. З.Т. Сатвалдинова «Мектептегі инновация» Қарағанды 2013 ж
2. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ « LESSON STUDY» өз сабағын зерттегісі келетіндер үшін Астана 2017 ж
3. «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы» журнал №5(149) 2019 ж «Мектептегі оқу – тәрбие процесіне «Сабақты зерттеу» тәсілін енгізу»

**Ташетова Г.Б.**

*№10 ЖББОМ, Жезқазған қ.*

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Білім беру саласының алдындағы негізгі мақсат – оқушы бойында білім-білік, дағдыларға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімді, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені адамгершілік тұрғыда шеше алатын, өзіндік ойы бар жеке

тұлға қалыптастыру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім жүйесі әлемдік білім кеңістігіне бетбұрыс жасауда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен өмірге келген функционалдық сауаттылықтың мақсаты–оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған ел азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру деп айқын көрсетілген [3].

Бұл–дәстүрлі мектеп моделінен рационалды модельге, әрі қарай феноменальді модельге «үш адым» ілгері аттау дегенді білдіреді. Осы мақсатқа қол жеткізу арқылы Қазақстан оқыту деңгейі мен сапасы жағынан жетекші елдер тобына қосылады деп күтіледі. Бұл жолда атқарылатын сан жұмыстың бағдары төмендегідей:

- оқушылардың тұлғалық қабілеттерінің дамуындағы функционалдық;
- сауаттылықтың мәні мен маңызын оқыту үдерісін де саралай түсу;
- Қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын мәдениет танымдық, коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық, оқу-танымдық құзыреттіліктер негізінде дамыту әдістемесін басшылыққа алу;
- қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыратын басты ұстанымдарды анықтау;
- оқушылардың қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ұсынылған әдістемелік жүйелердің тиімділігін практикада сабақтың нәтижелері арқылы дәйектеу.

Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістері мен сәйкестендірілуі мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында қалыптастырылуы тиіс деп күтілетін «функционалдық сауаттылықтың» белгілерін төмендегі модельден көруге болады (1-сурет).

### **Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларын қолдану**

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында.

Оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексерумен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Олар: электрондық пошта, чат, форум, веб-конференция т.б.

Интернеттен тікелей алынатын мәліметтер немесе интернет ресурстар– қазақ тілін түрлі бағытта, түрлі салаға үйрету үшін мол әрі құнды мәліметтер бере алады, соның негізінде заманға сай оқу материалдарын жүйелеуге бастау көзі ретінде сенімді тірек болады.

Қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. Біз үшін ең басты мәселе- оқыту әдісін дұрыс таңдау. Себебі, жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік,



адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Біздің іс-тәжірибемізде қолданып жүрген тиімді жаңа технологиялардың бірі.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. Себебі, бұл технология жоғарыда айтылып кеткен жұмыс түрлерін іске асыруға өте тиімді. Осы технологияны қолданудағы басты мақсатымыз – оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытып, өтетін тақырып мазмұнын тереңінен ашып, өздері ой қорытындысын жасай алуға дағдыландыру, шығармашылыққа баулу.

Осы технологияның әр түрлі стратегиялары білім беру жүйесінде нәтижеге жеткізетіндігін байқадық. Сонымен қатар, сынып оқушыларының тілге деген қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін әрі қарай дамытуға көп көмегін тигізді. Сабақ барысының ең басты кезеңдердің бірі.

«Қызығушылықты ояту». Бұл кезеңнің мақсаттары:

- оқушы өзінде қалыптасқан білімі мен түсініктерін өзектендіру;
- оқылатын тақырыпқа танымдық қызығушылықты ояту;
- оқушының белсенділігін ояту

«Мағынаны ажырату». Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады.

-қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жаңа тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады.

- өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды.

«Ой толғау». Бұл кезеңнің мақсаты:

- қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу.
- оқылған материалды талдау және қорытындылау.
- тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау.

- Алған білімдері нөмір мен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады.

Өз тәжірибемде оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ауызекі сөйлеуге үйрету үшін әдістерді жүйелі түрде қолданып жүрмін. Интербелсенді оқыту әдістерін пайдалану кезінде тиянақты білім, қиялдау мен шығармашылық, тез тіл табысу, белсенді өмірлік көзқарас, командалық рух, жеке, дербестік құндылық, өз пікірін білдіру, еркіндік, іс - әрекетке ерекше назар аудару, өзара сыйластық дағдылары дамытса, ойын түрлері; жеке және жұптық, топтық жұмыстар; оқушылардың өз бетінше іс - әрекеттері; Нақты жағдайлар, олардың нәтижесін жасау; Сұрақтар қоюда ынталандыру (СТО - ға үйрету); оқыту мәселелері; “Ыстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық. “Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. «Миға шабуыл» стратегиясы, «9 - ромб» әдісі, «Детальдарын қосу» әдісі. Бұл әдістер оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда өте тиімді.

«Функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Функционалдық сауаттылық – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

«Бақыт жолы тек білімнен табылар» деп Ахмет Игүнеки айтқандай, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал ететін адамзат қоғамын алға апаратын күдірет күші тек – білімде. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы- оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамуына тікелей байланысты.

### **Әдебиеттер:**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымда
2. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту / Р. Л. Даулеткалиева.

3. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011ж.

**Тимошкина И. Н.**

*КГУ «Гимназия №93», г. Караганда*

## **ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СТРАТЕГИЙ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ**

Казахстанскому обществу в настоящее время нужны образованные, высоконравственные, предприимчивые люди, умеющие самостоятельно принимать ответственные решения в ситуации альтернативного выбора, прогнозируя их возможные последствия, и способные к сотрудничеству. На сегодняшний день главными функциональными качествами личности являются инициативность, способность творчески мыслить и находить нестандартные решения, умение выбирать профессиональный путь, готовность обучаться в течение всей жизни. Все данные функциональные навыки можно формировать на уроках экономики через реализацию приемов технологии развития критического мышления.

Программа курса «Основы экономики и финансовой грамотности» ориентирована на широкое применение активных форм проведения занятий. Опыт показывает, что их использование помогает школьникам более глубоко усвоить теоретические знания, получить первый опыт применения экономических понятий на практике, облегчает и ускоряет усвоение предмета. Поэтому выбор технологии развития критического мышления для преподавания экономики был неслучаен, так как данная технология предоставляет учителю систему эффективных стратегий и приемов, которые позволяют создать атмосферу сотрудничества, совместного поиска способов решения проблем.

Цель данной технологии – развитие мыслительных навыков учащихся, необходимых не только в учебе, но и в реальной жизни. Данная технология направлена на развитие творческой деятельности ученика, способного самостоятельно искать ответы на вопросы, принимать решения, изучать причины и последствия различных явлений при работе с информацией.

Основная идея технологии развития критического мышления – создать такую атмосферу учения, при которой учащиеся совместно с учителем активно работают, сознательно размышляют над процессом обучения, отслеживают, подтверждают, опровергают или расширяют знания, новые идеи, чувства или мнения об окружающем мире. Именно здесь проявят себя школьники со своим, необычным взглядом на мир. Причем далеко не все они окажутся теми отличниками, правильность ответов которых мы отмечаем на каждом уроке. Развитию способностей учащихся способствует самообучение, самостоятельность в посильных вопросах и своевременное разъяснение учителя в вопросах, превышающих силы ученика. И независимо от того, какой жизненный путь и профессию выберут выпускники в дальнейшем, опыт решения жизненных задач, несомненно, пригодится им в жизни и поможет адаптироваться к изменениям, происходящим в современном обществе.

Подробнее остановимся на тех методических приемах, которые используются на уроках экономики, развивая критическое мышление и формируя культуру работы с информацией.

Первая стадия «вызов» настраивает ученика на получение новой информации. На этой стадии происходит актуализация имеющихся знаний у учащихся, формирование личной заинтересованности в получении знаний, систематизация информации. Для пробуждения «вызова» используются следующие методические приемы: рисунок, ребус, вопрос, проблема, ситуация, мозговой штурм, работа с ключевыми терминами, перевернутые логические цепочки, кластер, ассоциации.

Например, учащимся предлагается ответить на вопрос: Какие ассоциации у вас возникают, когда вы слышите слово «конкуренция»? Учащиеся перечисляют все возникшие ассоциации, которые учитель записывает на доске: борьба, соперничество, столкновение, рынок,



Использование приемов технологии критического мышления позволяет создать такую обучающую среду, когда ученик не только исходит из своих особенностей, но и поставлен в такие обстоятельства, что вынужден проявлять активность, действовать в условиях выбора, преодолевать возникшие затруднения. Это создает условия для обучения каждого учащегося в зоне его ближайшего развития, идет формирование коммуникативных умений и навыков, успешности учащихся. Данная технология позволяет удовлетворять свои потребности в самореализации, повышении статуса, в творчестве, общении, познании.

#### **Литература:**

1. Загашев И.О., Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Учим детей мыслить критически. – СПб., 2003.
2. Заир-Бек С., Муштавинская И. Развитие критического мышления на уроке. Пособие для учителя. – М., 2004.

**Тлегенова А.Ж.**

*№23 ЖББОМ, Қарағанды қ.*

### **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім және тәрбие алу үшін қажетті жағдай жасау; Оқыту және тәрбие берудегі жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр. Функционалдық сауаттылық кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шешу білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Біздің оқушылар биологиядан мектеп бағдарламасын жақсы біледі, бірақ ГМО деген не екенін түсінбейді. Олар математиканы жақсы біледі, бірақ статистикамен басқаруға оңай. Сондықтан ең қарапайым сұрақ - мектепте нені оқыту керек?

Ең айқын жауап - білім. Оқушылар белгілі бір тілдік ережелер жиынтығын, тарихи фактілерді, математикалық формулаларды, физикалық заңдарды және т.б. оқуы және түсінуі керек. Сонымен қатар, олар өмірлік мәселелерді шеше білуі және «функционалдық сауаттылықтың» мәні болып табылатын ақпаратпен өз бетінше жұмыс істей білуі керек.

Сауаттылық дегеніміз не? Сауаттылық - бұл ақпаратты қабылдау және мәтінді беру арқылы танымдық іс-әрекеттің негізгі әдістерін қолдана білумен сипатталатын білім деңгейі. Оқыту нәтижелері - функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың маңызды шарттары. Функционалдық сауаттылық ұғымы кеңірек - бұл оқушылардың мектепте оқуы кезінде қол жеткізе алатын білім деңгейі, және адамның өмірдің әр түрлі салаларында стандартты және стандартты емес өмірлік міндеттерді шешу қабілеттілігін болжайды алынған білімнің негізі, яғни жеке тұлғаны әлеуметтендіру.

Функционалдық сауаттылықтың жаңа шегі - 21 ғасырдың міндеті. Тарихи дамудың қазіргі кезеңі білім берудегі гуманитарлық-педагогикалық саладағы технология рөлінің жоғарылауымен, жылдам өсіп келе жатқан ақпараттық ағынмен және іс-әрекеттің әмбебаптылығымен сипатталады. Мұның бәрі, әйтпесе, әр түрлі жүйелерде өндірістік және қоғамдық қатынастарға түсетін адамның сауаттылығы мен білім деңгейіне қойылатын арнайы талаптарды қалыптастырады.

Функционалдык сауаттылык - бұл адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу және оған тезірек бейімделіп, қызмет ету қабілеті. Бастапқы үйлесімділіктен айырмашылығы, функционалдык сауаттылык дегеніміз - белгілі бір ортада жеке тұлғаның өмірін жүзеге асыру үшін қажет деп саналатын әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі жеке тұлғаның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білім, білік, дағды деңгейлері. Сонымен бірге білім беру іс-әрекет саласы, функционалдык сауаттылыктың белгілі бір деңгейін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады.

Мен математика пәнінің мұғалімі ретінде мен оқушыларымның функционалдык сауаттылығын дамытудың маңыздылығын жақсы түсінемін, мен мұның бір жағынан оқушылардың мектепте алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілетін дамытудың қажеттілігін көремін. Математика сабақтарында мектеп оқушыларының функционалдык сауаттылығын қалыптастыру тек стандартты емес есептерді шешу арқылы мүмкін болады (нақты жағдайға жақын кейбір сипаттамалармен, олар қойылған мәселені шешу үшін қажет емес фактілер мен деректерді қамтуы мүмкін) осы шамаларды есептеудің немесе бағалаудың жуықталған әдістерін қажет етеді.

Функционалдык сауаттылыкты дамытудың тағы бір тиімді тәсілі - бұл құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды дайындау және жүзеге асыру.

Практикалық тапсырмалар дәстүрлі сабақтың ұйымдастырылуын өзгертеді және оқушының математиканы оқуға деген қызығушылығын оята алады. Тапсырманың бұл түрі жинақталған білімді практикада қолдана білуді талап етеді.

Функционалдык сауаттылыкты дамыту - бұл күрделі, көп қырлы және көп уақытты қажет ететін процесс. Қажетті нәтижелерге әр түрлі заманауи білім берудің педагогикалық технологияларын сауатты үйлестіру арқылы ғана шеберлікпен қол жеткізуге болады.

Математика сабағында алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірмен байланыстыра алуын қамтамасыз ету менің бірінші міндетім болып саналады. Математика пәні күрделі екеніне ешкімнің де дауы жоқ. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсіну қажет! Міне, осындай әртүрлі ойлардан кейін бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін мұғалім әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы тиіс.

Сабақ жоспарымның әр бөлімінде оқушылардың функционалдык сауаттылықтарын анықтап отырамын. Математика сабағында танымдық белсенділіктерін арттыру үшін әртүрлі әдіс – тәсілдерді жиі пайдаланамын. Шығармашылық есептер оқушының шығармашылығын шыңдайды!

#### **Әдебиет:**

1. О.Н.Никифорова, «Ізденіс» газеті, 2020ж.

#### **Толеубаева А.**

*КГУ «Опорная школа (ресурсный центр) на базе экспериментальной школы-гимназии имени Жамбыла Ақылбаева», Шетский район*

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КЕЙС ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

«Инвестировать в будущее ради повышения конкурентоспособности человеческого капитала»- это одна из стратегических задач, поставленных перед обществом.

В настоящее время произошли изменения в сумме знаний, необходимых человеку XXI века, - еще больше перемен произошло в способах изучения нового. Знаний и информации - океан, и способы их получения глобально изменились. В качестве получения информации учащиеся используют не только школьные учебники, а широко применяют возможности Интернета.

В условиях обновленного содержания образования педагогам и учащимся – предлагаются новые подходы и методы получения знаний в образовательном процессе. В таких условиях

каждому учителю необходимо ориентироваться в широком спектре современных инновационных технологий, идей, школ, направлений.

В Государственном общеобязательном стандарте основного среднего образования подчеркивается, что содержание образовательной области «Язык и литература» обеспечивает успешную социализацию обучающихся; развитие языковых навыков обучающихся в соответствии с их возрастными особенностями, потребностями и интересами; понимание важности изучения языков в современном мире; установление межличностных и межкультурных контактов в процессе общения; умение самостоятельно работать с различными информационными источниками на изучаемом языке, в том числе с Интернет-ресурсами; развитие и использование творческого и критического мышления.[1]

В частности, цель уроков русского языка и литературы не только расширение словарного запаса учеников и изучение произведений классиков русской словесности, но и развитие умений мыслить, анализировать, развивать способности к собственному творчеству с использованием богатства устной и письменной речи.

В системе образования для получения достойных результатов недостаточно только обозначить цель и задачи. Необходимо найти технологию обучения, которая позволила бы максимально задействовать коммуникативные и творческие способности учеников.

Кейс технологии применимы в преподавании любых предметов, если основные задачи, поставленные на уроке - это обучение навыкам критического мышления, принятия решений независимого характера. Именно на уроках русского языка и литературы самой удобной для использования является кейс-технология, поскольку именно на этих уроках при работе с текстом мы подводим детей к той или иной мысли.

Кейс – метод совмещает в себе метод проектов, ролевою игру, ситуативный анализ и многое другое. В период дистанционного обучения данная технология помогает осмыслить и усвоить учебный материал, получить дополнительную информацию, а главное – научиться работать самостоятельно.

Суть кейс-метода – анализ реальной ситуации, описание которой одновременно отражает не только какую-либо практическую проблему, но и актуализирует определенный комплекс знаний, который необходимо усвоить при разрешении данной проблемы. При этом сама проблема не имеет однозначных решений. Будучи интерактивным методом обучения, он позволяет повысить интерес учащихся к предмету. Применение технологии помогает развить в учащихся коммуникабельность, социальную активность, умение правильно представить своё мнение, выслушать мнение другого человека.

Кейсы могут быть представлены в различной форме: от нескольких предложений до множества страниц. Наиболее простой вариант кейса – учащимся дается отрывок текста, несущий в себе нравственную проблематику, и предлагается придумать, предугадать, как будут развиваться события дальше.

Художественные произведения русской литературы подходят для изучения их с помощью кейс технологии, так как их идейным содержанием является не внешняя составляющая, а глубокий внутренний мир героев, их искания.

В КГУ «Опорная школа (ресурсный центр) на базе экспериментальной школы-гимназии имени Жамбыла Акылбаева» Шетского района на уроках русского языка и литературы на протяжении 3-х лет учащиеся при изучении предмета используют кейс технологии. Благодаря системному использованию данного метода воспитанники гимназии собирают информацию о писателях, анализируют тексты, высказывают собственные мысли, находят интересные ответы на поставленные вопросы, занимаются проектной деятельностью.

Перед началом работы с кейсами на уроках русского языка и литературы в сентябре 2018 года было проведено вводное анкетирование среди учащихся 8-го класса. Цель анкетирования: определить, знакомы ли учащиеся с таким методом обучения, как метод кейсов, заинтересованы ли в изучении русского языка и литературы.


Вводное анкетирование состояло из 17 вопросов (открытые вопросы с вариантами ответов). По результатам анкетирования были сделаны следующие выводы: 74% учащихся относятся к русскому языку и литературе положительно, 26% - нейтрально. 39% учащихся хотели бы изучать русский язык и литературу углубленно, 31% ответили отрицательно, 26% не

дали однозначного ответа. 83% учащихся считают русский язык и литературу интересным предметом. 35% - изучают данный предмет с целью удовлетворения своего интереса.

В декабре 2020 года было проведено итоговое анкетирование в 10 классе, с целью выяснения: изменилось ли отношение учащихся к предмету, повысился ли интерес. Анкета состояла из 19 вопросов (открытые вопросы, с вариантами ответов). По итогам проведенного анкетирования были получены следующие результаты: 82% учащихся относятся к предмету «Русский язык и литература» положительно, 17% - нейтрально. 56% учащихся хотели бы изучать предмет углубленно, 31% ответили отрицательно, 13% не дали однозначного ответа. 87% учащихся считают предмет интересным, 53% из которых изучают данный предмет с целью удовлетворения своего интереса.

Проанализировав полученные результаты и сравнив с результатами анкетирования на начальном диагностирующем этапе, можно сделать вывод: у учащихся наблюдается тенденция к повышению интереса к предмету «Русский язык и литература», многие учащиеся стали изучать предмет не только с целью поступления в ВУЗ или сдачи ЕНТ, но и с целью удовлетворения интереса к предмету и получения знаний.

Вывод: Внедрение метода кейсов в обучение способствовало повышению уровня познавательного интереса учащихся на 18%. Что говорит об эффективности разработанной методики.



### Литература:

1. Государственный общеобязательный стандарт образования всех уровней образования. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года №604.
2. Вылегжанина И.В. Организация и апробация дистанционного обучения и дистанционной поддержки образовательного процесса в образовательном учреждении // Научно-методический журнал «Образование в Кировской области» – Киров, КИПК и ПРО, №4, 2007.
3. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения или как интересно преподавать. – Алматы, 2009.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998.

**Торекелдина Д.К.**

*№61 ЖББОМ, Қарағанды қаласы*

## **НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ-ЖҰМЫСЫМНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАСЫ**

Бүгінгі таңда білім беруде оқушыға тек қана білім, білік дағдыларын ғана қалыптастырып қоймай, алған білімін өмірлік қажеттілігіне жарата алып, оны шығармашылықпен іске асыру жолдарын игеруді үйрету, оқуға деген танымдық қызығушылық қабілетін арттырып, өз білімін ерқашан кеңейту қажеттілігін сезінуге жетелеу көзделеді.

Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін

анықтап, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы. Қасиетті білім ордасында қажымай-талмай еңбектеніп жүретін мұғалімдердің еңбегі зор, өйткені оқушысына біліммен бірге тәрбие беру-бұл үлкен жауапкершілік. Ахмет Байтұрсынов былай деген екен: «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай-ақ болмақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика-методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Осы орайда мұғалімге қойылатын талаптар да өте зор.

Дарынды оқушылармен жұмыс-кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі. Дарынды, қабілетті балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды адам, қабілетті адам басқаларға қарағанда көп пайда әкеледі. Әрбір талантты адам еңбекке бейім, ол шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді.

Қазіргі таңда мектептегі мұғалімнен күтілер іс-шығармашылық. Алаш арысы Мағжан Жұмабаев «Негізінде әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрселерден оянымпаз болады. Біреудің музыкадан, біреудің суреттен, біреудің поэзиядан. Әйтсе де, Сөз өнерінің рөлі бәрінен биік екеніне ешкім дау айта қоймас» деген.

Ал, қазіргідей көркем әдебиетті аз оқитын, уақыттының көбін түрлі ойындармен өткізіп, ғаламторға телміріп отырған оқушылардың арасынан шығармашылық қабілеті бар оқушыны қалай танып білуге болады?

Ол үшін не істеу керек? Қандай жұмыстар жүргізу қажет және жұмыс түрлерін қашан бастау керек? Мұндай сұрақтар әр мұғалімді де толғандырады айқын. Дарынды оқушыны деп басып табу үшін, мұғалімнің шығармашылық шеберлігі, көрегендігі қажет.

Мұғалімнің сабақтағы шеберлігі-маңызды фактордың бірі. Мұғалімнің образ жасауы, өз пәнін жетік білуі, өз пәнін сүюі көрініс тапса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Оқушы алдында мұғалім қарапайым жаннан алып тұлғаға айналады.

Сол тұлғаға ұқсау жолында іздену басталады. Баланың жан дүниесі қалыптасып қоймай, оның рухани марқаюы көрініс табады. Әдебиетке деген құлшынысқа сыныптан тыс өткізген жұмыстар да өз әсерін тигізеді.

Демек, қабілетін шыңдап барып, жақсы нәтижеге жетуге болады. Мысалы:

- Мектепшілік іс-шаралар өткізу арқылы (Абай, Махамбет, Мұқағали, Қасым оқулары, байқауы)

- Әдеби-музыкалық поэзия кештерін жиі өткізу арқылы
- Жерлес ақындармен кездесулер ұйымдастыру;
- Нәтижесінде:
- Қабілеті жоғары деңгейдегі оқушыларды анықтауға мүмкіндік туындайды.

Өз еңбектерімен қажырлы күш жұмсау барысында ерекше көзге түскен оқушыларды-дарынды оқушылар десек те болады. Олардың өзге оқушылардан ерекшеліктерін сараптай келе, оқушы бойындағы тапқырлық, білімділік, зеректік, қабілеттілік, белсенділік, икемділік қасиеттерін байқап, дарынды оқушылардың қабілетіне көз жеткізуге болады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, оқушының дарындылығын, қабілеттілігін танып, айқындап қана қоймай, ол оқушының әрі қарай жетілуіне, дамуына жол ашып, бағыт-бағдар беруі керек.

Сондықтан, дарынды балалармен дұрыс жұмыс жасау үшін мұғалім мынадай өзіне талап қою керек.

- дарынды баланы анықтау
- арнайы бағдарламалар жасау
- ата-анамен қарым-қатынас жасау
- оқушыға берілген тапсырмалардың дұрыс және сапалы орындалғанын қадағалау
- ұйымдастырылған шараларға белсенді қатыстыру

Менің өз тәжірибемнен байқағаным, бастауыш сыныптарды аяқтап бесіншіге енді келген оқушылардың бойында пәнге деген қызығушылық пен шығармашылық қабілет басқа сынып оқушыларына қарағанда жоғары келеді. Осы жағынан ескеріп, дарынды оқушыларды іріктеп, олармен мынадай жұмыс түрлерін жүргіземін:

➤ шығармашылық бағыттағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру (шығарма құрылысына талдау жасау, авторларына хат жазу т.б.);



- түрлі тақырыптарға шағын шығарма, эсселер жазу;
- мектепте өткен түрлі іс-шаралар жайлы мақала жазу;
- өлең шығаруға қабілетті оқушылармен жұмыс;
- шағын шығармаларға жоспар құрғызу;
- көркем әдебиет, газет-журнал оқуға насихаттау;
- газет-журналдарға оқушылардың үздік жұмыстарын жіберу;
- түрлі шығармалар мен оқулар байқауына қатыстыру;
- пән олимпиадаларына қатыстыру.

Осындай жұмыстар жүргізу нәтижесінде айтарлықтай жетістіктерге де қол жеткіздім. Кейінгі 2018-2021 оқу жылындағы оқушыларымның жеткен жетістіктеріне тоқталсам:

Мектеп оқушылары арасында дәстүрлі өтетін мәнерлеп жатқа оқу байқауларының 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіші:

Байқаулар	Қалалық	Облыстық	Республикалық
2018-2019 о.ж.	<b>Қасым оқулары</b> Омирбек Мадияр III орын	<b>Абай оқулары</b> «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша Мұрат Дильназ I орын	
	<b>Абай оқулары</b> «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша Мұрат Дильназ Бас Жұлде	<b>Абай оқулары</b> «Абай кара сөздері» номинациясы бойынша Скакова Нургуль I орын	
	<b>Абай оқулары</b> «Ұлылар әлемі» номинациясы бойынша Үкітай Жансая II орын		
	<b>«100 кітап» жобасы</b> Эшкулова Ақшархат I орын		
2019-2020 о.ж.	<b>«Қасым оқулары»</b> көркемсөз байқауы Куандық Аида I орын Эссе байқауы Абитаев Әділсамат II орын	<b>Сыр сандықты ашып кара...</b> <b>көркемсөз оқуы</b> Мұрат Дильназ I орын Әлмұханбет Ботажан III орын	<b>Абай оқулары</b> Мұрат Дильназ II орын Күміс медаль
	<b>«Асыл сөз» көркемсөз байқауы</b> Адасова Айгерім II орын	<b>Сыр сандықты ашып кара...</b> <b>эссе байқауы</b> Абитаев Әділсамат I орын	<b>«Ұлы Абайға 175 жыл толуына орай» ZERDELI-Интеллектуалды білім порталы онлайн байқауы</b> Мұрат Дильназ I орын Әлмұханбет Ботажан I орын Абитаев Әділсамат I орын Эшкулова Ақшархат I орын
	<b>«Асыл сөз» эссе байқауы</b> Абитаев Әділсамат I орын	<b>«Жүрегімнің түбіне терең бойла» мәнерлеп оқу байқауы</b> Мұрат Дильназ I орын Әлмұханбет Ботажан II орын Адасова Айгерім I орын Куандық Аида III орын	<b>Республикалық «AL-FARABY» білім қолдау орталығы көркемсіз байқауы</b> Мұрат Дильназ I орын

			Әлмұханбет Ботажан I орын Эшкулова Ақшархат II орын
	<b>«Поэзия екеуміз егіз бе едік?» атты көркемсөз байқауы</b> Эшкулова Ақшархат I орын Мұрат Дильназ II орын	<b>Үздік көркемсөз шебері</b> Мұрат Дильназ БАС ЖҮЛДЕ	
		<b>«Бұқарекен жырлайды» оқулары</b> Саят Сезім III орын	
2020-2021 о.ж	<b>«Өлең десе, өргенеді өзегім» атты Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Бағдат Мүбәрак өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауы</b> 11-сынып Мұрат Дильназ жүлделі I орынақшалай 100,000теңге ұтты	<b>Абай оқулары</b> «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша Мұрат Дильназ  Жұлделі (15мыңдық сертификат) I орын	<b>Абай оқулары</b> «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша Мұрат Дильназ Жұлделі (ұялы телефон ұтты) I орын Алтын медаль
	II орын 5-сынып Тағыршын Нұрайым	<b>Абай оқулары</b> «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша Әлмұханбет Ботажан Жұлделі (15мыңдық сертификат) I орын	<b>Абай оқулары</b> «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша Әлмұханбет Ботажан Жұлделі (smart сағат ұтты) I орын Алтын медаль
		<b>CLEVER-2020</b> III орын 6-сынып Изат Нұрғасыр	<b>Қасым оқулары</b> Қуандық Аида Жұлделі (150мың ұтты) I орын
			<b>«Абай әлемі» олимпиадасы</b> 11-сынып оқушысы Жұлделі II орын Мұрат Дильназ

Шәкірттер тасының өрге домалауы-ұстаз еңбегінің жанғаны. Өмірдегі шынайы ғажап, адамзатқа маңыздылар дарындылар қолында, ал сол дарындылардың тағдыры біздің, яғни ұстаздар қауымының қолында. Әріптестеріме тәжірибе алмастыру арқылы осы бағыт бойынша кәсіби деңгейіміз жоғарылай берсін демекпін. Дарынды балаларға қызмет етуден жалықпайық, ұстаздар!

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1.Қазақ әдебиеті мен мемлекеттік тіл (ғылыми-әдістемелік журнал) №3,2011 ж;
- 2.Қазақ тілі мен әдебиеті (республикалық ғылыми-әдістемелік басылым) №4, 2011 ж;
3. «Педагогикалық кеңес» №4, 2012ж. 17-бет.

## **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ-БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ**

Аңдатпа. Білім беру сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың өзекті мәселелері қарастырылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылығының ерекшеліктері, оны дамытудағы мұғалімнің рөлі, педагог әрекетінде жартылай функционалды қызметте болуын, диалогтік және сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту мен тәрбиелеу қажеттігін түсінуді сипатталған.

Бүгінгі күні мемлекеттік және әлеуметтік өркендеу мен әл-ауқат тек жоғары экономикалық және технологиялық ресурс емес, бұл, ең алдымен, адам ресурсы екендігі айқындала түсуде. Адам ресурсы дегеніміз - білімді, патриот, жоғары деңгейдегі шығармашылық күші бар және өз елінің игілігі, ғаламшардағы бейбітшілік үшін өмір сүруге және жұмыс істеуге құштар адамдар [1, б. 15].

Осындай болашақ ұрпақты тәрбиелеуде мектеп маңызды рөл атқарады, сондықтан мемлекет тағдыры, оның одан әрі табысты дамуы білім беру жүйесінің жаңаруына байланысты.

Жалпы білім беретін мектеп жалпыға бірдей білім, білік және дағдылардың, сонымен қатар оқушылардың өзіндік белсенділігі мен жеке жауапкершілігінің, яғни білім берудің қазіргі сапасын анықтайтын шешуші құзыреттердің ажырамас жүйесін құруы керек.

Бүгінгі таңда өзекті мәселелер дәстүрлі әдістермен шешілмейді. Қазіргі қоғамға білімді сіңіретін ғана емес, сонымен бірге осы өзгермелі, күрделі әлемде өмір сүру үшін оларды қалай алу керектігін білетін оқушы қажет. Біздің балаларымызға білімге айнала алмайтын ақпарат ағыны түседі. Біздің міндетіміз-оқушыға іс-әрекет процесін ұйымдастыруға көмектесу, оны ресурстармен қамтамасыз ету, өзін-өзі іздеуге, өз қызметін талдауға ынталандыру, ол үшін топтастыруды, ең бастысын бөліп көрсетуді, байланыс табуды үйрету керек. Сондықтан әлеуметтік тапсырысты орындауға көмектесетін проблемалық және дамытушылық сияқты белсенді оқыту түрлері сұранысқа ие болды – балалардың білімі мен дағдыларын дамыту, құзіреттіліктерді қалыптастыру, яғни оларды практикалық қолдану тәжірибесімен байланысты білім беру.

Менің педагог ретіндегі мақсатым - тұлғаның өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасауға, білім беру сапасының оң динамикасына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту деңгейін арттыруға бағытталған. Мен өз жұмысымды оқушылардың мотивациясы мен өзін-өзі бағалауын бақылау жүйесін зерттеуден бастадым.

Зияткерлік дағдыларды қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс студенттерге білімді саналы және дербес қабылдауға, олардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқушылардың Тәуелсіз білімге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш білім берудің басым бағыттарының бірі пәндерді интеграциялау болып табылады. Кез-келген заманауи сабақта сіз проблемалық оқыту технологиясынсыз немесе оның элементтерінсіз жасай алмайсыз. Бұл технологияның өзектілігі оқу іс-әрекетіне деген мотивацияның жоғары деңгейінің дамуымен, студенттердің танымдық қызығушылықтарының белсенділігімен анықталады, бұл туындаған қайшылықтарды шешуде және сабақта проблемалық жағдайларды жасауда мүмкін болады. Еңсерудегі позитивтік қиындықтарды оқушылардың қажеттілігі менгеруде жаңа біліммен, жаңа тәсілдермен іс-қимыл, біліктері мен дағдыларын.

Зерттеу жұмысының дағдылары мектеп оқушыларында проблемалық тапсырмалар түрінде қалыптасады. Оқушылардың мақсатты және жүйелі зерттеу қызметі олардың өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді, теориялық білім деңгейін арттырады, практикалық дағдыларды, шығармашылықты дамытады, аналитикалық және сыни ойлауды, танымдық белсенділікті қалыптастырады. Педагогикалық шындық, егер оқушы танымдық белсенділік танытса, оқу процесі тиімдірек болатындығын күнделікті дәлелдейді.

Мен сабақтарда жобалық іс-әрекеттің әдістерін қолданамын. Әрбір жаңа жобаны орындау кезінде біз пайдалы және нақты өмірге қатысты мәселелерді шешеміз. Баладан өз күш-жігерін

басқалардың күш-жігерімен үйлестіру мүмкіндігі қажет. Жетістікке жету үшін ол қажетті білім алып, олардың көмегімен нақты жұмыс жасауы керек.

Шығармашылық тапсырма, әсіресе практикалық, оқуға мән береді, оқушыларды ынталандырады. Жауаптың белгісіздігі және сіздің жеке тәжірибеңізге және әріптесіңіздің, досыңыздың тәжірибесіне негізделген өзіңіздің «дұрыс» шешіміңізді табу мүмкіндігі білім беру процесінің барлық қатысушыларымен, соның ішінде мұғаліммен ынтымақтастық, оқыту, қарым-қатынас жасау үшін негіз құруға мүмкіндік береді.

Компьютер, электронды оқулықтар, интернет-ресурстар, интерактивті тақтаны пайдалану жұмыстағы басым бағыт деп санаймын. Бұл кез-келген сабақты тартымды және заманауи етуге мүмкіндік береді. Білім беру процесіне заманауи және ақпараттық технологияларды белсенді енгізуге тырысамын.

Интеллектуалды дағдыларды қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс сабақтың білім беру кеңістігі меншектелмеуі керек. Оқушылардың сабақтан тыс жұмысы - бұл қосымша резерв және осы мәселелерді шешуге қолайлы жағдай.

Сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі – «Жас журналист». Бұл бағдарламаның жаңалығы- журналистік шеберліктің негіздерін оқыту кезінде алынған дағдыларды қолдануға, коммуникативті және әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыруға жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сабақтар шығармашылық белсенділікті дамытады, әдеби тілді меңгеруді үйретеді.

Біздің елдегі орта білім беру мазмұнын жаңарту жөніндегі мемлекеттік саясат аясында негізгі идеялармен, тәсілдер мен сусындаудың маңызы зор ... Біз отандық мектеп білімінің типтік мәселелері туралы әңгіме қозғағанда, біз, әдетте, оның центризм және репродуктивті табиғат туралы білімдерін көрсетеміз ... Бұл тәсіл әлі күнге дейін ҰБТ талаптарына сай келеді. Біз бұл тәсілдің тиімсіз екенін және қазіргі ақпараттық қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келмейтіндігін түсінеміз [6, б. 15].

Біздің елде жастардың әртүрлі халықаралық жобаларға, байқауларға, жарыстарға қатысуына үлкен мән беріледі. Жас ұрпақтың жетістігі қуантады.

Функционалдық сауаттылық ғылымда және практикада жеке адамның белгілі бір мәдени ортаға мүмкіндігінше тез бейімделе отырып, әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыпты жұмыс істей білу қабілеті ретінде қарастырылады[2]. Қазіргі тез дамып келе жатқан әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметке, сондай-ақ өмір бойы оқуға белсенді қатысуына ықпал ететін негізгі факторлардың біріне айналады, өйткені ол білім беруді (ең алдымен жалпы) көпқырлы адам қызметі мен байланыстыратын әлеуметтік бағдарлау әдісі ретінде әрекететеді [3].

Бүгінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту еліміздегі білім беру сапасын жетілдірудің басты бағдары болып табылады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту механизмінің маңызды компоненті оқушыларды осы зерттеуге дайындауға бағытталған біліктілікті арттыру курстарында педагогикалық кадрларды даярлау болып табылады. Бұл үдерістің күрделі екенін және мұғалімдердің педагогикалық шеберлік деңгейін арттыруды талап ететінін түсіне отырып, біз педагогтардың өз қызметінің көпфункционалды сипатының (селекция, консервация және білімді тарату) жаңа жағдайларында хабардар болуы бойынша үлкен жұмыс жүргізудеміз.

Бүгінгі таңда білімді іріктеу процесі өте маңызды - өркениеттің одан әрі дамуына негіз бола алатын қажетті іргелі білімдерді үнемі өсіп отыратын мәдени мұраларды алуан түрінен тандау [4, б. 13]. Бұл көлем стандарттар мен анықталатынын, олардың үнемі өзгере алмайтынын және өмірдің тез түзетулер енгізіп отырғанын ескере отырып, мұғалім қазіргі оқиғаларды, ғылымдағы жаңа жаңалықтарды, инновациялық тәжірибені басшылыққа алуы керек, «білім беру жүйесі сияқты кез келген басқа күрделі әлеуметтік жүйенің салыстырмалы түрде жұмыс істеу еркіндігі бар»[1, б. 14].

Жаңа жағдайда мұғалімдердің алдын да өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту міндеті тұр. Білім беру мекемелеріндегі бұл процестерге ерекше назар аудару керек. Олар мұғалімдерді мектепте оқу кезінде жеке тұлғаның әлеуметтенуі жүретінін және білім беру мазмұны өмірді қамтамасыз ететін жүйе екенін түсінуге жетелейді.

Маңызды функция-білімді тарату-білімді ұрпақтан-ұрпаққа беру процесі. Ол педагогикалық шеберліктің, шығармашылықтың, білімнің жоғары деңгейін және білім берудің гуманистік парадигмасы жағдайында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдануды талап етеді.

Бұл парадигма оқушының назары нөмірдің субъектісі ретінде, өзін-өзі жетілдіруді қажет ететін еркін және рухани тұлға ретінде аударарды. Ол баланың ішкі әлемін дамытуға, тұлға аралық қарым-қатынасқа, диалогқа, жеке өсуге көмектесуге бағытталған [5, 85 б.].

Функционалдық сауаттылықты дамытуда педагогтердің оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын меңгеруінің ерекше маңызы бар. Оларды енгізуде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі маңызды рөл атқарады, өйткені инновациялық технологиялар осы білім беру мекемелерінде табысты қолданылады.

Байқаулар деңгейлік курстардан өткен педагогтердің білім беру процесін ұйымдастыруда басты технология - диалог арқылы оқытуды меңгергендігін көрсетеді. Бұл технологияны қолдану білім беру процесін ізгілендіруге, мұғалімді авторитарлық педагогикадан, авторитарлық қарым-қатынас стилінен босатуға ықпал етеді, нәтижесінде студент білім беру процесінің тең қатысушысы болады, сындарлы қарым-қатынас тәжірибесін алады.

Сыни тұрғыдан ойлау үшін қажетті негізгі дағдылардың жиынтығына байқау, түсіндіру, талдау, қорытынды шығару қабілеті, бағалау беру қабілеті кіреді. Сыни тұрғыдан ойлау логика арқылы қолданылады, сонымен қатар метакогнитацияға және айқындық, сенімділік, дәлдік, маңыздылық, тереңдік, Көкжиек және әділеттілік сияқты кең интеллектуалдық критерийлерге сүйенеді [7].

Біздің ойымызша, сыни ойлаудың сәтті дамуы мұғалім оны жетік меңгерген жағдайда білім беру процесінде мүмкін болады.

Сонымен, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту-білім беру сапасын жетілдірудің негізгі бағдары педагогтердің жана міндеттерді ұғынуын, олардың осы процесті сауатты бағыттауға дайындығы мен педагогикалық шеберлігін айқындайды.

#### **Қолданылған әдебиеттер.**

1. Егорычев, А.М. Традиции и новации в системе современного образования [Текст] /А.М. Егорычев //Вестник «Орлеу»-kst. -2014. -№ 1. С. 14-19.
2. w.naric.kz/index.php?option=com\_content&view=article&id=13-pisa-catid-3-2011-05-29-17-58-07&Itemid=138&lang=ru.htm
3. www.ihfort.kz/kaz/article/2478586
4. Мишаткина, Т.В. Педагогическая этика [Текст]: Учебное пособие/ Т.В. Мишаткина. - Ростов н/Д.: Феникс; Мн.: Тетра Системе, 2004. - 304с.
5. Столяренко, Л.Д. Педагогика[- Текст]: /Т.В. Мишаткина. Ростов н/Д.: Феникс, 2003. - 445с.
6. Сыздыкова, ЕС. Контекстное обучение как условие эффективности школьного образования [Текст]/Е.С. Сыздыкова// Образование. -2014. - №3 - С. 15 - 17.
7. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Критическое\\_мышление](https://ru.wikipedia.org/wiki/Критическое_мышление)

**Тусупбаева М.С**

*Абай атындағы тірек мектебі РО*

#### **МӘТІНДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ МЕН ЖАЗБА ТІЛІН ДАМУ**

Алаштың асыл азаматы, педагог-ғалым, жазушы Міржақып Дулатұлының шығармалар жинағынан денсаулық жайынан<sup>1</sup> мәтіндер арқылы оқушының сөйлеу тілі мен жазба тілін дамытуға арналған жұмыстар ұсынылып отыр.

Қазіргі кезде мектеп алдына қойылған мақсат функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болғандықтан, ең алдымен сабақ беру барысында оқушының оқу сауаттылығын мақсатты түрде қалыптастыруда жағдай жасауды қамтамасыз ету қажет. Мәтіндерді айту арқылы қабылдай алу, оған пікірін білдіру, мақсатын айқындау, ресми құрылымын түсіну, оларды өмірлік жағдайда кең пайдалана алу, қойылған мақсатқа сәйкес мәтіннен қажетті ақпаратты

бөліп алу сияқты талаптарды қамтиды. Мектептің негізгі орта буын оқушыларының оқу сауаттылығы өзіндік оқу үшін және қазіргі ақпараттық өркениет өміріне толығымен араласу үшін оқушының қабілеттілігін дамытуға арналған.

### **I.Құлағың аман болады.**

#### **1.Мәтінді оқып, өздерің білетін мәліметпен толықтырыңдар.**

1. Құлаққа ұрма, құлаққа айқайлама, шырғарма.
2. Қалам, қарындаш, тас-қалам, ине сықылды қатты үшкір нәрселермен құлағыңның ішін шұқыма. Құлағыңа неш нәрсе тықпа, мақтаны, әсіресе суланған иә дәріленген болса, құлағыңа тығушы болма.
3. Құлағыңның ішін, сыртын таза ұста. Сабынды сумен құлағыңды абайлап жу. Жуынған соң құлағыңның суланған жерін әбден сүртіп құрғат.
4. Құлағыңның ішіне бір нәрсе кіре қалса өзің неш нәрсе істеме. Тезден доктырға көрін. Құлағыңның ішіне құрт, кене, бүрге сықылды тірі жәндік кіре қалса, доктыр келгенше бірнеше тамшы жылы кендірмай иә жылы сүт тамыз.
5. Бұлақ болсаң (құлақтан ірің ағу) тез доктырға көрін, құлақтан аққан іріңді пайдалы иә зарарсыз нәрсе деп ойлама. Бұлақ өте зиянды.

### **МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ**

#### **2.Нақыл сөздермен танысыңдар. Жұпта бір-біріңмен талқылаңдар.**

«Т» кестесін толтырыңдар.

<b>Нақыл сөздер</b>	<b>Түсіндірме (комментарий)</b>
Адам құлақтан азады, Көңілден семіреді.	
Ашқұлақтан — Тыныш құлақ.	
Құлақ есіткенді көз көреді.	
Көз көруге тоймайды, Құлақ естуге тоймайды.	
Айт сөзді ұққанға, Айтып айтпа құлағына мақта тыққанға.	
Құлақтан кірген суық сөз, Көңілге барып мұз болар.	

#### **3. Тұрақты тіркестердің қолданысына қарай бағандарға бөліп жазыңдар.**

<b>МАҚТАНУ, ӨСУ жолында</b>	<b>КЕДЕРГІ БОЛУ</b>	<b>ЖОҒАЛТУ</b>
Көзінің еті өсу	Көз түрткі болу	Көз жазып қалу

Көзге күйік болу, Көзіне шел біту, Көзге шыққан сүйелдей болу, Көзін жоғалту, Көзін жою, Көзден бұлбұл ұшу, Көзге ілмеу, Көзін құрту.

#### **4.Мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, сәйкестендір.**

1	Ақпа құлаққа айтқан сөз - құмға құйған судай,	А)оның көзі мен құлағы жаман хабар береді.
2	Көзі жоқ, құлағы саудың Ақылы толады.	В)Құлағы үлкен - күйші болар.
3	Саусағы ұзын - биші болар,	С)Тынышқұлақ.
4	Егер рухы жабайы болса,	Д) Құйма құлаққа айтқан сөз - гүлге құйған судай.
5	Ашқұлақтан —	Е)Құлағы жоқ, көзі саудың Ақылы солады.

Жауап кілті

1	Д
2	Е
3	В
4	А
5	С

5. Тұрақты тіркестердің жауабын табындар.

«Құлағы тесік» тұрақты тіркестің мағынасын көрсет:

- A) еш нәрседен шаруасы жоқ.
- B) мазалалау
- C) алыс жер
- D) әр нәрседен хабардар адам
- E) жақын жер

**Жауабы:** Әр нәрседен хабардар адам

«Құлағын бұрау» тұрақты тіркестің мағынасын көрсет:

- A) құрту
- B) үгіттеу
- C) ұнатпау
- D) табысты болу
- E) қуану

**Жауабы:** Үгіттеу

«Құлағына кірмеу» тұрақты тіркестің мағынасын көрсет:

- A) абыржу
- B) шаттану
- C) ұнату
- D) ұқпау
- E) құрту

**Жауабы:** Ұқпау

«Екі көзі төрт болды» тұрақты тіркестің мағынасын көрсет:

- A) қуану
- B) ұнатпау
- C) қорықты
- D) ұнату
- E) құрту

**Жауабы:** қорықты

«Құлаққағыс ету» тұрақты тіркестің мағынасын көрсет:

- A) тып-тыныш
- B) айтар ойдың ұшын шығару
- C) сендіру
- D) мәселеге тоқталу
- E) жинақылық

**Жауабы:** айтар ойдың ұшын шығару

## II. Мұрының аман болады.

1. Мәтінді оқып, мұрынды қалай таза ұстауға болатыны туралы пікірлесіңдер.

2. Мұрыныңды әрдайым таза ұста. Танауларыңды тазалап жүр. Өзінің мұрының тыныс алу, иіскеу үшін жаралғанын ұмытпа. Сіңбіргенде қатты дыбыс шығарып, екі танауыңнан бірдей сіңбірме, әуелі бір танауыңды тазалап ал, сонан соң екінші танауды тазала.

3. Жүргенде, жүгіргенде, сөйлегенде, ұйықтағанда, мұрыныңмен дұрыстап дем ала алмайтын болсаң, доктырға көрін. Доктыр тексеріп қарап, дем алысың неден бұзылғанын тауып береді.

4. Жас балаларға туысымен –ақ аузын жұмып ұстауды әдеттендіру керек. Бесікте жатқанда бала аузын ашып жататын болса, жастығын биіктетіп басын көтеріңкіреп, иегін төсіне тигізіп жатқызу керек. Бүйткенде де бірнеше жұмадан соң аузын ашып жатуды қоймаса, доктырға көрсету керек.

## МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

### 2. Кестеде берілген ой-пікірдің дұрыс-бұрыстығын анықта.

	Ой-пікірлер	Дұрыс	Бұрыс
1	Жүргенде, жүгіргенде, сөйлегенде, ұйықтағанда, мұрыныңмен дұрыстап дем ала алмайтын болсаң, доктырға көрін.		

2	Сіңбіргенде қатты дыбыс шығарып, екі танауыңнан бірдей сіңбіру керек.		
3	Бесікте жатқанда бала аузын ашып жататын болса, жастығын биіктетіп басын көтеріңкіреп, иегін төсіне тигізіп жатқызу керек.		
4	Жас балаларға туысымен –ақ аузын ашып ұстауды әдеттендіру керек.		

### 3.Мақал-мәтелдерді толықтырып жаз.

Тісің барда ...,

Мұрның барда пысқыр.

**Жауабы:**

**Тісің барда ысқыр,**

**Мұрның барда пысқыр**

Ат ... келеді,

Ер мұрынды келеді.

**Жауабы:**

Ат ерінді келеді,

Ер мұрынды келеді.

### 4.Тұрақты тіркестерді білдіретін мағынасы көрсетіндер, 4-5 сөйлем құрастырындар.

Тұрақты тіркестерді	Білдіретін мағынасы
Мұрнына су жетпеу	
Мұрнынан шаншылу	
Мұрнына иісі келмеу	
Су мұрын	
Мұрынты жыру	

Тапсырмалар мазмұны оқушылардың мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары мен меңгеру деңгейлерін бағалауға құралған. Мәліметті табу, мәтінді түсіндіріп беру, мәтіннің мазмұнына рефлексия. Оқушылардың қабілеттерін қалыптастыру, дамытуға бағдарын ұстана отырып, мәтінді түрлі қырынан талдау, көркем детальдарды меңгере отырып, сөйлеу, жазу, тыңдау, оқу барысында сауаттылықпен қолдануға үйрету.

Біртуар асыл азаматтарымыздың бірі Міржақып Дулатұлының педагогикалық еңбектерін қалың оқырман қауымға, оның ішінде денсаулықты сақтау, үй жұмысын қалай орындау, денені, киімді таза күтіп ұстау, адал еңбекпен мал табу - барлығы тәрбиелік, тәлімдік мәні ескеріле құрылған.

### Пайдаланылған әдебиеттер


3-сұрақ: Көз алдыңызға елестетіңізші, әңгімеде сөз болған қыз бен ер адам әңгіме аяқталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін кездескен болса, қыз бала ер адамға не айтар еді?

Бұл мәтінде 1-сұрақ жабық сұраққа жатады, себебі оқушы дайын жауаптан белгілейді. 2-3-сұрақтар ашық сұраққа жатады, себебі мәтіннен алатын дайын жауап жоқ, оқушы өзінше ой қорытып, тапсырманы өз бетінше орындайды, яғни интерпретациялауды дамыту бойынша жұмыстанады. Интерпретация дегеніміз – қызығушылық тудыратын ерекше дағдылар, көзқарастар немесе кейде логикалық қорытынды деп те аталады. 3-сұрақта оқушы мәтінді өзі аяқтайды, өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып, зерделейді.

Әр оқушы оқу сауаттылығының 3 құрамдас бөлшектері: мәтін, жағдай, аспект түсініктерін күнделікті сабақта оқып, түсініп, тапсырмаларын мұқият орындауы шарт, ал мұндай тапсырмаларды орындау дағдыларын қалыптастыру жауапкершілігі мұғалімге жүктелетіні сөзсіз.

### Әдебиеттер:

1. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.

**Тлеубекова Г. К.,**  
*Қарағанды қ., №34 ЖББМ*  
**Терликбаева А. Д.**  
*Қарағанды қ., №4 арнайы мектеп – интернат*

## **БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ – КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ**

«Сурет салуды таудың бұлағынан, қойдың құлағынан, анамның киізінен, ешкінің мүйізінен үйрендім», – деген екен Қазақстанның халық суретшісі, қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеев.

Осы орайда бейнелеу өнерімен айналысу – жас жеткіншектердің рухани дамуына өте қажетті факторлардың бірі және бірегейі деп білуіміз керек. Себебі, бұл өнер бағыты оқушылардың эстетикалық қызығушылығын дамытуға көмектесетіні анық. Шығармашылықпен ойлау, қиялдау, көркем өнер қабілетін, қоршаған ортаны сезіну, эстетикалық қарым қатынасын жетілдіреді. Бейнелеу өнері жас ұрпақтың дамуына өте зор мүмкіндік туғызады. Бұл орайда айтар болсақ сурет салудың орны ерекше. Сурет салу бейнелердің, заттардың формасын талдауға және оны ұқыпты бақылауға үйретеді, дүниетанымның өсуіне жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері адамның көру жадысын, кеңістікті ойлауын дамытып, образды елестету қабілетін арттыруда зор үлесі бар. Өйткені ол нақты есептеуге, табиғат әсемдігін тануға үйретеді, ойлау мен сезу икемділігін арттырады.

Бейнелеу өнері сабақтары өздерінің оқу – тәрбие жұмыстары бойынша да, түрлеріне байланысты да әр түрлі болып келеді. Мектеп бағдарламасында оқу сабақтарының төрт түрі қарастырылады. Олар: нұсқаға қарап сурет салу, сәндік сурет салу, тақырыптық сурет салу, өнер туралы әңгіме. Нұсқадан қарап сурет салу, сурет және кескіндеме жұмыстарымен айналысуды көздейді, сәндік сурет салу – ою – өрнектерді көркем конструкциялау, ою – өрнек элементтерін құрастыру және т.б. жұмыстарын қарастырады.

Өнер туралы әңгімеде оқушылар кескіндеме, графика, мүсін, сәулет ескерткіштерімен және сәндік қолданбалы өнер шығармаларымен танысады. Бұл аталған әрбір сабақ жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиесіне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, дүниетанымына, жан – жақты дамуына ықпал етеді.

Ұстаз шәкіртеріне өнерді таныстыруда үлгерімге жеткізу үшін оқушылардың меңгеретін білімі мен дағдыларының көлемін біліп оқушылармен қандай жұмыс әдістерін тандап алу керектігін білуге тиіс. Бұл міндеттер бейнелеу өнерін оқытудың бағдарламасында қарастырылған. Бірақ оқу бағдарламасы мұғалім қызметінің ерекшеліктерін толығымен көрсете алмайды. Ең бастысы бағдарлама туралы білім формалды емес, ойластырылған, теориялық білімдерге сүйенген білім болуы тиіс.

Сонымен қатар, қазіргі кезде білім беру саласы заман талабына сай білім мазмұнын ұйымдастыруды, қарым – қатынасын және құрылымын түбегейлі өзгертуді, жаңартуды талап етуде. Қалыптасқан дәстүрлі оқыту әдістері жаңа оқыту технологияларын ендірумен алмасуда. Осы орайда жаңартылған білім беру бағытында түрлі педагогикалық жүйелермен оқыту технологияларын салыстырмалы түрде сынақтан өткізу, зерттеу, талдау, іс-тәжірибеде қолдану жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің қазіргі даму бағыты жалпы білім беретін мектептерде жас жеткіншектерді нарықтық заман талаптары мен мәдениеттің даму деңгейіне сай дайындауды қажет етеді. Жалпы білім беретін орта мектептерде барлық оқу пәндерін оқыту, жеке пәндердің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, еліміздің болашақ азаматтарын дайындау мен тәрбиелеу мақсатын қояды. Сондықтан бейнелеу өнері, технология пәндері жас ұрпақтарды іс – әрекетке және іс – әрекет технологиясын түсінуге бағытталуы тиіс.

Бүгінгі таңда көпшілік қауым мектептегі бейнелеу өнері, технология пәндерін жалпы білім беретін пәндер емес, олар арнаулы пәндер деп қарастыратынын көріп жүрміз. Әрине, бұл дұрыс емес, қате түсінік деуге болады. Жалпы білім беретін мектептер физиктерді, математиктерді, биохимиктерді, ақын-жазушыларды, композиторларды дайындамайтыны сияқты кәсіби суретшілерді де дайындамайды. Жоғарыда аталған маман иелері арнаулы оқу орындарында

дайындалатыны бәрімізге мәлім. Жалпы білім беретін мектептегі әрбір пән жеке –жеке және бірлесе отырып оқушылардың жан – жақты дамуына ықпал етуге тиіс.

Бірақ өздеріңізге белгілі бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептер жаратылыстану немесе гуманитарлық бағыттарында жүйелі түрде білім беруде. Байқап қарасақ, өнер бағытындағы пәндер екінші сатыға ысырылып, кейінге қойылғандай. Оған дәлел ретінде соңғы жылдарда бейнелеу өнері және технология пәндері біріктіріліп, жалпы білім беретін мектептерге «Көркем еңбек» пәні кіріктірілген пән ретінде кезең-кезеңімен жүйелі түрде енгізіліп жатыр. Бұл жаңашылдықтың берері мол. Алайда, осал тұстары да жоқ емес. Ең бір өзекті мәселе, ол сағат санының қысқартылуында. Қосымша білім беру бағдарламаларымен жұмыс жалпы білім беретін мектептерде онды жүргізілмейді.

Ақпараттық технологиялар дамыған заманда жаңартылған білім беру жүйесі оңтайлы шешімдердің бірі. Бірақ жалпы жаһандану процесінен қалып қоймайық деп жүріп, өзіміздің ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалмауымыз керек. Керісінше, ата-бабамыздан қалған мұраны дамытуымыз және өркендетуіміз басты парызымыз. Ол үшін өнер бағытында жұмыс жасауды басты бағдарға алуымыз қажет.

Қазақ елінің қазақ ауыз әдебиетінде «Көркем сөз» өте жақсы дамыған. Көркем сөз деп аты өзі айтып тұрғандай көркемдеу және суреттеу деген мағыналарды білдіреді. Оқушылардың тіл байлығының өсуіне, сөздік қорының ұлғайуына бейнелеу өнері пәні зор үлес қосатыны анық. Осы тұста бейнелеу өнері пәнінің қазақ тілі және әдебиеті пәндерімен пәнаралық байланыста екенін жақсы аңғарамыз.

Бейнелеу өнері тарих пәнімен де тығыз байланыста екенін көруге болады. Себебі атақты суретшілер мен мүсіншілер өнер туындылары арқылы өздері өмір сүрген дәуірден, ғасырдан тарихи оқиғалар туралы сыр шерткізетіндей. Нақты тарихи дерек көздерді де суреттер мен мүсіндерден табуға болатынын білеміз.

Технология пәні –күнделікті тыныс-тіршілікте қолданыста болатын практикалық және теориялық білім беретін пән. Сондай-ақ, ұлтымыздың тұрмыстық салт-дәстүрлерін оқытып үйрететін ғылым десек артық айтпаймыз.

Осы орайда Ел басымыздың «Мәңгілік – Ел!», «Рухани жаңғыру!» деген жолдауларымен бағдарламаларының іске асырылуы қиындыққа соқпай ма деген ой туындайды. Себебі ұлттың –ұлт екенін дәлелдейтін айшықтар, олар қол өнер мен сәндік қолданбалы өнер. Бұл өнерлердің бейнелеу өнерінен бастау алатынын білеміз. Сол себепті өнер саласына тікелей қатысы бар пәндерді қыспаққа алмай, еркін тыныстауына мүмкіндік беретін жолдарды ашсақ оңтайлы шешім болар еді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қошқарбеков Н.Қ. Бейнелеу өнері сабақтарының жаңа технологиялық мазмұны. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2010 ж.
2. Жаңаша оқыту жолында // Республикалық ғылыми – әдістемелік журнал. - №5(6). - 2016 ж.

**Түсіпбеков Ә. Ә.**

*Ұлытау ауданы, Қосымша білім беру ұйымы*

### **ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Қазіргі уақытта Қазақстан дамудың индустриялық кезеңінен ақпараттық кезеңіне біртіндеп аяқ басуға бет бұрды. Адам өмірінде компьютерлердің белсенді орын алуы осыған байланысты. Сондықтан, жаңа технологияларды игеруге қажетті білім мен дағдының жаңаруы өндіріс құрылымын өзгертудің маңыздылығын арттыра түсті. Мұндай жағдайда елдің одан ары дамуы үздіксіз білім беру жүйесін тиімді ұйыдастырумен тығыз байланысты. Үздіксіз білім беру қоғамның әрбір мүшесінің білімін көтеруге немесе мамандығын арттыруға жағдай жасап, оны ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайындайды. Бұл орайда жаңа ақпараттық технологиялар мен



оларды пайдаланудың жаңа әдістемелік құралдарын дайындаудың ролі зор. Олар бір жағынан, халық шаруашылығының түрлі салаларындағы жаңа технологияларды игеруге жағдай жасайды, екінші жағынан, білім таратушы ретінде оқыту құрылғылары болып шыға алады. Сонымен кәдімгі ақпараттық технологиялар деп - көбінесе қағаз жүзінде әртүрлі ақпаратты дайындау, жинау, өңдеу және жеткізу процестерін айтады. Жаңа ақпараттық технологиялар (ЖАТ) деп ЭЕМ-дер мен олардың желілері арқылы, әсіресе, дербес компьютерлер көмегі арқылы, ақпаратты дайындау, жинау, жеткізу және өңдеу технологияларын айтады.

Ақпараттық процестер - адамдар арасында, тірі организмдерде, техникалық құрылғыларда және қоғамдық өмірде ақпаратты жеткізу, жинақтау және түрлендіру процестері. Дербес ЭЕМ-дер - жұмыста және адамның үйде пайдалануына арналған шағын компьютерлер. Дербес ЭЕМ-дер журналдар, кітаптар және әртүрлі құжаттар дайындауда мәтін теріп, оны түзету үшін кеңінен қолданылады.

Сондай-ақ, жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - ЭЕМ жадында сақталған картотекадағы, каталогтардағы, әртүрлі архивтермен кітапханалардағы ақпараттарды жинақтауға, біріктіріп сақтауға, керектілерін жылдам іздеп табуға болатын әр түрлі мәліметтер базасы мен ақпараттық жүйелер. Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуын ЭЕМ желілеріне негізделген электронды почтасыз, байланыс желілері мен ақпараттық коммуникацияларсыз көзге елестету мүмкін емес. Қоғамымыздағы дербес компьютерлермен, ЭЕМ желілерімен, ақпараттық қорлармен толық қамтамасыз етсек ақпаратты пайдалану, алу және тарату істерін ұйымдастыру жаңа сатыға көтеріледі. Олар бұған дейінгі қолданылған «қағаздағы» ақпаратты алу мен таратуды толықтыра отырып, қоғамымызды ақпараттандыру процестерін арттыра түседі. Жаңа ақпараттық технологияларды жан-жақтылығын дұрыс түсіну үшін «технология» ұғымның мәнін ашып алу қажет. Қоғамдық дамудың алғашқы кезеңдерінде «технология» деп белгілі бір ұйымдарды жасау кезіндегі тәсілдер жиынын айтатын еді.

Бүгінгі күні қолданылып жүрген технологияларды үлкен үш топқа бөлуге болады: Интерактивті емес (басу құрылғысы, дыбыс, бейне тасымалдағыштар). Компьютерлік оқыту құралдары (электронды оқулықтар, компьютерлік тесттер және білімді бақылаушы жүйе, жаңа мультимедия құралдары). Бейне конференциялар (телекоммуникация технологияларының аудиоарналары, бейнеарналар және компьютерлік желілердің дамуы). Еліміздің саяси әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сай білім беруді жетілдіру бағыттарының бірі - білім беруді ақпараттандыру. Осы бағыттағы жұмыстар қабылданған Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда.

Қазіргі постиндустриялық қоғамда ақпараттық технологиялардың (АТ) ролі өте маңызды, олар бүгінде қоғамды ақыл-парасатпен байыту, оның экономикасын, білім беру жүйесі мен мәдениетін дамыту үрдісінде шешуші орында. Олардың адам өмірінің сан алуан салаларында кеңінен пайдалануына байланысты олармен оқу мен танымның бастапқы кезеңдерінде жедел таныса бастау қажеттілігі туды. Білім беру жүйесі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің негізгі объектілерінің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда республика мектептерін жаңа компьютерлік технологиямен қамтамасыз ету жұмыстары іске асырылып, енді сол ақпараттық технологияны қолдану мен оны мектептерге енгізу саласында, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатында оқытуды жетілдіру жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі таңда сабақты компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Бұған себеп психологиялық-педогогикалық мәселенің бірі - оқыту процесін компьютерлендірудің барлық бағыттарын жан-жақты қамтуы болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолдану мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын өзгерте отырып, түрлендіреді және осы әрекет мүшелерінің ынтасына әсер ете отырып, олардың ынталандыру, сезімдік ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді. Демек, оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп жүйелеуді талап етеді.

Оқушылардың жалпы оқу біліктілігіне жататын оқу-компьютерлік біліктіліктерін (клавиатурамен жұмыс, программа түзу, принтермен жұмыс істей білу, дайын программаларды

қолдана білу, текстік, графикалық редакторлармен жұмыс істей білу) жүйелі түрде қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес талабына айналуға.

Қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық өзара ықпал технологияларының мүмкіндіктерін іске асыру оқу ісін байытады, информатиканы ғана емес, басқа да көп пәндерді оқытудың ұйымдық түрлері мен тәсілдерін жетілдіруге жаңартуға мүмкіндік беретіні дәлелденген. Бұл жерде оқу материалының мазмұнын іріктеу критерийлері өзгереді. Олар оқушы тұлғасының өзін-өзі дамытуының және ақыл-ойының қарқынды дамуының қажеттілігіне дүние туралы білім алу, өздігінен іздену, заңдылықтар арқылы шағын «жаңалықтар ашу», қазіргі ақпараттық технологияларды заттық әлемді өлшеу, т. б. бейнелеу және оған әсер ету құралы етіп пайдалануға негізделеді.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу - ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістермен қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде. Электронды байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың тиімділігі өркениетті елдердің іс-тәжірибесінде айқын сезілуде. Республикамызда білім беру жүйесінде білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу басты мәселелерге айналуға. Қазақстандағы барлық білім беру мекемелерінде компьютермен жоспарлы түрде жабдықталуы оның айқын дәлелі.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғыларымен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Бұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар, түсінбей қалған сәттерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып (дискетке, бейне таспаға) онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады. Әсіресе, олардың тиімділігі:

Арақашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;

Экономикалық тиімділігі (бару, келу, тұрмыс тауқыметі т. с. с материалдық шығынды қажет етпеуі);

Білім сапасына әсері зор. Әсіресе, тіл сабақтарын игеруде (ағылшын, орыс, қазақ т. с. с тілдерді) айқын сезіледі;

Іс-әрекет қимылды қажет ететін пәндермен тапсырмаларды оқып үйренуде (биөнері, қол еңбек, дене шынықтыру сабақтары т. с. с);

Қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері мен әр түрлі физикалық, химиялық, биологиялық тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;

Оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де, ықпалы зор. (теледидардағы ғылыми-көпшілік, рухани, тарихи-танымдық хабарлар мен компьютерлік жүйедегі шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ т. с. с логикалық тұрғыдағы ойындар).

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде электронды байланыс жүйелерінде ақпарат алмасу интернет, электронды почта, телеконференция, видеоконференция, телекоммуникациялық жүйелер арқылы іске асырылуда. Бірақ кез келген жаңалықтың жақсылығымен қатар зияны да болатыны белгілі. Мұндағы ең басты назар аударарлық мәселе - олардың ара салмағы. Демек кемшілігін түзеп, зиянын жойып, артықшылығын жетілдіре түсу қажет. Сонымен бірге жаңа ақпараттық технологияларды қолдану үрдісін бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету саласында да, оның психологиялық-педагогикалық, физиологиялық-гигиеналық, эргономикалық және технологиялық аспектілеріне де өзгеріс әкеледі.

Осылайша, қазіргі отандық педагогикалық ғылымында қайшылық туды, бір жағынан педагогикадағы жаңа бағыт - білім беруді ақпараттандыру қарқынды дамуда, ол қазіргі ақпараттық технология құралдары базасында әзірленген бағдарламалық оқу құралдарын пайдаланып, жалпы білім беретін және арнайы оқу пәндерін оқытуды ақпараттандырудың теориясымен әдістемесі мәселелерін қамтиды; екінші жағынан ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын тиімді қолдануды бағдарламалық-техникалық және педагогикалық-эргономикалық қамтамасыз ету, оқу әдістемелік мәліметтер базалары мен банктерін, интеллектуалдық оқыту жүйелерін пәндік толықтыру, ғылыми-педагогикалық мазмұн жасау және білім беру мекемелерінің бірлескен ақпараттық жүйелері мен желілерін, білім беру

жүйелерінің таратылған ақпараттық ресурстарын толықтыру, оқыту нәтижесін бағалауды, білім беруді ұйымдық басқаруды, ақпараттық әдістемелік қамтамасыз етуді автоматтандыру мәселелері жетіп артылады. Бұл мәселелер тізбесі, біріншіден, жартылай функционалдық және интегралдық сипатта, екіншіден - жүйелі, ал олар басқа да бір қатар ғылымдардың мүмкіндігін пайдаланғанда шешімін табады.

Бұл қайшылықты шешу үшін қоғамда білім беруді ақпараттандырудың әдістемесі мен технологиясын меңгерген жоғары сапалы мамандар болу қажет. Бірақ ғылыми мамандықтардың қазіргі номенклатурасында ақпараттандыру және қарым-қатынас құралдарын әзірлеп білім беру мақсатында қолданудың психологиялық-педогогикалық, бағдарламалық-техникалық, физиологиялық-гигиеналық және эргономикалық мәселелері яғни білім беруді ақпараттандырудың теориясы мен әдістемесі лайықты көрініс таппай отыр, бұл сөз жоқ, отандық-педогогикалық зерттеулер ауқымын шектейді. Бұл мәселе шешімін күтуде.

«Білім беруді ақпараттандырудың теориясы мен әдістемесі» мынандай зерттеу бағыттарынан тұрады: Қазіргі ақпараттық қоғам мен ғаламдық телекоммуникация жағдайында оқушы тұлғасын дамыту міндеттеріне сәйкес, оқытудың ұйымдық түрлері мен әдістерін, білім беру мазмұнын таңдаудың әдіснамасы мен стратегиясын жетілдіру. Оқушының ақыл-ой әлеуетін дамытуды, оқу ақпаратын жинау, өңдеу, сақтау, беру, өндіру ісіндегі әр түрлі дербес әрекет түрлерін жүзеге асыра білуді қалыптастыруды сондай-ақ білім алу мен түсіну үрдістерін қалыптастыру бойынша оқу әрекетін қамтамасыз ететін педогогикалық технологияны оқытудың әдістемелік жүйесін жасау.

Бірлескен ақпараттық желілер мен ғаламдық коммуникациялар базасында жұмыс істейтін «виртуалдық» білім беру мекемелерін дүниеге әкелу, телекоммуникацияға қол жететін ашық білім беру жүйелерінің таратылған ақпараттық ресурстарының әлеуетін пайдалану Оқу-тәрбие ісін ақпараттық әдістемелік қамтамасыз ету үрдісін және оқу орнын ( оқу орындары жүйесін) ұйымдық басқаруды автоматтандыру негізінде білім беру жүйесін басқару механизмдерін жетілдіру, ғылыми-педогогикалық ақпараттық мәліметтер базаларымен банктерін, ақпараттық-әдістемелік материалдарды телекоммуникациялық желілерді пайдалану. Есептеу техникасы ақпараттандыру және телекоммуникация құралдарын білім беру саласында тиімді әрі қауіпсіз қолданудың педагогикалық-эргономикалық шарттарын анықтау. Оқушының ақыл-ой қуатының деңгейін белгілеудің, оның білімі мен жетістігін бақылау және бағалаудың компьютерлік тестілеуші, диагностикалаушы әдістемелерін жасап, пайдалану. Нақты түрде немесе бейнелі түрде өтетін оқу тәжірбиесінің (зертханалық, демонстрациялық) нәтижесін өңдеу үрдісін автоматтандыру құралдарына сүйеніп, ғылыми-зерттеу және тәжірбие жұмыстарын ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта Қазақстан дамудың индустриялық кезеңінен ақпараттық кезеңіне біртіндеп аяқ басуға бет бұрды. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану заманауи білікті маман даярлауға зор мүмкіндік туады. Сондықтан, жаңа технологияларды игеруге қажетті білім мен дағдының жаңаруы өндіріс құрылымын өзгертудің маңыздылығын арттыра түсті.

### **Әдебиеттер:**

1. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.

## **НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ, ВОСПИТЫВАЮЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ДЕТСКОГО ДОМА**

Проблема нравственного воспитания детей, поступающих в детские дома, привлекает в настоящее время внимание не только педагогов, психологов, дефектологов, но и общественность, и является актуальной в воспитании детей с отклонением в развитии (имеющих социальную и педагогическую запущенность). В педагогике вопрос нравственного воспитания детей является одним из самых актуальных и не имеет до сих пор однозначного решения. Огромное значение нравственного воспитания в развитии и формировании личности уделялось педагогической науке еще с древних времен. Многие выдающиеся педагоги прошлого, такие, как Песталоцци, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский и другие отмечали, что подготовка доброжелательного человека не может сводиться только к его образованию и умственному развитию. На первый план в воспитании выдвигали нравственное становление личности, считая, что только оно формирует добродетельный характер, стойкость в жизненных ситуациях и сочувственное отношение к людям.

Ребенок, который растет и воспитывается не в своей семье – всегда нежелательное и противоестественное явление. Безотрадным социальным фактором является то, что в условиях мирного времени, при достаточном в целом уровне материальной обеспеченности всех слоев нашего общества в дома ребенка, детские дома и интернаты постоянно поступают дети, переходящие на попечение государства по воле их родителей.

Значение семьи определяется теми условиями, которые в ней создаются для развития ребенка, для усвоения ими общечеловеческого опыта. С самого раннего возраста ребенок учится у взрослых. Он учится не только ходить, говорить, правильно пользоваться предметами, играть, получать знания, трудиться, но и чувствовать, думать, переживать, относиться к другим людям и самому себе.

Нравственное воспитание детей, воспитывающихся в условиях детского дома – одно из приоритетных и сложных направлений воспитательной работы. Связано это с тем, что детям, поступившим в детский дом, часто свойственна заниженная самооценка, которая затрудняет их адаптацию к предложенным условиям жизни. Именно с таким контингентом детей необходимо начинать работу по формированию культурно-гигиенических навыков, обучению их самообслуживанию, привитию им навыков культуры поведения и жизни в коллективе. Учить налаживать межличностные отношения между взрослыми и сверстниками, развивать и восстанавливать коммуникативные связи, оказывать помощь детям в познании самих себя, повышать их самооценку, развивать познавательные интересы, расширять кругозор воспитанников, их представлений о природной и социальной среде, укреплять и сохранять здоровье, проводить работу, направленную на профилактику вредных привычек.

Важным аспектом в содержании нравственного воспитания детей является их возрастной период. Необходимо определить возрастные психологические и физиологические особенности воспитанников, так как они непосредственно влияют на формы, методы и содержание нравственного воспитания. Средний возраст детей, воспитывающихся на сегодняшний день в детском доме – 10-16 лет. Именно в этом возрасте у ребенка идет так называемый переходный период. Это переход из детства к ранней юности. Очень часто его называют сложным, кризисным, и не случайно. Подростковый возраст – время психологической неустойчивости. Важнейшим содержанием психического развития подростков становится развитие самосознания, у них возникает интерес к своей собственной личности, к выявлению своих возможностей и их оценке. В развитии познания подростком окружающей действительности наступает период, когда объектом относительно глубокого изучения становится человек, его внутренний мир. Интерес к себе, к своей жизни и к качествам своей личности рождает потребность сравнивать себя с другими, оценивать себя, разбираться в своих чувствах и переживаниях. Так формируется представление подростка о собственной личности. Возникновение у ребенка чувства взрослости

является центральным и специфичным новообразованием характеризуемого возраста. Оно как бы включает специфическую социальную активность подростков: дети становятся восприимчивы к усвоению норм, ценностей и способов поведения, существующих в мире взрослых. Именно в подростковом возрасте происходит сознательное усвоение ценностей. В нравственном плане подросток начинает руководствоваться теми убеждениями, которые он усваивает под влиянием окружающей среды в процессе воспитательной работы. Именно в среднем и подростковом возрасте у детей происходит изменение характера познавательной деятельности. Они становятся способными к более сложному аналитико-синтетическому восприятию предметов и явлений. У них формируется потребность самостоятельно мыслить, рассуждать, сравнивать, делать выводы и обобщения. Характерная особенность подросткового возраста – половое созревание организма, которое вносит серьезные изменения в жизнь ребенка, нарушает внутреннее равновесие, вносит новые переживания, влияет на взаимоотношения мальчиков и девочек, что обязательно должно учитываться в работе по нравственному воспитанию. Стоит обратить внимание на такую психологическую особенность данного возраста, как избирательность внимания. Это значит, что дети откликаются на необычные, захватывающие мероприятия и дела. Значимой особенностью мышления подростка является его критичность. Теперь у ребенка появляется свое мнение. В этот период дети склонны к спорам и возражениям. Подражательное поведение может привести к ошибочным и даже аморальным представлениям и поступкам. Таким образом, воспитатель должен строить свою деятельность, учитывая особенности подросткового возраста. Одним из главных направлений работы педагога должно стать формирование у детей нравственного опыта, развитие системы справедливых оценочных суждений. Подростковый возраст – самый благоприятный для творческого и нравственного развития. Детям нравится решать проблемные ситуации, находить сходства и различия, определять причину и следствие. Рекомендуемые формы нравственного воспитания – диспуты, обсуждения, аналитические беседы, ролевые игры. Важнейшим аспектом воздействия на подростков становится работа, связанная с формированием у них устойчивых мотивов учения, познания окружающего, привития им истинных трудовых и человеческих ценностей и развенчания лжеценностей. Воспитывая детей данной возрастной категории, педагог должен формировать у них нравственные личностные качества и знакомить с примерами положительных идеалов. При работе с детьми необходимо знать и учитывать возрастные и психические особенности детей и подростков, что поможет педагогу в работе и станет неотъемлемой частью для успешного осуществления нравственного воспитания. Известно, что во всякой деятельности необходимо не только обстоятельное осмысление ее процессуальных основ и наличие соответствующих умений и навыков, но и глубокое знание того материала, с которым приходится работать. Без постоянного изучения и знания особенностей поведения и развития детей трудно осуществлять нравственное воспитание. Диагностика является неотъемлемой частью воспитательной процесса. Совместно с психологом учреждения необходимо проводить анкетирование и диагностику воспитанников, с целью выявления их принятия в социуме (социометрия), вести наблюдение за поведением детей в повседневной жизни, на праздниках, открытых мероприятиях, в школе для определения их коммуникативности, творческой деятельности, элементарных жизненных навыков. Проводя данные исследования можно определить, такие параметры, как бережливость, дисциплинированность, деловитость, организованность, умение вести себя в обществе, отношение к здоровому образу жизни и т.д.

Проводя работу по нравственному воспитанию, изучив и определив поведение воспитанников, их привычки, склонности, выявив положительные и отрицательные стороны в развитии, мною была разработана социально-ориентированная Программа «Формирование навыков культуры поведения у детей, воспитывающихся в условиях детского дома». Программа успешно прошла апробацию в детском доме и показала хорошие результаты адаптации воспитанников в социуме, развитию позитивных установок межличностных отношений, и формированию гармонично-развитой личности.

Программа направлена на совместную деятельность и сотрудничество педагога и воспитанников, помогла повысить их творческую активность. Для более успешного усвоения полученных знаний, все мероприятия были организованы в виде доступных и интересных форм проведения занятий, а также посредством кружковой работы «Профилактика вредных

привычек». Вся работа построена на взаимодействии и обогащении внутреннего мира педагога и воспитанников: «воспитатель – ребенок», «ребенок – воспитатель», обеспечивая такими отношениями более близкую связь с социумом, что способствует максимальному раскрытию индивидуально-творческого потенциала.

Нравственное воспитание является целостным процессом, в котором переплетены и тесно связаны между собой все стороны морального облика личности воспитанника, которые могут формироваться и развиваться только комплексно, в органической взаимосвязи.

### **Литература:**

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. Москва. 1968
2. Воротинова М.И. Азбука поведения. Алма-Ата. 1990
3. Выготский А.С., Лурия А.Р. Этюды по истории поведения. Москва. 1994
4. Горелов И.Н. Умеете ли вы общаться. Москва. 1991
5. Дивногорцева С. Актуальные проблемы современного воспитания: целостный подход. Сборник научных трудов и материалов. Волгоград. 2004
6. Кравцова Е.Е., Нуханова А.А., Степанова В.В. Как помочь детям преодолеть трудности в поведении. Кишинев. 1993
7. Петерина С.В. Воспитание культуры поведения у детей дошкольного возраста. Москва. 1986
8. Реан А.А. Психология подростка. Москва. 2003
9. Ушинский П.А. Антология гуманной педагогики. Москва. 2008
10. Ягодинский В.Н. Как себя вести. Москва. 1991

**Уахитова А.Қ.**

*№23ЖББМ, Қарағанды қ.*

### **ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады»  
Мұхтар Әуезов

Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал ететін, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші күш тек білім. Қазіргі заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда сапалы білім беру аса маңызды рөл атқарады.

Өскелең ұрпаққа әлем деңгейіндегі стандартқа сай білімді бере отырып, тәуелсіз еліміздің жанашыл азаматтарын тәрбиелеуге, оқытуға өз үлесімізді қосу басты міндетіміз болып саналады. Бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейі болып табылады. Сол себепті әлемдік білім кеңістігіне өту, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру басты мәселе. Мәселені шешудің жолы тек ұстаз қолында. Себебі, ұстаз ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғамның кезеңі, технологиялық мәдениет дәуірі. Замануи ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол, сондықтан да ұстаздар өз ісін жетік меңгеріп, игеру жолында кәсіптік шеберлікті толық меңгерсе ғана бүгінгі қоғамымызды дамытатын, байытатын, жаңартатын мол мүмкіндік ашылады.

Қазіргі заман мұғаліміне тек өз пәнінің терең біліп қана қоймай, тарихи танымдық, педагогика-психологиялық және ақпараттық сауаттылық, саяси – экономикалық білімділік талап етіледі.


Информатика пәнінің элементтерін оқыту барысында жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін кез-келген пәнге қолдануға болады. Мысалы, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады, эстетикалық тәрбие береді, танымдық қабілетін арттырады,

оқытушының уақытын үнемдейді, оқулықтан тыс қосымша мәлімет береді. Яғни, ақпараттық технологияны әрбір заман талабына сай ұстаз қолдана білуі тиіс.

Заманауи ұстаз – ізденуші, зерттеуші, оқушыларды алға жетелеуші ғылыми жетекші. Оқушыларды дағдыландыра отырып, әрбір істен тәжірибе жинақтайтын ғылым иесі. Ұстаз заман талабына сай болашақ ұрпақтың өмірге деген көзқарасын, қызығушылығын түсіну керек. Күннен күнге өзгеріп, дамып жатқан заманда, біз алдымызда тәрбиелеп отырған шәкірттерімізді адамгершілікке, елі мен жерін қорғай алатын ұлтжандылық қасиетін қалыптастырып, болашаққа зор сеніммен қарай білетін ең жақсы, асыл қасиеттерді үйрете білуіміз қажет.

Бүгінгі таңда сабақ берудің және түсіндірудің тиімді тәсілі цифрлық сабақтар. Себебі, оқушылардың танымдық ой-қабілетінің артуына септігін тигізеді және кез-келген тапсырмалар диалог ретінде көрсетіледі.


Мен бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан оқушылардың қызығушылықтарын зерттеп, олардың әрбір сабақтардағы көңіл-күйлерін жете бақылаймын. Бастауыш сынып оқушылары көбінесе құр сөзбен айтылған мәліметтерді есте сақтамайды. Сол себепті пәндерді тиімді мәліметтерге толы әрі қызықты өткізу үшін цифрлық сабақтардың маңызы зор деп есептеймін. 1-сынып оқушыларының көбі ойын балалары. Өз сабағымда оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін цифрлық сабақтар жасап оған ойын түріндегі тақырыпқа сай тапсырмаларды әзірлеймін. Оқушылар тақырып пен тапсырмаларды жылдам түсініп орындайды. Цифрлық сабақтардың тағы бір тиімділігі оқушыларға сабақтарды қашықтықтан өткізуге болады. Ең бастысы мұғалім тақырыпқа сай жасалынған материалдарды дайындап, ақпараттық технологияларды қолдана білуі қажет. Суретте менің математикадан жасаған цифрлық сабағымның үзінділері көрсетілген.




Яғни, заманауи ұстаздың компьютерлік білік-дағдысын, АКТ құзырлығын, цифрлық білім беру ресурстарын қолдануды, цифрлық білім беру контентін жасақтауды жете білуі қажет.

Бастауыш сынып ұстаздары заман талабына сай тапсырмаларды оқушыларға көрнекі әрі тақырыпқа сай етіп жасай білу керек. 1-сыныптарға математика сабағынан үлестірмелі дидактикалық тапсырмаларды шығарту өте тиімді.

Мысалы: 1. Заттарды сана.



2. Жемістерді салыстыр



Қазіргі ақпараттық қоғамда ұстаз бейнесін оқушылардың қабылдауы үлкен өзгеріске ие болып отыр. Қоғамның өзгеруінен үнемі өзгерісті, жаңашылдықты, ұстаздар да, болашақ ұрпақ та талап етеді. Қазіргі білім алушылар ұстазынан тек сабақ ақпараттарын ғана емес, сонымен қатар, жаңашыл көзқарастағы адам, кеңесші, қолдаушы, оқушылардың ішкі жан дүниесін түсінетін заманауи тұлға ретінде көргілері келеді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру

мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді кіргізіп, оның ұйымдастыру формасын өзгертіп отыру керек. Бұл жерде мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ұйымдастыру қабілеті үлкен рөл атқарады.

XXI ғасырдың нағыз ұстазы, яғни заманауи педагог бейнесі қоғам талаптарын ескере отырып, жаңашылдыққа ұмтылатын, озық технологияларды меңгерген, ізденуші, зерттеуші, педагогикалық міндеттерді шеше алатын, технолог, бәсекеге қабілетті болуы керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2030» Елбасының Қазақстан халқына жолдауы-Білім,2003
2. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. Алматы, 2007
3. Тоғымбаева А.Ә. Педагогтың кәсіби құзырлылық моделі. «12 жылдық білім» журналы 2006 №3
4. Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.

**Уәлиева Ә.М.**

*С.Сейфуллин атындағы*

*№7 мектеп-гимназиясы, Балқаш қ.*

### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚҚА ЖЕТЕЛЕЙ ОТЫРЫП, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Бәсекеге қабілетті ел болудағы табысты болудың басты кілті - бүгінгі жас ұрпақтың креативті ойлауы, функционалды сауатты болуы, жаңа шешімдер тауып, технологиялар мен инновацияларды қолдануы және оны ұлттық құндылықтарымызбен ұштастыра алуы болып табылады. Бұл, әрине, әдебиет пәнінде де айқын көрініс табады. Себебі, әдебиетті адамтану құралы десек, кез келген көркем шығармада автор сол қоғамдағы өзекті мәселелерді көрсететіні анық. Ал оны іздеудің ең тиімді жолы – бір нәрсеге біржақты пікір айтпай, әр түрлі жағынан көре біліп, оған сыни көзқараспен қарап, оның басқа шешімін іздеп, оны табуға оқырманды жетелеу.

Өз тәжірибемде көрсетілгендей, кез келген шығарманы балаға оқытқан кезде алдын-ала мақсат қоя отырып, бұрыннан білетіндіктерін саралай отырып, өзіне сұрақ қоя отырып, проблеманы іздеуге тырысады. Кез-келген «неге?» деген сұрақтың бәрі проблема деп те қарамау керек, шешімін таба алатын жағынан қарастырған жөн деп ойлаймын. Мәселен, Ж.Аймауытовтың "Ақбілек" романы бойынша мынадай проблемалық сұрақтар тудыруға болады: Ақбілектің тағдырдың тәлкегіне түсуіне не себеп болды?

Жалпы қазақ қызын қор еткен қандай-тұрмыс тіршілік деп ойлайсындар?

Оқушылар өз беттерінше шығармашылықпен айналысып, ойлау, іздену қабілеттерін арттыруды мақсат ете отырып, мәселенің түйінін шешуге тырысады, оны өзінің ішкі сезімімен білдіруге үйренеді. Тағы бір ұтымды жағы сыныптағы бала санына қарай шығарманың ой түйіні жасалып, идея да көбейіп, оқушыны зерттеуге жетелейді. Яғни оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардың шынайы проблемаларды анықтап, зерттей білуді талап етеді.

Бүгінгі қоғам талабына сай тәрбие мен білім берудің негізгі принциптері оқытудың ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын тұлға қалыптастыру болып табылады. Бүгінгідей ой жарыстыратын заманда Блумның мақсат қою таксономиясының әрбір деңгейлерінде оқушының мазмұнды, салалы ойлауы мен сөйлеу әрекетіне жетелейтін тұстары бар екендігіне көз жеткіздім. Яғни оқушы өзінің игерген біліміне сын көзбен қарай отырып, өзіне баға беруге және оны өмірде қолдана білуге үйренеді. Бағалау деңгейінде оқушының жеке ойын қалыптастыруға, пікірін, көзқарасын бекітуге өзінің ұсынысын ашық айтуға нық қадам жасай алады және білім деңгейлері артып, шығармашылығы шыңдалады. Бұл әдістің ұтымдылығы сол, ол оқушыларды шығармашылық деңгейге жетелеуімен ерекшеленеді және мұнда мұғалім әрекеті емес, оқушы әрекеті алдыңғы қатарда тұрады да, сол арқылы нәтижеге жетуге талпынады. Яғни мұғалім оқушымен субъект ретінде қарым-қатынас жасайды. Мен әдебиет пәнінің мұғалімі ретінде әр оқушының рухани жетілуіне, әсіресе, сөздік қорының бай болуына, рухани жағынан баии түсуіне ерекше көңіл бөле отырып, әсіресе, Блумның мақсат қою таксономиясы арқылы



оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында мынадай әдістерді жиі қолданамын:

«Егер мен Қожаның орнында болсам...»,

«Абайша жырласам...»,

«Егер мен жазушы болсам...»

«Ақынға хат» немесе «Кейіпкерге хат» т.б.

Әр сабағымда осындай шығармашылық жұмыстарды орындата отырып, баланы шабыттандырып, қолдау білдіріп отырамын. «кім?», «не?» деген сұрақтармен емес, «неліктен?», «не себепті» деген проблемалық сұрақтар қойып, мәселе тудырамын. Оқушылардың берген жауаптарынан шығармадан алған әсерлерін, шығарманы толық оқуын, өз беттерінше ойларын жеткізе алуларын көруге болады. Әр оқушының жеке пікірлері қалыптасып, ой түйіні жасалады. Сондай-ақ оқушыларды бірлесе жұмыс істеуге, сыни ойлауға жетелейді, кейіпкер әрекетіне баға бере отырып, өз-өздерін тәрбиелейді. Мысалы, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаяты арқылы Қожаның түзелу жолынан сабақ ала отырып, өз кемшіліктерін жөндеу үшін өз алдарына мақсат қойып, өз-өздеріне сын көзбен қарауға тырысады. Кез-келген шығарманы оқыта отырып, тек проблеманы тудырып, оны шешіп қана емес, бала бойына құндылықтарды дарытуға және сыни ойлауға жетелейміз.

Кез келген сабақтың басын 5-сыныптарға қарапайым кеспе суреттер арқылы топқа бөлеуден бастадық делік, оқушылар суреттерге қарап, тақырыптың қандай болатындығын анықтай отырып, әрі топқа бөлінеді. Шығарманы талдау барысында «Балық қаңқасы» әдісі арқылы оқушылар дескрипторларға сүйене отырып, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені тауып, себептерін айқындап, сызбаға түсіре отырып, оқу үдерісіне белсене қатысып, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынып, сыни тұрғыда ойлай алып және сол арқылы оқу жетістігіне жетіп отырды. Яғни әр сабақта оқушы шығармашылық сатыға мұғалім арқылы емес, өзінің іс-әрекеті арқылы жетіп отыратынына көз жеткізуге болады. Кез келген проблемалық жағдаятқа байланысты оқушылар жауаптарын айта отырып, сабақтан алған әсерлері бойынша шығармашылық ситуация тудырды. Яғни оқушылар «Үшбу хат» әдісі бойынша Қожаға, Майқанова апайға хат жаза отырып, өздері өмір сүріп отырған қоғамды кешегімен салыстырады. Қожаның іс-әрекеті арқылы өздерінің алдарына азаматтық мақсат қоюды үйрене отырып, қорытынды шығарады. «Бүгінгінің Қожасы осындай әрекеттер жасаса, бүгінгінің Майқановалары қандай әрекет жасар екен?» деген сауал қойып, оқушылар тағы ізденіске түседі. Осы әрекетті шешуде рөлдік ойын түрін пайдалану тиімді жақтарын да өз тәжірибемде көп кездестірдім. Алдын-ала дайындықсыз бұл әрекет оқушының ойын еркін жеткізуіне септігін тигізетінінің куәсі болдым. Ал үй тапсырмасы ретінде оқушыларға «Егер мен жазушы болсам...» деген тақырыпта шығарманы аяқтауға тапсырма бере отырып, оқушылардың өз бетінше шығармашылықпен айналысуларына, ойлау, іздену қабілеттерін арттыра отырып, мәселенің негізгі түйінін жасауға және оған қоса өзінің ішкі сезімін білдіруге септігі тиетінін байқадым. Сабақ соңында «Бір минуттық эссе» әдісі арқылы кері байланысқа түсіп, оқушылар шығармадағы шешімін күтіп тұрған мәселені өз көзқарасы арқылы жеткізеді. Сонда әр оқушы өзінің сәтсіздіктері үшін болған жайтқа өзгені кіналамай, қатені өзінен іздеуге тырысады. Яғни осы шығарма арқылы баланы өз болашағын өзі жасайтынын, алдына дұрыс мақсат қоя білсе, ұстанымы дұрыс адам қалыптасатынын, ешқашан өмір жолында адаспайтынын, Қожаның әрекеті арқылы жете түсінетінін бала жүрегіне жеткізе білдім. Міне, осылайша баланың пайымдауына еркіндік бере отырып, кез-келген проблеманы шеше алатынына көз жеткізуге болады.

Осындай проблемаларды шеше отырып, әр оқушы өздерін тәрбиелейді. Мәселен, Қожаның педкеңес ашып, қаулы шығарғанынан үлгі ала отырып, балалар өз кемшіліктерін жөндеу үшін алдарына мақсат қойып, өз-өздеріне сынмен қарауға тырысады.

Яғни көркем шығарманы кеңірек, тереңірек қамтып, шығарма бойында жатқан, шешуді талап ететін төмендегідей сұрақтардың жауабын тапқан болар едік.

1. Жазушы шығармасында негізгі ой қалай берілген?
2. Шығарманың арқауы неде?
3. Кейіпкердің орнында болсаң сен не істер едің?
4. Шығарманың бұлай аталу себебі неде?

5. Бір сәт қиялыңа ерік беріп, шығарманы аяқта.

Міне, осындай тапсырмаларды оқушыларға ұсына отырып, мынадай нәтижеге қол жеткіздім: оқушының өзіне деген сенімі пайда болды, өзіндік «мені» қалыптасты, ойын еркін жеткізеді және өзгенің пікірімен санаса отырып, ортақ пікірге келуді үйренді. Демек, бүгінгі оқушы – ертеңгі болашақ екенін ескере отырып, өмірде кездескен қиындықтарға төтеп беріп, қиын жағдайларда шешімін таба алатындығының куәсі боламыз.

Қорыта айтқанда, бүгінгідей техникаға тәуелді заманда кез келген көркем шығарманы жалаң оқытып қана қоймай, оның құндылығын бала бойына сіңіре отырып, «Артық ғылым - кітапта» деген хакім Абайдың сөзінің рас екендігін бүгінгі ұрпаққа мойындатқан болар едім деп ойлаймын.

### **Библиографиялық тізім:**

1. К.Ә.Қылышбаева «Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту - Блум таксономиясының ұтымдылығы» Астана -2012ж.
2. Қ.О.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» 2001ж.
3. «Мұғалімдерге арналған нұсқаулық» «НЗМ» ДББҰ 2016ж.
4. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы

### **Усенова Глеутай Оразбекқызы**

*«Балқаш қаласы Абай атындағы № 2 лицей» КММ*

*Көркем еңбек пәні мұғалімі*

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КӨРКЕМ-МӘДЕНИ МҰРАСЫН ОҚЫШ ҮЙРЕТУ**

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында келтірілген деректер мен дәйектер, құндылықтар мен мәдени мұралар ұлтымыздың әлем өркениетіндегі орынын айшықтауға бағытталған ауқымды қадам. Ондағы көтерілген тарихи маңызы зор мәселелер еліміздің рухани өмірін жаңа арнаға салу мақсатында қолға алынып жатқан іс-әрекеттерді жаңа белеске көтеруде қол жеткізер еліміздің мәдени-рухани дамуына соны серпін берген бағдарламалық ұсыныстардың жиынтығы болып келіп, жалпы қазақстандық қоғамның мәңгілік елдікке қол жеткізер бастамалары болып табылады.

Мәңгілік ел азаматы – патриоттық сезімі биік, иманды, парасатты, сонымен қатар ұлттық құндылықтың сұлулығынан ләззат ала білетін, мәдени және өнегелік деңгейі жоғары дамыған болуы керек. Бұл өз заманының талабына сай өмір сүруге қабілетті, эстетикалық талғамы жоғары, өмірдің әсемдік құндылықтарын жоғары бағалай алатын жастарды тәрбиелеу.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы тарихи сананы жаңғырту бөліміндегі «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар делінген бағыты бойынша ежелгі сәндік-қолданбалы қолөнерді қазіргі заманауи технологиялармен ұштастыра үйретуге болады.

Тарихи сана сезім дегеніміз сонау ежелгі дәуірден бері қарай ұлтымыздың жасаған тарихи құндылықтарын ұрпақтың жадында сақтау. Халқымыздың сарқылмас бай қазынасы, рухани мұрасы болып табылатын қазақтың-сәндік қолданбалы өнеріне деген алғашқы негізі, ұлттық мәдени құндылықтарға баулу ісі мектептегі технология пәнінен басталатыны белгілі.

Технология сабағында сәндік-қолданбалы қолөнерді оқу мен жасау барысында еңбек үрдісіндегі өздерінің іс-әрекеттерін басқаруға, оны жоспарлауға, мақсаттар мен міндеттер қоюға, еңбек мақсатына қол жеткізуге үйренеді, жаңа білімдер, іскерліктер мен дағдыларды меңгереді.

Мысалы, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытады. Саналуан, қиын да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықты шыңдайды, сәндік-қолданбалы өнер сабақтарында ырғақ, бояу түстері,

сызбалардың икемділігі туралы негізгі ұғымдарды меңгереді. Олардың әртүрлі материалдар мен құралдарды пайдалану тәсілдері туралы түсініктері қалыптасады. Қазіргі таңда сәндік – қолданбалы қолөнерге оқушыларды баулу өз елін, жерін, халқын сүю, салт-дәстүрін бағалай білуге үйретеді. Қолөнерді жасап байыту арқылы адамның жан дүниесі, ақыл-ойы, қиялы, іскерлігі, шеберлігі, тапқырлығы, талаптылығы, ұқыптылығы және байқағыштығы артып, эстетикалық талғамы қалыптасады.

**Қолөнерді оқыту әдісі дегеніміз** — мұғалімнің технология сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне басшылық ету тәсілдерінің жүйесі. Қазіргі технология пәні жаңа заман талабына сай жаңа технологиямен, ақпарат көздерімен, қамтамасыз етілген. Сабақта оқушыларды қолөнерге қызықтыру үшін қазір бейне фильмдерден кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын технологиясымен таныстырсақ оқушы шығармашылықпен ерекше талпыныспен іске кіріседі.

Олай болса «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде, дамытуда, қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ежелгі сәндік-қолданбалы қолөнер бұйымдарын оқушыларға сабақта бұйымдардың жасалу ерекшеліктерімен таныстырып, дайындалу жолдары үйретіледі. Мысалы оқушы тоқу өнері тоқудың негізгі тәсілдері мен техникалары, сәндік –қолданбалы өнер негізі пішіндер мен ерекшеліктері, қазақтың ұлттық ою –өрнектері түрлері стилизацияларымен мотивтерімен танысады. «Қазақтың сәндік қолданбалы бұйымдары» бөлімінде оқушылар қазақ халқының жүн басу, ши тоқу техникасымен әшекей бұйымдар, интерьерге арналған сәндік, тұрмыстық заттар, кәдесыйлар дайындауды үйренеді.

«Материалдарды көркемдеп өңдеу» бөлімінде кесте, көркем кесте түрлері, қазақ халқының дәстүрлі сәндік – қолданбалы өнер және қазақ халқының қолөнері кәсібімен танасады. Халық өнерінің шығармашылығын игеру мектеп оқушыларының шеберлігін қалыптастыруда сәндік талғамын тәрбиелеп қана қоймай, олардың түрлі материалдардан бұйымдар жасау, ою-өрнектер түрін құрастыру, оларды дамыта қолдану, ою жұмыстарын орындау, тоқыма, кестелеу әдістерін меңгеру сияқты шығармашылық тұрғыдағы жұмыстармен жеке айналысуға құштарлығын оятады.

